

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж кұалік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№2 (169),
АҚПАН
2019 жыл

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев,
Т.Омарбеков, – т.ғ.д. акад.;
Б.Аяған, Ә.Мұқтар – т.ғ.д.,
проф.; Д.Сәтбай, С.Сымағұ-
лова, Ұ.Ысмағұлов – т.ғ.д.
доц.; Н.Әлімбаев, А.Жұмаділ,
Ж.Әшірбекова, М.Ноғайбаева,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина –
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен – п.ғ.к.,
Қ.Қарамаңдаев – тарихшы-
зерттеуші.

С.Әбішқызы – тұңғыш
бас редактор. Б.Матекова –
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева
– озат ұстаздар.

Басуға 14.02.2019 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108 ¹/₁₆.
Шартты б.т. – 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1500.
Индексі – 75748.
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Ғылыми-теориялық мақа-
ла авторлары орысша, ағылшынша
түйін және магистранттар та-
рихшы докторлардан жазбаша
пікір ұсынуға міндетті. Мақаланың
ғылыми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың байлам
-тұжырымдары редакция көзқа-
расымен сәйкеспеуі де мүмкін. Кө-
шіріп басылса не пайдаланылса,
сілтеме жасалуы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Әбділдабек Салықбай. Ұлттық құндылықтың қатары толықты.....	2
Нұргелді Уәли. Қазақтың халық астрономдары – есепшілердің қоғамдағы тарихи орны мен қызметі туралы	3
Нұргелді Уәли. Қазақ өлкесіндегі гидронимдердің тілдік- этномәдени семантикасы	6
Нұрсан Әлімбаев, Бейбітқали Қақабаев. Қазақтың кер дала тағысының төл атауы – "Пржевальский жылқысы" емес, кертәғы!	13
Нұрсан Әлімбаев, Бейбітқали Қақабаев. Қазақтың дәстүрлі егін шаруашылығындағы арық пен гидротехникалық құрылғылар: төлтума атаулары, түрлері, құру тәсілдері және қызметі	16
Нұрсан Әлімбаев. Қазақы елтірі: көшпелі ортадағы ұғымдық мән-мағынасы, дайындалу технологиясы, кәдеге жаратылуы	31
Нұрсан Әлімбаев. Қазақтың әдеттік құқығының іс-тәжірибесіндегі өлім жазасы: құқықтық негіздемесі, түрлері, жазаға кесу һәм жүзеге асырылу үрдісі	35
Рүстем Шойбеков. Жүзікке байланысты атаулардың лингвомәдени семантикасы	40
Рүстем Шойбеков. Ежелгі металургиямен байланысты қалыптасқан ұсталық кәсібі.....	44
Қалиолла Ахметжан. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы қазақтар қолданған "Самхал" мылтық жөнінде	49
Дөңгелек үстелдің материалдары. Қазақ тарихы мен этнологиясын жаңа сапалық деңгейге жеткізуге негіз болатын бірегей басылым.....	52
Талас Омарбеков. Дәстүрлі қазақ қоғамының ғылыми-танымдық болмысын айшықтаған іргелі еңбек	63



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 1-5 том. Мемлекеттік Орталық музей. Алматы, 2017. Ғылыми басылым. Толықтырылып, өңделіп екінші рет басылуы. Барлығы 4208 бет. Нұрсан ӘЛІМБАЙ (ғылыми редакторы және жетекшісі).

2011-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің ғалымдары барлығы 3784 беттен тұратын «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты бес томдық ғылыми энциклопедияны жарыққа шығарған еді. Оның негізгі авторларының бірі Нұрсан Әлімбайдың идеясымен, жетекшілігімен және ғылыми редакторлығымен жүзеге асқан бұл басылым аз уақыттың ішінде ғалымдардың, әр түрлі оқу орындары қызметкерлерінің және қалың көпшіліктің тарапынан жоғары бағаға ие болды.

2017 жылы аталмыш энциклопедия недәуір өңделіп, толықтырылып екінші рет басылып шықты. Осы ретте ерекше ескерер жайт – екі басылымның да қалыбы (формат) еш өзгермеген (84x108 $\frac{1}{16}$). Бірақ жаңа басылымның жалпы көлемі бұрынғы бірінші басылымға қарағанда 424 бетке ұлғайыпты. Өйткені соңғысына 147 жаңа мақала енгізілген екен. **Сонымен бірге мынадай өзгерістер жасалыпты:** а) бірінші басылымдағы 688 мақала қайта жазылған; ә) 527 мақала қайта өңделген; б) 682 мақала қайта өңделіп, біраз мәліметтермен толықтырылған. Демек, энциклопедияның екінші басылымына айтарлықтай өзгеріс-толықтырулар енгізілген. Сондай-ақ бұл жай сандық көрсеткіштер ғана емес, олар екінші басылымдағы жаңа және бұрынғы мақалалардың деректік негізі мен теориялық деңгейінің сапалық өзгерісін де білдіреді.

Барлығы 5846 мақаладан тұратын энциклопедияда 10 000-нан астам сан алуан терминдер қамтылыпты. Бірақ, бұл терминдердің барлығы тек ежелгі көшпелілер арасында ғана сан ғасырлар бойы қалыптасып, қолданыста болған таза қазақы категориялар, ұғымдар мен атаулар екендігін ерекше екшеп айту қажет (әрі қарай – ұғым, атау немесе термин). Яғни, энциклопедияда қазақ халқының шаруашылық-экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, мәдени, саяси-институционалдық сияқты сан ғасырлық тәжірибесін білдіретін тарихи-этнографиялық терминдердің мән-мағынасы зерттеліп отыр. Бұл мән-мағынаны белгілі шарттылықпен аталмыш терминдердің мәдени семантикасы десе де болады. Осыған байланысты энциклопедияда ғылыми терминдер қарастырылмайды. Бұл басылымның осы құралыптас шетелдік этнографиялық энциклопедиялардан ең басты айырмашылығы һәм ерекшелігі де осында (расында да, мұндай шетелдік энциклопедиялық еңбектерде этнографиялық қана емес, ғылыми ұғымдар да мол қамтылатындығын қаперге саламыз). Бұл айырмашылық пен ерекшелік авторлар сәтімен жүзеге асырған энциклопедиялық зерттеудің ұстанымын білдіреді. Енді осы методологиялық зердені этнографиялық тұрғыдан қарастырсақ, Нұрсан Әлімбай айтқандай, расында да, дәстүрлі ұғымдар жүйесі этностың шаруашылық-

экономикалық, мәдени, экологиялық, әлеуметтік, институционалдық сынды қоғамдық салалардағы сан ғасырлық тәжірибесін бейнелейді. Демек, бұл ұғымдар жүйесін аталмыш тәжірибенің менталдық «қоймасы» деуге әбден болады. Осы ретте энциклопедиядағы әрбір ұғымның концепт ретінде қарастырылғанын ерекше атау керек.

Қысқасы, қазақ ғалымдары жарыққа шығарған бұл ғылыми энциклопедияның танымдық және ғылыми маңызы зор екендігі даусыз. Қазақ этнографтары, тарихшылары, тіл мамандары бірлесіп шығарған бұл энциклопедия түркі тілдес халықтар әлеміндегі алғашқы батыл қадам деп санаймыз. Білікті ғалымдардың айтуынша, дәл осындай ауқымда және деңгейде ғылыми-этнографиялық энциклопедия әзірге ешбір елде жарық көрмепті. Осы тәрізді түркілік аймақтар бойынша этнографиялық мазмұндағы салалық энциклопедияларды өзге де түркі елдері қолға алып, жарыққа шығып жатса, әрине, құба-құп дер едік. Мұндай іргелі ғылыми еңбектер түркі халықтарының мәдени-этникалық түп-тамырын, одан тарайтын ортақ этномәдени құбылыстар мен материалдық игіліктерді, сондай-ақ әрбір түркі тектес халықтың дүниетанымын, әдет-ғұрып, салт-санасын, тұрмыс-тіршілігін, экологиялық мәдениетін жан-жақты тануға мүмкіндік берері хақ.

«Қазақ тарихы» журналының қолыңыздағы саны тұтастай «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты бес томдық ғылыми энциклопедияны жан-жақты таныстыруға арналды. Арнаулы санның көлемі мен мүмкіндігіне орай бес томдыққа енген бірнеше автордың ең таңдаулы мақалалары сызба, кесте, фотосуреттерімен бірге назарларыңызға ұсынылып отыр. Әрине, бұл нөмірде жарияланған еңбектер аталған ғылыми энциклопедияның мысқалдай бір бөлігі ғана. Алайда «Теңіздің дәмі – тамшыдан» дегендей, аталған топтама жарияланымнан-ақ қалың оқырман қауым бірегей басылымның жоғарғы методологиялық сапасын һәм өлшеусіз танымдық тағылымын пайрықтай алар деп сенеміз.

Әбділдабек САЛЫҚБАЙ.

ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ АСТРОНОМДАРЫ – ЕСЕПШІЛЕРДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ТАРИХИ ОРНЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

Нүргелді УӘЛИ,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық
музейі антропология және этнология орталығының
бас ғылыми қызметкері

Ілкімді сөздер: Есепші, халық астрономдары, тоғыс есебі, Қазыбектің қазаны, Үркер, метеоформула.

Есепші – халық астрономдары уақытты тоғыс есебімен белгілейтін, сол бойынша жыл мезгілінің белгілі бір кезінде болатын амалдардың қай шамада, қалай өтетінін, күн райын қысқа және 11-12 жылдық ұзақ мерзімге дейін әрқилы деректер арқылы болжай білетін, халықтық астрономия мен метеорологияның кәсіби маманы.

Есепшілердің уақыт есебін жүргізуі. Есепшілер Айдың неше жаңасында Үркермен тоғысатынын бақылай отырып, уақыт есебін жүргізген. *Есепшінің есебі кісе қалтасында* дейді халық нақылы. Уақыт есебіне байланысты айтылған бұл сөздің мән-мағынасын, мысалы, былай айқындауға болады. Есепші аспан шырақтарын жіті бақылайды. Ол Үркер жұлдызының мамыр айының 12-14-терінде батыс көкжиектен кеш қараңғысында көрінбей «батып кететін» күнін белгілеп, кісе қалтасындағы құмалақты екіншісіне күн сайын салып отырады. Сөйтіп, Үркердің көк жүзіне қайта шығып, келесі батқанына дейін уақыттың 364 күн болатынын біледі.

Есепшілер әрбір Айдың белгілі бір жаңасында Үркермен тоғысатынын бақылай отырып, бір жылда тоғыс есебі бойынша неше ай бар екенін айқындаған. Қазақтың байырғы күнтізбесін арнайы зерттеген ғалым Мыңбай Ысқақов есепшілердің жүйесін талдай келіп, Ай орағының немесе Ай табағының Үркерді басып өтуі *тоғыс, тоғысу, тоғаяу* деп аталатынын, тетелес келетін екі тоғыстың аралығында 28 күн екенін және Айдың Үркермен 13 мәрте тоғысатынын, сөйтіп, бір жылда тоғыс есебі бойынша 13 тоғыс айы, 364 күн болатынын көрсеткен. Ғалымның айтуынша, осы көрсетілген 13 тоғыс айдың жиырма бес тоғысы мамырдың екінші жартысы мен маусымның бірінші жартысына сәйкес келеді, бірақ бұл аралықта Үркер жерге түсіп кеткендіктен, көк жүзінде тоғысу көрінбейді. *Жиырма үш тоғыс* маусымның аяқ шенінде, *жиырма бір тоғыс* шілдеде, *он тоғыз тоғыс* тамызда, *он жеті тоғыс* қыркүйекте, *он бес тоғыз* қазанда, *он үш тоғыс* қарашада, *он бір тоғыс* желтоқсанда, *тоғыз тоғыс* қаңтарда, *жеті тоғыс* ақпанда, *бес тоғыс* наурызда, *үш тоғыс* сәуірде, *бір тоғыс* мамырда өтеді. *Бір тоғыс* қазақта жыл басы деп саналады. Қазақтың халық астрономиясын зерттеген Б.А.Куфтин тоғыс есебін азаматтық ай

аттарымен байланысты қарайды.

Үркердің жерге түсіп, батыс көкжиектен көрінбей «батып кетіп» (12-14 мамыр), шығыс көкжиектен таң қылаң бере көрінетінге дейінгі (22-24 маусым) уақыт аралығының қырық күн екенін есепші кісе қалтасындағы құмалақтың санынан біледі.

Сөйтіп, Үркер жерде жатып қырық күн аял қылды дейді. Есепшілердің бұл айтқандары халық аузында мифтендіріліп зоонимдік бейнеге көшеді. Оның жер астына түсіп, айғыр болып кісінегенін күннің күркіреуі мен көктің дүркіреуіне балайды. Үркер қырық күн бойы жер астындағы көкті жер бетіне айдап шығарады. Осы қырық күнде өнетін көк өніп, гүлдейтіні гүлдеп, бас алатыны бас алады. Содан соң Үркер (22-24 маусымда) көк жүзіне қайта көтеріледі. Осы кезде есепшілер 40 күн шілде басталды дейді. Күн ұзақтығы шарықтау шегіне жетіп, 22-24 маусым ең ұзақ күн болады. Түс әлетінде *табанға түскен көлеңке* тал түсте *бауырға кіреді* дейді. Бұдан әрі қарай күннің ұзақтығы бірте-бірте қысқара береді. Шілде есепшілердің көрсетуінше 4-6 тамызда шығады.

Есепшілердің күн райын болжауы. Олар уақыт есебін ғана жүргізіп қоймай, күн райына қысқа, орташа, ұзақ мерзімді болжам жасай білген. Жер бетіндегі әралуан атмосфералық құбылыстарды, үй жануарлары мен түз хайуандарының, ұшқан құс, жүгірген аңның характерін қалт жібермей бақылай отырып, олардың аспан шырақтары қозғалысымен іліктестік байланыс бар деп білді. Шілде айының орта шеніне таман Шығыс көкжиектен таңмен таласып Үш Арқар – Таразы туады. Кешке көз байланар шақта күз ортасы ауа шығыс көкжиектен Сүмбіле көрінеді. *Таразы туса таң суыр; Сүмбіле туса су суыр; Сүмбіледе суға зіл түседі; Үркерлі айдың бәрі – қыс* деген есепшілердің сөзі халықтық метеорологияның қалыптасқан терминіне айналды. Есепшілер қыр жануарларының, қайтқан құстың, табиғи характертеріне қарап қыстың кеш немесе ерте түсетінін, өрмекші торының төмен не жоғары болуын байқап, қыстың жұмсақ немесе қатаң болатынын болжаған. Киіктің матауына, қараша қаздың қайтқанда биік немесе төмен ұшуына, суырдың ініне әдеттегіден ерте кіріп жатуына және т.б. характертерді салыстыра қарап орта мерзімді болжаулар жасаған.

Шолпанның қыс ішінде батыстан туып, өрлей беруін қатаң қыстың белгісі, Үркердің батысы жауынды болса, шығысы да жауынды болады

деген болжауын, тауешкі, арқарлар әдеттегіден ертерек маталса, қыс ұзаққа созылмай, ерте шығады, ал кеш маталса, қыс ұзаққа созылады, т.б. деген есепшілердің болжамдарын ел ішін ара-лай жүріп жинап, жүйелеп берген ғалым Хасен Әбішевтің зерттеу еңбегін бұл жерде ризашылықпен еске аламыз. Есепшілер он екі жылдық қайыруды негізге ала отырып, Қызыл жұлдыздың (Марс) Жерге ұрымтал келіп, түсі шақырайған қызыл болса, күн райының жайсыз, әсіресе, көктен тамшы тамбай шөбі ұшып, көгі күйіп кететін қара жұттың болатынын, оның он-он екі жылға дейін созылатынын болжаған. Ертістік ертегісінде Ерназар бай азғана малын қолда ұстап, алалы жылқы, ақтылы қойын сегіз ұлына тапсырып, Алтайдың Мұзтауына айдатып жібереді. Өрине, есепшінің қара жұт жөнінде болжамы болмаса, қойшы таяғын, жылқышы құрығын ұстап қалары белгілі. Есепшілер малшы қауымды, әсіресе, қара жұттан, ақ қоянның жұтынан; ақ қар көк мұздың жұтынан сақтандырады.

Мұса Шормановтың айтуынша, «Арқаның жұты көбінесе жазда басталады. Жердің беті жаз айларында құлазып, тап-тақыр болып бар шыққан шөбі ұшып кетеді. Ондай жаздың қысы боранды суық болады. Әрбір он екі жылда құрғақшылық пен қаһарлы қыс заңды түрде қайталанып, ел апат, жұт пен ашаршылыққа ұшырап отырады». Кей жылдары Арқада қыстың ұзақ, тақсият болатынын болжаған есепшілердің айтуымен малшылар Балқаш, Ұлытаудың Сарысу жағына, Шу бойына қарай мал өрісін аударып отырған.

Есепшілер, сонымен қатар, жаз бен күздің қабатында жәндіктердің қаракетіне қарап алдағы қыстың қалай өтетінін болжаған: «...мизам айында күн ашық болып, өрмекшінің торы төмен жерге құласа, онда қазақтар жылдың қысы жылы болатынын бағдарлап біледі. Осы мизам айында көбелек және т.б. ұсақ жәндіктер ерте жатып тұрмаса, онда көктемдегі қардың ерте кететіндігін, егер керісінше, ұйықтаған жәндіктер мизам айында жылы ауа райынан қайта оянса, онда қыстың ұзақ болатынын біледі».

Есепшілер болжамының шаруашылық ұйымдастырудағы маңызы. «Есепші айтты десіпті, Ел жайлауға көшіпті», – дейді І.Жансүгіров. Қой қырку, қозы күзем алу, күйек байлау, күйек ағыту, бие байлау, қысырақтың үйірін матау, жайлауға көшу, көктеуде отыру, жайлаудан көшу, күзеуде отыру, өріс аудару, т.б. жайттар малшы қауымының шаруашылық ұйымдастыру ісінде есепшінің болжамы, ақыл-кеңесінің орны ерекше болды.

Сонымен, есепшілер аспан шырақтары қозғалысы мен жер бетіндегі атмосфералық құбылыстардың, олармен нәбататтар (өсімдіктер), хайуанаттар дүниесі қаракетінің өзара қатыстылығын салыстыра келіп, осы үш тіктің, – аспан шырақтары, атмосфералық құбылыстар, нәбататтар мен хайуанаттардың, – бір-бірімен іліктес байланыста болатын жүйесін жасап, халықтық астрономия мен метеорологиялық білімінің негізін салды. Осымен байланысты есепшілердің болжамы қыруар малды жұт шығынынан аман алып қалып отырды. Осымен байланысты есепшілер байырғы қазақ қоғамында өзіндік орны ерекше,

қадірменді тұлғалар санатында болды.

Ел аузындағы есепшілер. Сондай-ақ, есепшілер тоғыс есебі тәрізді шаруашылық күнтізбесімен қатар азаматтық күн қайыру жүйесін де жасаған. Л.Будагов құрастырған екі томдық түркі тілдерінің салыстырма сөздігінде (1869) Кіші жүз Он екі ата Байұлының Байбақты руынан шыққан халық астрономы Қазыбектің жасаған күн қайыру жүйесі тек қазақтардың арасында ғана емес, күллі Түркістан көлемінде қолданылғаны айтылған. Бұл жүйе **Қазыбек наурыз**ы деп аталған. Кезінде қазақ әдебиетінің классигі, академик Ғабит Мүсірепов жариялаған мақаласында: «Нұрпейіс Байғаниннен «Алматыға қашан келесіз?» деп сұрағанымда, «**Қазыбек қазаны** өткен соң келемін» дегені бар еді. **Қазыбек қазаны** біз білетін қазаннан өзгешелеу болуы мүмкін», – деген болатын («Қазақ әдебиеті» газеті 1977 ж., наурыздың он сегізі). Осы айтылғандарды біз есепшілер туралы аса маңызды деректердің бірі деп білеміз.

Өткен ғасырларда аты-жөндері ел аузында сақталған есепшілер болған. Солардың бірі – найман руынан шыққан Тауасар есепші. «Айналасындағы жұрт – бір шеті арғын, бір шеті найман, – Тауасар есепшінің айтуымен жаз жайлап, қыс қыстап, жұттан аман шығып жүреді деседі. Бір жылдары Тауасар есепші жаз бен қыстың қабатында тәжірибесінен жаңылып қалыпты. Келер қыстың жайын білгісі келіп, сұрастыра келгендерге: «Есебімнен жаңылғанымға қарағанда өзім пәлен айдың пәлен күнінде өлемін, я болмаса, сен(дер) қыстан жұтайсың(дар)» депті. Жұрт жұттан аман шығыпты, ал Тауасар есепші өзінің айтқан айының күнінде қаза тауып жамбасы жерге тиіпті дейді». Бұл айтылған дерек 1922 ж. қазан айында Ташкенде шыққан «Шолпан» журналының 1-ші санында жарық көрген мұғалім Рахат Төлешұлының «Тауасар есепші» деген жарияламы негізінде алынды.

Есепшілер туралы ел аузында айтылатын деректерге қарағанда Тауасар сынды тұлғалар өз тағдырын да болжай білгенге ұқсайды. Сонымен қатар, кейбір деректерге қарағанда, есепшілердің ішінде өзінің біліп түйгенін, өмір тәжірибесінен жинақтағандарын өлең өрнегіне түсіріп отырған. Олар, өрине, ақын болайын деп болмаған. Олардың өлеңмен өрнектеген таным-білімдері, қара сөзге қарағанда, ел аузында ұзақ сақталады. Сондай есепшілердің бірі – Байсерке жеріндегі (Алматы облысы) Дүйсенбай есепші. Белгілі ғалым, физик әрі астроном Хасен Әбішев ол жөнінде есепшінің баласы Бопаннан жазып алған дерегінде былай дейді:

«Әкем Дүйсенбай есепші болған. Арық жүргізіп, егін суарудың тәсілін жете білетін өнерлі адам еді. Өзі өлең де жазатын. Ілияс Жансүгіров те келіп сол кісімен тілдескен болатын. Әкемнің жазып кеткен қағаздары, міне, деп Бөпекен әбдіреден бір будам қағазды алып ұсынды. Өлеңнің мазмұны – жерде, көкте байқалатын маусымдық табиғат құбылыстары, жыл мерзімдерімен сабақтас істелетін адамның тіршілік әрекеттері. Айналадағы жаратылыс өмірін шын жүрегімен сезе білген, поэзияға икемі бар адам екені көрініп тұр. Өлеңде жұлдыз есебі де бар. Сол жерін біз көшіріп алдық.

...Жауза болғанда Үркер батар,
Батқан соң жер астында қырық күн жатар,
Үркерді Құдай сондай жаратқан,
Жер жүзінің суығы астына тартар.

Таразы, Сүмбіле, Үркерменен бір күн батар,
Таразы екі ай, Сүмбіле үш ай жатар.
Үшеуі үш жерден, бір-ақ күнде батып,
Үш айда туып, әр жерден таңмен атар.

...Үшеуінің батыс-туысы амал болар,
Ол амалда әр түрлі самал болар.
Үркер тасқа, жерге, суға түсті дер,
Тасқа түссе, жаз-қысы жаман болар...

Осылай басты үш жұлдыздардың туып-бату мезгілдерін Дүйсебай есепші қолмен қойғандай бас-басына айырып айтып беріп отыр.

Осы арада есепшілердің ауа райын болжауда ұстанатын, «үшеуінің батыс-туысы амал болар» деген бір тәжірибесі байқалып отыр. «Амал болу» әлгі жұлдыздардың батыс-туысымен сабақтас деп түсінгендіктен есепшілер де, әлбетте, жұлдыздарды мұқият бақылады.

Кейбір есепшілер аспан шырақтарын жіті бақылай отырып, түз жануарының қаракетіне, шөптің шығымына қарай қыстың қалай өтетінін болжайды. Этнолог ғалым А.Тоқтабайдың жылқы жөніндегі монографиялық зерттеуінде керей руынан шыққан есепші Елеш жөнінде мынадай дерек бар:

«Шөптің нілін, қуатын, жұғымдылығын әртүрлі әдістермен анықтайтын ел ішінде небір маман болған. XIX ғасырдың аяғында Баян Өлгийде Елеш деген адам ауа райын болжағыш, қыстың қандай болатынын малды қай жерге қыстатуды айтатын жұлдызнамашы өмір кешіпті. Сондықтан ел Елеш «көш» десе көшіп, «қон» десе қонатын, малды пәлен жерге отарлат» десе бұлжытпай орындады. Бір жылдары Елеш қыстың қатаң боларын, қардың қалың жауарын сезіп, жанына бірнеше көршілестерін ертіп алып, ат тұяғы жетерлік жерлердің бәрін күздің жылы күндері аралап көріп, дәмеленген жерлердің шөбін өртеп байқап отырады. Алтай, Қобданы түгел аралап, ат басын Құмылға тірегенде, сол жерді мал қыстауға лайық көріпті. Қайтып келе жатқанда серіктерінің бірі сөз қозғап: «Қонған жердің бәрінде шөпті өртеп отырдыңыз ғой, мәнін айтыңызшы», – дейді.

Сонда Елеш: «Мен бірталайдан бері шөпті өртеп көру арқылы, оның сапасын байқап жүрмін. Мәселен, түк қалмай өртеніп кеткен шөптің малға жұғымы аз болады. Ал өртегенде көзге шалынарлық қылтанақ қалса, ондай шөптің құнары сәл артықтау болады», – депті.

Есепшілердің семиотикалық (әлеуметтік-кәсіби) статусы. Сонымен, есепші дегеніміз кім? Есепшілер – байырғы дәстүрлі ортадағы ерекше қасиетке ие айтулы маман, кәсіп иесі олардың кейбірі өздерінің білім-танымын өлеңмен де өрнектейді, көк жүзіндегі аспан шырақтары туралы ілім-білімдерін жас ұрпаққа түсінікті болуын көздеп өз жандарынан аңыз, ертегі де шығарады. Мысалы, «Жеті қарақшы», «Ақбоз ат, Көк боз ат», «Үркер»

туралы аңыз ертегілер, т.б. Аспан шырақтарының қозғалысын, күн-райын, жұт сипатын мақал-мәтел түрінде айтқан ерекше ұйқасты тіркесті сөздер есепшілердің шығармашылығына жатады: «Сүмбіле туса су суыр», *Жеті амал жаман өткен жоқ, Ай отырып туды, Ай Үркерге ауыл үй қонды; ақпан-тоқпан алты күн, қырына алса тоғыз күн*, т.б. көптеген тұрақты сөз орамдары есепшілердің ұйқасты тізбекке құрған метеоформулалары іспетті.

Есепшілер нәбәтаттар (өсімдіктер), хайуанаттар, түз тағылары және метеорологиялық құбылыстарды, т.б. жақсы тани отырып, оларды жіті бақылау арқылы ой қорытып, алдағы қыстың қалай болатыны жөніндегі болжамның қисынын іздейді. Сол қисынын, түптен келгенде, Үркер, Үш Арқар – Таразы, Сүмбіле, Қамбар жұлдыздарының, қыдырма жұлдыздардың (планеталардың) «қозғалысымен» байланыстырды. Алайда есепшілерді ақын, ертекші, өсімдіктанушы, жануартанушы деуге болмайды, бірақ бұлар – тәжірибеде жинақталған, есепші санасында салыстыра отырып болжам жасауға қажетті білімдер. Ал есепшінің негізгі семиотикалық статусы, түптеп келгенде, халық астрономы; метеоролог; этностың дәстүрлі шаруашылығына орайластырылған күнтізбе жүйесін түзуші, жыл қайырудың аса білгір маманы деген ұғымдармен байланысты.

РЕЗЮМЕ

В статье описываются и анализируются знания из жизненного опыта народных астрономов – звездочетов в качестве одной из составляющих частей мировоззрения этноса об окружающей среде, природных явлениях. Также в статье преследуется цель определения социального статуса звездочетов посредством записанных с народных рассказов сведений.

ABSTRACT

The article describes and analyzes knowledge from the life experience of folk astronomers – stargazers as one of the constituent parts of the ethnos' worldview about the environment, natural phenomena. The article also aims to determine the semiotic status of stargazers through information recorded from popular stories.

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ДЕРЕК

1. Ысқақов М. Халық календары. Алматы: Жазушы, 2009.
2. Куфтин Б.А. Календарь и первобытная астрономия киргиз-кайсацского народа // ЭО. М., 1916. №3-4. С.123-155.
3. Әбішев Х. Аспан сыры. Алматы: Жазушы, 1969.
4. Мұса Шорманов. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 196 бет.
5. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, со включением употребительнейших слов арабских и персидских и с переводом на русский язык. Т.1. СПб.: Тип.импер. АН,1869.416 с.
6. «Қазақ әдебиеті» газеті. 1977 ж., 18-наурыз.
7. «Шолпан»/Х. Есенқарақызы. Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2015-475 б.
8. Тоқтабай А. Қазақ жылқысының тарихы.-Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2010. – 496 б.

ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІНДЕГІ ГИДРОНИМДЕРДІҢ ТІЛДІК-ЭТНОМӘДЕНИ СЕМАНТИКАСЫ

Нұргелді УӘЛИ,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық
музейі антропология және этнология орталығының
бас ғылыми қызметкері

Ілкімді сөздер. Гидронимдер, тілдік семантика, мәдени семантика, мифологизмдер, агнионимдер, атроморфтық таным, анимистік түсінік.

СУ – ашық су көздерінің ортақ атауы. Ашық суларға жылға, бастау, бұлақтан бастап дарияға дейінгі ұлылы-кішілі өзендер, сондай-ақ қақтың суы, көлшік, көл, теңіз жатады. Халықтың өзен-көл, өзен-су туралы жағрапиялық танымы оның ата кәсібі – мал шаруашылығымен, сондай-ақ егіншілік, балықшылық кәсібімен байланысты болып келеді. Жер-су жағдайын малшы қауым судың тұнығы, шөптің сонысына қарап бағалаған. Ауыл, ел көбіне бұлақ-бастау, қопалы көл, өзен маңайына қоныстанған. Жер астынан шығып жататын жылы, айрықша дәмі, исі, емдік қасиеті бар сулар халық тілінде *арасан* (санскритше – *рашан*) деп аталған.

Ал жер беті ағын сулары халық тілінде *жылға, бастау, бұлақ, өзен, көл, дария*, т.б. деп аталады.

Жылға – қар, жаңбыр суының немесе жер асты суының жер бетімен ой-шұңқырды қуалап сызашықтанып ағатын түрі. Жылға суы жылғаға қосылып, бұлаққа келіп құяды. Қайсыбір жылғалар біраз жерге аққан соң, суы аяқсиды. Жылғалар жазда тандыры тартылып, арнасы құрғайды. Көктемде, күзде жиналған жаңбыр суымен қайта жылғалана ағып жатады. Бұл жылға суының маусымдық сипатын байқатады.

Бастау. Бұлақ, өзен тәрізді ағын сулардың басталар тұсы бастау деп аталады. Бұлақ бастауын жер астынан шығып жатқан қайнардан, тұмадан алады. Бұларды *бұлақтың көзі* дейді. Қар, мұздың сулары да бұлақтың бастауына жатады. Бұндай бастауларды *Көкбастау* дейді. Қайсыбір бұлақ бастауын көлден алады. Ондай бастауды *Көлбастау* деп атайды.

Сонымен бұлақтың бастауы *қайнар, тұма* болса, өзеннің бастауы – *бұлақ*. Өзендер өз бастауын бұлақтардан алады. Әр тұстан жамырай құйған бұлақ суларынан өзен суы молайып, ағысты арнаға айналады.

Өзен де ағар күшейіп,

Бастау мен бұлақ самғаса.

Сүйінбай кетер ағындап,

Халқым бір мені қолдаса, –

деп Сүйінбай ақын өзін бастау, бұлағы мол арынды өзен суына теңейді.

Бұлақ деп басын қайнардан алатын суды, ал *қайнар* деп, атаудың өзі айтып тұрғандай, жер астынан бүлк-бүлк етіп шығып жатқан суды атаған. Бұлақ суына қайнар әр тұста бір қосыла келіп, оны арналы

суға айналдырады. Халық тұрмысында *қайнарлы, бұлақты*, өзенді жерлер аса жоғары бағаланады. Бұлақ сыңарымен (компонентімен) келетін қоныс, елді мекен атауларының қазақ топонимдер жүйесінде жиі ұшырайтыны да сондықтан. Мысалы: *Айнабұлақ, Ақбұлақ, Ақбастау, Аққайнар, Көкқайнар, Ұзынбұлақ, Қасқабұлақ, Сарыбұлақ, Сарыбастау, Қарабұлақ, Қотырбұлақ, Тұщыбұлақ, Майбұлақ, Сорбұлақ, Тұздыбастау*, т.б. Суы ең тұщы бұлақты *айна бұлақ* дейді. Мұндағы *айна* – метафораланған атау «өте таза», яғни «тұщылығы аса жоғары» деген ұғымды аңғартады. Суы мұздай болып, ішсе, адамның да, малдың да мейірін қандырады. Сай-саладан аққан бұлақтың біріне әр тұстан басқа да бұлақ сулары қосылып, кең арналы өзенге айналады. Сондықтан да халық «*су атасы – бұлақ, сөз анасы – құлақ*» дейді.

Шағын сулар тобы. Бұл топқа негізінен көлемі шағын, ұзындығы, шамалап айтқанда, жүз, екі жүз шақырымға жетер-жетпес ағынды сулар жатады. Ресми географияда (энциклопедиялар, анықтама-лықтарда) шағын сулар тобына ұзындығы 100 шақырымнан аспайтын 84694 өзенді; ал орташа өзендердің тобына ұзындығы 100-500 шақырымдық 305 өзенді жатқызады. Судың бұндай түрлері халық тілінде *су, бастау, бұлақ, өзен, сай, жылға, жыра*, т.б. жағрапиялық терминдердің (апеллятивтердің) көбіне *ақ, көк, қара, сары* сөздерімен тіркесіп келіп, нақты атауға ие болады: *Ақсу, Көксу, Қарасу, Сарысу*. Бұндай сулар қазақ жерінің көптеген аймақтарында ұшырасады. Шағын көлемдегі ағын суларды халықтың қалай танығаны, олардың табиғи айырым белгілерін қалай ажыратқаны гидронимдік атаулардың мазмұнындағы кодқа салынған мәдени-тілдік ақпараттарды ашу арқылы айқындалады. Осыған байланысты шағын сулар тобы халық танымында *ақсу-көксулар тобы, қарасулар тобы, сарысулар тобы* делініп, үш топқа топтастырылғаны байқалады. Бұлай таптастыруға *ақ, қара, көк, сары* сөздерінің байырғы семантикасы негіз болған деуге болады.

Ақсу – көксулар тобына шағын сулар (өзендер), әсіресе, биік таулы аймақтарға тән сулар жатады. Атаудың құрамындағы *ақ* сөзі «ағыны арынды» деген мағынаны білдіреді. Көксу атауындағы *көк* «ең тұщы» су мағынасын аңғартады, өйткені бастауын қар, мұздақтардан алады. Ақсу-көксулардың тасыған кездегі ағыны атан өгізді ағызатындай арынды болады. Бұндай «мінезіне» қарап, бір кездері оларға *Тентек, Түрген («Тез»)* деп те ат қойған. Атап айтқанда, Қаратал алабында *Тентек* деген су бар. Сарқант пен Үшаралдың арасында тағы бір *Тентек*

бар. *Үштентек* деп аталатын су Алакөлге құяды. Жер-жерлерде ұшырасатын *Ақжар, Көкжар, Ақсай, Көксай, Тастыбұлақ* тәрізді атаулар ақсу-көксулар тобына жататын суларды білдіреді.

Ақсу-көксулардың суы тұщы, әрі мөлдір болады, әсіресе көксулардың түбінде көктасы көрініп жатады. Көктемгі аласапыранда қатты тасиды. Тасқын су ағаштың түбірлерін, жуан бұталарын ағызып әкетеді, олар су қайтқанда ақсөңке күйінде жағада жатады. Бұларды *салынды* деп атайды. Су бойына жақын ауылдар салындыны отындыққа жинап алады. Шілдеге таман *ақсу, көксу, тентек, түргендердің* суы тағы да молая түседі, бірақ су тасқыны көктемдегідей болмайды, мөлдірлігі, тұнықтығы сол қалпында болады. Аталмыш сулардың қара күзге қарай суы бәсеңдейді, бірақ өзге сулардай тартылып қалмайды.

Маңғыстау жағында қырдан, үстірттен ағып келген суды *өрсу* деп атайды. Өрсуды тұщы болады дейді. Астрахан жеріндегі қазақтар Еділден тасыған суды *өрсу* деген. Ақтөбе жағында өзек, сай атаулары «өзен» мағынасында да айтылған. Жергілікті халық тілінде «*өрсу тасыса, ырыс*» деген мақал бар.

Қарасулар тобы. Шағын сулардың бір түрі *қарасу* деп аталады. Атаудың құрамындағы *қара* сөзі «жер» мағынасын білдіреді. Өйткені қара сулар жер астынан шығып жатады, ағысы қатты болмайды, тіпті ағып жатқаны анық байқала да бермейді. Қарасулар – жазық жердің суы, жағалауы қоға-қамысты, маңайы қияқ, құрақты болып келеді. Қарасулар таулы жердің қияқ-салаларында да кездеседі. Қарасулардың бойы үйрек-қаздардың, т.б. су құстарының «атақонысы» деуге болады. Жазғытұрымғы кезде еріген қар, жауған жаңбыр суымен арнасынан асып жайылып жатады, бірақ тентек мінез көрсетпейді, жаз шыға арнасына түседі, ал су жайылған жерлердің құрағы, қияғы мол болып, шабындыққа айналады.

Қазақ жерінде *Қарасу* деп аталатын елді мекен атаулары ондап саналады. Бұдан қарасулардың көптеп кездесетінін аңғаруға болады. Қара сулар жер-жерлерде *жар, өзек, тұма, қоға, қамыс*, т.б. халықтық терминдермен *қара* сөзінің тіркесуінен жасалады. *Жарлыөзек, Қаратұма, Қарабұлақ* деген, т.б. атаулармен аталады.

Сай атауының ескілікті кезде «өзен» мағынасында қолданылғаны «*сай сайға құяды, бай байға құяды*» деген мақалдың құрамында сақталып қалған. Қытай (ҚХР-дағы) қазақтары *сай, өзек* деп өзенді айтады. *Қарасай* деген гидроним *Қара су* деген мағынаны білдіреді.

Сары сулар тобы. Сары сулар ұзындығы жағынан едәуір жерді алып жатады. *Сары* сөзі халық тілінде түр-түс ұғымынан бөлек «ұзақ», «ұзаққа созылған» деген мағынаны білдіреді. Мысалы, *сары аяз, сары ауру, сары уайым, сары жел, сары бел, сары дала* дегендегі *сары* «ұзақ», «ұзаққа созылған», «ұзыннан ұзақ» дегенді аңғартады. *Сарысу* дегендегі *сарының* да «ұзыннан ұзақ аққан» ұзаққа созылған суға байланысты айтылып тұрғаны байқалады. Сарысудың ұзындығы едәуір болғанмен, жазғытұрымнан кейін су деңгейі төмендеп, қуаңшылық жылдары әр тұста бір суы жылғалана ағып, үзіліп жатады, құмға сіңіп аяқсиды. Сары сулар жер-жерде *Сарыкемер, Сарыжылға, Сарыбұлақ, Сарыкеңгір, Сарыөзен, Сарысу* деген, т.б. атпен аталады. Сары сулар тобындағы судың ең ұзыны Сарысу (800 шақырым) Телікөлге құяды. Бірақ қуаңшылық

жылдары жылғаланып, иірім-иірімге бөлініп, Телікөлге жетпей аяқсып қалады. Қазақ жерінде сары сулар тобына жататын сулар аз кездеспейді, олар басқа да атпен аталып жатады. Бұлардың бастаулары тұма, қайнар, бұлақ болады да, сай-салада жиналған қар, жаңбыр суымен нәрленеді. Қара суларға қарағанда ағысты болады.

Сары сулардың бір тобы *бұлақ* апеллативтерімен келеді. *Сарыбұлақ* (Шу алабында); *Сарыбұлақ* (Қарқаралы жерінде); *Сарыбұлақ* (Лепсі алабы). Сары сулар тобындағы бұл аталған сулар иірім, қарасуларға бөлініп кетеді, бір-бірімен жылғаланып қосылып жатады.

Сары сулардың тағы бір тобы *өзен* апеллативімен келеді. *Сарыөзен* – Еділ-Жайық алабындағы өзен. Сары сулар тобындағы ең ұзын өзен осы, Сарай көліне құяды, жазда қарасуларға бөлініп кетеді. Суы кермек татиды. Қоңыраулы Торғай алабындағы жаз кезінде *Сарыөзен* де қарасуларға, иірімдерге бөлініп жатады; Ертіс алабындағы *Сарыөзен* де қарасуға, жылғаланған иірімдерге бөлініп ағады.

Мұқыр / мұқыры атауымен аталатын сулар да шағын сулар тобына жатады. Қазақ жерінің әр аймағында келте суларды *мұқыр, мұқыры* деп атайды. *Мұқыр/мұқыры* жазғасалым жекелеген қақ суларға бөлініп немесе арнасы мүлде құрғап жатады.

Қомсулар – өзеннің тасыған суынан ойпаңға, қобыға жиналып, көлге айналған су. Өзеннің ара-тұра тасыған суы көл жағасындағы қалың жынысты қамыс, қоғадан, қоғажайдан тазарып, сүзгіден өткендей болып шығады. Қомсулар қарасу болып, өлі суға айналған су емес, олар ара-тұра өзеннің жел көтерген толқынымен келген судан «нәр» алып, суы жаңарып тұрады. Жазғытұрымғы, күзге салым өзеннің тасыған суы қомсуға құйылып, шарасын құрғатпайды. Маңайы қамыс, қоға, қоғажай, қияқ, құрақ болып салқын сабатқа айналады.

Қоғалы көлдер, қомсулар,

Қоныстар қонған өкінбес.

Арыстандай екі бұтын алшайтып,

Арғымақ мінген өкінбес, –

деп Доспамбет жырау айтатын қомсу осы. Халық тілінде қомсу атауы *қобысу, қобы* деп те аталады. Қомсуды, түптеп келгенде, *қобысудың* дыбыстық өзгеріске түскен нұсқасы деуге болады.

Қақ сулар / Қақ – еріген қардың, жауған жаңбырдың, тасқын суынан жылғаланып, ойпаңға жиналған су. Қақ судың түбі қатқыл, топырағы тығыз болады. Бұндай жердің суы тұщы болып келеді. Ал сортаңға іркілген қақ сулары бірте-бірте тартылып, балдырлы, батпақты көлшікке айналады, суы пайдалануға жарамсыз болады.

Түзде үйір-үйірімен жосып жүрген құландардың суға бас қоятын, жусайтын үйреншікті қағы болады. *Өз қағын сағынған құландай* деген тұрақты теңеу осыны аңғартады. Өріс қуып, қаншама жерге ұзап кетсе де, құлан өз қағына келеді. Байырғы жырларда, жыраулар поэзиясында *батырдың, қақ* пен *құланның* салыстырыла айтылатын тұстары кездесіп отырады. Осындай сәттер атақты жырау Мұрат Мөңкеұлының сөз қолданысында айқын нақышталған:

Құланды қақтан қайырған,

Хандарды тақтан айырған.

Өзен дегеніміз – халық түсінігінде сан-салалы бұлақ суларының әр тұстан қосылып, кең арналы ағынға айналған түрі.

Қазақстанның ресми географиясы бойынша ұзын-

дығы 100-ден 500 шақырымға дейінгі орташа өзеннің саны 300-ден астам, ал ірі өзендердің саны – 23.

Өзендерге сай-саладан бұлақ сулары қосылып, ұзындығы ондаған, жүздеген шақырымға созылады. Кейбір өзендер сол алқаптағы көлге құйса, ал қайсыбір өзендер, мысалы, түстіктегі Талас, Шу өзендері, көлге, теңізге жете алмай құмға сіңіп аяқсиды. Ондай жерді су аяғы құрдым дейді. Торғай өзенінің аяқсыған тұсында *Құрдым* деген жер аты бар. Кейбір өзендер Жайық, Сыр, Ертіс, Іле сияқты дарияларға құяды.

Ертеректегі халық тілінде *Жайықтың суы*, *Ертістің суы*, *Сырдың суы*, *Іленің суы* деп айтылған. Ал Жайық өзені, Ертіс өзені, Сыр өзені, Іле өзені деген қолданыс беріректе пайда болған атауларға ұқсайды. Осыған қарағанда, ұлы дариядан кішірек суларды, мысалы, Атырау жазығындағы *Ойыл*, *Жем*, *Сағыз*; терістік жазықтағы *Есіл*, *Нұра*, *Тобыл*; түстік шығыстағы *Басқан*, *Көксу*, *Ақсу*, *Тентек*, т.б. сулар халықтық жағрапияда «өзен» деп кейіннен аталса керек.

Өзен атауларының мазмұн құрылымында халықтың тұрмысы мен мәдени өміріне қатысты, бірақ қазіргі кезде көмескі тарта бастаған ақпараттар болады. Мысалы, Торғай алабында Қараторғайға құятын *Қарынсалды*, *Сабасалды* деген су атаулары (гидронимдер) бар. Өзен атауының сабамен байланысты екені аңғарылады. Бұл – толық емес тілдік ақпарат. Алайда неге «Саба салды?» деген сұрау ойда тұрады. Сондықтан ондағы мәдени кодты әрі қарай ашу керектігі байқалады. Шамасы, ертеректе ас бергенде, дүбірлі той өткізгенде, бие байлап саба-саба қымыз әзірлейтін суы мол қолайлы жер болғандықтан, «Саба салды» деп осылай аталған болуы мүмкін. Бұндай қоңыр салқын сулы, майсалы сабат жерлерді ақын Н.Ахметбеков былай деп өлең жолдарына қосқан:

*Сазды Әйет, сарқырады Түйемойнақ,
Сар жайлау, сабатына бие байлап.
Отырып уық тастам көшпелі елдер.
Ететін ала шаңдақ үнемі ойнақ.*

Ал өзеннің *Қарынсалды* деген атауындағы кодқа салынған ақпараттар тым көмескі. Оны ашатын нақты дерек әзірге қолда жоқ. Дегенмен, тасыған өзен арнасынан асып, суы ара-тұра қайтып отыратын жер. Сабасалдыдан шағындау болса керек.

Халықтық атауларда апеллативтердің (яғни *су*, *өзен*, *көл*, т.б. халықтық жағрапия терминдерінің) сан есім сөздермен тіркесуінен жасалған *Үшбұлақ*, *Үштентек*, *Бесқайнар* (Талдықорған аймағында), *Қырыққұдық* (Торғай жерінде), *Жетісу* (Оңтүстік Шығыс аймақта), т.б. атаулар (гидронимдер) ұшырасып отырады. *Жетісу* шөбі шүйгін, суы бал, топырағы нәр жер жаннаты ғана емес, қазақ елінің ертеден келе жатқан тарихи әрі этномәдени ошақтарының бірі. Алайда Жетісуға қандай жеті судың (қазіргіше айтқанда өзендердің) кіретіні жөнінде әртүрлі пікір, әрқилы пайымдаулар бар. Белгілі тарихнамашы Құрбанғали Халид қазақтардың Ертіс, Еділ сияқтыларды «дария», орташаларын «өзен» деп, олардан кішірегін «су» деп атайтынын айта келіп, Олатаудан ағып, Балқашқа құятын жеті суға – *Іле*, *Көксу*, *Қаратал*, *Ақсу*, *Басқан*, *Сарқант*, *Лепсі* өзендерін жатқызады. Ал *Шыншылы*, *Үштентек*, *Жамантау*, *Сеңгіртау*, *Арғайту* өзендерінің Алакөлге құятынын айта келіп, «*Біреулер Аяғәзді жеті суға қоспақ болады, ол дұрыс емес. Аяғәз Арқаның суы*», – дейді (175-б.).

Мәскеуден шыққан «География. Энцикло-педический словарь» атты кітапта жеті суға *Іле*, *Қаратал*, *Ақсу*, *Бүйен*, *Лепсі*, *Басқан*, *Сарқант* өзендерін жатқызады. Кейбір тарихи деректерде Аяғәз бен Шу аралығындағы өлкені Жетісу деп тұжырымдайды.

Дария дегеніміз – халық түсінігінде, өзендерден арнасы да, ұзындығы да үлкен аяғы теңізге келіп құятын сулар. Қазақ жерінде дария деп *Еділ*, *Жайық*, *Сыр*, *Ертіс*, *Іле*, т.б. суларды айтады. Еділ, Жайық, Сыр, Ертіс, Іле басталар тұсында, орта ағысында, аяқталар тұсында, бірнеше елдің аумағын көктеп өтетін еларалық (мемлекетаралық) суларға жатады. Бұлардың қай-қайсында болсын кезінде үлкенді-кішілі кемелер жүрген, көліктік, тасымалдық қызметі болған. Өзен-дария жағасындағы ел тұрғындары қайық салып, балық аулаған.

Халықтың егіншілік, бау-бақшалық кәсібі негізінен осы дариялардың бойында өркендеп, кенттер мен шаһарлар, қалалар салынып, отырықшы елдің мәдени ошағы болған. Дария, өзен, теңізге жақын орналасқан отырықшылыққа бет бұрған елді шаруашылығы мен өмір салтындағы кейбір ерекшеліктерімен байланысты *ойдағы ел* немесе *Сыр елі* деп, оларды *қырдағы елден* ажырата атаған.

Халықтық жағрапияда бір дарияны екіге ажыратып атайтын ерекшелік кездеседі. Атап айтқанда, дарияның жалпы атауы *Жайық*, ал Орал қаласынан төменгі жағы *Ақ Жайық* деп аталады. Сол тәрізді дарияның жалпы атауы *Ертіс*, бірақ Жайсаң көлге дейінгісі – Қара Ертіс, Жайсаң көлден ағып шыққаннан кейінгі бөлігі – Ақ Ертіс.

Орыс халқының ұлы жазушысы К.Паустовский «*Жер-су аттары халықтың паспорты*» дейді. Себебі сол жер-судың иесі кім екені оған берілген атауынан байқалып тұрады. Ал атаудың мазмұнында халықтың таным-білімі, неге солай атағаны туралы «ашық» немесе «тасаланған» ақпараттар жатады. Мысалы, *Жайық*, *Ақ Жайық* атауында тасаланған мәдени-тілдік ақпараттар бар. Ол ақпараттар зерттеулер арқылы ашылады.

В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам сынды ғалымдардың көрсетуінше, Жайық өзені байырғы кездің өзінде-ақ ертедегі грек, араб географтары мен тарихшыларына белгілі болған. Птоломей оны *Даик*, *Дайкс* деп көрсеткен. Араб оқымыстысы Ахмед ибн Фадлан жазбаларында *Джаих* түрінде көрсетілген.

Жайық атауын грек оқымыстысы Птоломейдің *Даикс* деп таңбалауында графикалық шарттылық бар. Ол кездері (қазір де сондай) грек, латын әліпбиінде түркілік [ж] дауыссызын белгілейтін әріп болмаған. Сондықтан ж [ж]-ға жуықтау естілетін d әрпімен белгілеп, *Даикс* деп жазған. Ол тұста, әрине, [j] мен сөйлейтін, сондай-ақ [ж]-мен сөйлейтін туыстас түркі тайпалары болған. Алайда Жайық өңірі [ж]-мен сөйлейтін тайпалардың мекені болды. Егер [j]-тілді тайпалардың жерлеген жері болса, онда грек әліпбиінде j таңбасы болғандықтан, сөз жоқ, Птоломей (Йайык) деп жазған болар еді. Бұндай тілдік ақпарат, біріншіден, [ж] тілді және [й] тілді этностардың ертеден келе жатқанын, екіншіден, [ж] тілмен сөйлейтін ру-тайпалардың Жайық алабын мекендегенін көрсетеді. Түркі тілдерінің ішінде қазақ, ноғай, қарақалпақ, қырғыз халықтары [ж] тілмен сөйлейтін туыстас тілге жатады (мысалы, қазақша *жер*, қырғызша *жер*; өзге

түркі тілдерінде *йер*).

Ақ *Жайық* атауындағы *ақ* сөзі ағынды, ағып жатқан деген мағынаны, ал *жайық* сөзі кең алқапты алып, *жайылып жатқан су* дегенді білдірген.

Қара Ертіс атауындағы (гидрониміндегі) *қара* сөзін халықтық этимологияда «үлкен», «ұлы» семантикасымен байланысты делінеді. Олай дейтіні – Ертістің Жайсаңға дейінгі Қара Ертіс бөлігі Алтайдың биік мұздығы, қарынан, тау бұлақтарынан «нәр» алып, суы молайып, арнасы ұлғая түседі. Осы табиғи ерекшелікті жіті байқаған халық өз танымында зерделей отырып, «үлкен», «ұлы» семантикасын білдіретін *қара* сөзімен атаған. Шынында, Ертістің Жайсаңнан ұзап шыққан бөлігінің суы, арнасы Қара Ертістегідей болмаса керек. Өйткені Ақ Ертіске Есіл, Тобыл сияқты ірі өзендер құйғанға дейінгі «нәр» алатын көздері аса мол емес.

Қара Торғай топониміндегі (гидрониміндегі) *қара* сөзінің байырғы бір семантикасы «үлкен», «көп», «мол», «ұлы» дегенді білдіреді. Ал өзеннің Торғай аталуы, зерттеушілердің, атап айтқанда ғалым Сейітбек Нұрхановтың айтуынша, Орта жүз Қыпшақ тайпасының бір тармағы саналатын *торы* (*Торықыпшақ*) атауымен байланысты. Торылар бестаңбалы Қыпшақ аталатын ру-тайпалық одақтың бір бөлігі болған. XI ғ. Торының (Торықтың) бір бөлігі Қыпшақтардың, IX-XI ғғ. Торылар (торықтар) Оғыз бірлестігінің құрамында болған. *Қай* тайпасымен одақ құрған (*Торық + Қай*). Осы этнонимнің атауы, С.Нұрхановтың көрсетуінше, *Торғай* топониміне, Қара Торғай, Сары Торғай гидронимдеріне негіз болған. Торылар (Торықтар) Торғай, Жыланшық, Қабырға өзендерінің бойын мекендеген.

Үлкен өзендер, әсіресе, Сырдың суы тасығанда он шақты шақырымға дейінгі біраз жерді су алып кетеді. Сыр елі ондай тасуды *тайлақ тасу* дейді. Сырдың тасыған суы біраз жерге жайылып, тез арада қайтып кетпей, шұбатыла ораған түрін *шұлғау тасу* деп атаған.

Тайлақ тасудың *тентек суы* Сырға қайта құйылмас үшін егіншілер алдын тоғандап, суын жинап толтырады да, арнайы қазылған арықтармен егістікке жібереді. Дарияның арнасынан асқан мұндай жайылма суландыру, зерттеуші Ә.Алтаевтың айтуынша, Шаян, Бөген аймақтарында *қызыл су* деп аталатын көрінеді.

Дариялардың жазғытұрымғы тасуы бар да, күзгі тасуы бар. Іленің күзгі тасуын *қарақұйрықтың тасуы* деп атаған. Бұлай деп айту себебі – қамыс қатайып, басына шыққан үлпілдегі қарая бастайды.

Қыс кезінде немесе қыс аяғына таман өзен, дария суларының мұзы бұзыла бастаған шақта одан күзер салып өтетін болған. Күзер салып өтетін жерді *күзергі* деген. Ал жаз кезінде өзен-дариялардан, қамыстан, тал-теректен *сал* жасап өткен.

Қыс аяғына таман өзен-дария, көлдердің мұзы жарықшақтанған жерінен мұз бетіне шығып, сондай-ақ жағалаудың маңайындағы қар үстіне жайылған су халық тілінде *қызыл су* деп аталған.

Жердің ойыстау тұсында өзен-дариялардың арнасы кеңейіп, көлкіген көлдей болып, суы жайылып жатқан тұсы *самар* деп аталса керек. Бұл атау *самараяқ* деп аталатын ыдысты еске түсіреді. *Самараяқ* – «тостағанның үлкен түрі». Сонымен қатар *самар* сөзі «үлкен астау, науа» деген мағыналарды да білдіреді.

Қазақ тарихы

№2 (169), ақпан, 2019

Көл – өзен сулары құятын, айдынды, ақпайтын су. Шығыста *Жайсаң көл* (қазіргіше *Зайсан*), *Марқакөл*, Жетісудың шығыс бұрышында *Алакөл*, Терістікте *Сілеті*, *Қоскөл* тәрізді көлдердің ені мен ұзындығы ондаған шақырымды алып жатады. Халықтың бұларды көлге жатқызған түсінігі ғылыми географиялық ұғымға сәйкес деуге болады. Көлдің бұлардан басқа *Қызыл көл*, *Шалқар*, *Қосшалқар*, *Ақкөл* тәрізді үлкенді-кішілі түрлері жекелеген аймақтарда ұшырасып отырады. *Алакөл* деп бір жағы тұщы, бір жағы тұзды көлді, яғни суы әртүрлі көлді айтса керек.

Ресми географияда *Балқаш көлі* деп аталғанмен, халық өз түсінігі бойынша оны *теңіз* дейді. Балқашты көл демеі, теңіз деуі, бір жағынан оның көлеміне (ұзындығы 400 шақырымға таяу, ені 80 шақырым. Ұзындығы жағынан Арал теңізімен бара-бар), түбек, шығанақтары, аралдары болғандықтан, Іле сияқты дария құятындықтан болса керек.

Көл ұғымымен байланысты халықтық жағрапияда *ақкөл* деген термин бар. Ақкөл деп көлдің бір жағынан келіп құйған өзен сол көлдің екінші жағынан шығып, әрі қарай аға беретін суды айтады. Мысалы, Асы өзені бір шетінен көлге құяды да екінші шетінен әрі қарай ағып кете береді. Көлдің бұндай түрлері *ақкөл* деп аталады. Жамбыл облысындағы Ақкөл селосы осы көлдің атымен аталған. Торғай жеріндегі Жыланшық өзені де көлге құйып, екінші жағынан, әрі қарай аққан болу керек. Сондықтан бұл су Ақкөл аталса керек. Сөйтіп, гидроним елді мекен атауына негіз болған. Ертіс өзені Жайсаң (қазіргіше *Зайсан*) көлінің шығыс жақ жағалауынан құяды да, батыс жақ жағалауынан шығып, әрі қарай аға береді. Сөйтіп, Жайсаң көлге дейінгі бөлігі *Қара Ертіс*, көлден ағып шыққандықтан екінші бөлігі *Ақ Ертіс* аталған. Бұндағы *ақ* түр-түс атауы емес, *ақ*, *ағып* шығу семантикасын білдіреді. Ал *қара* сөзі де түр-түсті емес, «үлкен, ұлы» деген семантиканы аңғартады. Бұл – халықтың жер-су жөніндегі ерекше танымы.

Көл атауларының ішкі мазмұнында болатын этномәдени, тілдік ақпараттардың өз жүйесі бар. Арасы қашық емес, қатар жатқан көлді *Қоскөл*, қатар жатқан, ал көлемі шамалас көлді *Қоржынкөл*, бірінің көлемі үлкен, екіншісінің көлемі шағындау, қар, жаңбыр суы көбейгенде, қарғын сумен шарасынан асып шағындау көлге қарай суы жайылып құятын көлді *Телікөл* деп атайды. Бұл атау енесіне телінген қозыны еске түсіреді. Халық тілінде кейбір көлдер *теңіз* деп те аталған. Қостанай жеріндегі Обаған алабындағы көл, Ақмоланың Қорғалжын, Ертіс алабындағы көл *Теңіз* деп аталған. *Теңіз* сөзі әдеттегі жағрапиялық ұғымнан басқаша мағынада жұмсалған.

Аталмыш көлдердің теңіз деп аталуының өзіндік уәжі бар. Көптеген көлдердің суы жаз ортасы ауа азайып, тартыла бастайды. Ал бұл алаптағы көлдердің суы соншалықты тартылмайтынға ұқсайды. Әсіресе жазғытұрым сәуір-мамыр айларында жиналған қар, жаңбыр, сондай-ақ бұлақ, өзен суымен шарасы орта түспей, толып, молая түседі. Жазғытұрымғы суы телегей-теңізге айналады. Көлдің шарасынан асып, «төгіліп» жатқан табиғаттағы осы көрінісі перцептивті қабылдауда көлдің «теңіз» деп аталуына түрткі-жайт (фактор) болса керек. Теңіз – халық түсінігінде «таусылмайтын, түгесілмейтін молшылықтың» этапы.

Қазақ жерінің көптеген аймақтарында шағын көлдер көп болады. Бұлар суының тұщылығы мен

ашылығына байланысты *тұщы көлдер*, *ащы көлдер* деп бөлінеді.

Тұщы көлдер. Қазақ жерлерінің әр аймағында кездесетін үлкенді-кішілі тұщы көлдердің саны едәуір. Кейбір тұщы көлдердің тұщы бұлақтар су құятын жағалаулары тұщырақ болып келеді. Тұщы су деп халық тілінде, әдетте ауыз суға жарамды суды айтқан. *Тұщыкөл*, *Жақсыкөл* деген гидронимдер судың тұщылық сапасына қарай айтылған.

Ащы көлдер. Қазақ жерлерінің кейбір аймақтарында ас тұзы алынатын кейбір көлдермен қатар ащы көлдер де кездеседі. Ащы көлдің суын тұрғын халық тұзды көлдің суынан ажырата қараған. Ащы көлдің суында сілті басым болады. Сондықтан көл жағалауының суы көбіне көбіктеніп жатады. Суы жуған кірді жақсы ашады дейді. Бұндай көлдерді *Ащыкөл*, *Сабындыкөл*, *Сабындысай* (Баянауыл өңірінде); *Сабынды* (Қорғалжын алабында) деп атайды.

*Ащыкөл, Тұщыкөлдің арасы бір,
Басында кәмшат бөрік жарасып жүр.
Дударай, келем десең, тезірек кел,
Орныға қазақ-орыс таласып жүр, –*

деген Мәриям Жагорқызының (1887–1959) жұрт сүйсініп тыңдайтын атақты «Дударай» әнінің өлеңіндегі *ащы көл*, *тұщы көл* дейтін көлдер осы. Ал қазақ-орыс деген халықтық қазақ дегенді білдіреді, қазақ емес.

Қопалы көлдер. Қопалы көлдердің айналасы, маңайы шабындықты болады. Шөбін шауып, малдың қыстық азығын әзірлейді. Қопалы көлдер қазақ жерінің әр аймағында бар. Қопалы көлдердің ең үлкені *Қорғалжын* (Ақмола облысы), *Сарықопа* (Торғай өлкесінде), *Кіндікті* (Қостанай жерінде), *Тәуіп* (Ақтөбе, Ырғыз аймағында), т.б. Жағасы қалың қоға, қамысты болып келген қопалы көлдердің қайсыбірі сазды, батпақты болып, оған түскен сиыр, жылқы малын тартып кететін миы болады. Ондайда ауыл адамдары миға түскен малды құтқару үшін көлемді киіз туырлықты миға төсеп, соның үстімен милап қалған малдың қолтығынан арқанды өткізіп байлап, бір ұшынан жағада тұрғандар тартып шығаруға күш салады. Бұндай көлді халық тілінде миль көл, ал саз батпақты милауыт дейді. Көлемі шағын, көктемгі еріген қар суынан, жаңбыр суынан жиналған көлдер болады. Бұндай көлдер жаз ортасы ауа құрғап, кеуіп кетеді де түбіне *шалу* шығады. Әсіресе, басында дәні бар, жылқы сүйсініп жейтін *бидайық*, *шымылтыр* қалың болып шығады. Шалу, бидайық жылқыға аса жұғымды серне болып, тез семіреді. Сондықтан малшы қауым бидайықты, М.О.Әуезовтің сөзімен айтқанда, шалулы жерлерді жылқының «ата қонысы» деп бағалайды.

Сор көлдер. Қазақ жерінің біраз аймақтарында, әсіресе Арқаның түстік етегінде, Бөкей Ордасы жерінде, Атыраудың еңкеу-еңістігінде жиі ұшырасады. Сор көлдің суы жазғытұрымғы қар, жаңбыр суынан жиналады. Топырағы тұзды болғандықтан, суы ащы болады. Жазға таман құрғап, беті кебірсіп, аппақ сор болып біраз шақырым жерді алып жатады. Жер жағдайын білмей төтелей тартпақ болған жолаушы аты немесе ат-арбасымен сорға түсіп кетеді. Ертеректе қазақ даласына экспедицияға шыққандар қазақ-орыстар, орыстар қазақтардан жолбасшы алатыны да сондықтан. Ондай жолбасшы сорға түспес үшін көкпекті жермен жүріп, тасыған өзеннің өткел беретін

тұсынан аман-есен өтетін болған.

Көл құрғаса, сор болар, сор құрғаса, не болар? дейді халық мақалы. Экологиялық жағдайға байланысты айтылған бұл мақал «құрғаған сор желдің айдауымен талай жерге тарап, топырақты жарамсыз етеді» деген қауіпті аңғартады.

Тұзды көлдер. Қазақ жері тұзды көлге бай. Аралдың тұзы, Балқаштың тұзы ежелден елге мәлім болған. Бұлардан басқа тұзды көлдің ең ірілеріне *Дендер* (Оралда), *Орқаш* (Торғайда), *Жеменей* (Қостанайда), *Кереку*, *Қалқаман* (Павлодарда), *Жамантұз*, *Жақсытұз* (Ақмолада), *Қарабас* (Семейде), т.б. жатады. Бұндай көлдерден көдімгі ас тұзы өндіріледі.

Теңіз – халық түсінігінде көлден әлденеше есе үлкен, жан-жағынан дариялар мен өзендер құйып жатқан, атыраулары мен аралдары, түбектері мен шығанақтары бар орасан үлкен су. Шегі мен шеті шексіз орасан мол суды халық тілінде *телегей-теңіз* деп қосарлап та айтады. Ертеректе теңізден де үлкен суды *телегей* деп атағанға ұқсайды. Әйгілі Сегізсері Баһрамұлына (1818-1894) қатысты өлең жолдарында былай дейді:

*Сөйлесең сөз шығады лебізіңнен,
Телегей тең болмайды теңізбенен.
Қыста Арқа, жазда Сырдың бойын жайлап,
Өтіпті әсем жігіт Сегіз деген.*

Көлемі ұлан-ғайыр, суы орасан мол теңізді телегей-теңіз десе, дарияның көлге құйып, шарасынан асып жатқан кезін *көл-дария*, көл суының қатарлас көлдермен яғни *телі көл*, *қоржын көл*, *қос көлмен* суы ұласып жатса, ондай суды *көл көсір* деп атаған.

Ұланғайыр қазақ жерінің едәуір шетін Арал теңізі мен Каспий теңізінің толқыны шайып жатыр. Теңіз жағалауы сол жерді жайлаған қазақтың ру-тайпаларының ежелгі атақонысына, этномәдени ошақтарының біріне айналған.

Қырдағы елдің кәсібі малшылық, ойдағы елдің кәсібі егіншілік болса, теңіз жайлаған жұрттың кәсібі балықшылық болды. *Бүтін ау бір ауылды асырайды* деп, балықшы ел ау құралдарын жеті қазынаның санатына қосқан. *Су маржаны – балық* деп мақалдай отырып, теңіздегі балық атаулыны *қызыл балық* және *қара балық* деп үлкен екі топқа бөледі, сөйтіп, *қортпа*, *бекіре*, *шоқыр*, *пілмай* немесе *мекре*, *қарыш* немесе *сүйрік*, *керте* немесе *тоқалтұмсық* балықтарын қызыл балыққа, ал қалғандарын қара балыққа жатқызады. *Қызыл* сөзі «аса құнды» дегенді, ал *қара* «жай қатардағы» деген мағынаны білдіреді.

Балықшы қауымның балықшылық кәсіппен байланысты қалыптасқан кәсіби атаулар (терминология) жүйесі бар. Олардың біразы жалпыхалықтық сипат алса, көптеген атау кәсіби қолданыс аясында жұмсалады. Қыстыгүні балықтың жиналатын арнаулы орнын *балық қазаны*, *балық жатағы*; балықтың уылдырық шашу үшін жайылма суға шығуын *балық ойнағы*; балықтың тұқым, түрлеріне қарай үлкен топ құрап жүруін *балықтың шоғыры*, *балықтың үйірі*; ұзындығы төрт-бес шақырым теңіз ауын *құрма ау*, қыста ат-шанамен шығып, теңізден қызыл балық аулайтын ауды *ақан ау* деп атаған.

Балықшының негізгі құралымен байланысты *ау тәу*, *ау шабу*, *ау қайыру*, *ау құру*, *ау қарау*, *ау тарту*; *ау құлағы*, *ау қазаны* / *ау қоржын* / *абак*, т.б. тұрақты тіркестер молынан кездеседі.

Теңізші ең алдымен теңіздің қас-қабағына қарап, ауға шығады. *Ақтымық* – теңіздегі желсіз мүлгіген тыныштық, балық аулауға ең қолайлы

сәт. Сондықтан *ақтымық* – *балықшының арманы* дейді мақалда. Балықшы толқынға қарап, теңіз «мінезін» біледі. Жағалауға, жарға, қой тастарға соғып, аспанға шапшып жатқан толқынды *шарпын*; 9 балдық қатты желді *ұштырма*; желдің өзгеруіне қарай су астымен соғатын толқынды *бұлқын*, жағалауға қара құйын әкелетін бұлтты *өңеш бұлт* дейді. «*Шағала – теңіздің хабаршысы*» дей отырып, теңізші желден сақтанады. Шағала көрінбей кетсе, дауыл күтеді. *Теңіз толқыса сағасынан сақтан* деп, теңізші мақалы ақыл-кеңес береді. Сондай-ақ теңіз мұзының өзіндік атаулары бар. Қыс түсе алғаш қатқан мұзды *шәуіш*, теңіздің күшті желі мен аязынан жарылған, сынған мұздан пайда болған төмпешікті *шиқан мұз*; қардың еруінен пайда болған мұз кесектерді *шоқалақ мұз* деп атайды.

Судың пайда болуы туралы мифтік түсінік. Мифпен байланысты әртүрлі аңыз-әңгімелер бар. Олар, негізінен, үш түрлі мифтік сарыннан тұрады: 1) антропоморфтық таным бойынша өзен-көлдердің көз жасынан пайда болуы; 2) агнионимдермен байланысты, яғни өзен-көлдер әулие-әнбиелердің таяғы түрткен немесе аяғы тиген жерлердегі бұлақ көзінен пайда болуы; 3) анимистік түсінік бойынша жануарларды қасиет тұтумен байланысты өзен-көлдердің пайда болуы.

Бұлақ, өзен, теңіз алыптардың көз жасынан пайда болуы әлем халықтарының мифологиясындағы ортақ сарын. Үнді мифологиясында ғашығынан айырылған құдай текті қыздың көз жасынан жер бетін су басып кетеді.

Қайғыдан көз жасының бұлақ, өзен пайда болуы қазақ мифологиясында кездеседі. *Атасу* туралы аңызда:

«Ерте кезде бір байдың қызы қойшыға ғашық болыпты. Әкесі онымен үйленуге тыйым салады. Ақырында, екі жас қашып кетеді. Бай құғыншы аттандырады. Оларды қуып жеткен байдың мергені қойшы жігітті көздеп атып қалады. Қауіпті алдын ала сезген қыз жебені кеудесімен жауып үлгереді. Осылайша қойшы тірі қалып, сүйген жігіті үшін қыз байғұс мерт болады. Күйік тартқан әкесі марқұм қызын құшақтап, зар еңірегенде көз жасы көл боп ағып, содан қазіргі Атасу өзені пайда болыпты» дейді.

Дәл осы сияқты Оңтүстік өңірде тараған «Жылаған ата» туралы аңызда атаның көз жасынан шипалы су, ананың көз жасынан бұлақ пайда болады.

Жайық ханның қызы Шыңғырлау ғашығына қосыла алмаған соң, суға кетіп өледі. Қайғылы ханның көз жасынан пайда болған өзен *Жайық* деп аталады.

Діни әдебиетте, аңыздарда айтылатын қасиетті, қастерлі судың *кәусәр* – «бейіштегі бұлақ», *Әбілхаят* суы, яғни «өлместің суы», *зәмзәм* суы деп аталатын үш түрі бар.

Мифтік аңыз-әңгімелердің тағы бір тобы өзен, бұлақ көздерінің пайда болуы пайғамбарлардың, әулиелердің аса таяғы мен аяғы тиген жермен байланысты айтылады. Бұлар қасиетті сулар деп есептеледі.

Киелі кітаптарда Мұса пайғамбардың аса таяғы түрткен жерден бұлақтың көзі ашылады. Ысмайыл пайғамбардың Ажар (Хажар) ана құшағындағы сәби кезінде өкшесі батқан жерден Алла Тағаланың рақымшылығымен бұлақтың көзі ашылады. Елсіз шөл дала – Мәруа мен Сафаның аралығында қалған ана мен

бала сол бұлақтан сусындап, тірі қалады. Бұлақ *Зәмзәм* деп аталады. Ажар ана бұлақтың жан-жағын таспен қоршап, баласымен сол манды мекен етеді.

Діни аңыздарда Адам ата Сәпи өсиет еткен кітап бар. Онда Кәпірдің арғы жағында бір бұлақтың суы сүттен ақ, балдан тәтті, сарымайдай жұмсақ, егер кімде-кім бір жұтым су ішсе, қияметке дейін өлмейді делінеді. Аңызда Қызыр пайғамбар өлместің суын ішіп, қияметке дейін өлмейтін болып тірі қалған дейді.

Ескендір Зұлқарнайын патша өлместің суын іздеп, алыс сапарға аттанады. Сөйтіп, мәңгілік өмір суын іздеп табады. Суды торсыққа құйып, ағаштың бұтағына іліп қояды да «ішсем қалай, ішпесем қалай болар» деп қалың ойға кетеді. Сол кезде бір құзғын қарға келіп, торсықты шұқып теседі де, өлместің суы жерге төгіліп ағып кетеді. Тұмсығына өлместің суы тиген құзғын қарғаның ұзақ жасайтыны содан болар делінеді.

Белгілі бір уақиғаларды, тарихи тұлғаларды әспеттеп, аңызға айналдырып, мифтендіру арқылы халық санасынан өшірмей «сақтаушылық», ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп «тасымалдаушылық» миф атаулының негізгі бір қызметі болып саналады. Сөйтіп, тарихи тұлға географиялық нысанның атауына айналады. Арқадағы *Жасыбай көлі* атауы *Жасыбай батыр* туралы аңызбен байланыстырылған. Жасыбай туралы аңызда батырдың найза шанышқан жерінен бұлақ көзі ашылып, содан Жасыбай көлі пайда болыпты деседі.

Маңғыстау өлкесінде алып Ерсары асасымен түртіп қалғанда Үстүрт пен Ақтау қырқасында жарықшақ пайда болып, одан шыққан арналы су теңізге құяды.

Көлдің, бұлақ пен өзеннің пайда болуы жөніндегі мифтік аңыз-әңгімелердің бір сарасы қасиетті жануарды тотем тұтумен байланысты айтылады.

Солардың бірі – Ақбура туралы мифтік аңыз. Ертеде төсін аппақ ақшуда басқан ақбас бура болыпты деседі. Қасиетті бура елге келе жатқан қауіп-қатерді алдын ала сезіп, айналаны тынымсыз кезіп, боздай беретін көрінеді. Бұл аңызды ақын Сәкен Сейфуллин өлең сөз өрнегіне түсірген екен:

*Ақбура көп жыл тауды қылған мекен,
Бір үлкен іс боларда сезеді екен.
Ол істі елге айтқандай маңайдағы,
Бақсыдай тауды айналып кезеді екен.*

Сөйтіп, қауіп-қатердің хабаршысы болып жүрген Ақбура сұрмергеннің оғынан ажал табады. Қасиетті жануардың денесі таудай болып шөгіп жатқан тасқа айналып, боздағандағы көз жасынан Бурабай көлі пайда болыпты деседі.

Қазақтардың байырғы мифтік танымында тасыған судың иесі Ақбура болған деген тұжырымын тиянақтай түсу үшін фольклоршы ғалым А.Тойшанұлы қырғыздардың мифтік аңызынан параллель келтіре отырып, «*Қырғызда Ош өлкесінде Ак-Буура деген өзен бар. Халық оның түбінде су иесі Ак-Буура бар, ол басын төмен қаратып жатса, су тасиды, егер басын ағынға қарсы жоғары қаратса, су тартылады деп иланған*», – дейді. Сонымен, зерттеушінің пайымдауынша, Ақбура қазақ-қырғыздың ежелгі түсінігінде жергілікті өзен-су иесі болған.

Өзен-судың пайда болуын адамның көз жасымен байланыстыру ең көне дәуірдегі мифологиялық түсінікке саяды. Су адамның бір бөлшегі болса, адам судың бір бөлшегі деп таныған. *Сусыз өмір жоқ, отсыз темір жоқ* деп мақалда айтылғандай, бірінсіз

бірі жоқ, олар біріне бірі тәуелді, әрі үйлесімді біртұтас әлем ретінде ұғынылған. Сондықтан суды қасиетті санап, кие тұтудың барысында өзен-суды мифтендіру адамзат қоғамының мифтік санасында ерекше орын алған.

Халықтың байырғы таным-түсінігінде жаратылыс атаулының бір бастауы (ең бастапқы табиғи элементі) топырақ пен ауа болса, енді бір бастауы – су. Бірақ бұлардың ешқайсы мәңгілік емес, су көл-дария, телегей теңіз болып жатқан жаратылыс болса да, оның шегі, таусылатын кезі бар деген түсінік *судың да сұрауы бар* деген концептуалды ұғымға негіз болды. Сөйтіп, «судың да сұрауы бар» деген ұғым мақал түрінде объективтеніп, халықтың өмір тәжірибесінде басшылыққа алған тұжырымдамасына айналды. Қазіргі кезде экологиялық пайымдаумен байланысты бұл мақал «Судың да сұрауы бар» деп айтылатын болды.

Жаратылыстағы нәрселердің бәрі де, баршасы да өзара үйлесіммен жаратылған. Ондағы барша нәрсенің, яғни өзді-өзінің иесі бар. Иесі бардың киесі бар. Судың да иесі бар, су иесі Сүлеймен делінеді.

Тұрмыс-тіршілікте адамдар суды қажетінше пайдалана алады. Алайда судың киесіне ұшырамас үшін суды ысырап қылуға, күл-қоқыс төгіп былғауға, суға дәрет сындыруға, суға түкіруге тыйым салған. Адамдар өзен, бұлақ арнасының тартылып қалуынан немесе дүлей тасқынның астында қалудан, яғни су иесінің қаһарына ұшыраудан қорыққан. Құрғақшылық жылдары өзен-судың бойында тасаттық беріп, бауыздалған малдың қанын суға ағызған.

Әуелде мифтік наным-сенімге қатысты ырым-тыйымдар бірте-бірте қоғамдық қатынаста сумен байланысты этикалық нормалардың орнығуына негіз болған. Суды ысырап қылмау, бұлақты, өзенді көң-қоқыспен былғамау, ағын суды бөгемеу, арнасын бұзбау, т.б. тыйымдар, сондай-ақ өзенге көпір салу, бұлақ басына ағаш егу, бұлақтың көзін ашу жұртшылық игілігі үшін сауапты іс делінеді. Байырғы наным-сенімдер бірте-бірте әлеуметтік этикалық нормаға айналған. Судың тұрмыс-тіршіліктегі алатын орны өлшеусіз екені, оны әр халық өз танымы, тұрмыс-салты, күнкөрісі тұрғысын бағалайтыны белгілі. Қазақтарда да солай. Оны халықтың мақал-мәтелдерінен, фольклор материалдарынан, ырым-тыйымдарынан, т.б. айқын аңғаруға болады.

Мысалы, *су жүрген жер – шүлен; сулы жер – нулы жер* деген қазақ мақалы су тіршіліктің көзі, әрі молшылықтың эталоны дегенді аңғартады. *Шүлен* деп суы мол, шөбі шүйгін жерді айтқан. Бұндай жер қашанда жомарт, адамға да, малға да берері мол. Соған орай *шүлен* атауы «мырзалық» «жомарттық» деген ұғыммен астасып жатады.

«*Бұлақты жер – тұрақты жер*» дейтін мақал «сулы жердің қонысқа қолайлы, шаруашылыққа ыңғайлы» екенін аңғартады. Малшы, егінші қауымның тұрақты қонысы өзен, бұлақтың бойы, көлге жақын қопалы жерлердің маңайында болған.

Қазақ мақалы «*өзен жағалағанның өзегі талмас*» деп кеңес береді. Аталмыш мақалдың мазмұны «тарығып, ашығып жүрген адам қармақ салып, балық ауласа да, тұзақ құрып құс ұстаса да, қамыстың борығын, қоғаның сүйірігін талғажау етсе де, әйтеуір, өзен бойынан тамағын тауып жейді» деген ойды білдіреді.

Халықтың өмір тәжірибесінде (прагматикасында) «*аққан суда арамдық жоқ*» деп, оны пайдалануға болатынын меңзейді, әрі «*ақпай тұйықталып, балдыр басып кеткен суды өлі су*» деп, оны ағын суға қарама-қарсы қояды.

Өзен-сумен байланысты мифтік, этикалық, прагматикалық көзқараспен қатар этнос санасында эстетикалық таным-түсінік те қалыптасқан. Халық «жерді байлық», «айды сұлулық», «суды молшылық пен жомарттық» дей отырып, *сүттей ақ, судай таза / сүттен ақ, судан таза; судай мөлдір* деп суды тазалықтың символы іспетті ұғынған.

Тамаша көрем десек, таңға қарай тауға бар, кешке қарай көлге бар дейді нақыл сөзде. Шынында, осындай ғибрат сөзден халықтың тауды да, өзен-көлді де адамның рухын көтеріп, эстетикалық нәр беретін жаратылыстың ерекше бір бөлігі деп түсінгенін байқауға болады.

РЕЗЮМЕ

В статье указываются названия открытых водных источников и их языковое значение, культурно-семантическое содержание названия раскрывается с помощью паремииологизмов. Также выясняется, что легенды и предания, связанные с мифическим понятием о появлении водных источников, переплетены с антропомифными, агнионимными, анимистическими понятиями.

ABSTRACT

The article indicates the names of open water sources and their linguistic meaning, the cultural and semantic content of the name is revealed through paremiologisms. It also turns out that legends related to the mythical concept of the appearance of water sources are intertwined with anthropomymic, agionymous, animistic concepts.

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ДЕРЕК

Бернштам А.Н. О древнейших следах джекания в тюркских языках Средней Азии. В сб. «Памяти академика Н.Я.Марра (1864-1934)», М.-Л., 1938. С.17-24; Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины // ИАН КазССР. Серия географическая. Вып.3. 1951. С.1-47; Нурханов С. Этнолингвистикалық этюд (Торы этнонимі мен Торғай топонимінің төркіні жайында) // «Қазақстан мектебі», 1967, №1. 74-76 -бб; Академик Бартольд В.В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. М.: Наука, 1968; Уәлиев Н. Қос сөз сыңарының сырлары // ҚӘ, 4 ақпан, 1983. 6-б; Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16-т. Алматы: Жазушы, 1985; Халиди Қ. Тауарих хамса: Бес тарих. Ауд.: Б.Төтенаев., А.Жолдасбеков. Алматы: Қазақстан, 1992; Алтаев Б.Ә. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 1994; Попова В.Н. Ономастика. Словарь географических названий Казахстана. Павлодарская область. Ч. II. М., 1994; Хайдарұлы С. Ой ұшқындары: нақыл сөздер. Алматы: Өлке, 2008; Жанұзақ Т. Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық). Алматы: Өнер, 2011; Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. Алматы: Баспалар үйі, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚАЗАҚТЫҢ КЕР ДАЛА ТАҒЫСЫНЫҢ ТӨЛ АТАУЫ – «ПРЖЕВАЛЬСКИЙ ЖЫЛҚЫСЫ» ЕМЕС, КЕРТАҒЫ!

(ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗ ҺӘМ НЕГІЗДЕМЕ) *

Нұрсан ӘЛІМБАЙ,
Бейбітқали ҚАҚАБАЕВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
орталық музейінің ғылыми қызметкерлері

Ілкімді сөздер: Кертағы, Пржевальский жылқысы, Н.М.Пржевальский, М.Ж.Көпейұлы, И.С.Поляков, Х.Барданес, Э.Эверсманн.

Қазан төңкерісіне дейінгі сан алуан тарихи, тарихи-этнографиялық, жағрафиялық мәліметтер қазіргі кезде «Пржевальский жылқысы» деп аталып жүрген тағы жануардың Евразияның ең даласын (кезінде тарихи-жағрафия ареалы Батыста Еділден бастап Шығыста Байқалға дейінгі алқапты қамтыған

екен) соның ішінде, Қазақстан территориясын, мекендегенін айқаптайды. 1878 жылы Н.М.Пржевальский өзінің Орталық Азияға жасаған екінші экспедициясынан қайтқан сапары барысында Ресей-Қытай шекарасындағы Зайсан бекетінде аялдайды. Осы сәтте А.К.Тихонов деген орыс көпесі жергілікті аңшы қазақтардан алған бұған дейін беймәлім болып келген жабайы жылқының бас сүйегі мен терісін әлгі саяхатшыға сый ретінде тарту етіпті. Ал, саяхатшы болса, сыйға алған бас сүйек пен теріні



Кертағы.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі және Венгр Ұлттық жаратылыстану музейінің бірлескен ғылыми экспедиция материалы. Алматы облысы. Алтынемел Ұлттық табиғи қорығы.
2015 ж. маусым айы.

дереу Санкт-Петербург қаласындағы зоологиялық музейге жібереді. Осы мекемедегі аталмыш бас сүйек пен теріні И.С.Поляков деген ғалым зерттеп, олардың ғылымға белгісіз жылқының түріне тиесілі екендігін анықтайды. Сөйтіп, аталмыш зерттеуші әлгі жылқыны 1881 жылы саяхатшының құрметіне Пржевальский жылқысы деп атауды ұсыныпты («Equus przewalskii Polj»).

Шынтуайтында, ғылыми әдебиетте Пржевальский жылқысы деп аталып жүрген жабайы жылқының дәстүрлі қазақы ортада ежелден орныққан төл атауы – **кертағы**. Осыған орай, дәлелімізге дәйек ретінде бірнеше мәліметтерді келтірелік. Қазақ жеріне 1771-1772 жылдары сапар шеккен Х.Барданес осы жабайы жылқының латынша атауын келтіре отырып, оның татар, башқұрт тіліндегі атауы *тарпаң*, ал қазақтар оны *кертағы* деп атайтынын жазған еді (осы ретте айта кетер бірер жайт – *тарпаң* атауы орыс тіліне Оңтүстік Ресей, Еділ өңірін мекендеген түркі тілдес халықтардан еніп, орнықты). Алайда, Х.Барданестің еңбегіндегі аталмыш жабайы жылқының сипаттамасына қарағанда, әңгіме тарпаң жөнінде емес, Пржевальск жылқысы, яғни кертағы туралы болып отыр (бұл жөнінде сәл кейінірек айтылады).

Сондай-ақ, *кертағы* сөзі қазақ мәдениеті мен ауызша тарихнамасының біртуар бірегей өкілі Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының еңбектерінде де кез-

деседі. Мәшекең Есім ханның қалмаққа қарсы кезекті бір жорығы жөніндегі аңызды айта келе, қазақ сарбаздары ат жалына жабысқан жауларды көрмей, олардың аттарын кертағымен шатастырып, өз аттарын шідерлеп жібергендіктен қапы қалғандықтары жөніндегі сюжетті төмендегідей баяндайды:

*Мінгені Есім ханның** Алабел-ді,
Бойында Шідертінің қара көрдің.
Көрінген сол қараны «Кертағы» деп,
Аттарын шідер салып қоя берді...*

Тарихи ақиқат тұрғыдан келгенде, осы өлең жолдарының, сөз жоқ, айрықша бірегей қисынынан төмендегідей ой түюге болатындай. Ең алдымен, Есім хан әскері шолғыншыларының әлгі «көрінген сол қараны» – жабайы болып көрінген жылқыларды еш шүбәсіз кертағы деп атауы ерекше ден қойдырады. Яғни, келтірілген өлең жолдарының қисыны айтып отырғандай, қазақ әскеріне жабайы жылқы болып көрінгендерді бірден кертағы деп қабылдауында үлкен мән бар. Бұл мәннің гәбі – қазақ сарбаздарының жабайы жылқылар болып көрінген «қараны» еш күмәнсіз кертағы деп қабылдау себебін әлгі тұз тағыларын дәстүрлі қазақы ортада тек аталмыш төл атауымен ғана аталғандығымен түсіндіруге болады. Демек, келтірілген өлең жолдары қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде, әсіресе, орыстың отаршыл әкімшілік-территориялық жүйесінің дендеп орныққанға дейінгі заманда қазақ даласындағы ең



Кертағы.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі және Венгр Ұлттық жаратылыстану музейінің бірлескен ғылыми экспедиция материалы. Алматы облысы. Алтынемел Ұлттық табиғи қорығы. 2015 ж. маусым айы.

көп тараған жабайы жылқының қалың қазақ жұрты үшін (әлбетте, Мәшекеңе де еш таңсық емес!) ежелден орныққан үйреншікті төл атауы кертағы екендігін айшықты айғақтайтындай.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ өлкесінде әсіресе кең тараған жабайы жылқылардың көшпелілер үшін ежелден орныққан бірден-біратауы кертағы екендігінің ең дәйекті дәлелі – әлбетте, Н.М.Пржевальскийдің күні бүгінге дейін ешкім назар аудармаған төменде келтіріліп отырған өз сөздері! Расында да, кертағының Пржевальск жылқысының дәстүрлі қазақы ортадағы ежелден орныққан төл атауы екендігін осы жабайы жылқыға аты-жөні ресми берілген қазақ даласына XIX ғасырдың екінші жартысында әлденеше рет сапар шеккен саяхатшының өзі де кезінде мойындаған болатын. Яғни, осынау ащы шындық жөнінде аталмыш жабайы жылқыны қазақ даласында алғаш кездестіріп, орыс зиялыларының арасына, әрісі бүкіл Еуропа жұртшылығына баян еткен Н.М.Пржевальскийдің өзі былай деген еді: «по своей наружности лошадь Пржевальского роста небольшого. Голова сравнительно велика, с ушами, более короткими, нежели у ослов; грива короткая, прямостоячая, темно-бурого цвета, без челки; спинного ремня нет. Хвост на верхней половине мохнатый, но без длинных волос и только в нижней своей половине покрыт черными, длинными, как у лошадей, волосами... **Новооткрытая лошадь, [яғни, Пржевальск жылқысы – Н.Ө.] называемая киргизами (казахами – Н.Ө.) «кэртаг» (бөліп көрсеткен – Н.Ө.), а монголами также «тахы»...**» (бұл ретте ерекше екшеп айтар жайт – осы күнгі моңғол тілінде де аталмыш Пржевальск жылқысын «тахь» деп атайды. Ал, осы халықтың «хээр» сөзі болса, ол «ен дала», «сақара» деген ұғымды білдіреді. Бірақ, жоғарыда есімі аталған Х.Барданестің мәліметіне қарағанда, моңғолдар аталмыш жылқының төл атауы ретінде тахь сөзін жеке дара ғана қолданған).

Осы ретте тағы бір айырықша ден қояр гәп – қазақ тілінде қоңыр аңдарға қатысты «кербұғы», «кормарал» атаулардағы құрамдас кер сөзі ертеректе «дала» деген мағынада қолданылғандығын ескерсек, «кертағы» сөзі «даланың тағысы» деген ұғымды білдіретін сыңайлы. Көрнекі мысал ретінде адам көрмей далада өскен үй малына қатысты «*тағыланып кетіпті*» деген сөз тіркесін айтуға болады.

Н.М.Пржевальскийдің жоғарыда келтірілген кертағының анықтамасындай толық сипаттаманы Э.Эверсман есімді тағы бір көрнекті орыс жинақ-ғалымы өзінің 1850 жылы жарық көрген «*Естественная история Оренбургского края*» атты еңбегінің екінші бөлімінде берген еді. Рас, Х.Барданестің еңбектеріндегі оқырман үшін дүдәмал туғызатын жайт Э.Эверсманның аталмыш туындысына да тән: бұл автор да өзі көрген жабайы жылқылардың кертағы екендігін дәйектемеген. Дегенмен, оның Тобыл мен Сырдарияның бойындағы өзі тікелей кездестірген тағы жылқыларға берген сипаттамасының, жоғарыда айтылғандай, Н.М.Пржевальскийдің тиісті анықтамасымен мейлінше сәйкестілігі әлгі жылқылардың кертағы екендігіне еш күмән туғызбайды.

Айтылғандардан шығатын қорытынды: Н.М.Пржевальскийдің кертағыға берген аталмыш анықтамасының сөз болып отырған авторлардың еңбектеріндегі мәліметтерді дәйектейтін һәм пысықтайтын қисынын ерекше ескере отырып, Пржевальск жылқысының дәстүрлі қазақы ортада ежелден жасап келе жатқан төл атауы кертағы деп айтуға ешқандай күмән жоқ.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе репрезентативных исторических сведений восстанавливается исконное название дикой лошади «кертагы», изпокон веков обитавшей на обширной территории казахского края, именуемой в официальной науке как «лошадь Пржевальского» («Equus przewalskii Polj»). Заключение авторов базируется на тщательной историко-ведческой экспертизе материалов ряда трудов таких дореволюционных российских ученых и путешественников, как Н.М.Пржевальский, Э.Эверсман, и Х.Барданес, а также соответствующих сведений, содержащихся в произведениях великого представителя казахской изустной историографической традиции Машхур-Жусуп Копей-улы.

ABSTRACT

In the article, on the basis of representative historical data, the original name «kertagy» is restored. It's a wild horse inhabiting the vast territory of the Kazakh region from the time immemorial, referred to in official science as «Przhevalsky horse» («Equus przewalskii Polj»). This conclusion is based on a thorough source study expertise of materials of a number of works of such pre-revolutionary Russian scientists and travelers as N.M. Przhevalsky, E. Eversman, and Kh. Bardanes, as well as relevant data contained in the works of a great representative of oral Kazakh historiographical tradition Mashhur-Zhusup Kopei-uly.

ЕСКЕРТПЕ

* Қажетті материалды жинап, жүйелеуді авторлар бірлесіп атқарды. Мақаланың мәтінін жазған Нұрсан Өлімбаев.

** Бұл тұста 1598-1628 жылдары қазақ мемлекетіне билік жүргізген ел арасында «еңсегей бойлы ер Есім» аталған даңқты хан жөнінде айтылып отыр.

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ДЕРЕК

Эверсман Э. Естественная история Оренбургского края. Часть вторая. Казань, 1850; Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Алматы: Мектеп, 1980; Барданес Х. Киргизская или казакская хорография // Из (журнал) путешествия Христофора Барданеса в Киргизскую степь // История Казахстана в русских источниках XVI – XX веков. Т.IV. Алматы: Дайк-Пресс, 2007; Przewalski's horse: the history and biology of an endangered species / L.E. Boyd & K.A. Houpt (Eds) – Albany: State Univ. of New York Press, 1994; Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Қазақ тарихы. Шығармалары. 8-том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006; Пржевальский Н.М. Путешествия в Центральной Азии. М.: Эксмо, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АРЫҚ ПЕН ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАР:

ТӨЛТУМА АТАУЛАРЫ, ТҮРЛЕРІ, ҚҰРУ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ *

Нұрсан ӘЛІМБАЙ,
Бейбітқали ҚАҚАБАЕВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
орталық музейінің ғылыми қызметкерлері

Ілкімді сөздер: суармалы егіншілік, су торабы, су көздері, бас арық, орта арық, оқ арық, тоған, бөгет, тасбөгет, түкірткі, шәмші, саржан, қарабура, жап, салма, қарық, гидротехникалық құрылғы, құлақ байлау, тұма, тарнау, «иір тышқан», су сервитуты.

Мәселенің жосығы. Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты қазақтың суармалы егіншілік дәстүріндегі суландыру жүйесінің ең басты компоненті – әртүрлі арық түрлері мен тиісті гидротехникалық құрылғылардан тұратын жасанды су тораптарының құрылымдық-функционалдық сипаттамалары және олардың әрқайсысының жұмыс істеу принциптерін зерделеу болып табылады.

Қазақстан территориясы жауын-шашынның аздығымен (*жылына 200-300 мм шамасында*), жазғы маусымның ыстықтығымен және атмосфералық ауаның құрғақтығымен (*Арал, Сыр өңірінде ауа ылғалдылығы 30%-ға дейін төмендейді*) ерекшеленетін аридтік және субаридтік аймаққа жатады. Жыл он екі айдың жыл мезгілдерінде, әсіресе, жаз айларында ылғалдың жер қабатында сақталмай, буланып ұшып кететіндігі сондықтан. Осындай атмосфера-лық және гидросфералық ахуал, сондай-ақ, осыған орай қалыптасқан ландшафтың геоморфологиялық һәм биоценоздық ерекшелігі Орталық Азия, соның ішінде Қазақстан территориясындағы өзен, көл және жер асты су ресурстарын пайдалануға байланысты қоғамдағы әлеуметтік, шаруашылық-экономикалық, тіпті, мәдени және саяси қатынастардың, соның ішінде, көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы, жартылай отырықшы ортадағы өзіндік жүйесінің қалыптасуына алып келген іргелі факторларының бірі болды. Мысалы, аталмыш фактор қазақ өлкесінде өндірістік-шаруашылық қатынасты жүзеге асырып отырудың объектісі әрі «құралы» іспеттес табиғи су көздерінен тұтынушыларға су жеткізуге байланысты күрделі ирригациялық жүйелердің қалыптасып, дамуына алып келді. Оның ішінде, әлбетте, суармалы егіншілікке қатысты гидротехникалық әдіс-амалдардың (әртүрлі гидротехникалық құрылғылар мен жасанды су тораптары деген сияқты) қалыптасуы ерекше орын алады.

Осы үрдістің барысында, жоғарыда айтылғандай, тиісті гидротехникалық, яғни суландыру жүйесінің ойдағыдай жұмыс істеп, егіншілік қажеттілігін толыққанды өтеу қажеттілігіне байланысты әлеуметтік қатынастың осындай әлеуметтік ортаға тән өзіндік жүйесі, яғни, тиісті ұйымдық түрі (формасы) орнықты. Осыған орай, мысал ретінде, сан алуан арық түрлерін

пайдаланудың ерекше қауымдастық түрлерінің қалыптасуын айтуға болады.

Қысқаша тарихнамалық экскурс. Мелиоративтік, тұрмыстық мақсатта өзен суларын тұтынушыға жеткізудің технологиялық тәсілдерінің қалыптасу үрдісі көне заманнан бастау алады. Археолог В.А.Грошев Сырдарияның сол жағалауына аэрофото тәсілін қолдану арқылы картографиялық зерттеулер жүргізу барысында қолдан суландырудың ортағасырлық тармақталған күрделі ирригациялық жүйесінің болғанын анықтады. Ғалым егін суаруға және қалаларды сумен қамтамасыз етуге арналған бұл жүйе аумағы 100х350 метрге дейін жететін тереңдігі 2 метрден астам су қоймаларынан, тереңдігі 2 метрден астам, ал ені 5-7 метрге дейін жететін үлкен бас арықтардан және оларды өзара қосатын ұзындығы ондаған километрден астам түрлі арықтардан тұратындығын нақты археологиялық артефактілер мен жазба мәліметтерді жіті талдау арқылы дәлелдеді. Осы ретте, әсіресе, ерекше ден қояр жайт – оңтүстік және оңтүстік-батыс өңірдегі басты су артериялары – Сырдария мен Арыс өзендерінен бастау алатын күрделі суландыру жүйелерінің осы уақытқа дейін сақталып келген атауларын келтіреді. Осыған орай, мысал ретінде В.А.Грошевтың еңбегінде келтірілген Сүткент арық, Қауған арық, Шолақ арық, Мейрам арық сынды тармақталған күрделі ирригациялық жүйелердің күні бүгінге дейін сақталып келген атауларын айтуға болады. Сонымен бірге, автор аталмыш жасанды суландыру тораптарының және басқа да гидротехникалық құрылымдардың функциясына талдау жасайды. Ғалымның айтуынша, аталған арықтар егіншілік мақсатқа ғана емес, сол өңірде орналасқан **Сүткент, Қауған ата** сияқты ортағасырлық қалаларды сумен қамтамасыз етуге пайдаланылған. Зерттеушінің мәліметі бойынша, мысалы, бір ғана Шолақ арық жүйесінің ұзындығы 40 км-ден астам болыпты. Бұл арық **Артық, Бұзық, Ақтөбе, Күмиян, Қандос төрткүлі** сияқты елді мекендерге X–XVII ғасырлар аралығында үнемі су жеткізіп отырған [1, 76-81-бб.].

XVIII–XX ғасырдың алғашқы онжылдығында қазақ өлкесінің әртүрлі аймақтарында ежелден қалыптасқан жер шаруашылығы жөнінде біраз еңбектер жарық көрді. Соның ішінде Л.М.Әуезова [10], Бек Сүлейменов [11], П.Г.Галузо [33], сондай-ақ, 1980 жылы Қазақстанның Ғылым академиясына қарасты Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнография институтының этнографтары жарыққа шығарған «Хозяйство казахов на рубеже XIX–XX веков» атты

монографияның жер шаруашылығына арналған бөлімін ерекше екшеп атауға болады [34, 137-253-бб.; 35, 33-43-бб.]. Бұл және басқа да зерттеулерде қазақтың байырғы егіншілігіне байланысты өзінің танымдық тағылымын еш жоғалтпайтын құнды мәліметтер өз заманының талғам-талабына сай жүйеленіп берілген. Соның ішінде, әсіресе, қазақтың жер шаруашылығындағы жасанды су торабы – арықтың біраз түрлері мен олардың суландыру функциясы қазан төңкерісіне дейінгі сан алуан жазба мәліметтер мен совет дәуірінде ел арасынан жиналған этнографиялық материалдар негізінде қарастырылуы айрықша назар аударады. Алайда, бұл және осы құралыптас басқа еңбектерде қазақтың егіншілік дәстүріндегі арықтың сан алуан түрлерінің және ежелден қалыптасқан гидротехникалық құрылғылардың аталып қана кеткендігін (оның өзінде де кейбіреулері ғана) ашып шынықтырған болса да айтуға тура келеді. Сөз жоқ, аталған еңбектер және әртүрлі көлемде һәм деңгейде жазылған осы құралыптас басқа да зерттеулер қазақтың дәстүрлі егіншілік шаруашылығы жөнінде құнды әрі соны мәліметтерді ғылыми айналысқа енгізгендігімен ерекшеленеді. Дегенмен, олардың жоғарыда аталған кемшін тұстарына байланысты аталмыш су тораптарын жасаудың дәстүрлі технологиясы һәм әртүрлі гидротехникалық құрылғылардың құрылымдық-функционалдық сипаттамасы жөнінде толықмәнді түсінік алуға мүмкіндігі тым шектеулі екендігін айтпасқа болмайды.

Қарастырылып отырған тақырыптың қисыны тұрғысынан тәуелсіздік жылдарындағы жазылған еңбектердің ішіндегі көрнектісі ретінде, сөз жоқ, Б.Ә.Алтаевтың [13] осы жолдың авторларының бірі Нұрсан Әлімбаидың ғылыми жетекшілігімен жазылып қорғалған кандидаттық диссертациясын атаған ләзім. Зерттеуші жоғарыда аталған және басқа да ғалымдардың еңбектеріне қарағанда, қазақтың дәстүрлі егіншілігінің суландыру жүйесіндегі бұрын ресми тарихнамада қаузалмаған ежелден орныққан біраз технологиялық мәселелерге арнайы тоқталып өтеді. Әсіресе, Б.Ә.Алтаевтың диссертациясындағы қарабура сияқты әртүрлі тоспалар мен бөгеттер жоғарыдағы гидротехникалық құрылымдар, сондай-ақ, арық қазудың байырғы әдіс-тәсілдері жөніндегі құнды мәліметтерді тұңғыш рет ғылыми айналысқа енген соны жаңалық ретінде бағамдауға әбден болады. Алайда бұл автор да жоғарыда аталған мәселелерді әртүрлі себептермен дендеп зерттеуді жөн көрмейті. Мысал ретінде, осы зерттеушінің диссертациясы мен жарияланған еңбектерінде де *қарабура*, *саржан*, *тұма*, сондай-ақ, әртүрлі тоспалар мен бөгеттер және басқа да сан алуан дәстүрлі гидротехникалық құрылымдардың жасалу және орнықтыру технологиясын һәм функциясын сипаттама деңгейінде ғана қарастырып өткендігін ғана айтуға болады.

Қазақы агротехникалық және мелиоративтік тәсілдер жүйесі. Суармалы егіншілік Қазақстанның барлық өңірлеріндегі қолайлы жерлерде ежелден орныққан дәстүрлі шаруашылықтың түрі болғаны белгілі. Жаз айларында мәдени өсімдіктердің вегетативтік кезеңіне сәйкес келетін табиғи ылғалдың жетіспеушілігі суармалы егіншіліктің әртүрлі типтерінің қалыптасуының ең басты экологиялық факторы болып табылады [2, 121-122-бб.]. Сонымен бірге, қазақ өлкесінің әр аймақтарына тән ландшафтық, гидросфералық, атмосфералық және су

ресурстарының ерекшеліктері тиістісінше жергілікті агротехникалық және мелиоративтік тәсілдер жүйесін қалыптастырды. Бұл айтылған жайттың, ең алдымен, жасанды суландыру жүйесінің ең басты компоненті болып табылатын арыққа тікелей қатысты екендігін ерекше екшеп айтқан ләзім.

Расында да, жоғарыда айтқан факторлар жергілікті аймақтарда арық жүйесінің өзіндік түрлерінің орнығуына алып келді. Өңіміне экологиялық жағынан ерекшеленетін аймақтардағы суды егіс алқабына рәсуасыз және уақытылы жеткізуді ұйымдастыру, соның ішінде, әсіресе, гидротехникалық құрылғылардың қызметін қамтамасыз етуге байланысты ерекшеліктер жөнінде болып отыр. Сондай-ақ, аталмыш экологиялық-ландшафтық факторларға байланысты қазақтың дәстүрлі тіршіліккамы жүйесінде егіншіліктің үлесі әр аймақта әртүрлі деңгейде болды.

Сан алуан мәліметтер көшпелі мал шаруашылығымен басым айналысқан өңірлерде егіншілік кәсібі соншалықты қастерленбейтін өндірістік қарекет болып есептелгендігін айғақтайды. Расында да, жоғарыда айтылған мәліметтерге жүгінсек, егіншілікпен (оның үстіне тұрмыстық қажеттіліктен артылмайтын деңгейде ғана), әдетте, материалдық жай-күйі әлсіздіктен жұртта (көбінесе қыстауда) қоныстануға мәжбүр жатақ деп аталатын әлеуметтік категория өкілдері ғана айналысты. Оның үстіне, бұл әлеуметтік жіктің өзі де азын-аулақ мал жиып, әлденгеннен соң, іле-шала көшпелі тіршілік салтына қайтып оралуға тырысатын. Яғни, мұндай жағдайда аталған егіншілік шаруашылығы ерте заманнан жалғасып орныққан шаруашылық-мәдени қарекет болғанымен, оның жоғарыда айтылған факторлардың тегеурінді әсерімен өркендеп дамуына мүмкіндік болмады [3, 367-368-бб.].

Бұл үрдіс, көбінесе, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан Қазақстанның Шығыс, Батыс, Орталық, Солтүстік аймақтарына тән болды. Ал, оңтүстік, оңтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс өңірлерде егіншілік едәуір дамыған шаруашылықтың саласына айналғаны белгілі. Дегенмен, суармалы егіншіліктің қазақ жерінің жоғарыда айтылған қолайсыз өңірлерінде де белгілі дәрежеде орын алғандығын төменде келтірілген деректерден айқын көруге болады.

Мысалы, Шығыс Қазақстан өңірінде суармалы егіншіліктің едәуір дамыған түрі болғандығы туралы аса құнды мәліметтер ресейлік ғалымдар мен қазан төңкерісіне дейінгі көптеген орыс шенеуніктері мен саяхатшылары және ғалымдары, соның ішінде, әсіресе Г.Н.Потанин (1863 ж.), А.Влангали (1849-1851 жж.), капитан Д.Сосновский (1875 ж.), И.Завалишин (1867 ж.) сынды авторлардың еңбектерінде кездеседі [4, 5, 92-93-бб.; 6, 589-б.; 7, 101-б.]. Тіпті, XIX ғасырдың 80-жылдары, әсіресе, ерекше үдей түскен орыс келімсектеріне орыстың отарлық билік жүйесінің өкілдері жергілікті қазақтардың жерін тартып алу науқаны кезінде қазақы ортада қарашапан атанған әлгі келімсектерге қазақ егіншілерінің ежелден қордаланған өндірістік-шаруашылық тәжірибесін кеңес бергендігі жөнінде мәліметтер мол кездеседі. Мысал ретінде, 1898 жылы жарық көрген «Обзор Семипалатинской области» атты жинақтағы осы өңірдегі Георгиевка және Николаевка деп аталатын орыс поселкілерінің тұрғындары Қалба даласындағы қазақтардан қалған ескі арықтарды пайдаланып, суармалы егіншілікке көшу керектігі жөніндегі келтірілген мәліметті айтуға болады [8, 91-б.].

Тақырыптың қисыны тұрғысынан тағы бір ерекше

назар аударарлық жайт жөнінде. XIX ғасырдың бірінші жартысында-ақ Торғай өңірінде қыпшақ Сейітқұл деген адамның тың жерді игеріп, арық тартып егіншілікпен айналысқандығын және осы адамның тәжірибесі көптеген жергілікті қазақтарға үлгіге айналғандығын, сөйтіп, бұл аймақтарда егіншілер саны жыл санап көбейгендігін екінші Сұлтан Сейдалин деген өз заманының аса сауатты тұлғасы жазған еді [9, 138-139-бб.] **

Сондай-ақ, Бек Сүлейменов, Ләйлә Әуезова сынды қазақ-совет ғалымдарының еңбектерінде архивтік материалдардың негізінде Орталық Қазақстанның су ресурстары мол өңірлерінде қазақтардың бөгет тұрғызып, арық тартып біршама үлкен алқаптарды суландырғандығы жөнінде құнды деректер келтіріледі. Сонымен бірге, аталмыш ғалымдардың осы өңірдегі егіншілік шаруашылығын ұйымдастырған қазақтардың арасынан шыққан тарихи тұлғалар жайлы мәліметтері, сөз жоқ, осы кезеңдегі дәстүрлі қазақ тіршілігінің құрылымдағы үлкен өзгерістер жөнінде толықмәнді түсінік алуға мүмкіндік беретіндігімен ерекше құнды. Мысалы, Л.Әуезова «Қазақстанда XIX ғасырдың екінші жартысында егін шаруашылығының дамуы» атты кандидаттық диссертациясында Кенесары ханның серігі, Шұбыртпалы Ағыбай батырдың XIX ғасырдың 30 жылдары Тоқырауын өзенін бөгеу, тоған тартып, егін еккенін, кейін ол тоған – арықтарды сол өңірдің халқы пайдаланғандығын ерекше атап өтеді [10, 73-б.]. Ал, Бек Сүлейменов өз еңбегінде 1880-1881 жылдары Баймұрат Түркебаев деген кісінің басшылығымен Сүлікті көлінен тереңдігі 3,5 метрден астам арық тартылғанын, сондай-ақ, Қырқон және Сарысай деп аталатын шатқалдардың төменгі жағына бөгеттер тұрғызылып, Торғай өзенінің Шұңғылша, Шақпақ деген тұсынан тартылған арықтардан үлкен алқап суландырылғаны жайлы мәлімет келтіреді. Ғалымның дәйекті дерегіне қарағанда, 1900 жылы Б.Түркебаевтың баласы Айтқұл Баймұратовтың ұйымдастыруымен су тасығанда шайылып кеткен Қырқон бөгеті қалпына келтіріліпті. Сонымен бірге зерттеуші тасқын уақытында артық суды ағызып жіберетін жеке тоған тартылғандығы жөнінде құнды мәліметті ерекше атап өтеді. Автордың осы мәліметі бойынша, аталмыш бөгеттің табаны 14-21 метр, биіктігі 5 метрден 8,5 метрге дейін, ал ұзындығы 365 метр болған екен. Нәтижесінде, қырқон су қоймасы 40 гектардан астам егістік жерді суландыруға мүмкіншілік беріпті. Бек Сүлейменов одан әрі Қазақстанның батысында Кіші Борсыққұмы өңірі қазақтарының Еспе мен Талды өзендерінің сағасында (Шыбынды деген жерде) бөгет тұрғызып, арық тартып бары еккен ұйымдық және шаруашылық іс-әрекетін архивтік материалдар негізінде тәптіштеп сипаттап өтеді [11, 180-184-бб.]. Екіншке орай, жоғарыда аталған және басқа да осы құралыптас ғылыми еңбектерде қазақтардың егістік алқаптары арықтың көмегімен суарылатынын атап көрсеткенімен, осы негізгі суландыру торабының төл тума атаулары мен құрылымы туралы іргелі мәселелер мүлдем қарастырылмаған десе де болады. Мұның себебін Қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасындағы тиісті материалдың тапшылығымен түсіндірген ләзім.

Ал, Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс өңірлеріндегі дәстүрлі егіншілікке қатысты қажетті мәліметтер, әсіресе, аталмыш орыс тарихнамасында айрықша мол кездеседі. Осыған байланысты бұл өңірлердегі суармалы егіншілік

жүйесіне қатысты арық түрлері мен сан алуан гидротехникалық құрылғылар және су ресурсын пайдалануға қатысты құқықтық қатынастар туралы мол мәліметтер өз алдына, суландыру жүйесінің аталмыш элементтерінің төлтума қазақы атаулары мен сан алуан терминдері жөнінде материалдар да өзінің мазмұндылығымен ерекшеленеді.

Жасанды су тораптарының негізгі компоненті болып табылатын арықтар жүйесі қолдану мақсатына қарай түрлерге жіктеледі. Бұл жүйеге *атпа, кәріз, шығыр* сияқты түрлі гидротехникалық құрылғылар да кіреді [12, 346-347-бб.; 13, 130-132-бб.; 14, 705-706-бб.]. Сонымен, егін түсімінің тиісті ылғалдық деңгейді қамтамасыз ететін суландыру жүйесімен тікелей байланыстылығы, сөз жоқ, осы жүйенің (иригация жүйесінің) жоғарыда айтылған қазақ өлкесінің аймақтарының гидросфералық, атмосфералық және геоморфологиялық доминанттық ерекшеліктері мен құрылымына мейлінше бейімделген шаруашылықты жүргізудің өзіндік технологиясының қалыптасуына негіз болды. Осы технологияның жергілікті құрылымдық және функционалдық ерекшелігі, әсіресе, арық жүйесінен айрықша көрініс тапты.

Арықтың атаулары мен түрлері. Егістікті сумен қамтамасыз ету, жалпы суландыру (иригация) жүйесінде қалыптасқан технология бойынша, арықтар *бас арық, орта арық, кіші арықтар* болып жіктеледі. Осыған байланысты қазақтың дәстүрлі суармалы егін шаруашылығында суландыру жүйесіне қатысты алуан түрлі аймақтық атаулар қалыптасқан. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – қазақтың егіншілік дәстүрінде ежелден қолданыста болған арықтың атаулары тиістісінше осы су торабының түрлерін, тіпті қолданыс ерекшелігін де білдіреді. Аталмыш мәселені лингвистикалық қырынан зерттеген ғалым О.Нақысбеков «Жергілікті халық тіліндегі арық-атыз түрлеріне байланысты қолданылып жүрген сөздер жайында» атты мақаласында тек арыққа ғана қатысты қырықтан астам жергілікті атауларды атап өтеді [15, 160-179-бб.]. Үлкен канал типтес арықтардың барлық региондарға ортақ *бас арық* атауымен қатар, Жетісу өңірінде *тоған, бас тоған, оман арық*; Оңтүстік Қазақстанда *оман, әнер, өстен, қазына арық*; Ақтөбе, Торғай өңірінде *қанау, айғыр жап* деген жергілікті атаулары кездеседі. Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығысындағы таулы өңірлерде *бас арықтарды* егістікке шығарғанда жондарды қиялап тартатындықтан олардың *жон, жонарық, теріс арық* деген атаулары қалыптасты.

Бас арықтан кейінгі реттеуші функция атқаратын орташа арықтардың *арық, орта арық, жап, оқ арық, салма, қарық* деген атаулары қолданыста болды. Сонымен бірге суарылатын егіс түріне байланысты *бау арық, қауын арық, пая арық* деп бөлінетінін Б.Алтаев атап көрсетеді [16, 24-25-бб.]. Ал егістік ішінде тарататын және реттейтін ұсақ арықтарды *атыз, жап, кетпен арық, жанама, қол арық* деген атаулары қолданыста болды [16, 25-б.].

Егістікті суарғанда сарқынды немесе қашқан суды жыраққа шығару үшін арнайы *ақаба* немесе *қайрық* арықтар қазылатын. **Ақаба** – артылған суды ағызып жіберу және егістік алқаптың сор болып кетпеуі үшін жердің тұзын шаю іс-шараларын атқаруда қолданылатын арықтың ерекше түрі. Осы ақаба мен қайрық арықтары егістіктің сыртын ала, 1,5-2 метрдей терең етіліп қазылатын. Деңгейі егістіктен төмен болғандықтан, артылған су, топыраққа сіңген су ақабаға жиналып отырады. Нәтижесінде топырақтың

құрамындағы тұздар сумен шайылып, егістік жер сортаңданудан сақталады. Ақабаның ашық және біріне бірі киілген қыш құбырларды жерге терең сіңіріп жасалатын жабық түрлері де болды [17, 48-б.].

Бұлар, әсіресе, суды көп қажет ететін күріш өсіру технологиясында атқарылатын дәстүрлі агротехникалық іс-шаралардың маңызды бөлігі болды [18, 145-б.].

Суармалы егіншілікпен айналысатын өңірлерде арықтар жүйесінің қаншалықты дамығанын қазан төңкерісіне дейін жарық көрген еңбектерде келтірілген деректерден көруге болады. Мысалы, Л.Чермак Шу өзені алқабында 616 шаруашылықты 16 тоған сумен қамтамасыз ететінін жазса, Н.Дингельштедт Шымкент уезінде 1891-1892 жылдары ұзындығы 3000 шақырымдай 239 арық; Қазалы уезінде 1300 шақырым 200 арық; ал Перовск уезінде жалпы ұзындығы 1625 шақырым 332 арықтың болғанын атап өтеді [19, 20-б.].

Келтірілген сандық мәлімет дәстүрлі суармалы егіншілікте арықтар жүйесінің ирригациялық жұмыстар кешеніндегі ерекше маңызды көрсеткіші болып табылады.

Арық қазу. Магистралдық бас арықтарды қазу көп қаражатты және ауқымды жұмыс күшін қажет ететін

күрделі іс-шаралар қатарына жатады. Сондықтан да болуы керек, бас арықтардың тарихи атаулары, тіпті, кейбір өңірлердің негізгі топонимикалық атауларына айналған бас арықтардың жасалуы жайлы мәліметтер көптеген тарихи деректерде кездеседі. Орта Азиялық хандықтар дәуірінде арық қазу билеушінің жарлығымен орталықтан басқару арқылы атқарылатын. Мысалы, «Ирригация Узбекистана» атты ғылыми еңбекте 1828 жылы Палван-яб арығын қазуға Хиуаның билеушісі Аллақұш хан 40 мың адам шығарғаны жайлы дерек кездеседі [21, 150-б.]. Көптеген тарихи-этнографиялық мәліметтер дәл осындай тәжірибенің қалың қазақ мекендеген Сырдария өңірінде де орын алғандығын айғақтайды. Қазақ жерінде, көбінесе, арық қазу жұмыстарын бір рулы ел болып немесе егіншілікпен айналысатын бірнеше ауыл бірігіп арық ақсақалдарының жетекшілігімен атқарып отырды [22, 268-б.]. Зерттеуші Б.Алтаев Шымкент және Өулиеата өңірлерінде жүргізген экспедициялық материалдары негізінде, бас арықтарды рулы ел болып дайындағаны туралы жазады. Сонымен бірге, ғалым аталмыш суландыру торабын ауқатты жеке адамның да қаражаттандыруымен қазғандығы жайлы мәліметтер келтіреді. Осыған байланысты

Перовск уезінің суландыру жүйесінің және ирригациялық шаруашылығының 1890 жылғы жағдайы

(Н.Дингельштедттың «Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область» атты еңбегінен).

Рет саны	Арық ақсақалдық-тары ¹	Бас арықтар (саны)	Орта арықтар (саны)	Судың көлемі (құлақпен есептегенде)	Арықтардың ұзындығы ² (верстамен есептегенде) ³	Арықтағы гидротехникалық құрылымдар саны	Егіншілікпен айналысатын қожалықтар саны	Егістік көлемі (танаппен есептегенде) ⁴	Десятина бірлігімен есептегенде ⁵
1	Шелекті	7	13	115	310	7 көпір 4 шлюз.	1,32	2,725	681¼
2	Сырдария	37	-	123	232	3 көпір 6 шлюз.	3,859	6,702	1,677¼
3	Қаратау	24	4	82	140	2 бөгет.	2,576	6,793	1,698¼
4	Қараөзек	42	25	215½	403	10 көпір.	2,01	11,86	2,965
5	Дәуренөзек	14	4	187	146	13 көпір.	1,122	7,412	1,853
6	Сарқырама	16	63	135	107	40 көпір.	684	5,548	1,387
7	Жаңадария	39	9	82	183½	62 көпір.	2,786	8,052	2,013
8	Қаракөл Қуаңдария	29	6	87½	193½	6 көпір.	592	1,676	4,19
	Барлығы	208	124	1,027	1,625	141 көпір. 10 шлюз. 2 бөгет.	14.949	50,768	12,692¾

Ескерту:

¹ «ақсақалдық» – суландыру жүйесіндегі әкімшіліктердің атауы – басқару институты.

² бұдан өзге көптеген шақырымға созылатын егістік ішіндегі арықтар болды.

³ 1 верста 1,066 км-ге тең.

⁴ 1 танап 0,25 га тең.

⁵ 1 десятина 1,09 га тең.

магистралдық үлкен арықтар жұмысты атқарған рудың немесе басқарушы жеке адамның атымен аталатын. Мысал ретінде *Арғын арық*, *Жолан арық*, *Тарақты арық*, *Қоңырат арық* атауларының рулардың атымен, ал, *Досалы арық*, *Бақтыбай арық*, *Майлықожа ақынның жетекшілігімен қазылған Майлы арық* атауларының жеке адамдардың есімдерімен аталғанын айтуға болады. Б.Алтаев өзінің экспедициялық материалдары негізінде XIX ғасырдың басында қырғыздардың қазақтың Дулат руының қонысынан жер алып, арық қазып үлкен алқапты суландырғанын айта келіп, бас арықтың осы күні *Қырғыз арық* деп аталатынын және XX ғасырдың 70-жылдары аталмыш арықтың кеңейтіліп, жетілдірілгеннен кейін сол маңдағы 400 гектарға жуық жерді суландырғаны жайлы дерек келтіреді [16, 23-24-бб.].

Бас арықтардың атаулары белгілі бір оқиғаға байланысты да қойылатын. Мысалы, Сайрамсудан тартылған арықтың *Нарсойған* атауы қазу кезінде шалынған құрбандық малдың атауымен аталса, Сыр өңіріндегі Қуан көлінен тартылған ұзындығы 4 шақырым *Жолбарыс арық* кезінде осы өңірді мекендеген жыртқыштың атауымен байланысты аталыпты.

Орташа арықтарды қазу мен жөндеу жұмыстарын сол арықтарды пайдаланатын қожалықтар атқаратын. Мұндай орташа арықтар егістік иесінің атымен атала беретін. Дегенмен, ұзындығы шамалы орташа арықтарға оларды дайындауға жетекшілік жасаған адамдар ел-жұртқа сыйлы тұлғалар болмаса, жеке атау беріле қоймайтын.

Егіс басындағы ұсақ арықтарды, әдетте, әр жер иесі өз күшімен қазып, қажеттілігіне қарай тазалап, жөнделетін. Арықтың бұл түрі әр маусымда жер телімінің жағдайына қарай жаңғыртылып отырды.

Арықтарды жердің ландшафтық-геоморфологиялық ерекшелігіне қарай қазу тәсілдері. Арықтың арнасын тиімді жобалауда қазақ *шәмшілері* түрлі халықтық технологиялық әдіс-тәсілдерді қолданды. Арық қазардың алдында мұраптар мен шәмшілер оның бағыты мен еңістігін өлшеп анықтап алатын. Арықтың еңістігін шығару үшін, екі қазықтың арасына ұзындығы шамамен 3-4 метр жіп тартып, ұзынша келген астау ыдысқа су толтырып, үстіне су төгілмейтіндей жағдайға жеткенше жіптің биіктігін реттеп, арнаның еңістігін түзейтін. Екі-үш қазықтан соң кейінгі қазықты бір немесе екі еліге төмендетіп қағып келесі 8-10 метр жерді тегіс қылып тартып отыратын. Н.Дингельштедт осылай тартылған арықтың еңістігі 1/2000 немесе 1/2500 болып келетінін жазады [20, 200-202-бб.]. Осындай сан жылғы іс-тәжірибе таңдалған еңістік су ағысының тоқтап қалмайтындай күйін қамтамасыз етіп отырды. Сонымен бірге, бұл іс-тәжірибе ағыс екпіні арықтың арнасын шайып кетпейтіндей ұтымды режим ұстап тұруға мүмкіндік беретін.

Б.Алтаев таулы өңірде ойға арық тартуда, жүк тиелген есекті жүргізіп, арнаны сайды қиялай жүрген есектің ізімен қазғаны жайлы қызықты мәлімет келтіреді. Дәл осындай мәлімет осы жолдардың авторларының бірі Нұрсан Әлімбайдың жетекшілігімен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музей тарапынан ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция барысында Жаркент маңындағы *Бабалян арығын* Өсек өзенінен шығарғанда тас артқан есектің қиялап жүрген ізімен қазылғандығын және бұл XX ғасырдың 20-жылдары жүзеге асырылғаны

жайлы дерек жергілікті тұрғындардан алынды. Әлгі арықты қазуды жергілікті халық осы тәсілді қолданып ұйымдастырған Бабалян есімді егде әйелдің есімімен атап кеткен [23]. Келтірілген мысалдардан қазақтардың жүк артқан есектің жүргенде міндетті түрде инстинктивтің жетегімен жер қыртысының жадағай, жайлы бағытын таңдау қабілетін пайдаланғанын аңғаруға болады.

Ылдиға су жүргізгенде судың екпінін азайту үшін қосымша арналарға бөліп судың көлемін азайту және бұрылыстар мен тоспа, сондай-ақ қосымша шұңқыр жасау сияқты амалдар қазақ шәмшілерінің ежелгі әдіс-тәсілдерінің қатарына жатады. Ал, шағын ойпаңдарды кесе көлденең топырақ шыммен көтеріп толтырғаннан кейін арнайы арық жасап, су жүргізетін. Мұндай арықтың атауы – *көтерме арық*.

Әр аймақтағы жер қабатының геоморфологиялық-ландшафтық құрылымына байланысты арық қазудың әртүрлі тәсілдері қолданылып отырды. Тастақ, және шымы мол немесе топырағы тығыз жерлерде арықтар жобаланған ені мен тереңдігіне дейін бірден қазылатын. Тастаққа су сіңіп кетуін азайту мақсатымен арықтың табанын саз балшықпен немесе тұнба қайырмамен бекітетін. Ал, топырағы бос, құмдақ болып келетін Сыр өңірінде арықтың бағытымен арнаны таяз қылып қазып, топырағын арықтың екі жағына жалдап үйгеннен кейін су жіберетін. Сонымен бірге, ағыстың екпіні жұмсақ құмдақты шайып, өзіне арна жасап алатын қасиетін қазақ шәмшілері ұтымды пайдалана білді. Бұл су мен құмдақ жердің физикалық қасиеттерін ұтымды пайдаланудың бірегей үлгісі болып табылады. Алайда, аталмыш тәсілдің айтарлықтай кемшілігі де болды: кейбір жағдайда ағыстың екпіні адамға бой бермей, тасқындап егістік жерлерді шайып кететін. Тіпті өзеннің негізгі арнасы жаңа арнаға ауысып, нәтижесінде пайда болған ағыстың қатты екпіні үлкен егістік алқаптарды жойып, орасан зор нұқсан келтіретін жайттар аз болған жоқ.

Сыр өңірінде, қазушылар шәмші мен мұраптардың жетекшілігімен бас арықтардың екі жағын ойып, суға тастап отыру тәсілімен кеңейтетін. Осындай тәсілдің арқасында бас арықтың әрі ені кеңейеді, әрі суаруға қажетті су көлемі ұлғаяды. Ал, жоғарыда айтылған суға тасталған топырақ ағыспен барып, егістік жерді тыңайтып отыратын. Н.Дингельштедттың көрсетуінше, Сыр өңірінің диқандары бас арықты межелеген көлеміне жеткізу үшін аталмыш тәсілмен кеңейту жұмыстарын қатарынан бірнеше жылдар бойы жүргізетін [20, 205-б.].

Әмудария мен Сыр бойындағы керіш, сары топырақты жерлерде арықты алдымен белгілі бір қашықтыққа таяздау етіп қазғаннан кейін артынша су жібереді. Су жіберген мезгілде жібіген керіш топырақты да біртіндеп алып арықтың арнасын кеңітетін. Бұл тәсілмен арық тартқанда артылған суды жіберетін сай немесе жылғалар болуы керек. Өйткені, әсіресе, тым тегіс жерлерде бұл тәсілді қолдану қиынға соғады. Аталған тәсілдер арық қазуды қол күшімен атқару барысында жиналған іс-тәжірибе барысында қалыптасқан қазақы технологиялық амалдар қатарына жатады. Әлбетте, осы заманғы гидротехникалық және ғылыми негіздемелерге сүйенген арнайы техниканың көмегімен тартылған арық немесе каналдармен салыстырғанда, аталмыш дәстүрлі тәсілмен қазылған арықтардың өзіндік кемшіліктері болды. Мысалы, кетпен және күрекпен қазылған бас арықтар жер бедерін қуалай жүргізілетін. Сондықтан да, ирелеңдеген әрі ұзын болғандықтан

ағысы баяу болып, тез қайырлануға бейім келетін. Тағы бір кемшілігі – мұндай арықтар таяз және енді болғандықтан, ағын судың айдыны көлемді болып келеді. Осыған байланысты әлгі арықтардың суы тез буланатын әрі жерге сіңіп кетуге бейім болады. Мұндай арықтағы судың шығыны техника қолданып, терең етіп қазылған бас арықтармен салыстырғанда едәуір көп болатындығы сондықтан. Сонымен қоса, кең жайылып аққан судың баяу ағысы да арық табанының жылдам қайырлануына әкеліп соғатын. Осының салдарынан арық тазарту жұмыстарын әр маусым сайын, кейбір жағдайда, одан да жиі атқаруға тура келетін.

Сонымен бірге, терең және түзу қазылған каналдармен салыстырғанда, қол күшімен қазылған арықтардан белгілі уақыт бірлігінде өтетін су мөлшері де аз болғандығын айта кеткен жөн. Таулы, қыратты өңірдегі бас арықтардың да өздеріне тән кемшіліктері болды. Алайда аталмыш гидротехникалық әдіс-тәсілдер жүйесі өз заманындағы дәстүрлі жер шаруашылығын мейлінше тиімді ұйымдастырудың сан ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың технологиясы болып табылады. Қазақтың дәстүрлі егін шаруашылығын зерттеген О.Шкапский, А.Гродеков, Н.Дингельштед сынды ғалымдардың жердің физикалық күйін және жер қыртысының геоморфологиялық ерекшеліктерін тиімді пайдаланудың жоғарыда айтылған халықтық тәсілдер жүйесін ғасырлар бойғы іс-тәжірибе негізінде қалыптасқан гидротехникалық амалдардың бірегей кешені ретінде бағамдағаны сондықтан болса керек.

Арықтың көмейін байлаудың негізгі тәсілдері.

Бас арықтардың көмейлерін өзендердің ағысы баяу, суы терең жерлерінен шығаратын. Мұндайда жер қабатының жағдайы, өзеннің су тасығанда арнасы аумағын, топырағы тығыз, шымы қалың, бөгет-тоспалар тұрғызуға ыңғайлы жерлері таңдалатын. Бас арық шығару арық ақсақалдары мен тәжірибелі мұраптардың кеңесімен атқарылып отырды.

Қазақ диқандары өзеннің ағысының және жер қыртысының ерекшеліктерін ескере отырып, **арықтың көмейін байлаудың төмендегідей тәсілдерін қолданды:**

- топырағы борпылдақ әрі құмдақ келетін өңірде шәмшілер арық басын өзеннің доғалданып келген айналма тұсындағы доғаның ішкі жағынан байлайтын. Мұның себебін өзен ағысының аталмыш бұрылысының сыртқы арнасына таяу тұсындағы екпіні қатты болатындығымен түсіндіруге болады.


Керісінше әлгі доғалана келген өзен бұрылысының ішкі жағының таяу тұсындағы ағыс бәсеңдеу болады. Осыған байланысты сумен аққан лай мен құм ағыстың екпіні қатты жағымен кеткендіктен, ағыстың жоғарыда аталған бәсеңдеу, яғни ішкі тұсы салыстырмалы түрде тұнықтау болып келеді. Расында да, қазақ егіншілерінің іс-тәжірибесі айғақтағандай, өзен ағысы айналмасының ішкі арнасы тұсынан қазылған байламамен жалғасатын бас арықпен жүретін суда құм мен лайдың мөлшері едәуір төмен болады. Сөйтіп, аталмыш тәсіл әлгі арықтың арнасының қайрандалып бітеліп қалмауын едәуір бәсеңдететін. Бұл сан ғасыр бойы жинақталған гидротехникалық халықтық іс-тәжірибенің табиғи су артерияларының гидродинамикалық заңдылығына негізделгендігінің аса көрнекі мысалдарының бірі болып табылады. Бұл тәсілді белгілі шарттылықпен **өзен ағысының бұрылма тұсынан құлақ байлау** деп атауға болады.

- жағасы құмдақ, ағысы дүлей өзендерде бас арыққа су салу үшін өзен ағысының бойымен бірнеше жерден кіші құлақтар байланатын тәсіл қалыптасты. Ұсақ құлақтарда су екпіні аз болғандықтан, жағалау шайылып кетпейтін. Осындай құлақтар арқылы өзеннен бас арыққа қажетті мөлшердегі су біртіндеп алынатын. Мұндай тәсіл көп күш жұмсауды қажет етпейтін болғандықтан, арзанға түседі. Бұл жайт осы тәсілдің тағы бір тиімді жағы болып табылады. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ өлкесіндегі байырғы егіншілік дәстүрді зерттеуге арналған Ресей тарихнамасында Сырдария бойын қоныстанған қазақ егіншілері арасында аталмыш тәсілдің жиі қолданылғандығы айрықша атап өтілетіндігі сондықтан болса керек [20, 205-6.]. Келтірілген сипаттаманың қисынына орай бұл тәсілді өзеннен **бірнеше кіші көмейлер байлау арқылы бас арыққа су салу техникасы** ретінде бағамдаған жөн.

- қарабурамен арықтың көмейін байлау.

Сыр өңірінде арықтың көмейін қарабура деп аталатын арнайы құрылғымен су құлақтарын байлау жағалауды судың екпінімен шайылуынан сақтап қалатын әрі ағын судың мөлшерін реттеп отыратын әмбебап тәсіл ретінде қолданылды. Сыртқы пошымы цилиндрге ұқсас. Сан алуан мәліметтерге қарағанда, қарабураның диаметрі 1,5 метрден асатын, ал ұзындығы 6-8 метрге дейін жететін. Қарабуралар қолдану мақсатына, өзеннің үлкендігі мен ағынының екпініне қарай түрлі мөлшерде жасалды.

Енді осы құрылғының жасалу техникасы жөнінде. Н.Дингельштедтің Түркістан аймағының



Қарабура. Суретті салған Б.Қақабаев.

егіншілік пен ирригациясының жәй-күйін зерттеуге арналған еңбегінде қарабураның жасалу тәсіліне, оның ағын суға төтеп беретін қасиетіне және қолданыс функциясына талдау жасайды. Осы автордың мейлінше жітілікпен әрі мұқият зерделенген мәліметтері бойынша, алдын-ала дайындалған шілік, қоға, қамыс, ши мен бұтаны белгілі мөлшерде топтап баулап, арасына шым араласқан топырақ салып нығыздайды. Кейде аталмыш шөптесін материалдың біреуі немесе екі-үшеуі ғана (мысалы, бұта, шілік, қоға) таңдалады. Сөйтіп, дайындалған әлгі бауды ұзындығы 15-20 құлашқа жететін жас қамыс немесе шырмауық, кендір сияқты байлауға икемді өсімдіктерді әбден ширатып арнайы дайындалған арқанмен бірнеше жерден буып байлайды. Дайындалған қарабураның буылатын тұсының саны мен жуандығы осы құрылғының функциясына тікелей байланысты болды.

Үлкен қарабуралар өзеннің негізгі ағысын бөгеуге арналып жасалатын. Көлемі аса үлкен қарабураларды орнату үшін, әлбетте, көп адамның жұмыла күш жұмсауы қажет болатын. Ал арықтың құлақтарын байлау үшін дайындалған қарабураларды екі-үш адамның күші жететіндей мөлшерде дайындайтын.

Жергілікті диқандар көлемі айрықша үлкен қарабураны да тез жасап, қатты ағысты ауыздықтауда қолданатын. Қарабураларды бұта-шіліктен, жас қамыстан есілген жуан арқандардың көмегімен жағалауға бекітіп, біртіндеп бірінің үстіне бірін қойып бөгеу негізгі және өте ұтымды тәсіл болды. Қарабураны суға жағалаудан итеріп те, қайықтан да тастап та орнататын. Өзеннің иірім және жылым болып ағатын ерекшелігін ескерген, қазақ шәмшілері аталған еңбек операциясын асқан шеберлікпен орындайтынын көптеген авторлар жазады.


Ағын суға бөгет тұрғызу үшін алдымен бір қарабураны жоғарыда аталған шөптесін жуан арқан-

дармен жағалауға бекітіп алады. Сөйтіп әлгі бекітілген қарабураға қалғандары жоғарыда аталған техника бойынша дайындалған шөптесін арқанмен өзара тіркестелініп байланады. Әрі қарай қалған қарабуралар әлгі тіркестірілген баулардың үстіне байланып қаланатын. Осылайша судың ағысына төтеп бере алатын бөгеттің функциясын атқару күйіне жеткенше аталмыш үдеріс жалғаса береді.

Қарабура, қазіргі тілмен айтқанда, құрылымы композитты материалдардан (қамыс, шілік, ши, қоға, бұта сияқты өсімдіктер, саз топырақ, шым, ірілі-ұсақты тастар) тұратындықтан, суға салғанда әлгі өсімдік тектес материал ісініп, оның үстіне оған ағынмен кірген құм мен қайраң кептеліп берішке айналып тастай болып қалатыны соншалықты, уақыты келе аталмыш құрылғыдан қаланған тоспа немесе бөгеттерді бұзу өте қиынға соғатын. Қарабураның ағын судың әсерінен осындай қабарсып нығыздала түсетін қасиеті оны өзеннің жағалауын су шайып кетуден сақтап отыратын аса тиімді құралға айналдырды.


Осы ретте айта кететін жайт – қарабурамен тұрғызылатын бөгеттің өзеннің нелер бір дүлей ағысына төтеп беретіндей сапалы болуы судың табанына орнатылған қарабуралардың төменгі қатарының дұрыс орналастыруына тікелей байланысты болды [20, 203-205-бб.; 24, 593-б.]. Арыс, Бадам сияқты өзендерді осылайша судың тереңдігіне қарай қарабураларды бірінің үстіне бірін қаттап салып, бөгейтін немесе жартылай тоспа жасайтын.

Қарабурадан тұрғызылатын жоғарыда айтылған қасиеттеріне байланысты бөгеттер мен тоспалар, әсіресе, Сырдария сияқты құмайт өңірде ағатын, осыған байланысты арнасын жиі өзгертетін өзендердің және осындай құмайт жерлерде қазылған магистралдық бас арықтардың жағалауын шайып кетуден сақтау үшін пайдаланатын құрылғылардың ең



Өзен арнасын қарабурамен бөгеу.

Н.Дингельштедттың «Опыт изучения ирригации Туркестанского края» атты еңбегінен. Суретті салған Б.Қақабаев.



Қарабурамен бөгет тұрғызу.

Н.Дингельштедттың «Опыт изучения ирригации Туркестанского края» атты еңбегінен. Суретті салған Б.Қақабаев.

тиімдісі болды. Әсіресе, топырақты үйіп, үлкен дамба немесе ағаш бөренелерден тоспа тұрғызуға мүмкін емес жағдайда қарабура таптырмайтын әмбебап құрылғы ретінде пайдаланылатын. Жоғарыда есімі аталған Н.Дингельштедт топырағы суармалы құмдақ өңірде қарабура ең тиімді құрал болғандығын ерекше атай отырып, мұндай құрылғыны дайындау салыстырмалы түрде арзанға түсетіндігін жазады. Мысалы, диаметрі 1 сажень (1,2 м.) ұзындығы 3 сажень (3,6 м.) қарабура дайындауға қажетті материал мен жұмысшыларға төленетін еңбекақыны қосқанда небәрі 10 рубль 60 тиын ғана жұмсалады екен. Бұл көрсеткіш, зерттеушінің дәйекті дәлеліне қарағанда, топырақтан бөгет тұрғызуға жұмсалған шығынға қарағанда едәуір арзанға түседі екен [20, 207-б.].

Сондай-ақ, қарабураларды өзен жағасын жырып кеткен қашқан суды ауыздықтауға да, өзендерді жартылай бөгеп су деңгейін көтеруге де қолданған. Ал, орташа қарабуралармен бас арықтың көмейін байлайтын және өзен толқыны ұратын жағалаудың тұстарын бекітуге пайдаланатын. Кішірек қарабураларды арықтың көмейін байлайтын шлюз ретінде қолданатын.

Қарабурамен бөгет немесе тоспа жасау тәсілі Бадам, Шаян, Арыс сияқты өзендердің тау бөктеріне жақын тұстарында қолданылғандығын зерттеуші Б.Алтаев аталмыш Н.Дингельштедттің еңбектеріндегі мәліметтерге сүйене отырып атап өтеді.

Жоғарыда ішінара айтылғандай, арықтың көмейіне салынатын тоспаларға кішірек буылған қарабуралар қолданылатын. Мұндай қарабуралар қажетті мөлшерде су алу үшін пайдаланылды. Сан алуан мәліметтерге қарағанда, арықтың көмей тұсындағы судың деңгейін көтеру мақсатында су ағысының екпінін қарабуралар арқылы тежеу тәсілі, көбінесе, Сыр бойындағы жазықтық жердегі өзендерде қолданылды. Бөгетке арналған қарабуралардың саны мен орнату тәртібі судың деңгейін реттеу және қажетті мөлшерде өзеннен арыққа су жіберу қажеттілігіне тікелей байланысты болды. Осы ретте қарастырылып отырған мәселеге байланысты қазан төңкерісіне дейінгі жарыққа шыққан еңбектердің ішінде Н.Дингельштедттің «Опыт изучения ирригации Туркестанского

края. Сыр-Дарьинская область» атты әйгілі еңбегі өзінің деректік негізі мен негіздемесінің және автордың тиісті ой-тұжырымдарының дәйектілігімен ерекшеленетіндігін айрықша екшеп айтқан ләзім [20, 203-205-бб.; 24, 593-б.].

Тағы бір бірегей тәсіл – саржан. Ол ағысы қатты, кенері тастақ таулы өзендерден арыққа су салу үшін өзенді жартылай бөгеп, су деңгейін көтеруге байланысты қолданылды. Бұл тәсіл, көбінесе, *саржан* (орысша – *каменно деревянные шилы*; өзбек тілінде – *сипай*) деп аталатын құрылғы арқылы жүзеге асырылып отырды. Саржан, әдетте, ағыны қатты өзендерде құрылатын. Ол үшін ұзын бөренелердің бас жағын біріктіріп, бұтын мосы тәріздес үш тағандап, өзен түбіне қағып бекітіп, таспен бастырып қояды. Осылайша ағынға кесе көлденең тізбектеп қойылған бірнеше саржандардың бұты тастармен толтырылады, ағыс жағынан ірі бұталар салынып, саржанға қосымша тастармен бастырылады. Осындай саржан орнатылған өзен суы тастардың арасымен ағып жатқанымен, бөгеттің жоғарғы жағында бөгеттің ернеуі *бас арықтың құлағына* жететіндей тоспа пайда болады. Сол тоспалардан тартылған арықтар егістікке қажетті суды жеткізіп тұрады. Саржан бөгетінің су өткізу (*фильтрациялау*) қабілетін реттеу арқылы алынатын судың көлемі де реттелетін. Өзен суы азайып тоспа деңгейі төмендеген жағдайда бөгет тастардың арасындағы ағыспен бірге келген шым, қамыс, қурай өзара кірігіп нығыздалатындығы соншалықты, әлгі бөгеттің су өткізуін шектейтін. Керісінше, су деңгейі жоғарылап кеткенде әлгі тастардың арасындағы жиналған жыныс (шым, қамыс, қоға, қиыршық тас және т.б.) тазаланып, тас арасымен өтетін судың мөлшері көбейтілетін. Бұл қазіргі ғылыми терминологиямен айтқанда, арықтағы су көлемін реттейтін қарапайым құрылғы болып табылады. Саржан құрып су бөгеу әдісі Сыр өңірінде көп қолданылғаны жайлы дерек Дингельштедттің еңбегінде айтылады.

Келесі тәсіл – тасбөгет. Ол тау бөктерлерінде ағатын кішкене өзендердің суын пайдалануға байланысты қолданылды. Ол үшін қажетті *тасбөгет* қойтас қалап жасалатын. Аталмыш тәсілдің мәні – бөгеттердің су келетін жағына бұталарды торлап

салып, бетін шым кесектермен бекітіп алғаннан кейін арық пен тоғандарға су тартатын тоспа-әуіт салынатын. Ағашы мол, орманды өлкеде су деңгейі ағаштан құрылған *шлюздермен* реттелетін. Мұндай мүмкіншілік жоқ өңірлерде су деңгейі тасбөгеттің қуыстарын шыммен бітеп немесе ашып отыру арқылы реттелетін. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – аталмыш тәсіл, көбінесе, саржан құруды қажет етпейтін кішігірім тау өзендерінде қолданылатын.


Сонымен бірге, *тасбөгет* өзенді жартылай бөгейтін мақсатқа да пайдаланылды. Бұл өзен ағынын ірі тастармен бөсеңдетіп, судың ағысын бас арыққа бағыттау үшін қолданылатын амалдар қатарына жатады. Жартылай бөгет жер ыңғайына, өзеннің еңістігіне қарай ағысқа кесе көлденең немесе қиялай салынатын. Жартылай бөгеттің ерекшелігі сонда, ол ағыс екпінін бас арыққа бағыттағандықтан өзен толықтай бөгелмейтін. Сонымен бірге, көмейді ағыс шайып кетпеу үшін құлақ байланған тұсты қарабуралармен бекітілетін.

Тағы бір тәсіл жөнінде. Зерттеуші Б.Алтаевтың дерегі бойынша, оңтүстік-шығыс таулы аймақтарда бас арықтың көмейін *тұма* деп аталатын құрылғымен бекітеді. Тау бөктерлеріндегі кішкене өзендерден су тартқанда бөгет жасап әуез құрады. Әуез дегеніміз – табиғи су артериясынан су жинақталатын қолдан жасалған арнайы шұңқыр-құрылғы. Оның функциясы – жинақталған суды арықтарға түкірткілер арқылы белгілі мөлшерде таратып отыру. Әуезден арыққа су шығару үшін бірінің үстіне бірі қаланған қыш құбырлар шым топырақпен мықтап бекітіледі. Су тек қана құбыр арқылы жүретіндіктен, тоспа шайылмайды және әуез жағынан құбырларды шүберек немесе шыммен тығындап, өтетін судың көлемін реттеуге болады. Құбырлар бірінің үстіне бірі қаланып орналасқандықтан, арыққа салынатын су әуездегі судың деңгейінің ауытқуына тәуелді болмайды. Суару қажет болмаған кезде *тұма* оңай бекітіліп әуездегі су қажет мөлшерде жиналады.

Түкірткі – бас арықтан салма арыққа судың


біркелкі келуін қамтамасыз ететін құрылғы. Судың тапшы жағдайында түкірткі егістікке суды мөлшерлеп салудың бірден-бір оңтайлы техникалық шешімі болды. Диаметрі әр қожалықтың егістік танабының көлеміне қарай алдын-ала таңдалған түкірткі арқылы белгіленген уақытта су жіберілетін. Мысалы, О.А.Шкапскийдің мәліметіне қарағанда, 150 танап жерді суаруға диаметрі 40 см., 40 танап жерді суаруға диаметрі 24 см. түкірткі орнатылатын [25, 54-56-бб.]. Құмдауыт жерде түкірткімен байланған құлақтар біріншіден, шайылып бұзылмайды, екіншіден, құбыр арқылы өтетін судың көлемі тұрақты болғандықтан, мұрапқа әр қожалыққа қажетті су көлемін анықтап, оның ысырапқа ұшырамауын қадағалап отыруға мүмкіндік беретін. Мұндай құмдауыт жердегі жасанды су артериясындағы құлаққа орнатылатын түкірткіні атқаратын функциясына байланысты түкірткі-құлақ деуге де болады.

Түкірткінің қолданысына қарай тік немесе жатқызылып орнатылатын түрлері болды. Жатқызылып салынған түкірткілер бас арықтан салма арыққа су салғанда, ал тік орнатылған түкірткілер негізінен арықтан шығырдың әуітіне су толтыру үшін қолданылды [26, 505-б.]. Шығырмен егін суарғанда, шығыр-салмадағы (немесе *шығыр-әуіт*, яғни *су жиналатын әуіт*) судың деңгейі шығырдың құмыраларына су құйылатындай деңгейде болуы керек. Сонымен бірге, тік түкірткі салып жасалған бөгеттің ашылып жабылуы оңайға түседі әрі бас арықтағы судың деңгейінің ауытқуына байланысты қашқан судың әуітке (шығыр-әуіт немесе шығыр-салма) құйылуынан да сақтап отырады [14, 705-б.]. Өйткені, аталмыш шығыр-әуіттегі судың мөлшері қажетті деңгейден тым асып кетсе, шығырдың айналуын тежейді. Сөйтіп, шығырдың су шығаратын функциясына едәуір залалын тигізеді. Жоғарыда айтылған аталмыш шығыр-әуіттегі судың деңгейін шығырдың құмыралары жететіндей деңгейде ұстап тұруы үшін аталмыш тік түкірткінің қажеттілігі сондықтан.



Жатқызып орнатылған түкірткі.

(О.А.Шкапскийдің «Аму Дарьинские очерки. К аграрному вопросу на Нижней Аму Дарье» атты еңбегі бойынша).
Суретті салған Б.Қақабаев.



Шығыр салмаға су салуға арналған тік қойылатын түкірткі.

О.А. Шкапскийдің «Аму Дарьинские очерки. К аграрному вопросу на Нижний Аму Дарье» атты еңбегі бойынша. Суретті салған Б.Қақабаев.


Тік түкірткінің тағы бір функциясы – суару жұмыстары аяқталған соң шығыр-салмадағы судың қалмауынын қамтамасыз етеді. Ол үшін сушы шығырдың жұмысы аяқталуға жақындағанда, дереу әлгі түтірткінің қажетті тесіктерін шым немесе шүберекпен нығыздап бекітіп тастайды. Өйткені әуіттегі қалған судың әсерінен шығырдың қасинегінің төменгі жағы суланудың әсерінен біркелкі кеппей, асты ісініп, үстінгі жағы қаңсып істен шығып қалады.

Осы ретте тағы бір ескерер жайт – Сырдария мен Әмудария өңіріндегі қазақ егіншілері салманың көмейін байлау барысында қолданған қыш немесе кеспелтек бөренені үңгіп жасаған ағаш *түкірткі* деп аталатын құбырларды қолданған.

Сонымен, жоғарыда айтылған егістікті суландырудағы қазақы гидротехникалық құрылғылармен қамтамасыз ету үрдісін бас арықтан (немесе өзеннен) тұма және түкірткімен салма арықтардың көмейін байлау арқылы су салу тәсілі десе де болады.

Қазақстанның шығысының, Жетісу өңірінің ағашы мол таулы қыратты жерлерінде, арықтың құлағын ағаш сырықтар мен орташа бөренелерді қолданып жасалған бөгетпен байлаған. Сондықтан, құрылғының мұндай түрін ағаш бөгет деп те атайды. Осындай бөгет жасау үшін жуандығы бірдей бірнеше кеспелтек бөренелерді құлақтың ұзындығына қарай бір-біріне тіркестіре құлақтың табанына қағып орнатады. Қағылған бөренелер екі жағынан жуандығы дәл сондай қос бөренелермен құлақтың екі басына қағылған бөрене қазықтарға байланып бекітіледі. Бірақ су табанына қағылған бөренелердің ортаңғыларының арасынан қажетті мөлшерде су жүретіндей етіп саңылау қалдырылады. Осы ретте назар аударар жайт – бекітетін бөренелер құлақтың екі басының үстіне жатқызылып байлануы тиіс.

Тағы бір ескерер гәп – әлгі су табанына қағылған бөренелер алып-салмалы болып келеді. Бұл арық немесе тоғандағы судың мөлшерін қажетті деңгейде



Бөрене, сырықтармен арықтың көмейін байлау.

Суретті салған Б.Қақабаев.


ұстап отыру үшін қолданылатын тәсіл болып табылады. Бас арықтан ағатын суды реттеуді аталмыш құрылғымен жүзеге асырып отырудың осындай үрдісін белгілі шарттылықпен **ағаш сырықтар** немесе **қажетті жуандықтағы бөренелермен арықтың көмейін байлау тәсілі** десе де болады.

Арық тартқанда, әсіресе, тау бөктерлерінде орналасқан егістіктерді суғару үшін ені әр түрлі болып келетін сай мен жылғалар арқылы су салу қажеттілігі туындайтын. Бұл қиындықты қазақ шәмшілері арнайы техникалық құрылғылар салу арқылы шешетін. Сай, тіпті, терең жыраларды тақтайлардан шегеленіп жасалатын пошымы науа тәрізді **тарнау** деп аталатын құрылғы тартып су өткізетін. Жоғарыда аты аталған Н. Дингельштедт Шымкент оязының Қарамұрт болысында Ақсу өзенінің жоғарғы ағысы маңындағы Балдырбек сайын кесе көлденең өткен ұзындығы 198 м., биіктігі 17 м. құрайтын екі деңгейлі тарнауы сол болыстықтың тұрғыны Қасымбек Қажыбековтың 1890 жылы салғандығын жазады [20, 202-203-бб.]. Аталған тарнау судың салмағына да, ағынның гидродинамикалық әсеріне де төтеп беретін күрделі гидротехникалық құрылғы болды. Тарнаудың шағын түрін кішігірім арықтардың үстінен көлденеңінен кесіп өтіп су жүргізу үшін де пайдаланатын. Ол үшін бірнеше тақтайдан құрастырып шегелеп жасалған науа пошымды құрылғыны орнататын. Күрделі құрылыс қатарына жататын тарнауларды осы күнгі қабылданған терминология бойынша, **акведук** деп атайды.

Б.Алтаевтың дерегі бойынша, кейбір жағдайда қазақ шәмшілері «иір тышқан» деп аталатын сайды, осы күнгі гидротехникада «дюкер» деген атаумен


белгілі, жер асты арқылы өтетін құрылғы салғандығын жазады. Алайда, мұндай құрылғы күрделі инженерлік жұмыстар қатарына жататындықтан, сирек қолданылған болуы керек. Автордың көрсетуінше, Төле би ауданындағы Жаңақұш елді мекенінде тау жақтан ағып келетін суды сайдың қарсы бетіне шығару үшін аталмыш халықтық тәсіл қолданған [16, 19-б.]. Иір тышқан салғанда су келген жерден сайдың екі жағынан құдық қазылып арықтың екі басы өзара жер асты құбырымен қосылады. Бас арықпен келген су бірінші құдыққа құйылып, өзара байланысты ыдыстар заңдылығына (*закон сообщающихся сосудов*) сәйкес, екінші құдықтан ағып шығып, бас арықтың жалғасымен егіс алқабына жеткізіледі. Иір тышқан атауының қалыптасуы құбыр арқылы ағытылған су бірінші құдықта үнемі иірімденіп құйылып жататындығына байланысты болса керек. Өкінішке орай, автор аталған «иір тышқан» құрылғысының конструктивтік ерекшеліктері жайлы дерек келтірмеген. Дегенмен, кәріз қазудағы тәсілдерді балама ретінде алып қарастыра отырып, «*иір тышқанның*» графикалық реконструкциясын төмендегідей жасауға әбден болатындай.

Суретте жылғаның (сайдың) қарама-қарсы беттерінде қазылған екі құдық өзара қыш құбыр арқылы байланыстырылып су жіберілгені көрсетілген. Арық бағытына көлденең келген дөңес кедергілерді жерасты үңгіп қазылған тоннель – «иір тышқан» арқылы өтудің тәсілін Сыр өңірін зерттеген Смирновтың еңбегінен көруге болады. Автордың мәліметіне қарағанда, иір тышқанның бұл түрін жал және дөңес жердің үстінен қажетті бағытта қатарластыра құдықтар қазып, оларды өзара жерасты тоннельмен жалғастыру арқылы



Тарнау.

Суретті салған Б.Досымов.



Иір тышқанның сызбасы.

Б. Алтаевтың дерегі бойынша. Суретті салған Б.Қақабаев.

жасайтын. Автордың көрсетуінше, биік дөңдерден өтетін иір тышқандардың құдықтарының тереңдігі 38 метрге дейін жететін. Алайда, иір тышқан жүргізудің күрделілігіне қарамастан, бұл қазу жұмыстарын едәуір азайтатын тиімді бірегей тәсіл болды. Жердің рельефіне байланысты өтетін судың көлеміне қарай, құдықтар өзара қатарынан салынған бірнеше қыш құбырлармен немесе қыш кірпіштен өріліп қаланған тоннель арқылы байланыстырылатын [27, 113-б.]. Сан алуан археологиялық материалдарға қарағанда, аталмыш иір тышқан құрылғысы сонау орта ғасырдан бастау алады. Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Қазақстан өңірінде ежелгі егіс алқаптарынан табылған сан алуан қыш құбырлардың жоғарыда аталған иір тышқан тәсілі, яғни дөңес немесе жота сияқты кедергілердің жазық жермен деңгейлес келген астын тесіп, тоннель, құбыр арқылы арықтың екі басын қосып су жеткізу мақсатына пайдаланғандығын қазіргі отандық археология ғылымы айқын айғақтап отыр. Аталмыш құрылғының халықтық **иір тышқан** атауы бұл күндері қолданыстан шығып қалды. Осы төлтума қазақы атаудың орнына, жоғарыда айтылғандай, қазір халықаралық гидротехникалық *дюкер* термині қолданылады.

Арықтарды пайдаланудағы қазақ егіншілері қолданған ерекшеліктер. Арықтарды маусымдық пайдаланудан кейін оларды келесі маусымға дайындау қауым болып атқарылатын міндетті жұмыстар қатарына жатқандығы жоғарыда айтылды. Өте үлкен арықтар мен тоғандар әдетте тазаланбайтын. Өйткені, мұндай жасанды су артериясында су жыл бойы жататын. Ал, маусымдық пайдаланылатын кішігірім арықтар бірнеше қауымдастыққа тиесілі болды. Келесі маусымдық дайындалу іс-шарасын әрбір қауымдастық өзіне тиесілі арықтарды аршып, тазалаудан бастайтындығы сондықтан. Осы еңбек операциясынан кейін ғана бірнеше қауымдастық жұмыла бас арықтарды тазалауға кірісетін. Арық тазалау жұмыстары арық ақсақалының жетекшілігімен

жүргізілетін. Бұл өндірістік іс-шара арық ақсақалының көмекшісі іспеттес үнемі мұраптардың бақылауында болды. Арықтарды тазалау жаз бойы жиналып қалған тұнба – лай, құм-қайраң, қиыршық тас сияқты жыныстардан аршып, су шайып жұқарған жағаларын бекітуден басталатын. Мұндай тазалау ісі ерте көктемде басталып, жер жырту науқаны басталардың қарсаңында аяқталатын. Әр өңірдің өзіне тән климаттық жағдайына қарай арықтарды келесі маусымға дайындаудың өзіндік тәртібі болды. Жоғарыда айтылғандай, арық тазалау жұмыстары қауым болып бірлесіп атқарылатын және көбінесе асар түрінде өтетін [20, 242-245-бб.].

Егіс өнімі арықтар жүйесінің, оның құрамына кіретін гидротехникалық құрылғылардың сапасына тікелей байланысты болғандықтан, егіншілер арық жөндеу жұмыстарына аса зор мән беретін. Осыған байланысты қауым мүшелері толықтай дерлік әлгі жұмысқа тартылатын. Түрлі себептермен қара жұмысқа тікелей қатыса алмаған қожалықтар мен отбасылар өз үлесін мал сойып, шәмшілерге тамақ жасау жолымен өтейтін.

Құмдауыт өңірде жазғы суару барысында арықтардың табанына құм, лай, қиыршық тас, әртүрлі өсімдіктердің қалдығынан жиналған тұнба қайраңдар пайда болғандықтан, салма арықтардың су өткізу қабілеті төмендеп кететін. Мұндайда арық аршу үрдісін оның иелері атқаратын. Арықтардың техникалық жай-күйін мұраптар бақылап, аталған жөндеу жұмыстарының уақытылы жүргізілуін ұйымдастырып отыруға міндетті болды.

Арықтардың пайдалану мерзімін ұзарту, суды егіске ысырапсыз жеткізу мақсатында қазақ мұраптары мен шәмшілері түрлі тәсілдер қолданды. Яғни әр өңірдің ландшафтық-геоморфологиялық ерекшеліктеріне қарай атқарылған жұмыстың өзіндік өзгешеліктері болды. Сонымен бірге, барлық өңірлерге ортақ еңбек операциялары қалыптасты. Мысалы, арық жағасын бекіту үшін барлық аймақтарға ортақ іс-шаралар

– арық бойына тал, жиде, терек, тораңғы сияқты ағаштар егілетін. Ағаш егу топырағы бос, құмдауыт далалық аймақта арықтардың жағасын бекітудің ең қолайлы да, қосымша жұмысты талап етпейтін тәсілі болды.

Ағаштардың көлеңкесі судың буланып кетуіне де айтарлықтай мүмкіндік бермейтіндігі – диқан қауымына ежелден белгілі жайт. Қазақ жерінің егіншілікпен айналысатын өңірлерін зерттеген орыс ғалымдары мен саяхатшылардың еңбектерінде ең далада тізбектеліп, ретімен өскен ағаштар үлкен бас арықтардың міндетті түрде сол жерден өтетіндігінің айғағы болып табылатындығы ерекше аталып өтіледі.

Құмдауыт топырақтың суды сіңіріп әкететін қасиетін төмендету мақсатында арық табанына және жағалауларына арнайы лай төсеп нығыздау жұмысы жүргізілетін немесе суда жақсы өсетін яғни, ағын судағы тұнба лайды ұстап қалатын өсімдіктер өсірілетін. Кейбір жерлерде қамыс төсеп үстін лаймен нығыздайтын. Сондай-ақ, арықтардың жағасын шым кесектермен немесе үлкен жыраларды қарабурамен бекітетін. Мұндай ежелден бастау алатын шаруашылық тәсіл қазіргі күнге дейін жалғасын тауып отыр. Мысалы, арықтардың табанына ажырық сияқты суда өсетін өсімдіктер егіп, шөп тамырының топырақты бекітетін қасиетін пайдалану осы уақытқа дейін қолданылып келе жатқан ежелгі әдіс-тәсілдер қатарына жатады.

Арықты қолдануға байланысты құқықтық қатынастар мен ұстанымдар. Егіншілікпен айналысатын дәстүрлі ортада әлеуметтік және экономикалық қарым-қатынастардың объектісі ретінде арықтың өзіндік ерекше орны болды. Бұл жерде қазақ егіншілерінің көшпелі қоғамда қалыптасқан меншіктік қатынастар жүйесін ұстанғандығын атап кеткен жөн. Осы проблеманы арнайы зерттеген ғалым Л.М.Өуезова: *«Қазақ егіншілерінің тұрмыс-салттарының отырықшылық мәдениетпен толықтай байланыстылығына қарамастан, көшпелі ортаға тән құқықтық қатынастар сақталды»*, – деп ерекше атап өткендігі сондықтан [10, 248-265-бб.]. Жартылай көшпелі қазақ диқандарында жалпы егістік алқапқа қатысты меншіктік құқықтық қатынас ең алдымен рулық деңгейінде тиісті функция атқарды. Ал жеке шаруашылық деңгейде меншіктік құқықтық қатынас арық иесінің және егістік жерді суландырып отыратын жасанды су торабы арықтардың иесінің құқығын, соның ішінде, сол арықпен суландыратын сан алуан еңбек операциясын реттеуге бағыттала-тын. Яғни осы ретте егістік жердің құндылығы оны суландыратын арықтарға байланысты ғана бағаланғандығын, сондықтан да арық қазуға және осы су торабын ұқсатып ұстауға жұмсалған еңбектің шығыны сол егістік жерді иеленудің негізгі құқықтық аргументі болғандығын ерекше екшеп айтқан ләзім. «Ата-бабамыздың кіндік қаны тамып, маңдай тері төгілген жер» деген ежелден орныққан постулат-ұстанымның өзі тіршілікқамы жүйесі егіншілікке негізделген дәстүрлі қазақы ортада ең алдымен *«арықтың иесі кім болса, егістік жердің иесі де сол»* дегенді білдіргендігі сондықтан. Бұл құқықтық күші ерекше аргумент-постулат егістік жерді иеленуге байланысты билер сотының да, ақсақалдар кеңесінің де заңдық күші бар тиісті үкім-кесімді қабылдау үрдісіне бірден-бір негіз болды.

Сондықтан да, егіншілікпен айналысатын дәстүрлі

қазақы ортада арықтарға қатысты меншіктік құқық субъектілері – *арықты қазған ру, ауыл* немесе *қожалықтар* және *жеке тұлғалар* тиісті егістік жерлердің де иелері – меншіктік субъектілері болды. Л.Чермак өзінің еңбегінде Шу бойында Арғын руының адамдары осы өңірдегі жасанды су тораптарының – арық пен тоған жүйесінің корпоративтік иесі – Жалайырлардың рұқсатымен ғана қоныс теуіп, егін екендігі және суды пайдаланғандығы жайлы мәлімет келтіреді [19]. Тағы бір зерттеуші А.Гродековтің еңбегінде бас арықтың иелері әлгі арықты 20 жылдан астам пайдаланбаса да, өздерінің арыққа деген құқығын даулап жеңіп алғандығы туралы қызықты мәліметке талдау жасайды. Мұндай жағдайда арықтың атауы (ал мұндай атау, әлбетте, сол арықты кімнің қазғандығын және ұқсатып ұстап тұрғандығын, яғни иесін білдіретін) белгілі болғандықтан, құжаттық дәлелдері болмаса да, әлгі өзін арықтың иесімін деп санаған адам (немесе бірнеше тұлға), ең алдымен, арықтың өзінің атымен аталғандығын негізгі аргумент ретінде алға тартатын. Өйткені, осы әлеуметтік ортада ежелден орныққан ұстаным бойынша, әлгі арыққа *«ата-бабаның мехнаты жұмсалған, тері төгілгендіктен»* ғана оның ұрпағының (немесе ұрпақтарының, тіпті, сол ата-бабадан тараған деп есептелетін бір рулы елдің) есімі немесе атауы беріледі.

Осындай ұстанымға сәйкес, арыққа иелік етуге құқы бар тұтас бір ру немесе жеке ауыл түрлі себептермен жерін тастап кетіп, бірнеше жылдан соң қайтып келіп, арықты пайдаланып отырған басқа руға немесе ауылға өзінің меншіктік құқын білдіретін. Сөйтіп, бұрын өзі иелік еткен арықты және сол арықпен суландырылған егістік жерді қайтаруды талап ететін. Арық пен егістік жердің соңғы иелері әлгі арықты ұлғайтып, жаңартқандығын алға тартып, қарсы дау айтатын. Есесіне бұрынғы иелері (немесе иесі) арықтың және егістік жердің жаңа иелерінің әлгі егістік алқаптан өнім алғандығын, сөйтіп, жұмсаған шығынын өтеп алғандығын қарсы дәлел ретінде алға тартатын. Қалай болғанда да, билер сотының шешімі бойынша, арық пен егістікті уақытша пайдаланып отырған ру немесе қожалық, сирек болса да жеке тұлға (тұлғалар) алқапты аманатқа алған деп есептелетін де, тиісті өнімді жинап алған соң жер мен арық бұрынғы иелеріне қайтарылатын. Бірақ билер шешімі бойынша, дауласушы тараптар егінді бөлісе егіп, алым-салық сияқты шығындарды бірлесе көтеретін жайттар сирек болмайтын [28, 103-105-бб.].

Дәстүрлі егіншілік жүйесіндегі көп дау туғызатын бір фактор – әр қожалыққа бөлінетін судың мөлшріне байланысты болды. Әдетте судың көмейіне жақын отырған егістікке су көбірек тиіп, аяқтағы егіске су жетпей қалатын жағдай кездесетін. Қазақтың *«көмейдегі су ішеді, етектегі у ішеді»* деген мақалы осы жайтқа байланысты қалыптасса керек. Егістікті суару барысында егін алқаптарының иелерін кезекке тұрғызып яғни олардың әрқайсысының алқабын суару уақытын белгілеп және бөлінетін қажетті су көлемін анықтау *арық ақсақалдары* мен *мұраптардың* міндетінде болды. Әлбетте, көптеген жағдайда, аталмыш реттілік пен тәртіптің анық-қанық принциптері болмағандықтан, дау-дамайдың туындап тұруы сирек емес жайт еді. Мұндайда төрелік ету билер сотының немесе орыс әкімшілігі жанында құрылған арық ақсақалдығы кеңестерінің

құқығында болды. Аталған қиындықтарды шешу үшін дау-дамайға түскен қазақ егіншілері арықтың геометриялық пошымын, тереңдігі мен ағыс күшін есепке ала отырып, егіске қажетті су мөлшерін анықтайтын. А.Гродеков, Н.Дингельштедт, Г.Н.Чердынцев, Л.Чермак сынды зерттеушілер қазақ егіншілері су көлемін *құлақ*, *диірменсу* деп аталатын өлшем бірліктерімен есептегенін ерекше атап өтеді [19; 20; 28; 29]. Алайда, *құлақ* және *диірменсу* әр өңірдің өзіне тән әртүрлі мөлшерде болды. Сондықтан, қазақ диқаншылары су көлемі есептеуге келетіндей нақты болуы үшін түкірткі немесе арнайы бөгеттер сияқты құрылымдардан белгіленген уақытта өтетін су мөлшерін анықтайтын [30, 27-б.].

Н.Дингельштедт Шымкент, Әулие-Ата, Ташкент өңірлеріндегі егіншілікке қатысты **су сервитутына** (*меншіктік объектісін пайдалану құқығына шек қою*) анализ жасау барысында қазақ егіншілеріне қатысты көптеген құнды фактілерді келтіреді. Мысалы, Әулие-Ата және Шымкент уездерінде өз жері арқылы бас арықтың қазылуы кәдуілгі жайт екендігін, сондықтан да ол үшін ақы алынбайтындығын атап өтсе, Ташкент уезінде мұндайда әлгі жердің иесіне ақы төленетіндігін немесе бас арықтың төменгі жағындағы жерден алынатын өніммен өтейтіндігін жазады. Одан әрі автор Қаратау уезінде жергілікті егіншілер арасында бас арық өткізу міндетті түрде орындалатындығына, тек жер иелеріне шығын келтірмеуін ескеру керектігіне назар аударады. Бірақ, осы автордың тағы бір ерекше ден қоярлық мәліметіне қарағанда, Амудария өңірінде біреудің иелігіндегі жерден бөтен арық өткізу міндетті түрде ақылы болған. Осы автор мен Г.Н.Чердынцевтің тұжырымы бойынша, *қазақ егіншілері бас арықтардың әртүрлі қожалықтардың жерінен өткізуге қатысты туындайтын сервитуттық қатынастар негізінен дәстүрлі құқықтық қатынастардың ұстанымдарын қолданған*. Алайда жер, су сервитутының әр аймаққа тән өзгешеліктері болғандығын және ол өзгешеліктер кейде билер шешімі негізінде (*қазақтар көп қоныстанған ортада*) немесе шариғат негізінде (*өзбек, қазақ, тәжік аралас қоныстанған ортада*) молда, қазылардың шешімімен реттелетін. XIX ғасырдың 80 жылдарынан бастап арыққа деген құқықтық қатынастар орыс әкімшілігі ендірген заңдар мен ережелерге сәйкес атқарыла бастады [20, 311-322-бб.; 29, Ч.І, 35-48-бб.; 29, Ч.ІІ, 22-33-бб.]. Дегенмен, орыс әкімшілігінің суды пайдалануға қатысты ережелерді енгізу барысында қалыптасқан жергілікті құқықтық қатынастардың қағидаларын метрополияда қабылданған заң жүйесімен үйлестіруге тырысқанын байқауға болады. Бұл жерде айта кететін жайт – қазан төңкерісіне дейінгі суармалы егіншілік жайлы жазған авторлар отырықшы халықтардың (*өзбек, тәжік, қарақалпақ*) егіншілікке қатысты құқықтық қатынастары шариғаттың нормалары мен принциптері негізінде реттелінсе, қазақы ортада бұл үрдістің төл дәстүрлі құқықтық қатынастарға негізделгендігін ерекше атап өтеді.

Сонымен, суармалы егіншілікпен айналысатын өңірлерде экономикалық тұрғыдан да, әлеуметтік тұрғыдан да су ең жоғарғы құндылық болып есептелінді. Суды егістікке уақытылы және ысырапсыз жеткізуге тиісті жасанды су торабы – арықтар жүйесі егіншілердің әлеуметтік ортасында ерекше қас-терлендігі сондықтан. Үнемі және уақытылы күтіп-

баптап отыруды міндеттейтін, осыған байланысты үлкен ұжымның ерік-күшін мейлінше қажет ететін арық сияқты суландыру жүйесінің шаруашылық-экономикалық тиімділігі материалдық-қаржылық шығыннан басқа, институционалдық жағынан да, құқықтық тұрғыдан да әбден ойластырылған ұйымдастыру жұмысына да айрықша тәуелді болды. Осы жайтқа байланысты әкімшілік басқару жүйесімен қатар ирригациялық жүйелерді пайдалануға қатысты өзіндік ұйымдастырушылық басқару жүйесі қалыптасты. Мұның жарқын мысалы ретінде, суару жүйесіне қатысты *арық ақсақалдығы* деп аталатын әкімшілік басқару институтын ерекше атап өтуге болады [20, 316-321-бб.; 22, 268-б.].

Түптеп келгенде, қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның әр өңіріндегі суландыру жүйесін қазақ этносының, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейдің отаршылдық тәртібінің дендеп орнығуына, соның ішінде көшпелілердің жайылымдарының едәуір бөлігінің орыс келімсектеріне зорлықпен берілуіне байланысты туындаған тіршілікқама қажеттілігі – экзалеуметтік бейімделу стратегиясының ерекше түрі ретінде де бағамдаған ләзім. Мұндай стратегия дәстүрлі қазақы ортадағы қоғамдық қатынастың құрылымына үлкен өзгерістер алып келді.

Қазақы егіншілік ортада «Адам – Қоғам – Табиғат» деп аталатын әмбебап ұлы триаданың осы жүйеге ғана тән өзіндік байланысы орнықты. Осы байланыстың органикалық құрамдас бөліктері ретінде сумен, суландыру жүйесімен һәм егіншілікпен, одан алынатын өнімдермен, сондай-ақ, осы жүйенің субъектілері – егіншілермен байланысты тіршілік циклінің сан алуан салттары, әдет-ғұрыптары, ырым-тыйымдары, өзіндік дүниетаным жүйесі, тіпті айырықша құдірет пен тылсым күш иелерінің тұтас пантеоны қалыптасты. Мысал ретінде егіншілік пірлері Диқан баба, су иесі Сүлеймен, Әлішынар сынды ерекше тылсым күш иелерінің қазақ егіншілерінің өздерінің төл шаруашылығы, қоршаған ортасы, аспан денелері туралы дүниетанымның персонификацияланған тотемдік образдары екендігін айтуға болады [31, 63-б.; 32, 450-б.].

Қазақ егіншілерінің алғаш рет су жіберерде, еркек малды құрбандыққа шалып, бауыздау қанын арыққа ағызуы аталған пірлерге бағышталып атқарылатын. Қазақтың егіншілік дәстүрінің күні бүгінге дейін өте мардымсыз зерттелген осынау бірегей саласы – дәстүрлі егіншілік ортадағы аталмыш және осы құралыптас басқа да сан алуан жосын-жоралғылар һәм ырым-тыйымдар, тіпті, адам мен үй жануарларын емдеуге бағытталған ем-дом шаралары, түптеп келгенде, жоғарыда айтылған ұлы триада «Адам – Қоғам – Табиғаттың» арасындағы үйлесімділікті, осы арқылы адамдардың табиғи ортаның ең басты компоненттері – су көздері мен жерге деген қатынасын реттеп отыратын тұтас механизмі ретінде реттеуші әрі бағыттаушы функция атқарып отырды.

РЕЗЮМЕ

В статье впервые подробно рассматриваются типы, виды и производственные функции ирригационных систем и гидротехнических сооружений, исторически являющихся основополагающими структуро- и системообразующими компонентами традиционного земледелия казахов. При этом особое внимание

уделяется изучению технологии изготовления и приемы эксплуатации отдельных видов гидротехнических сооружений. А также описываются общеправовые отношения в традиционной среде казахских земледельцев.

ABSTRACT

The article for the first time discusses in detail the types and production functions of irrigation systems and hydraulic structures, which from ancient time are basic structure and system-forming components of the traditional agriculture of the Kazakhs. In this case, to the study of manufacturing technology and methods of operation of certain types of hydraulic structures special attention is paid. Customary relations in the traditional environment of Kazakh farmers are also described.

ЕСКЕРТПЕ

* Қажетті материалды жинап, жүйелеуді авторлар бірлесіп атқарды. Мақаланың мәтінін жазған Нұрсан Әлімбай. Кейбір гидрологиялық құрылғылардың функциясын талдау барысында Б.Қақабаевтың материалы пайдаланылды.

** Әңгіме XIX ғасырдағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілі сұлтан Тілеумұхамбет Сейдалинов (1835-1901 жж.) жөнінде болып отыр. Кезінде Ресейдің ғылым академиясында (Санкт-Петербург) заң ғылымының кандидаты атағын ресми қорғап, иемденген Т.Сейдалинов – 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы» патшалық режимнің әйгілі реформасына және XIX ғасырдың екінші жартысындағы отарлық жүйенің қазақы ортаға күшпен енгізген сот реформасына ашық қарсы шыққан тұлғалардың бірі. Қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасында әдетте екінші Сейдалинов деген есіммен белгілі. Бұл жайтты оны туған інісі тағы бір біртуар қазақ зиялысы Әлімұхамед Сейдалиновтің есімімен шатастырмау үшін жасалғандығымен түсіндіруге болады. Бұл тұлға аталмыш тарихнамада бірінші Сейдалинов деген атпен белгілі [36, 12, 15-23-бб.].

ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК

Әуез – табиғи су артериясынан су жинақталатын қолдан жасалған арнайы шұңқыр-құрылғы. Мұндай шұңқырды салма деп те атайтын.

Иір тышқан – кішігірім қырат немесе дөңестеу жер арқылы су салғанда аталмыш табиғи кедергілердің астын үңгірлеп тесіп, сол арқылы арнайы тоннель, кейде құбыр арқылы арықтың екі басын қосатын тәсілдің атауы. Сондай-ақ, иір тышқан кішігірім сай немесе жыраның екі жағына құдық қазып, сол арқылы арнайы салынған тоннель немесе құбыр арқылы арықтың екі басын қосу үшін де қолданылатын. Оның қазіргі гидротехнологиялық атауы – «дюкер».

Қасинег – шығырдың үлкен дөңгелегінің сыртқы шеңберінің атауы.

Салма – арнайы су жинайтын шұңқыр. Мұндай шұңқыр үлкен шығырдың дөңгелегінің астына жасалады. Сондықтан да оны шығыр-салма деп те атайды. Салманы кейде әуез деп те атай береді.

Салма арық – үлкен бас арықтан немесе өзеннен егістікке су апаратын арықтарды жалғайтын су торабының атауы.

Саржан – ағыны қатты өзендерде қолданылатын пошымы үш бұтқа ұқсас ағаштан жасалған құрылғы.

Түкірткі – бас арықтан салма арыққа судың біркелкі келуін қамтамасыз ететін құрылғы.

Тұма – Қазақстанның оңтүстік-шығыс таулы аймақтарда бас арықтың көмейін бекітетін құрылғы.

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ДЕРЕК

1. *Грошев В.А.* Средневековая ирригация левого берега средней Сырдарьи // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата, Наука. 1983. С. 76-81.

2. *Нұрсан Әлімбай, Алтаев Б.* Егіншілік // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Энциклопедия. 2 т. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 848 б.

3. *Нұрсан Әлімбай, Досымбетов Н.* Жатақ // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Энциклопедия. 5 т. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 816 б.

4. *Потанин Г.Н.* Очерки Северо-Западной Монголии. Результаты путешествия исполн. в 1876-1877 г. по поручению ИРГО. Санкт Петербург, 1881. Вып. II (материалы этнографические) С. 1025.

5. *Влангали А.* Гностицистическая поездка в восточную часть киргизской степи в 1849 и 1851 годах. Часть 1. Санкт Петербург: 1853.

6. Отчет о Булун Тохойской экспедиции капитана Сосновского // Записки Императорского русского географического общества. Т.5, Санкт Петербург: 1875. С 604;

7. *Завалишин И.* Описание Западной Сибири. Т.3. Москва: 1867. С. 145.

8. Обзор Семипалатинской области за 1898 год. Семипалатинск: 1899. с. 91.

9. *Султан Сейдалинов 2-й.* О развитии хлебопашества бассейну р. Тургая. Т.1. Записки Оренбургского отдела императорского Русского Географического общества, Казань, 1870. С.138-139.

10. *Ауэзова Л.М.* Развитие земледелия в Казахстане во второй половине XIX века // Диссертация, представленная на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Алма-Ата, 1958.

11. *Сулейменов Б.* Аграрный вопрос в Казахстане в последней четверти XIX в. Начало XX в. (1867-1907). Алма-Ата: Наука, 1963. С 411.

12. *Нұрсан Әлімбай, Алтаев Б.* Атпа // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Энциклопедия. 1 т. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 856 б.

13. *Алтаев Б., Қақабаев Б.* Кәріз // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Энциклопедия. 3 т. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 856 б.

14. *Қақабаев Б.* Шығыр // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Энциклопедия. 5 т. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 816 б.

15. *Нақысбеков О.* Жергілікті халық тіліндегі арық-атыз түрлеріне байланысты қолданылып жүрген сөздер жайында // Қазақ диалектологиясы. 1-шығы. Алматы: Ғылым, 1965. 160-179-бб.

16. *Алтаев Б.Ә.* Оңтүстік Қазақстан қазақтарының

егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Тарих ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Алматы, 1994.

17. *Александров Н.Н.* Земледелие в Сыр Дарьинской области. Описание приемов земледелия преимущественно Ташкентского сухоземледельческого района. С 133 рисунками. Ч.1. Общие приемы земледелия. Отдельные оттиски из журнала «Туркестанское сельское хозяйство».

18. *Нұрсан Әлімбай, Шойбеков Р. Ақаба* // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Энциклопедия. 1 т. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 856 б.

19. *Чермак Л.* Оседлые киргизы – земледельцы на р. Чу и заметки о пути через голодную степь // Записки Западно Сибирского отдела императорского Русского Географического Общества. Кн. XXVII. Омск. 1900. С.1-24.

20. *Дингельштедт Н.* Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область. Ч. 1,2. СПб., 1893. С. 513.

21. Ирригация Узбекистана. Т.1. Развитие ирригации в комплексе производительных сил Узбекистана. Коллектив. Ташкент: Фан, 1975. С. 352.

22. *Нұрсан Әлімбай, Қажабаев Б., Алтаев Б.* Арық ақсақалы // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Энциклопедия. 1 т. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 856 б.

23. Орталық музей экспедиция материалдары. Қолжазба.

24. *Қажабаев Б., Алтаев Б.* Қарабура // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Энциклопедия. 3 т. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 856 б.

25. *Шкапский Ор.* Аму-Дарьинские очерки. К аграрному вопросу на Нижний Аму-Дарье. Ташкент, 1900. С. 285.

26. *Қажабаев Б.* Түкірткі // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Энциклопедия. 5 т. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 816 б.

27. *Смирнов Е.* Сыр-дарьинская область. Описание составленное по официальным источникам. СПб, 1887. С 344.

28. *Гродеков А.* Киргизы и каракиргизы Сырдарьинской обл. Ташкент 1899.

29. *Чердынцев Г.Н.* Водное право Туркестана в его настоящем и проектах будущего. Ташкент, Ч I-II 1911. С.111.

30. *Алтаев Б.* Құлақсу / Бір құлақ су // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Энциклопедия. 4 т. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 832 б.

31. *Нұрғелді Уәли, Алтаев Б.* Диқан баба // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Энциклопедия. 2 т. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 848 б.

32. *Нұрсан Әлімбай, Алтаев Б.* Әлішынар // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Энциклопедия. 1 т. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 856 б.

33. *Галузо П.Г.* Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. Алма-Ата: Наука, 1965.

34. Земледелие и ирригация // Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980. С.137-253.

35. Земледелие // Казахи. Историко-этнографическое исследование. Алматы: Казахстан. 1995. С. 33-43.

36. *Алимбаев Нұрсан.* Российская историография Казахстана досоветского периода как историко-этнографический источник (введение в проблематику) // История и культура Атырау в русских источниках XVIII-XX веков. II-том. Атырау: «Ағатай», 2015. С. 15-23.

ҚАЗАҚЫ ЕЛТІРІ: КӨШПЕЛІ ОРТАДАҒЫ ҰҒЫМДЫҚ МӘН-МАҒЫНАСЫ, ДАЙЫНДАЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ, КӘДЕГЕ ЖАРАТЫЛУЫ

(ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК)

Нұрсан ӘЛІМБАЙ,
этнолог

Ілкімді сөздер: елтірі, қозы терісі, мал шаруашылығы, көшпелі қоғам, өңдеу технологиясы.

Ұғымдық мән-мағынасы. Қазіргі уақытқа дейін жарық көрген сан алуан ғылыми және ғылыми-көпшілік басылымдарда, соның ішінде, зоотехникалық, ветеринарлық, тіпті, тарихи-этнографиялық, лингвистикалық мәселелерге байланысты жарық көрген еңбектерде де «туған соң екі-үш күннің ішінде

сойылған қозының терісі елтірі» деп аталатындығы айтылады. Расында да, аталмыш шикізатты өңдеу мен қолданудың қазіргі заманғы технологиялық талғамы тұрғысынан елтірінің жоғарыда келтірілген анықтамасы дұрыс. Алайда дәстүрлі қазақы ортадағы ежелден орныққан көшпелі мал шаруашылық саласындағы іс-тәжірбиесінің қисыны бойынша, туғанына екі-үш ай толған соң ғана сойылған немесе өлген қозыдан алынған теріні елтірі деп атайтын. Бұл

Қазақ тарихы

№2 (169), ақпан, 2019

ретте дәстүрлі қазақы ортада екі-үш айлық қозының терісі ғана елтірі деп аталатындығы бекер тәптіштеп айтылып отырған жоқ.

Анығында, туғанына екі-үш-ақ күн толған төлді союды қазақтың дәстүрлі экологиялық мәдениеті, соның ішінде, төрт түлікке қатысты «обал-сауап», «арам-адал» атты өзара «кереғар» себеп-салдарлық байланыста жұптасқан принциптерге негізделген ұстанымдар жүйесі мүлдем қоспайды. Кейбір мәліметтерге қарағанда, қазақы қой төлінің деректерде айтылатын тез жетілетін қасиетіне қарамастан, тіпті бір ай немесе бір айдан сәл асқан қозыны да союды көшпелілер обалсынатын. Сондықтан да болар, дәстүрлі қазақы ортаның бел баласы, этнофор (дәстүрді сақтаушы, таратушы), бек зерделі зерттеуші Мұса Шорманов өзінің «Заметки о киргизах Павлодарского уезда (Омск, 1906)» атты сұрақ-жауап тәсілімен жазылған әйгілі этнографиялық еңбегінде «маусымның басында сойылған қозылардың терілері елтірі деп аталатындығын» пысықтап өтеді («шұкры ягяят, зарезанных в начале июня, называются элтры»). Екі-үш айлық қозының сойып алынған терісі елтірі деп аталатындығын қазақтың төл мәдениетінің білікті білгірлері С.Қасиманов пен Ж.Бабалықұлы да айтқан еді.

Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – жоғарыда келтірілген екі-үш айлық қозыдан алынған тері елтірі деген қисынға М.Шормановтың маусым айының бас кезінде сойылған қозының терісін елтірі деуі бір қарағанда кереғар болып көрінуі бек мүмкін. Бірақ, автордың ой желісін ғылыми зердеге салсақ, оның сойылған қозы терісінің елтірі деп аталатындығының (белгілі шарттылықпен) соңғы мерзімдік шегін айтып отырғандығын парықтау қиындыққа түспейді. Демек, Мұса Шорманов екі-үш айлық қозының ғана сойылатындығын айтып отыр (әлбетте, терілерін алу үшін ғана емес болуы керек). Өйткені, сан алуан деректерге жүгінсек, соның ішінде Әлихан Бөкейхан мен Мұса Шормановтың да мәліметтері бойынша, Солтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан өңірлерінде наурыздың аяқ шенінде, көбінесе, сәуірдің басында көшпелілердің сан ғасырлық іс-тәжірибесіне сәйкес қой түлігінің төлдеу науқаны негізінен аяқталатын (аталмыш өңірлерде қожардың күйегі қараша айының басында алынатындығын және саулықтың төлді бес ай көтеретіндігін қаперге саламыз. Ішінара мерзімдік ауытқушылыққа қарамастан, дәл осындай үрдіс Қазақстанның батыс өңірлеріне де тән болды. Ал, оңтүстік, оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс аймақтарда шамамен бір ай бұрын қой түлігінің дені төлдеп бітетін – Н.Ә.).

Рас, аса көрнекті зерттеуші-ғалым Әлихан Бөкейханның «Далалық өлкедегі қой шаруашылығы» («Овцеводство в степном крае») атты әйгілі еңбегінде сәуір айында алынған қозы терісі елтірі деп аталатындығы айтылады. Бірақ, орысша жазылған еңбектің осы тұсындағы сөйлемнің қисынына қарағанда, автор бұл ретте түсік қозылардың да, арнайы сойылған және әлдеқандай себептерге байланысты өлген қозылардың да терілерінің орыс тіліндегі ортақ атауы «мерлушка» сөзінің мазмұндық қалыбының ыңғайымен әлгі сәуірдегі (яғни, бірер айлық қана)

қозы терісін елтірі деп атай салғанға ұқсайды.

Сондай-ақ, мамыр және маусым айларында алынған қозы терілерін Әлихан Бөкейхан (маусым айындағы терілерді автор төл жүнінің қырықтыққа түспеген уақытына дейінгілері деп нақтылап өтеді) сөңсең деп жалпылама атағандығына қарағанда, ғалым бұл мәселеге соншалықты мән бере қоймаған сыңайлы.

Анығында, дәстүрлі қазақы ортаның қозы терілерінің әр мезгілдік ерекшелігіне және сапасына байланысты ежелден қалыптасқан өзіндік жіктемесі қалыптасты. Бұл жөнінде де деректілігі мен дәйектілігі һәм талдау қисыны келіскен материал Мұса Шормановтың 1883 ж. «Сельское хозяйство и лесоводство» атты журналдың 1-номерінде жарияланған «О скотоводстве киргизов Западной Сибири» деген көлемді мақаласында, әсіресе, осы мақаланың толықтырылған, әрі дәйектендірілген логикалық жалғасы іспеттес жоғарыда аталған еңбегінде жүйелі берілген. Автордың айтуынша, қозы терілерінің ежелгі қазақы жіктемесінің мазмұны төмендегідей:

– түсік қозыдан алынған терінің байырғы атауы – **жылбысқы** (орысша мәтінде – *жылбаска*);

– екі-үш ай ішінде сойылған [немесе өлген] қозыдан алынған терінің, жоғарыда айтылғандай, елтірі деп аталады;

– маусымның орта шені мен шілденің оныншы күніне дейінгі аралықта сойылған қозы терісінің атауы – **әрі-сәрі** (мәтінде – «арысыры», «не то, не сё». Автор осы мерзімдегі қозы терісінің баспақы бұйралығы жазылып, «әрі-сәрі» күйге көшкен сапасын айтып отыр);

– оныншы шілдеден әрі жиырмасыншы тамызға дейінгі кезеңде сойылған қозының жүні жазылып, ұзарып кететіндіктен, терісі **сөңсең** деп жіктелінеді (мәтінде – *сенсенә*);

– көшпелі қазақ қозының жүнін төрт айлығынан бастап қырқа беретін. Қырыққаннан кейін алынған қозы терісінің дәстүрлі атауы – **қырықпа**.

Осы ретте ерекше екшеп айтуды қажет ететін жайт – Мұса Шормановтың жоғарыда аталған «Заметки о киргизах Павлодарского уезда» атты еңбегінің алғысөз-түсініктемесін жазып, жарыққа шығаруға мүмкіндік берген Әлихан Бөкейханның осы алғысөзінде Мүсекеңнің «қолжазбасына болмашы ғана редакциялық өзгеріс енгіздім» дегеніне қарағанда, ол дерегі мен дәйегі келіскен автордың осы қолжазба еңбегінің мазмұнын, соның ішінде, қозы терісінің жоғарыда келтірілген жіктемесін толық қолдады деп айтуға әбден болады.

Сонымен, ресми мәнге ие болған жоғарыда келтірілген анықтаманың (яғни екі-үш күндік қозы терісінің елтірі деп аталуы) Қазақстанның қой шаруашылығының даму тарихының советтік кезеңінде айырықша маңыз берілген қаракөл ілтірісін өндірудің ғылыми-өндірістік технологиясы мен іс-тәжірибесіне ғана қатысы бар. Расында да, туғанына үш күн (тіпті, одан да сәл аз) мерзімнен аспаған қаракөл қозы терісінің сапасы ғана халықаралық стандартқа сәйкес келеді. Демек, осы мәселеге қатысты еңбектердің авторлары («ресми» мәнге ие болған жоғарыда айтылған анықтаманы қош көретіндер) елтірі жөніндегі ежелгі қазақы ұғымға аталмыш стандарттың

қисынын таңа салған. Осыған орай, *қаракөл қойының* қазақтың дәстүрлі тіршілік қамы жүйесінде маңызы болды ма деген ілкімді сұраққа арнайы тоқталудың қажеттілігі туындайды. Өйткені, әлгі «ресми» мәнді анықтаманы қош көретіндердің тиісті еңбектерінің қисынынан көшпелі қой шаруашылығында *қаракөл қойы* арнайы өсірілді деп есептейтін сенімнің сілемі айқын аңғарылады.

Шынтуайында, көшпелі тіршілік салтының шаруашылық-экономикалық һәм экологиялық ұйымдастырылу принциптері *қаракөл қойын* ұқсатып өсіріп, күтіп-баптауға мүлдем сай емес еді. Осы қисынның дәйегі ретінде өзара салыстырмалы мәліметтерге негізделген төмендегі мысалдарды келтірейік. Расында да, бұл тұқым өзінің көшпелі ортадағы шаруашылық және тұрмыстың мәнді көрсеткіштері жағынан қазақтың дәстүрлі *құйрықты қой* тұқымдарымен (мысалы, *адай қойы*, *әлім қойы*, *тама қойы*, *бағаналы қойы* (ру-тайпалық «тиістілік» принципке сәйкес қалыптасқан атау бойынша), *жетісу қойы*, *бесата* (қарқаралы) *қойы*, *алтай қойы* және т.с.с.) салыстырғанда біршама төмен болды. Мысал ретінде мынандай айғақты фактілерге жүгінелік: егер *қаракөл саулығының* тірідей салмағы 45-50 кг-ға, еркегінің – 70 кг-ға (шөбі шүйгін Орал өңірінде кездесетін кейбіреулерінің – 80 кг-ға) дейін болса, *қазақы құйрықты қойдың жетісулық тұқымы* саулығының тірідей орташа салмағы 60-70 кг-ға, еркегінің – 75-100 кг-ға (Я.Я.Лус атты ғалымның мәліметі), *адай тұқымы* саулығының – 57,5-69,5 кг-ға, еркегінің – 75,5-92 кг-ға (Н.В.Петровтың мәліметі), «*Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда ...*» атты кітап бойынша), ал, XX ғасырдың 20-жылдары Семипалатинск губерниясының бес ауданында ұйымдастырылған экспедиция материалына қарағанда, осы өңірдегі қой тұқымдары саулығының тірідей орташа салмағы шамамен 50-60 кг-ға, еркегі – 90 кг-ға дейін жеткен *.

Сонымен бірге, осы және басқа да мамандардың зерттеулеріне сүйенсек, қазақы қойдың кез келген тұқымы *қаракөл қойына* қарағанда өзінің еттілігімен қатар, жүні мен сүтінің де көшпелі ортаның шаруашылық және тұрмыстық қажеттілігіне мейлінше сай сапалылығымен ерекшеленеді. Оның үстіне, *қаракөл қойы* жоғарыда аталған қазақы қой тұқымымен салыстырғанда, Қазақстанның қатаң климаты мен ландшафтық ерекшеліктеріне экологиялық тұрғыдан бейімділігі әлдеқайда төмен: *қаракөл қой* шаруашылығының көрнекті зерттеуші-ғалымдары В.М.Юдин мен М.М.Котов «*қаракөл саулықтары, тіпті ең қолайлы жылдардың өзінде төлдеудің алдында бұрынғы салмағының 10-14 %-н, ал жайсыз жылдары 30 %-н жоғалтатындығын*» айтады (мәлімет В.С.Жиликова мен А.К.Чепелеваның еңбегі бойынша).

Қаракөл қойының өсімталдығы да қазақтың байырғы қой тұқымдарымен салыстыруға келмейді: В.С.Жиликова мен А.К.Чепелеваның мәліметіне қарағанда, егіз қоздайтын *қаракөл саулықтарының* жүз бас саулыққа шаққандағы пайызы небәрі 5-10 %-ды ғана құрайды. Өйткені, қазақ өлкесінің қатаң табиғаты жағдайында *қаракөл саулықтары* (санын орта есеппен жүз бас деп алғанда) бұдан артық

қозыларды сүтімен жарыта алмайды. Бұл көрсеткіш, – дейді ғалымдар, – *осы тұқымның [Қазақстандық] табиғи ортаға бейімделу деңгейінің төмендігін көрсетеді*.

Осы келтірілген шағын мәліметтерден-ақ *қаракөл қойының* көшпелілердің тіршілікқамы жүйесінде қажетті маңызға ие болмағандығының себептерінің бажайлауға болады. Демек, көшпелі ортада *қаракөл елтірісін* өндіруді тиісті шаруашылық жолға қоюдың экологиялық та, экономикалық та қажетті алғышарттары болған да емес, болуы да мүмкін емес еді.

Сонымен, «екі-үш күндік қозының сойылған терісінің елтірі деп аталуы» елтіріге байланысты дәстүрлі қазақы ортадағы іс-тәжірибеге де, осы іс-тәжірибе саласында ежелден орныққан ұғымға да мүлдем кереғар анықтама болып табылады.

Қазақы елтірінің ежелгі өңдеу технологиясы.

Елтірін илеп, өңдеу үрдісі қой мен ешкінің терілерін өңдеудің қазақы технологиясына ұқсас. Бірақ, елтірінің жұмсақтығына, жұқалығына және көлемінің шағындығына байланысты бұл үрдістің өзіндік ерекшеліктері де бар. Ең бастысы, елтірін өңдеу ұзақ уақытты қажет етпейді – жылдың мезгілдік ерекшеліктеріне қарай 4-7 күндей мерзімді ғана қамтиды.

Елтірін өңдеудің келесі ерекшелігі – үлкен қой немесе ешкі терілеріндей иді күніне екі емес, бір рет жақса да, иі қанып қалады. Сонымен бірге, қой мен ешкі терілерін илегенде қажетті ұн немесе қазан тәжірибесіне дейінгі және одан бергі кезеңдердегі сан алуан мәліметтерге қарағанда, дәстүрлі қазақы ортада елтірін илеп өңдеудің негізгі үш тәсілі қолданылды. Бұл тәсілдерді қолданардан бұрын төмендегідей дайындық шаралары атқарылатын. Ең алдымен, жаңадан алынған елтірін сумен жуады. Қан-жынынан тазартылған оның жүн жағын үстіне қарата міндетті түрде көлеңке жерге жайып, дегдітіп алады. Осылайша алдын ала дайындалған елтірін **малмаға** салады немесе *ui* жағып, иін қандырады.

Бірінші тәсіл бойынша, елтірін ашыған *айран*, *сарысу*, су қосып, сұйытылған *қатық*, суға арнайы езілген *құрт* сияқты *малма* немесе *ui* деп аталатын тұз қосылған қоймалжың құйылған көлемді ағаш (әдетте күбі) ыдысқа екі-үш тәулік бойы толық батырып қояды. Мұндай шара жаздыкүні жүзеге асырылатындықтан, ашыған *айран*, *сарысу*, негізінен сұйытылған *қатық* секілді *малма (ui)* түрлерінің бірі қолданылады. Осы мерзім ішінде *малмаға* батырылған елтірін арақидік қолмен сәл-пәл қозғап отырады. Елтірінің ішкі жағы сәл ақжемденіп, қалыңдағаны оның иінін қанғандығын білдіреді. Соңынан елтірін көлеңке жерге мүмкіндігінше керіп, кептіріп алып, бормен ағартады. Ал, елтірінің ұйысқан жүні қолмен уқалап өңдеу барысында-ақ жазылып, бұрынғы табиғи қалпына келе береді.

Екінші тәсіл – бірінші тәсілде қолданылатын жоғарыда аталған *малманың (идің)* кез келген түріне (бірақ, тарихи-этнографиялық әр түрлі мәліметтерге қарағанда, көбінесе айран немесе қатық) тұз қосып жаққан елтірін көлеңке жерге екі бүктеп екі-үш тәулік

бойы ұстайды. Бұдан кейін иі қанған теріні көлеңкеде қажетінше кептіріп алады. Сөйтіп, кептірілген елтіріні, жоғарыда айтылған бірінші тәсілге ұқсас үрдіспен борлап, тұрмыстық және шаруашылыққа қажетті материал ретінде қолмен уқалап, бабына келгенше өңдейді.

Үшінші тәсіл – тұз қосылған ашыған айран немесе сәл сұйытылған қатықты елтіріге қажетті мөлшерде жағып, екі-үш тәулік бойы көлеңке жерге жайып қояды. Елтірінің иін қандыру үшін *малманы (иді)* күнде жағып отыру қажет. Соңынан кептірілген теріні жоғарыдағы тәсілдер сияқты борлап, қолмен уқалап өңдейді.

Қазақ тарихи этнографиясын зерттеуге өлшеусіз үлес қосқан А.И.Добросмыслов қой мен ешкі терісінің, соның ішінде, елтірінің де иін қандырып, кептіргеннен кейін өңдеудің көшпелі қазақтар қолданған тағы бір ерекше тәсілі жөнінде ден қойдырар төмендегідей мәлімет келтіреді. Осы үрдіс бойынша, қазақтар кептірілген терілерді қаптарға салып, үй ішіндегі табалдырықтың алдына тастайды. Сөйтіп, үйге кіріп-шыққан адамдар әлгі қаптардағы теріні басып, әбден жұмсартып бабына келтіреді екен. Алайда, аталмыш тәсілді сипаттаған А.И.Добросмыслов алдына ала кептірілген терілерді арнайы өндегеннен кейін немесе өңдемей тұрып қолданылатындығы жөнінде ешқандай ақпар бермейді. Көшпелі ортадағы тері өңдеудің дәстүрлі технологиясының қисыны тұрғысынан, біздің ойымызша, бұл тәсіл тері арнайы өңделуден өткеннен кейін қолданылса керек. Осы тұрғыдан бұл үрдісті жеке тәсіл ретінде емес, жоғарыда аталған үш тәсілдің мүмкіндігінше қолданылатын жалғасы ретінде қарастырған жөн.

Көдеге жаратылуы. Дәстүрлі қазақы ортада елтірі көбінесе әйелдерге арналған ішік тігуге жұмсалатын. Ол елтірі ішік деп аталады. Әлихан Бөкейханның мәліметі бойынша, елтіріден *бөрік, тымақ, малақай* сияқты ерлер мен балалардың бас киімдерін және түйенің жабағысынан дайындалған *күлінің* жағасын тігуге, сондай-ақ, тұскілемнің (тұскиіз) шетін *әдіптеуге* пайдаланылған.

Кейбір тарихи-этнографиялық мәліметтерге қарағанда, елтірі жас балалардың сыртқы киімдерін – *кеудеше* және *көкірекше* дайындауға да негізгі материал ретінде қолданылды. Өкінішке орай, қазақы елтіріден жасалған аталмыш бұйымдар қазір мүлдем кездеспейді.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируется традиционное содержание понятия «елтірі» («мерлушка»). Описывается традиционная технология изготовления «елтірі» у казахов-кочевников, а также его использование в быту – в процессе пошива верхней одежды и головного убора и т.п.

ABSTRACT

The article analyzes the traditional content of the concept of «eltiri» (“lambskin”). The traditional technology of making «eltiri» among Kazakh-nomads, as well as its use in everyday life – in the process of outerwear and headdress sewing, etc. was described.

ЕСКЕРТПЕ

* Өкінішке орай, осы мәселені зерттеген экспедиция мүшелері Я.Я.Лус және Н.Н.Медведев *бесата (қарқаралы) қойы, алтай қойы, зайсан қойы, тама қойы, бағаналы қойы* сияқты ежелгі қазақы тұқымдары саулығы мен еркегінің әрқайсысының тірідей орташа салмағы жөнінде тиісті мәліметтерді келтірмейді. Сонда да аталмыш авторлар осы тұқымдардың, әсіресе, *жетісу қойы* мен *бесата (қарқаралы) қойының* жаратылыстарының ірілігімен дараланатындықтарын ерекше атап өтеді: *жетісу қойы* еркегінің шоқтығының биіктігі 71,5–84 см. аралығында, орта есеппен 75,75 см. (жүз бас қойды зерттеудің нәтижесі бойынша), ал *бесата қойы* еркегінің – 70–83 см., орта есеппен 71,45 см. (тоқсан сегіз бас қойды зерттеудің нәтижесі). Бірақ, Әлихан Бөкейханның жоғарыда аталған еңбегіндегі тиісті мәліметтерге сүйенсек, *бесата* қойының шоқтық тұсының биіктігі 18 вершок, яғни, 79,2 см. (бір вершок = 4,4 см.). Тиісінше, *жетісу қойының* аталмыш көрсеткіші, осы автордың айтуынша, жоғарыда аталған Я.Я.Лустың еңбегіндегі көрсеткіштен сәл төмен – 16 вершок немесе 70,4 см. Бірақ, екі автордың қисындарына мәселенің деректілігі мен дәйектілігі тұрғысынан зер салсақ, Әлихан Бөкейхан өз мақаласында аталмыш мәліметті қажетінше негіздеуге мән бермегендігі байқалады. Ал, Я.Я.Лустың еңбегіндегі аталмыш мәселенің ғылыми шешімі болса, Жетісудың әр түрлі аймақтарындағы сан алуан мәліметтерді өзара шендестіре зерделеуге негізделгеніне көз жеткізуге болады. Демек, соңғы автордың мәліметі шындыққа сәйкес.

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ДЕРЕК

Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; *Чорманов М.* О скотоводстве у киргизов Западной Сибири // Сельское хозяйство и лесоводство. СПб., 1883. №1. С. 39-50; *Чорманов М.* Заметки о киргизах Павлодарского уезда Записки // ЗСОИРГО Омск. Кн. XXXII. 1906. С.5-12; *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Типография П.Н.Жаринова, 1895; *Букейхан А.Н.* Овцеводство в Степном крае // Материалы по экономическому обследованию районов Сибирской железной дороги. Животноводство. Т.1. Вып.1. Томск, 1904; *Ищенко М.М., Казбеков И.С., Ларин И.В., Щелоков Б.К.* Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда. Отчет о работах почвенно-ботанического отряда казахской экспедиций АН СССР. Исследование 1926 г. Вып VI. Л.: Издание АН СССР, 1928; *Лус Я.Я.* Семиреченьская курдючная овца // *Добржанский Ф.Г., Лус Я.Я., Войтяцкий Б.П., Колесник Н.Н., Медведев Н.Н.* Домашние животные Семипалатинской губернии. Собрание статей под общей ред. Ю.А.Филиппенко. Часть II. Крупный и мелкий рогатый скот. 36 фотографии. Л.: Печатня, 1928. С.216-291; *Жилыкова В.С., Челелева А.К.* Основы каракулеводства. Алма-Ата:Кайнар, 1976; *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; *Бегманов Қ.* Этнографпен әңгіме (зерттеуші-ғалым Жағда Бабалықұлымен сыр-сұхбат). Алматы: Дәстүр, 2010; ҚӨТС. 5-т. Алматы: Дәуір, 2011. 245-246 б; *Нұрсан Әлімбайдың* қолжазбасынан; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТТІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ІС-ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ӨЛІМ ЖАЗАСЫ: ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ, ТҮРЛЕРІ, ЖАЗАҒА КЕСУ ҺӘМ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ ҮРДІСІ

Нұрсан ӘЛІМБАЙ,
ЭТНОЛОГ

Ілкімді сөздер: ата-баба жолы, бидің билігі, билер кеңесі, басымен тартатын жаза, малмен тартатын жаза, ар жазасы, «шектен шығып, шығандаған», «қан араластырылған», «ел шапқан, ел тыныштығын бұзған бұзақылар», «өріс бұзған», қаскүнем, «қанға қан, жанға жан», «қан шақырғандар», «құдайдан безгендер».

Қазақтың әдет-ғұрыптық құқығына арналған сан алуан еңбектерде көшпелі қазақ социумында ауыр қылмыс жасады деп есептелген адамды өлім жазасына кесудің дәстүрлі құқықтық һәм негізі мен негіздемесі, осыған байланысты үкім-кесім шығару жосыны және аталмыш жазаның орындалу реті ерекшелік қана айтылғаны болмаса, арнайы зерттеудің еншісі болған емес *.

Оның үстіне осы өзекті мәселемен айналысатындардың күллісі қазіргі заманда қалыптасқан заң ғылымының өкілдері болғандықтан, тиісті зерттеулерде бұл тақырыптың дәстүрлі қазақы ортаға тән этникалық қыры ашыла қоймаған десек асырып айтқандық болмас. Осыған орай ерекше екшеп айта кетер жайт – әлемдік ғылыми тәжірибенің контексті осы салаға байланысты мәселелерді қазіргі заманғы ғылымның өскелең талап-талғамына сай дендеп зерттеу үшін, өкінішке орай, біздің елде мүлдем орнықтамаған нормативтік этнологияның (құқықтық антропологияның) методологиялық ұстанымдарын ғана қолданудың мейлінше қажеттілігін міндеттейді. Өңімізге аталмыш мәселені зерттеу желісін қазіргі заң ғылымының қалыбына салып, жүргізудің әдет-ғұрыптық құқықты зерттейтін нормативтік этнологияға (құқықтық антропологияға) қарағанда, «менмұндалаған» теориялық-методологиялық осалдығы жөнінде болып отыр.

Өлім жазасы – басқа дәстүрлі қоғамдардағы осы құралыптас үрдіс сияқты көшпелі қазақы ортада да қылмысты деп танылған адамға қолданылған ең ауыр жазаның түрі. Өлім жазасына социумның ежелден орныққан тәртібіне, яғни «ата-баба жолының» жан баласы шөк келтірмес ұстанымдарын өздерінің шектен шыққан дейтіндей іс-әрекеттерімен өрескел бұрмалады деп есептелгендер кесіліп отырды. Жаза атаулының аса ауыр әрі күрделі түрі болғандықтан, ол бидің билігінің ең жоғарғы ұйымдық формасы (деңгейі) – билер кеңесінің үкім-кесімімен

ғана тағайындалатын. Өлім жазасы қазақтың әдет-ғұрыптық іс-тәжірибесіндегі жазаның ежелден қалыптасқан жіктемесі бойынша, қалыптасқан барлығы үш жазаның ішінде *басымен тартатын жаза* түріне жатқызылды (екіншісі – *малымен тартатын жаза*, үшіншісі – *ар жазасы* деп аталады).

Сан алуан деректер әрбір тарихи кезеңдегі әртүрлі факторлардың, әсіресе, сыртқы әсердің тегеурінді ықпалымен өзгеріске түскен көшпелі қоғамдағы әдет-ғұрыптық құқықтың да, соның ішінде, қарастырылып отырған өлім жазасының объектілік және субъектілік мән-мағынасы, мақсаты, қолданыс аясы, тәртібі һәм тәсілдері тиісті өзгерістерге ұшырап отырғандығын айғақтайды. Осы қисынға сәйкес дәстүрлі қазақы ортада өлім жазасының қолданылу тарихын шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады:

– біріншісі – әйгілі өз-Тәуке ханның «*Жеті Жарғысының*» ұстанымдары мен нормаларының (принциптерінің) қолданысқа енгенге, яғни шамамен XVII ғ.-дың аяқ шеніне дейінгі уақытты қамтиды;

– екіншісі – аталмыш «*Жеті Жарғының*» ұстанымдары мен нормаларының (принциптерінің) әдет-ғұрыптық құқықтың іс-тәжірибесінде қолданыста болған кезеңі – XIX ғ.-дың 60-жылдарының басымен шектеледі (XIX ғ.-дың 60-жылдарынан бастап қазақ елkesінде орыстың отаршыл әкімшілігі күштеп жүргізген сан алуан әкімшілік-территориялық, шаруашылық-экономикалық, саяси-әкімшілік, соның ішінде сот реформаларының нәтижесінде қазақы ортадағы әдет-ғұрыптық қатынас мүлдем өзгерді. Сөйтіп, осы кезден бастап қылмыс, әсіресе, ауыр қылмыс жасаған деп есептелген қазақтар орыс заңы бойынша жауапқа тартылғандығын қаперге саламыз).

Төменде совет кезеңіне дейінгі орыс деректері мен әйгілі Саққұлақ бидің қолжазбасы, сондай-ақ сирек болса да, қазақ тілінде жеткен басқа мәліметтер бойынша, аталмыш бірінші кезеңде дәстүрлі қазақы ортада субъектілері өлім жазасына кесілген «ата-баба жолына» түбегейлі кереғар іс-әрекеттер және тиістісінше өлім жазасының атқарылу түрлері беріліп отыр:

– кісі өлтіргені үшін «*қанды қол*» немесе «*қан-ішер*» атанған адамның өлім жазасы *аспақтау, тұншықтыру, ұраға қамау, ат құйрығына таңу, ат көтіне байлау, атқа сарпастау, тас боран ету* және т.б. тәсілдермен жүзеге асырылды;

– біреудің әйелін, қызды, әсіресе, атастырылған

оң жақта отырған қалыңдық аталған қызды зорлаған қылмыскер, әдетте, *тас боран етіп* өлтірілетін немесе өртелетін;

– бір рудың тек-тамыры жетіаталық генеалогиялық желістен аспаған ер адамы (жігіт) мен әйелдің (қыздың) жыныстық қатынасқа түсуі өте ауыр қылмыс болып саналды. Мұндайда ер адам да, әйел де әдет-ғұрыптық құқықтың ежелгі жіктемесі бойынша, «қан араластырған» деп есептеліп, *тас боран ету, өртеу, ат құйрығына байлау* сияқты ауыр жазалардың біріне ұшырайтын;

– зинақорлық жасағаны үшін үйлі-баранды ер адам да, әйел адам да *аспақталу* немесе *ат құйрығына байлау* жазасына кесілді. Деректерге қарағанда, XIX ғ.-дың бірінші жартысына дейінгі кезеңде осындай қылмыс жасағандар кейде *садақпен ату* немесе *тас боран ету*, өлтіру жазасын алатын;

– көш пен ауылды шауып тонағаны үшін қарақшы (қарақшылар) әдет-ғұрыптық жіктеме бойынша, «ел шапқан, ел тыныштығын алған бұзақылар» ретінде *ат құйрығына байлау* немесе *қазыққа қағып өлтіру* жазасы кесіліп отырды;

– өріс бұзғаны үшін қылмыскер (қылмыскерлер) *аспақталды* немесе *ат құйрығына байлау* жазасын алатын;

– үш рет ірі ұрлық жасағандар да ауыр қылмыс жасап «*шектен шыққандар*» ретінде *отқа өртелді* немесе *аспақталды*;

– «құдайдан безгендерге» *тас боран ету* жазасы қолданылды;

– әйелі ерін өлтіргені үшін *тас боран ету* жазасына ұшырады немесе өртелу жазасына кесіліп отырды;

– әйел некеден тыс тапқан нәрестесін өлтіргені үшін *тас боран ету* немесе *ат құйрығына байлау* жазасын алады;

– біреудің үйін және мүлкін әдейі өртеген кезде оның иесі күйіктен қаза тапса, қылмыскер *өртелетін* немесе *аспақталатын*;

– біреудің әйелін зорлықпен әйел еткені үшін қылмыскер *аспақталып* отырды;

– алдын ала жасалған келісім бойынша, қызметші өзінің мырзасын сатып жібергені үшін әлгі қылмыскер де, сатып алған адам да *аспақталатын* немесе *ат құйрығына байланатын*;

– керуен шауып тонағаны үшін қылмыскер мен оның сыбайластары «ел шапқан, ел тыныштығын бұзған бұзақылар» ретінде *ат құйрығына байлану* немесе *садақпен ату* жазасына кесілетін;

Сонымен бірге XIX ғ.-дың 20-жылдарына дейінгі кезеңдегі қазақтың әдет-ғұрыптық құқығын дендеп зерттегендердің бірі Д.Я.Самоквасовтың мәліметіне қарағанда, жоғарыда аталған іс-әрекеттердің субъектілерінен басқа әдет-ғұрыптық құқықтың нормалары мен принциптеріне сәйкес төмендегі көшпелі орта шектен шыққан, «*ата-баба жолына*» мүлдем кереғар деп есептеген қылмыстарды жасағандар да



Сарпастау.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі материалдары бойынша.
Суретті салған Б.Досымов.

билер кеңесінің үкім-кесімімен өлім жазасына кесіліп отырған сыңайлы:

– егер кімде кім Құдайға тіл тигізгенді ести немесе біле тұра оны таспен ұрып өлтірмесе немесе осы жайт жөнінде басқа адамдарға айтпаса, ол билер кеңесінің алдында өзінің руластарынан төрт адамның куәлік етуімен (жан беру анты арқылы) әртүрлі 27 бас, соның ішінде бір түйе айып төлеуге кесілді. Мұндайда айыпты руластары бөліп төлейтін. Егер қылмысты деп есептелген адам мен оның руластарының әлгі айыпты төлеуге мүмкіндігі болмаса, ол аспақталатын.

– егер Құдайға тіл тигізгеннің күнәсін дәлелдейтін жеті айғақ болмаса, оның руынан төрт адам *жан беруі* тиіс. Сонда ғана әлгі күнәһар деп есептелген адам жазадан құтылу мүмкіндігіне ие болатын. Алайда, әлгі *жан беруге* тиісті төрт адамның бірі бас тартса, күнәһар асып өлтіру жазасына кесілетін;

– егер Құдайға тіл тигізді деп есептелген адам адал, таза, бес намазын қаза етпей атқарып жүргендігі белгілі болса және оны айыптайтын куәлер болмаса, онда айыптаушының жағынан төрт адам *жан беруі* тиіс. Алайда әлгі төрт айғақтың біреуі *жан беруден* бас тартса, құдайға тіл тигізген деп айыпталған адам да, айыптаушы да өлім жазасынан және басқа жазалаулардан босатылатын. Бірақ осы төрт айғақтың бәрі айыптаушы үшін *жан беруден* бас тартса, айыптаушының өзі 27 әртүрлі мал басын төлеу, яғни үш тоғыз төлеу жазасына кесілетін;

– егер айыптаушы Құдайға тіл тигізді деп есептеген адамның күнәсіз екені анықталса немесе айыптаушы өзінің жала жапқандығын мойындаса, ол 27 бас әртүрлі түлік, яғни үш тоғыз айып төлеуге кесілді.

Сонымен бірге Семей, Қарқаралы, Павлодар уездері қазақтары арасынан әдет-ғұрыптық құқық жөнінде жинақтаған материалындағы (П.Е.Маковецкий жүйелеп өңдеген) өте құнды мәліметі бойынша, бұрын (яғни орыс отаршылдығына дейінгі кезеңде – Н.Ө.) ұзақ уақыт бойы қолайлы сәт туған кезде діттеген кісісін өлтіруді көздеген адамның әлгі қанқұйлы пиғылы әшкере болса, ол **«қаскүнем»** деген жаман

атаққа қалып, билер кеңесінің үкім-кесімімен өлім жазасына кесілді. Оның үстіне ауылы тәркіленіп, өлтірілуі тиіс адамның пайдасына 50 түйе, яғни ер адамның құны өндірілетін.

Деректерге қарағанда, дәстүрлі қазақы ортаның ертеден орныққан әлеуметтік жіктемесі бойынша, төре тұқымы, соның ішінде хан, сұлтан, сондай-ақ қожаның құны жеті қарашаның құнына тең болған. Осыған байланысты аталған ақсүйек тұқымының қай-қайсысы болмасын қарашаның қолынан мерт болса, әлгі «қанды қолдың» өзімен қосып есептегенде жеті руласы билер кеңесінің үкім-кесімімен өлім жазасына кесілді. Алайда әз-Тәуке ханның әйгілі **«Жеті Жарғысы»** қолданысқа енгеннен кейінгі кезеңде әлгіндей қылмыс жасаған адам енді жеті қарапайым қарашаның құнын, яғни 7000 қой немесе 700 жылқы, болмаса 350 бас түйе төлеуге кесілетін (бірақ кейбір мәліметтер бойынша, мысалы, Л.Ф.Баллюзектің материалына қарағанда, сұлтанның құны 2000 қойға немесе 200 жылқыға, түйе басына шаққанда 100-ге тең болған екен).

Деректер ханды өлтірген қарашаны жазалаудың сирек те болса төмендегідей өзіндік тәсілі қолданыста болғандығын көрсетеді. Оның мәні – ханды мерт қылған қарашаға құн жазасы мен ежелгі **«қанға қан, жанға жан»**, яғни ертеден орныққан дәстүрін толық сақтаған әлеуметтік жүйенің барлық типіне тән талион принципіне негізделген жаза қатар қолданылды. Л.Ф.Баллюзек жариялатқан мәлімет бойынша, Кіші жүздің ханы Әбілқайырды өлтірген – Орта жүздің батыры Сырымбет. Осы істің ақ-қарасын тергеген әйгілі Төле би төбе билік еткен билер кеңесінің үкім-кесіміне сәйкес Әбілқайырдың баласы Ералы сұлтан Сырымбет батырды өз қолымен өлтіріп, үстіне екі құн алғаннан кейін қалған төрт құнды кешірген деседі (осы жайт қарастырылып отырған материалда мейлінше айғақты ақиқат екендігі ерекше аталып көрсетілген. Расында да, Л.Ф.Баллюзектің өзі ерекше атап көрсеткендей, осы материалды тікелей жинақтаған қазақ сұлтандары мен билері екенін, әсіресе, бұл іске орыс армиясының штабс-ротмистрі





Қылмыскерді ат құйрығына байлау жазасы.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов.

атағын алған сұлтан Сейдалиннің айрықша еңбек сіңіргенін ескерсек, аталмыш фактінің тарихи шындық екеніне еш күмән тумаса керек. Алайда ерекше назар аударарлық бұл факт күні бүгінге дейін арнайы зерттеудің еншісі болған емес).

Сонымен, бірінші кезеңде жоғарыда аталған дәстүрлі қазақы ортада ежелден орныққан анықтама-жіктеме бойынша, «*шектен шығып шығандаған*» іс-әрекеттердің субъектілеріне кесілген өлім жазасымен оның түрлері, біздің ойымызша, *бидің билігінің* іс-тәжірибесінде толық қолданыста болған сыңайлы. Осы кезеңде Ресей империясының бодандығына түсе қоймаған қазақ қоғамының қалыпты тіршілігін қамтамасыз етудің бірден-бір кепілі – ежелден жасап келе жатқан «*ата-баба жолының*» ұстанымдарын «іштен ірітер» әлгі шектен шыққан іс-әрекеттердің субъектілерін өлім жазасына кесілу үрдісін социумның қорғаныс механизмінің іске қосылуы ретінде бағамдаған ләзім.

Ал екінші кезеңде «*Жеті Жарғының*» қағидалары мен нормаларының *бидің билігінің* іс-тәжірибесіне енуіне байланысты жоғарыда аталған өлім жазасының орнына құн жазасын қолдану жосынын сыртқы және ішкі факторлардың әсеріне байланысты көшпелі социум үшін жаңадан туындаған тарихи қажеттілік, яғни жаңа ахуалға бейімделу стратегиясы ретінде қарастыруға болады.

Дегенмен, кейбір деректер, әсіресе, қазақ тіліндегі мәліметтер жоғарыда аталған қылмысты істердің «*ата-баба жолының*» ұстанымдарына ерекше қауіп төндіреді деп есептелген біраз түрлеріне аталмыш екінші кезеңде, тіпті орыс отаршыл тәртібінің дендеп орныққан уақытында да өлім жазасының қолданылып отырғандығын айғақтайды. Мысал ретінде Мұхтар

Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Қодар мен Қамқаға қатысты әйгілі сюжетті айтуға болады. Расында да, дәстүрлі қазақы орта үшін атасының келінімен көңілдес болуы «*ата-баба жолының*» ешкім шәк келтірмес ұстанымдарын қорлаған сұмдық жайт еді. Өйткені бұл одағай оқыс жайт онсыз да орыстың отаршыл жүйесінің уытты уысына мықтап түсе бастаған қазақ социумын іштен ірітер тозақы кептің бірі болды. Демек, осы гәпті жан-тәнімен түсініп, мейлінше ауыр қабылдаған Құнанбайдай ұлық бидің әлгі «*қан шақырғандарды*» өлім жазасына аяусыз кесуге үзілді-кесілді шешім қабылдауын, һәм оның атқарылу ретін, жоғарыда айтылғандай, қазақ социумының қорғаныс механизмінің іске қосылу үрдісі ретінде бағамдаған жөн. Осы ретте ерекше екшеп айтар гәп – әлеуметтік-мәдени антропологияның қисынына салсақ, бүкіл бір ру елдің тағдыр-талайының бар жауапкершілігін өзіне жүктеген өз ортасының «*бел баласы*» Құнанбай бидің өзі, түптеп келгенде, көшпелі ортадағы әлеуметтік қатынастың **тұлғалық түзілісі** болып табылады. Яғни, оның қоғамдық мүддені қорғауға бағытталған бүкіл қарекеті, соның ішінде жоғарыда айтылған Қодар мен Қамқаға байланысты би ретінде қабылдаған үкім-кесімі, сайып келгенде, қазақ социумының «*ата-баба жолының*» қағидаларын қатаң ұстануға бағытталған тұлғаланған (персонификацияланған) функциясы деуге де болады.

Сонымен бірге, жоғарыда аталған «*шектен шығып, шығандаған*» іс-әрекеттерге барған қылмыскерлерді өлім жазасына кесу үрдісінің себеп-салдарын көшпелі ортада ежелден жасап келген әдет-ғұрыптың құқықтық функциясы тұрғысынан зерделегенде, төмендегідей жайттарды да ерекше ескерген ләзім:

қылмыскер санатына жатқызылған адамдар аталмыш жазаға қылмысты деп есептелген тиісті іс-әрекеттердің тікелей субъектілері ретінде емес, жауыздық әкелетін әлдебір тылсым күш иелерінің азғыруымен социумның азғындық жолға түскен жандары ретінде кесіліп отырғандығын аңғаруға болады. Өйткені көшпелілердің пайымдауында, жан баласын қылмысқа итермелейтін оның арам пиғылы емес, жан дүниесін иектеген зиянкес күштер. Қазан төңкерісіне дейінгі деректерде айтылатындай, дәстүрлі қазақы ортада кез келген қылмыскердің қылмыстық іс-әрекет жасауын «шайтан азғырды», «нәпсі қуды», «аруақ атты» деген сияқты тылсым күш иелерінің зиянкес іс-әрекетімен ғана байланыстырып отырғандығы сондықтан болса керек.

РЕЗЮМЕ

В статье изучены типы преступлений в кочевом социуме казахов, которые, согласно канонам обычного права, считались наиболее тяжкими. При этом описываются виды и способы смертной казни, а также механизмы приведения ее в исполнение в соответствии с нормами и принципами обычно-правовой практики у кочевников.

ABSTRACT

The article examines the types of crimes in the nomadic society of the Kazakhs, which according to the canons of customary law is the most serious. It describes the types and methods of the death penalty, as well as mechanisms for its enforcement in accordance with the rules and principles of customary law practice among nomads.

ЕСКЕРТПЕ

* Осы жолдардың авторының «Қазақ тарихының» 2018 жылғы 8-нөмірінде көшпелі қазақ қоғамындағы билік жүргізу (бидің билігі) үрдісіне арналған мақаласында қылмысты деп есептелген адамдарды әртүрлі жаза түрлеріне, соның ішінде, өлім жазасына кесудің әдет-ғұрыптық құқықтық негіздемесі қарастырылған еді. Осыған байланысты төменде ұсынылып отырған мақалада бұл мәселе реті келген жайт болмаса, арнайы қарастырылмайды.

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ДЕРЕК

Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; Броневский С.Б. Записки о киргиз-кайсаках Средней Орды // Отечественные записки. 1830. Ч.41. Кн. 119. С.400-420; Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона (материалы по обычному праву казахов, собранные опубликованные под руководством военного губернатора Тургайской области Л.Ф.Баллюзека) // ЗОО ИРГО. Вып. II. Казань: Университетская типография, 1871. С.45-167; Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Область Сибирских киргизов. Ч.3. Составил подполковник генерального штаба М.Красовский. СПб.: Тип. Владимирская, 1868; Материалы для изучения юридических обычаев киргизов, [систематизированные почетным членом Семипалатинского областного статистического комитета П.Е.Маковецким]. Вып.1. Материальное право. Омск: Тип. Окруж. Штаба, 1886; Крахалев А. Суд и следствие у киргизов Сибири // Юридический вестник. Т.28. Кн.1 (май) 1888. С. 23-48; Изразцов Н. Обычное право (адат) киргизов Семиреченской области. II. Союз родителей и детей. III. Союз родственников. IV. Союз родовой // ЭО. 1897. № 4. С.1-36; Добросмыслов А.И. Суд у киргиз Тургайской области в XVIII-XIX веках. Казань: Тип. Импер. университета, 1904; Словохотов Л.А. Народный суд обычного права киргиз Малой орды // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. XV. Оренбург, 1905. С.21-156; ЦГИА РФ. Ф. 1374. Оп.2. Д.1753. О наказаниях, предусмотренных для киргиз-кайсаков в случае совершения ими тяжких преступлений. 1799 г.; Там же. Ф.408. Оп.1. Д.430. Сборник киргизского обычного права. 1913 г.; Культепеев Т.М. Уголовное обычное право казахов (с момента присоединения Казахстана к России до установления советской власти). Алма-Ата: АН КазССР, 1955. 48 с. Культепеев Т.М. Обычное право казахов в XVIII – первой половине XIX века. Алматы: Наука, 1981. 227 с. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-2-том. Алматы: Жазушы, 1986; Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1-4 кітап. Алматы: Жеті жарғы, 1997; ӘЛІМБАЙ Нұрсан. Көшпелі қазақ қоғамындағы билік жүргізу (бидің билігі) үрдісі: негізгі ұйымдық түрлері (институттары), ұйымдастырылуы және жүзеге асу жосыны // Қазақ тарихы, Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. 2018. №8. 3-17-бб.; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі материалдарынан.

АВТОРЛАРҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

СҰРАҚ ТҮСА, САЙТТЫ ҚАРАҒЫЗ!

“Қазақ тарихы”, “Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл” журналдарына ортақ жаңа сайт ашылғанын бұрын хабарлағанбыз. Сайттың интернеттегі тұрағы: kaztar.kz Кіріп көріңіздер. Тілін білген кісіге интернет пен сайттың қыруар шаруаны жеңілдететінін естен шығармаңыздар!

Сайт жеті бөлімнен тұрады және әр бөлімде оқырманға пайдалы ақпарат ұсынылған. Бөлімдер «Басты бет», «Фотокөрме», «Журнал туралы», «Мақала жариялау», «Мұрағат», «Қазақ тарихы» баспасы, «Байланыс» деп аталады. 2-бөлімі – қос журналдың тарихынан

естеліктер ұсынатын «фотокөрме» деп аталса, «Қазақ тарихы баспасы» бөлімінде бұған дейін шығарылған кітаптардың мұқабасы берілген. Кітап шығарғысы келген авторлар соған қарап өз таңдауын жасай жатар. Жіі қойылатын сұрақтардың жауабын да, жазылу мен мақала жариялаудың талабын да, редакцияның тұрағы мен телефонын да осы бөлімдерден табасыздар. Тіпті «Байланыс» бөлімі арқылы бірден редакцияның элпоштасына хат жаза да аласыз. **Ендеше көкейіңізде кез келген сауал туса, бұрынғыдай редакция қызметкерлерін мазаламай, сайтқа жүгініңіз.** Мұқият танысып, кейбір түйткілді нақтылау үшін ғана редакцияға хабарласыңыз.

ЖҮЗІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ АТАУЛАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СЕМАНТИКАСЫ

Рүстем ШОЙБЕКОВ,
филология ғылымдарының докторы,
ҚР Мемлекеттік орталық музейі антропология және
этнология орталығының бас ғылыми қызметкері

Ілкімді сөздер: дәстүр, мотив, наным-сенім, этно-мәдени семантика, этнографиялық деректер.

Қазақ зергерлерінің қолынан шыққан әшекейлердің ең көбі қыз-келіншектерге, әйелдерге арналған алуан түрлі жүзіктер болған. **Жүзік** – бауырдағы таза күміс пен алтыннан соғылып, саусақтың сыртына қараған бетіне асыл тастан көз қондырылған, көлемі мен салмағы, пішіні әртүрлі болып келетін, көбінесе бір саусаққа сұғатын бір бауырдақты кейде екі саусақты (ертеректе тіпті үш, төрт саусақты) қатар сұғып киетін қос сақинасы (екі бауырдағы бар), әрі бетінде бір немесе бірнеше көздері бар саусақ әшекейі.

Қазақ салтында қолына жүзік салмайтын қыз-келіншектерді кездестіру мүмкін емес десе де болады. Этнографиялық деректер басқа халықтарда да әйелдердің жүзіксіз жүрмегендігін көрсетіп отыр. Кейбір этнографтар міндетті түрде жүзік тағу салтын жалпы мұсылмандық дәстүрмен байланыстырады. Атақты парсы-тәжік ақыны, математик, философ Омар Хайям (1048-1122) жүзік тағу салтына байланысты былай деп жазған: *адамдарда жүзіктен басқа әшекейлердің бірі болуы немесе болмауы да мүмкін. Жүзіксіз жүруге өсте болмайды.* Міндетті түрде жүзік тағу салты тек мұсылмандық дәстүрге байланысты шыққан деуге болмайды. Бұл – сонау көшпелі салтаттылар (сақ-үйсін дәуірі) мәдениетінен бастау алатын үрдіс. Өйткені, жүзік тағу үрдісінің өзіндік идеологиялық және ғұрыптық негізі болды.

Тарихи дамудың белгілі бір кезеңдерінде сәндік бұйымдар мыс, күміс, алтыннан соғыла бастағанда-ақ асыл тастарды сол бұйымдарға орнатуға көңіл бөліне бастады.

Әшекей заттар күміс пен алтыннан соғылмай тұрып, адамдар асыл тастарды тұмар ретінде жекелеп те, тізбек күйінде де пайдаланып келді. Адамның көз жауын алып жалтырап тұратын алтын мен күмісті де ертедегі адамдардың қасиетті санағандығы тарихи-археологиялық деректерден мәлім. Кейінірек асыл тастарды күміс немесе алтын бұйымдарға қондыра бастады. Ежелгі наным-сенім бойынша, алтын мен күміс әшекейлерге қондырылған асыл тастар адамдардың әлеуметтік статустарын айғақтайтын функция атқарып қана қойған жоқ, олардың әрқайсысының бойтұмарлық сақтандыру қуаты да болды. Мысалы, *маржан* адамды азғындаудан сақтайды, *інжу* көзді шел басудан қорғайды, *құлпырма* тас көз тиюден қорғайды, *ақық* адам бойынан қорқынышты қашырады, ол адамға мол бақыт әкеледі.

Демек, асыл тастан жасалған көзі бар алтын мен күміс әшекейлер, бұйымдар әлеуметтік-идеологиялық және эстетикалық функция атқарып қана қойған

жоқ, адамды әртүрлі қауіп-қатерден, тіл-көзден, ауру-сырқаудан сақтайтын «*жебеуші, қорғаушы тұмар*» ретінде пайдаланылды. Мұның осындай сан алуан этнографиялық қыр-сыры бүгіндері мүлдем ұмытылды десе де болады.

Жүзіктің көзіндегі тасын ертеде қас деп атаған. Бұл атау Батыс Қазақстан аймағындағы қазақтардың арасында қазір де сақталып отыр. Жүзіктің осындай тасы туралы атақты саяхатшы Н.М.Пржевальский түркістандықтардың нефритті қас немесе қас тасы деп атағандығын, сол тас қондырылған білезік өлген адамның қолына тағылса, оның денесі шірімейді-міс деген наным-сенім болғандығын айтады.

М.Қашқари өзінің әйгілі «Дивани луғат-ит түрк» атты еңбегінде: *қас – асыл тас. Оның ағын жүзікке көз қылып тағатынын, бұл тасты сол кездегі адамдардың құрғақшылықтан, жай түсуден сақтайды деп есептейтіндігін атап өтеді.*

Ертеректе қазақтар басқа халықтар сияқты жүзікті ғажайып сиқыр, күш иесі деп түсінген. Мысалы, бір аңыз бойынша, *баланың жүзігі ғажайып жүзік екен. ...Жүзікті әкесіне лақтырып жібереді, әкесі қағып алады. Сонда астындағы аты күншілік жерге жетеді екен...* (Қазақ ертегілері. 1-том. Алматы, 1957, 58-б.).

Шығыстың бір аңызында жүзіктің ақылы ауысқан әйелге қалай әсер еткені жөнінде айтылады. Аңыз бойынша, *Бұхарда бір жынды әйел болыпты. Оған өзге әйелдер туісіп, мазақтайды екен. Бір күні үйде ерігіп отырған олар әлгі әйелге шайы көйлек кигізіп, құлағына сырға, саусағына жүзік тағып, жасандырыпты да: «Біз сені күйеуге береміз», – депті. Ал жынды әйел болса өмірінде мұндай әшекейді тақпақ түгіл көрмеген де екен. Кенет осылардың бәрін ол әйел өз бойынан көргенде, сау адамның сөздерін айта бастапты. Оны көріп отырғандар алғашында ауру әйел сауығып кеткен екен деп ойлап қалады. Алайда біраздан соң әйелдің үсті-басынан әлгі салтанатты киімдер мен әшекей бұйымдарды сыпырып алғанда, ол қайтадан ақылы ауысқан адам кейпіне түсіпті.*

Қазіргі тілімізде сақталып отырған «*Жүзігі барда – Сүлеймен, Жүзігі жоқта – сүмірейген*» деген мәтел мен «*Сүлейменнің жүзігіндей*» сияқты сөз орамы жүзіктің тылсым қасиеті бар деген осындай наным-сенімге байланысты қалыптасса керек. Сүлеймен пайғамбар жүзігінің сан алуан құдіретті күші жөніндегі наным-сенім қазақ ауыз әдебиетінің кейбір жанрларының мотивтік желісіне айналды. Мысалы:

*Жүзігін Сүлейменнің суға салсаң,
Шығады менің жаным сандығымен...*

(*Ғашық наме. Алматы, 1979, 34-б.*).

Қасиетті деп саналған қасты жүзіктер мен

білезіктер біздің заманымызға дейін келіп жетті. Тілімізде *қасты жүзік*, *қос қасты жүзік*, *бес қасты жүзік*, *қас сақина*, *қасты білезік* деген атаулар сақталған. Мұндай атаулар, әсіресе, Қазақстанның батыс облыстарында кездеседі.

Жергілікті тілде *қас* – зергерлік бұйымдарға салынатын түсті тас. Үстіне қас орнатылған сақинаны *қас сақина* дейді. Башқұрт, татар тілдерінде де *қас* «тас», «асыл тас» мағыналарында қолданылады. Мәселен, татар халқында *ахах кашлы йөзек* (перстень с сердоликом), *зөбәржат кашлы йөзек* (перстень с изумрудом) *берлиант кашлы йөзек* (перстень с бриллиантом) тәрізді жүзік атаулары кездеседі.

Түрікмен халқының дәстүрлі наным-сенімі бойынша, әсіресе, *ақық* ерекше қастерленген. Себебі ол тастар иесінің алға қойған мақсатына жәрдем береді, ұрыста жауына қорқыныш, үрей туғызады, жүрек дүрсілін басады немесе оны болғызбайды. Сондықтан түрікмендер бұрынғы кездері қанжар мен пышақ қындарын *ақық* көзді етіп әшекейлеуге тырысты. Ал түрікмен әйелдері әшекейлерінің ішінде, әсіресе, *ақық* орнатылған түрлері ерекше басым болды. *Ақық* тасымен ер-тұрман жабдықтары да безелген. Татар халқы *ақық*, *березе* (көктас, бирюза) көзді жүзіктер адамға қас күштерді жолатпайды деп есептеген.

Ертеде Шығыс елдерінде патшалар жүзіктің екі түрін – жақұт тасты және березе тасты түрін таққан. Өйткені жақұт асыл тастардың патшасы болып есептелген. Ол нұрланып тұрады. Оған от дарымайды және оның алмастан басқа барлық тасты кесе алатын қасиеті, сонымен бірге тосын ауру мен апаттардың алдын алатын қуаты бар деп саналды. Ал березенің, ежелгі түсінік бойынша, сұқ көзден және қорқынышты түс көруден сақтайтын қасиеті бар. Мұндай жүзіктердің түр-түсіне қарап түс жорушылар, алдағы күндерге болжам айтушылар болған. Олар патшалар әмірінің ұзақтығы мен мәртебесіне, ұлықтардың абырой-беделіне, патшалардың жеңісі мен табысына жол ашады. Жүзіктің осындай қадір-қасиеттеріне байланысты Шығыс, Орта Азия елдерінде аңыз әңгімелер көп сақталған. Сондай аңыздардың бірінде Ескендір Зұлқарнайынның (Александр Македонскийдің) түсіне кірген жүзік туралы айтылады. Аңыз бойынша: *Ескендір жер-жананды жаулап алуды көксейтін түрлі түстерді көрген екен. Солардың бірінде жәми жаған оның саусағына жүзік болып тағылғанға ұқсайды. Бірақ бұл жүзіктің тасы болмапты. Түсінде көрген осы жүзік жайында Аристотельден сұрағанда, ол: «Сен жананды жаулап аласың, бірақ одан саған келер-келер пайда жоқ, себебі жүзік – мемлекет, ал тасы – оның сұлтаны», – деп жорыпты.*

Орта Азия халықтарының байырғы наным-сенімдері бойынша жүзіктің көзі адам тағдырымен, оның бұл пәнидегі тіршілігімен тығыз байланысты. Осы ежелден қалыптасқан түсініктің дәйегі іспеттес бір аңыз сюжеті былай деп таратылады: *«Сарай бағында орындықта отырған патшаның саусағындағы жүзіктің березе көзіне кенеттен әлдеқайдан ұшып келген оқ тиіп, оның тасы жан-жаққа бытырап шашылып кетеді. Оқтың өзі анадай жерге барып шаншылып тұрып қалады. Бұл садақ оғының қайдан атылғанын ешкім біле алмайды. Іздесе де нәтиже шықпайды. Болған оқиға березе көзді жүзік таққан әлгі патшаның есінен шықпай қояды. Ол мұның себебін сарайдағы көріпкелдер мен ғалымдардан сұрағанымен олардың ешқайсысы мардымды ештеңе айта алмайды. Ал мұны жаман*

ырымға жорыған адамдар өз болжамын патшаға батылы барып айта алмайды. Көп ұзамай әлгі адамның дәм-тұзы таусылады».

Мәртебелі лауазым иелерінің тағдырына байланысты тағы бір аңызда жүзік тасының жоғалып қалуы иесіне жамандыққа көрінгені жөнінде баяндалады: *(Мұхамбет Әмин (809-813 жылдардағы аббасилер халифасы). Өзінің халифалық дәуірінде бір күні бақ ішіндегі әуіз жанында отырып саусағындағы өткір көзді жүзігін айналдырып, мақал болып кеткен мына бәйітті оқыды: «Біз ізетті ерлердің басын жарамыз, өйткені олар бізден де зұлымырақ». Бұл арада ол өзіне қарсы келіп жүрген Мағмұнды еске алып отыр еді. Осы сәтте қасындағы кәнизагына ашуланып, оны жүзікпен салып қалды. Жүзіктің көзі (тас) атылып кетіп, тас та, жүзік те әуізіндегі суға түсіпті. Қаншама адам суға түсіп іздесе де, әуіз суын құрғатса да, жүзіктің тасы табылмай қойыпты. Тас орнына ақ тастан көзі бар жүзік табылыпты. Сөйтіп, көп ұзамай бір көзі көр іспеттес Тахир келіп, соғыс ашып, әлгі патшаны өлтіріпті».*

Жүзіктің этнографиялық мән-мағынасы осы айтылғанмен ғана шектелмейді. *Жүзік* деп аталатын осы әшекейдің этномәдени семантикасына үңіліп, оны тарқатар болсақ, онда осы бұйымның қазақтың өткендегі тұрмыс-салтында атқарған қызметінің тұтас жүйесімен толығырақ танысуға болады.

Айта кету керек, жүзікті саусаққа салудың да өзіндік дәстүрі болды. Мысалы, қазақта жүзікті бұрын көбінесе аты жоқ саусаққа, сұқ саусаққа, кейде шынашаққа да таққан. Біраз халықтардың салтында жүзікті ортаңғы саусаққа салмайды, тек *бес білезік* деп аталатын білезік жүзіктерін ғана бес саусаққа қатар кие беретін. Мысалы, құмықтарда жүзікті ортаң қолға тағу әдеті жоқ. Өйткені, олар ортаңғы саусаққа жүзік таққан әйелдің немесе қыздың ағасы өліп қалады деп есептеген. Ноғайлардың салтында да жүзікті ортаңғы саусаққа салмайды. Әр халықта осы тәрізді әдет-ғұрыптар кездеседі.

Жүзіктер бұрын-соңғы дәстүрлер бойынша адамдардың бір-біріне сый-сияпат көрсету, сәлемдеме жіберу, естелік беруге пайдаланып келген бұйымдарының бірі болып келеді. Сәлемдеме ретінде жүзік жастар арасындағы дәнекер қызметін атқарған. Сәлемдеме жібергенде жүзікті шайы, жібек орамалға түйіп жіберген:

Шетінде шай орамал күміс жүзік,

Қуантқан сүйген жардың сөзі келді

(К.К. Әзірбаев. Таңд. шығ. Алматы, 1974, 286-б.).

Тұрмысқа шыққан алыс жердегі қызынан орамалға түйілген құстұмсық жүзік келсе, ата-анасы қуанып, жұртты шақырып атап өтетін болған. Өйткені, құс бейнесі, қазақы ұғым бойынша, азаттықты білдіреді. Соған қарап қыздың ата-анасы қызының ұзатылып барған елінде жағдайының жақсы екендігін біліп, қызымыз *«отырса олақ, тұрса сопақ»* емес екен ғой деп, қуанышын көрші-қолаңмен бөліскен.

Баланы қырқынан шығару ырымын өткізгенде, қырық қасық су құйылған ыдыстың ішіне *40 құмалақ, тас, жүзік, сақина* сияқты заттар салынады. Ал, сақиналар мен жүзіктерді баланы қырқынан шығаруға келген әйелдер бөлісіп алады. Жүзіктермен сақиналардың таратылуы рәсімге қатысқан ата-аналар осы қуанышына ортақтасып отырған әйелдерге ризашылығын білдіреді, әрі ғұрыптық мәні бар үрдіс.

Неке қию салтында су құйылған ыдысқа қыздың анасы күміс жүзік, сақина немесе садақ жебесін салып, молданың алдындағы ақ шүберекке қояды.

Куәлікке жүргендер, басқа адамдар да осы судан бір-бір ұрттап молдаға қайтарады. Молда ыдыс ішіндегі бұйымдарды қалыңдыққа ұсынған. Некенің берік болуын тілеп бата береді. Ал, қалыңдық бұл заттарды өзінде жоғалтпай сақтауы қажет.

Туыстас башқұрт халқына неке қию жорасына байланысты мынадай дәстүр болған. Жаңа түскен келіншек бірінші күні күйеуінің туыстарына жүзік сияқты ретіне қарай әртүрлі сыйлықтар береді. Күйеу туыстары да өз кезегінде келінге де осындай сыйлықтар сыйлайды. Ертеңіне келіншек өзімен бірге суға жіпке байланған күміс теңге алып барады. Оны су иесіне бағыштап, садақа ретінде суға лақтырады. Ілесіп жүрген балалар таласа-тармаса судан тауып алуға тырысады. Осы салтанаттан кейін келіннің бетін ашады.

Той, жиын кездерінде жастар жүзік, сақиналарды ойынға пайдаланды. Соған байланысты ұлттық ойын атаулары бар: *жүзік салу, жүзік алып қашу, сақина тастау немесе ақшамшық, сақина салмақ* және т.б.

Ертеде қазақ және басқа да түркі халықтарының тұрмыс салтында *жамбы ату* деп аталатын ойынның болғаны мәлім. Шарт бойынша биік ағаш басына байланған жамбының (алтын, күміс теңге, яки таза алтын, күміс құймасы) жібін атып түсіру қажет. Жамбының орнына кейде алтын жүзік байланған. Ол туралы башқұрт халқының «Алпамыша» эпосында Баршын сұлу өзіне үйленбек болғандарға төмендегідей шарт қойыпты: «*Кімде-кім Алпамышаның садағымен биікке ілінген алтын жүзікті атып түсірсе, сол адамға барамын*».

Қазақ тұрмысындағы алатын орнына байланысты жүзіктің түрлері мен атаулары көп болған. Жүзіктің түрлері мен атаулары оны соғуға қолданылатын материалдарға, жасалу тәсілдеріне немесе құрамдас бөлшектері мен әлеуметтік мәніне байланысты болып келеді.

Жүзіктің материалына қарай аталуы. Жасалған материалына қарай жүзіктер *алтын жүзік, күміс жүзік, гауһар жүзік, меруерт жүзік, қола жүзік, жақұт жүзік* деп аталады. *Алтын жүзік* – алтыннан құйылған, көзі кішкене жүзік. *Күміс жүзік* – күмістен құйып, бауырына ою-өрнек жүргізіп, үстін асыл таспен безеген жүзік. *Гауһар жүзік* – көзіне гауһар тас қондырған жүзік. Мұндай жүзікті бойжеткен қыздар таққан. Бұл туралы өлең-жырларда көп айтылады:

*Ләттипаның қолында гауһар жүзік,
Бозбалалар қарайды көзін сүзіп*

(Қазақ әдебиеті. 1980, 31 қазан, 14-б.).

Жақұт жүзік – көзіне жақұт тасын қондырған жүзік. Мұндай жүзік өте қымбат әшекей деп саналған. Өйткені Орта Азия елдерінде бұрын төрт аяқты жануарлардың патшасы – *ат*, пәкіза гауһарлардың патшасы – *жақұт*, қымбат бағалы заттардың патшасы – *алтын* деп бағаланды.

Қола жүзік – қоладан соғылған арзанқол жүзік. Дәстүрлі ортада қола жүзікті қыз-келіншектің көпшілігі пайдалана беретін:

Сүйдірген сені маған қола жүзік,

Қолыңа саудырлатып қойған тізіп (С. Торайғыров. Шығармалар, 1-том. Алматы, 1967, 119-б.).

Меруерт жүзік – меруерт көзді жүзік. Жүзіктің мұндай түрі аса сирек кездесетін әшекейлердің қатарына жатады.

Жүзіктің жасалу тәсілдеріне қарай аталуы. Жасалу тәсілдеріне қарай жүзіктер *сіркелі жүзік, бұрама жүзік, құйма жүзік, күмбезді жүзік, қос жүзік* деп аталған.

Сіркелі жүзік – жүзіктің үстіндегі көлемді алақанының беті мен шеңберінің айналасына мол етіп

сіркелеу әдісімен әшекейленген жүзік. Сіркелі жүзіктің қасына шыныдан көз салынып, шынының үстін үшбұрышты тұмарша тәрізді етіп сіркелейді. Мұндай жүзіктің көлемді, әрі салмақты алақаны дөңгелек, яки ұшы сүйір жапырақ тәрізді пішінде жасалады. Соған орай сіркеленген жүзіктің кейбір түрін *сіркелі құстұмсық жүзік* деп атайды.

Теңге жүзік ең көп тараған жүзік түріне жатады. Жүзіктің бұл түрі орыс монеталарынан жасалғандықтан *теңге жүзік* деп аталды. *Бұрама жүзік* – алтын немесе сым күмісті ширатып, есіп жасаған жүзік түрі. Жүзік дайындаудың мұндай тәсілінің қазақ зергерлеріне ертеден белгілі болғандығы қазақ эпостарында кездеседі:

*Мінгенде атың құла ма,
Алтыннан жүзік бұрама,
Тимесе, Жібек тимесін,
Сандалкөкті сұрама*

(Қазақ эпосы. 6-кітап, Алматы, 1957, 63-б.).

Құйма жүзік – алтын немесе күмісті балқытып арнаулы қалыпқа құйып жасаған жүзік. Қалыпқа көбінесе жүзіктің саусаққа сұғатын бауырдағы, кейде бауырдағымен бірге асыл тас қондыруға арналған ұясы (қасы), яғни асыл тастан басқа бөліктері құйылады. Қалыптан шыққан соң, жүзікке асыл тастың қандай да бір түрінен көз салынады. *Құйма жүзік* жасауға қажетті қалыпты *жүзік қалып* деп атайды. Жүзік қалыптың кейбір түрі көп нүкте сияқты ұсақ бұдырлар түсіретін құрал түрінде жасалады. *Сіркелі жүзік* аталатын жүзіктердің қайсыбір үлгілері осындай қалыппен де жасалады. Жүзік қалып *сіркелі жүзік, құстұмсық жүзіктер* мен *отау жүзік, күмбезді жүзік* деп аталатын зергерлік бұйымдардың үстіңгі бөліктерін құйып жасауға арналады. Сондықтан *құстұмсық жүзікті* кейде оның дайындалу технологиясына орай *құстұмсық құйма жүзік, құстұмсықты құйма жүзік* дейді.

Құйма жүзіктің салмақты, көлемді түрін *сом жүзік* дейді. *Шарбақ жүзік* – жүзіктің көзін маржан тасынан, яки басқа тастан салған, шағындау алақанын шаршы, төртбұрыш тәрізді етіп пішіндеген жүзік. Жүзіктің бұл түрінің саусаққа тағу үрдісін «Ақан сері» романында С. Жүнісов былай сипаттайды: «...*бір қолына арасына маржан салған шарбақ жүзік, бір қолына бауыры тұтас құстұмсық құйма жүзік салған*» (С. Жүнісов. Ақан сері. 48-б.).

Зергерлер жүзік бауырдағының үстіндегі бөлшегін киіз үй пішінінде күмбездеп те жасайды. Осындай түріне қарап оны *күмбезді жүзік* деп атайды. Мұндай жүзіктің бауырдағын айналдыра бір қатар сірке қондырады.

Отау жүзік – алақаны шошақталып күмбез тәрізделе жасалған жүзік түрі. Дәстүрлі ортада мұндай жүзікті айттырылып қойған қалыңдық таққан. Бұл жүзіктің *отау* деп аталу себебі жаңа құрылған жас отбасының отау көтеріп, үй болып кетуін ырымдаған нышандық белгі болса керек.

Осындай жүзіктің күмістен жасалған бір түрі ҚР МОМ қорында (КП 16297) сақтаулы. Жүзіктің бауырдағының диаметрі 2,1 см, ал қасының ұз. мен ені, биікт. 1,2 см. Оның «алақаны» әрқайсысы үш бұрыш болып келетін төрт бөліктің біріктірілуінен жасалғандықтан, шошақ бітімді болып келеді. Оның бауырдағы алақанының жалпақтығымен бірдей жасалған. Алақаны сіркеленіп әшекейленген, ал бауырдағы ортасында екі қатар және екі шеті ширатпа сымнан жолақ жүргізіліп жалған сіркемен беленген.

Қазақ тұрмысында күміс шынжыр арқылы біле-

зікпен байланыстырып жасалған жүзіктер кездеседі. Оның шынжырына сыңғырлаған нәзік дыбыс шығаратын қоңыраушалар тағылады. Осыған орай жүзіктің мұндай түрін *қоңырау жүзік* деп атаған.

Жүзіктің құрамдас бөлшегіне қарай аталуы. *Жүзік көз, қас, ұя, бауырдақ, балдақ, тас, түймешік, алақан* деп аталатын бөліктерден тұрады. *Көз* зергерлік өнерінде біріншіден, «*жүзіктің асыл тас қондыратын ұясы*», екіншіден, «*жүзік көзіндегі асыл тас*» деген тәрізді екі ұғымды білдіреді. Қазақстанның кейбір өңірінде жүзік көзіне салатын асыл тасты *қас* деп атайды, ал асыл тас қондыратын ойықты *ұя* дейді.

Тілімізде жүзіктің осындай бөлшегіне байланысты қалыптасқан *жүзіктің көзінен өткендей* немесе *жүзік көзіндегі асыл тастай*, сондай-ақ, *жүзікке қас қойғандай екен* деп келетін сөз орамдары «*келісті*», «*әдемі*», «*сұлу*» деген мағынаны білдіреді. Аталмыш сөз орамдары «*жинақы*», «*епті*» деген мағынада да қолданылады. Ертеректе жүзіктің тасын *шор* деп те атаған.

Жүзіктің көзі дәнекерленетін, саусаққа салынатын шеңберін халық тілінде *бауырдақ, балдақ, сақина, шығыршық* деп атайды. Сонымен бірге жүзікті білезікпен байланыстырып тұратын күмісті бөлшегі *шынжыр*, шынжырға тағылатын, қозғалғанда дыбыс шығаратын бөлшегі *қоңырауша*, сән үшін тағылған күмбезді, яки беті жалпақ шағын бөлшектері *түймешік* деп аталады. Жүзіктің бірсыпыра түрлерінің атаулары осындай бөлшектеріне байланысты қалыптасқан.

Бадана көз жүзік – көзіне қондырылған асыл тасы үлкендеу жүзік. Жүзіктің бұл атауы оңтүстік өңірде өсетін, жемісі ірі болатын өсімдік жемісінің мөлшеріне байланысты қалыптасты. *Қос бауырдақ* – екі саусаққа қатаркиетін, бір-біріне қатарластырыладәнекерленген екі сақинадан тұратын, қас қондыратын «алақаны» тұтас, жалпақ, дөңгелек пішінді, әрі салмақты жүзік түрі. Мұны кейбір өңірдің жергілікті тұрғындары *қос балдақ жүзік, қос жүзік, бауырдақ, бауырдақ жүзік* деп атайды. Мұндай қос балдаққа дәнекерленген, қалыңдығы 1-1,5 см. шамасындағы дөңгелек пішінді алақаны төрт (кейде бес) саусақты түгел жауып тұратын болған. Ертеде бұл тәрізді алақаны жалпақ жүзіктердің қос бауырдақты түрі ғана емес, 3-4 саусақты қатар сұғатын түрлері де қолданылған.

Бұл тәрізді үлкен жүзіктердің дөңгелек пішінді үлкен алақанының бетіне бірден тоғызға дейін қас қондырылады. Соған орай оларды *қос қасты жүзік, үш қасты жүзік, төрт қасты жүзік, бес қасты жүзік* деп ажыратады. Көзіне қондырылған тасы үлкендеу жүзікті немесе бірнеше жерден тас, яки шыны қондырылған жүзіктерді жалпылама түрде *қасты жүзік* деп атау да кездеседі.

Жүзікті тағушы адамның әлеуметтік мәртебесіне қарай аталуы. Жүзіктің соғылуы мен материалы, асыл таспен көркемделуі, арзан немесе қымбаттылығы тапсырыс берушінің әл-ауқатына, әлеуметтік жағдайына байланысты болды. Жүзіктің иелерінің әлеуметтік статусын аңғартуына орай қалыптасқан *сом жүзік, шорлы жүзік, мөрлі жүзік, құдағи жүзік* тәрізді атаулары бар. *Сом жүзік* – қомақты да салмақты, қалыпқа құю тәсілімен жасалған құйма жүзік.

Дәулетті адамдар таққан жүзіктердің тағы бір түрі – *шор жүзік* деп аталған. *Шор жүзік* – үсті күмбез тәрізді пішінде жасалған жүзік. Алақан күмбезінің үстін зергерлер көбінесе сіркелеп, алтынмен аптайды. Мұндай тәсілді *шаю* деп те атайды. Ертеде бай адамдар шор жүзікті ақысына бірнеше түйе беріп соқтырған. Кейде мұны *шорлы жүзік* дейді. *Шор* тек жүзікке емес, белбеуге қондыратын, баскиімге қадатын асыл тас дегенді білдірген.

Құдағи жүзік – қалыңдық шешесінің құдағиына сыйлайтын қос бауырдақты жүзік. Мұндай жүзік Батыс Қазақстан қазақтары тұрмысына тән. Екі саусақты қатар киетін қос бауырдақ (алақан астындағы қос сақина) екі жастың ұзақ уақыт жұптары жазылмай бірге өмір сүруіне, бақытты болуларына тілектестіктің белгісі саналады. Зергерлік әшекей құдағилардың бір-біріне жүзік сыйлау салтына байланысты осылай *құдағи жүзік* деп аталған. Құдағи жүзіктің құрылымдық және кәделік ерекшелігіне байланысты белгілі этнограф ғалым Х. Арғынбаев былай деп жазады: «Қазақстанның батысы мен оңтүстік батысында құдағи жүзік деп аталатын өте көлемді және аса сәнді жүзік жасалады. Мұның бауырында екі саусаққа бірдей кигізетіндей қосарланған екі сақинасы болады. Ал, жүзік беті көлемді келеді. Сонымен бірге асыл тас, түсті шыныға қоса, міндетті түрде, алтындалып әсемделеді. Мұның құдағи жүзік аталу себебі де бар. Әдетте, оны ұзатылған қыздың енесіне, яғни құдағиына бір жылдан соң тарту ету үшін арнайы жасатады. Бірақ барлық құдағиларға бірдей мұндай дәстүрлі тарту жасалмайды. Құдағи жүзік – жаңа түскен келініне аналық мейірім шуағын төге білген парасатты құдағиларға ғана сыйға тартылатын дәстүрлі сыйлық. Оны, әдетте, оң қолының ортаңғы екі саусағына кигізгенде, төрт саусақ сыртын түгелге жуық жауып тұрады». Сондай-ақ бұл жүзік қасының санына қарай – *қос қасты жүзік*, бауырдағына қарай – *қос бауырдақ жүзік*, сонымен бірге жүзіктің батыс өңірінде кездесуіне қарай – *адай жүзік* деп те аталады. Құдағи жүзіктің тұрмыстағы орнына байланысты зерттеуші Ә. Тәжімұратовтың: «Демек, өткендегі әдет-ғұрып дәстүрлерінің бәрі бізге жат емес. Оның ішінде тәрбиелік маңызы барларын, керектілерін бүгінгі күні де пайдалана білуіміз қажет. Мысалы, «құдағи жүзікті» қазір де пайдаланудың ешбір сәтсіздігі жоқ. Бұл адамдар арасында сыйластықтың, жақсы адамға көрсетілген ілтипаттық құрметтің белгісі дерлік. Оның үстіне екі ел ішінде көптеген егде адамдар қолында құдағи жүзігі бар қайын ежелерді көріп, оның үй ішіне, жақына-жұрағатына сыйлы, қадірлі кісі екенін бірден білетін болады», – деген пікірі орынды-ақ, бүгінгі күннің талабына сай келеді.

ҚР МОМ қорында (КП 18860) сақтаулы күмістен жасалған қос бауырдақты *құдағи жүзік* XIX ғасырда жасалған. Оның бауырдағының диаметрі 7,5 см, алақанының қалыңдығы 0,7 см. Жүзік алақанының ортасында ұзыншақ дөңес келген *есекқұрт* және екі жанында *қас* деп аталатын жайпақтау, сопақша келген бөліктері бар. Қастың ішіне қызыл түсті шыны қондырылған, екі қас аралығына жалған сіркелеу тәсілімен *тұмарша* өрнектері бедерленген. Жүзік қырына *кереге* көз өрнектері айналдыра бедерлене түсіріліп, ілуге арналған тойнақ жалғанған.

Мөрлі жүзік деп аталатын жүзікті ертеректе лауазымы, атқаратын қызмет дәрежесі жоғары, елге белгілі ер адамдар ғана таққан. Мұндай жүзік сәнді бұйым болумен бірге жазылған хатқа, қағазға таңба басатын мөр қызметін атқарған. Ол туралы деректер ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталып отыр. Мәселен, «*Хат берген даулы жерге мөр басатын, қолында қызыл алтын жүзігі бар*» тәрізді қазақ эпостарындағы ақпарат *мөрлі жүзіктің* осындай қызмет атқарғанын білдіреді (Қазақ эпосы. Алматы, 1958, 485-б.).

Мұндай жүзіктерді алтын, күміске әртүрлі тас қондырып жасап, оған адамның аты-жөні, дәрежесі жазылды. Мөрлі жүзіктің тағы бір түрін металдан сом етіп құйып жасаған. Шығыршығы (бауырдағы) жіңішке, мөрлі беті қалың, әрі дөңгелек пішінді болып келеді.

Мерлі жүзік оң қолдың сұқ саусағына салынған. Осы салттың жетегімен кейінгі кезеңдерде лауазымды емес, қарапайым адамдар да өзінің аты жазылған жүзіктер мен білезіктер таққан. Оны хат білмейтіндер мөр басуға да пайдаланған.

Омар Хайямның баяндауы бойынша шығыс халқында ертеде мәртебелі кісілерді жүзік тағып жүруге қызмет дәрежесі мен зиялы ортасы мәжбүр еткен. Саусағына жүзік таққан алғашқы адам Жәмшид (көне замандағы Иранның аты аңызға айналған патшаларының бірі) болған. Мәртебелі адамдардың жүзік тақпаған саусақтары байрақсыз сапқа тұрған жауынгерлерге ұқсайды деген сөз бар. Бармақтағы жүзік белдегі белдікке ұқсайды. Әдетте, белде белдігі бар кісі көзге көрікті көрінеді. Лауазымды кісілердің бармағындағы жүзік олардың қызмет дәрежесінен, ауқатты, бақуат тұратындығынан, өздерін сенімді, білікті ұстай білетіндігінен хабар береді. Өйткені, кімде-кім өзіне сенімді болса, мәрт, жомарт болады, ал мәрт, жомарт адам жүзіксіз жүрмейді. Сүлеймен (ғ.с.) жүзігін жоғалтып алғаны үшін патшалықтан баз кешкен. Өйткені, оның жүзігі пайғамбардың тылсым қасиеттерінің айғағы іспеттес еді. Пайғамбарлар саусақтарына жүзік тағып жүретін. Егер біреу уалаятқа нұсқау жолдайтын болса, оларды *мөрлеп* жіберетін. Мұның себебі былай таратылады: *Хұсырау Парвезге мөрсіз нұсқау хат келгенде, Парвез ашуланып, жарлықты оқымай жыртып тастады да «мөрсіз хат – құлақсыз басқа ұқсайды, ал құлақсыз бас адамдар арасында, әдетте, сүйкімсіз көрінеді»*. Нұсқау хат мөрсіз болса, оны кезкелген адам ашып оқуы мүмкін. Мөрленсе, кімге тиесілі болса, сол алып оқиды. Қанжар мен қалам – патша жүзігінің қызметшілері, себебі салтанат осылардың күшімен паш етілген және патшалықты шаһтың мөр басқан бұйрығы ғана айғақтайды. Қолға жүзік тағу қаламның пайда болуымен, оның қызметімен де байланысты түсіндіріледі. Өйткені байырғы мұралар қаламмен жазу арқылы да сақталып отыр. Ал қалам саусақ пен бармақтың арқасында әрекет жасайды. Сол үшін де саусаққа жүзіктің сән-салтанат беріп тұруы да қажет деп саналды.

Қорыта айтқанда, этнографиялық деректерге қарағанда, байырғы қазақ тұрмысында қолданылған жүзіктер эстетикалық, гигиеналық, адамды ауру-сырқау, түрлі қауіп-қатерден сақтайтын тұмар қызметін

атқарады. Сонымен бірге ол адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеу, сыйластықты білдіру, әлеуметтік статусын айғақтайтын, қағаздағы жазуды, түрлі келісімшарттарды ресмилендіретін бұйым ретінде де қолданылған.

РЕЗЮМЕ

В статье виды и названия перстней рассматриваются с лингвистической и этнографической точки зрения. Указываются мотивы формирования названий. Наряду с украшением, перстень выполнял функции амулета, предохраняющего человека от сглаза и опасностей, использовался в качестве изделия, закрепляющего письма, соглашения.

ABSTRACT

The article examines the types and names of rings from a linguistic and ethnographic point of view. The motives for the formation of the title are indicated. Along with the decoration, the ring served as an amulet that protects a person from the evil eye and dangers, was used as a product for sign letters, agreements.

ӘДЕБИЕТ

Руденко С.И. Башкиры. Историко-этнографические очерки. М.-Л., 1955; Пржевальский Н.М. От Кяхты на истоки Желтой реки. Путешествия. М., 1958; Гаджиева С.Ш. Материальная культура кумыков XIX-XX вв. Махачкала, 1960; Махмуд Қашғарий. Девону луғот-ит-турк. Том 3. Тошкент, 1963; Фахретдинова Д.А. Декоративно-прикладное искусство Узбекистана. Ташкент, 1972. Гаджиева С.Ш. Материальная культура ногайцев в XIX – начала XX вв. М., 1976; Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. – Алматы: Қазақстан, 1977; Суслова С. Женские украшения казанских татар середины XIX – начала XX в. М., 1980; Тохтабаева Ш.Ж. Казахские ювелирные украшения (альбом). Алматы: Өнер, 1985; Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987; Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993; Наурызанама. Алматы: Жалын, 1993; Рахимова Р.К. Лексика и словарь татарского ювелирного дела. Казань: «Фикер», 2002; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2 том. – Алматы: ЖШС «Алем Даму Интеграция», 2017.

ЕЖЕЛГІ МЕТАЛЛУРГИЯМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ҰСТАЛЫҚ КӘСІБІ

Рүстем ШОЙБЕКОВ,
ҚР Мемлекеттік орталық музейі антропология және
этнология бөлімінің бас ғылыми қызметкері

Ілкімді сөздер: ұста, шебер, тәжірибелік білім, символ, өңдеу, технологиялық тәсіл.

Темірден шаруашылық, тұрмыстық бұйымдар, құрал-саймандар, қару-жарақ жасайтын ұсталық кәсібі көне замандарда қазіргі Қазақстан жерінде металлургияның пайда болуымен байланысты қалыптасты. Археологиялық деректер мыңдаған жылдар бойында қазақ даласында темір, мыс, қалайы, алтын, күміс тәрізді металдар өндіріліп келгендігін

көрсетіп отыр. Біздің заманымыздан бұрынғы IV мың жылдықтың аяғы мен III мың жылдықтың басында, яғни энеолит дәуірінде Орталық Қазақстанда кен өндіріле бастады. Біздің заманымыздан бұрынғы II мың жылдықтың екінші жартысында Орталық Қазақстан Еуразия континентіндегі металлургиялық орталықтардың біріне айналып, мыс тек жергілікті қажеттілік үшін емес, тайпалар арасындағы айырбас қажеттілігі үшін өндірілді.

Ежелгі металлургияға байланысты пайда болған

ұсталық кәсібінің қыр-сыры, темірді шынықтыру тәсілдері, өңдеуге қолданылатын құрал-саймандар, оларға қатысты ұғым-түсініктер, ырымдар мен тыйымдар «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия» атты көптомдықта Э.Масановтың арнайы зерттеу еңбегінен бастап қазақ зерттеушілерінің ғана емес, өзге түркі халықтарының этнографиясы жайында жазылған еңбектерді молынан пайдалана отырып жүйелі түрде кең ауқымда қарастырылады (аталмыш энциклопедиядан қараңыз: *темір, темірші, ұста, зергер, көрік, төс, шарық, суару* және т.б.).

Жылтыр, ақшыл түсті, соғып өңдеуге болатын қатты және салмақты **темірді қазақ ұста-шеберлері асыл темір және жасық темір деп екіге бөледі**. Асыл темірге әртүрлі өткір қару-жарақ, тұрмыстық құралдар соғуға жарайтын, суарған соң жүзі мұқалмайтын болат және оның жауһарлы болат, шар болат, көк темір, көкболат, құрыш, көк құрыш деп аталатын түрлері жатады. Бұлар қазақ фольклорында қару-жарақтардың бейнелі атауы ретінде қолданылады. Ал қанша соғып шыңдағанмен, өтпейтін темірді жасық темір, не *теміртек* дейді. Темірді сапалық күйі мен қолданылатын орнына қарай *ақзон темір* (шелек, леген жасайтын темірдің ақ түсті түрі), *қожағай* (балқуы жетпеген, балғалауға келетін темірдің қызған күйі), *қаңылтыр* (әбден қақтап жасаған жұқа, жалпақ темір), *сом темір* (кесек, тұтас, бүтін күйіндегі, әлі өңделмеген темір) деп ажыратады.

Темірден мынадай бұйымдар жасалады: шаурашылық құралдары (соқа, тырма, орақ, кетпен, айыр), **аушылық-аңшылық құралдары** (қақпан, қармақ, сүңгі), **тұрмыстық бұйымдар** (шәңгек, ілгек, пышақ, қайшы), **қару-жарақ** (қылыш, сауыт, найза, дулыға), **күш-көлік құралдары** (арба-шана бөліктері, үзеңгі, ер, ауыздық, сулық, таға), **ұсталық пен зергерлік құралдары** (төс, балға, қысқыш, тескіш, бұрғы, тістеуік, сым, ара) және басқа да толып жатқан еңбек құралдары.

Байырғы халық ұғымында темір қасиетті саналған. Сондықтан оны ауруды емдеуге және тіл-көзден сақтану үшін қолданатын. Мәселен, ертеректе төстің бетіне жиналып қалған темірдің қағын, қиқымын уатып, аузы уылған адамның аузына сеуіп емдейтін. Ал темір түйірлері мен темір бұйымдарды әртүрлі бөле-жаладан сақтайды деп бойтұмар ретінде тағатын. Темірге байланысты ертеден келе жатқан ұғым-түсініктерден ел ішінде кейбір ырымдар мен тыйымдар қалыптасты. Мысалы, баланы бесікке саларда таза темір, болмаса кесеу, қысқаш тәрізді темірден жасалған құралды отқа қатты қыздырып, бесіктің арқалығын бірнеше жерден қарып қоятын. Бұл – жың-шайтан жоламасын, балаға пәле-жала жабыспасын деп жасалатын ырым. Балшылар бал ашуға пайдаланатын жауырынның еті тіс тигізбей түгел мүжілген соң жауырынды отқа тастаған кезде ошақтың жанында темір жатуы тиіс деп санайтын. Байырғы наным-сенім бойынша, жолда кетіп бара жатқанда жолда жатқан темірді оның бойында қас күштер болуы мүмкін деп алмайды.

Темірдің түрі мен сапалық белгілеріне, өңдеу тәсілдері мен одан жасалатын заттардың ерекшеліктеріне байланысты тәжірибелік білімнің негізінде мынадай нақылдар мен мақал-мәтелдер қалыптасты: «Қызбаған темірді соқпа. Тырнағанмен темір таты кетпейді. Көк темір тек тұрмас («көк темір, яғни қару бекер тұрмайды, тиген жерін жаралайды» деген мағынада), Алмас қылыш шыға ма Негізгі жасық темірден; Қанша жуса кете ме қап-

қара түс көмірден. Тегі жаман теміртек қанша егесең де өтпейді. Темірді жайлап иеді. Ағаш кессең, ұзын кес, Қысқартуың оңай; Темір кессең, қысқа кес, ұзартуың оңай. Темір үзеңгі де мозады, Асыл тас та мүжіледі. Сынбайтын темір болмас, Бітпейтін өмір болмас. Итке темірдің керегі жоқ. Ақыл надан басқа кірмейді, Темір шеге тасқа кірмейді» және т.б. Фольклорлық шығармалар мен халықтың ауызекі тілінде жиі қолданылған *Жаны темірден жаралған* («өте мықты, төзімді» деген мағынада), *өзектеп соққан сом темір* («мызғымас», «берік» деген ұғымда), *темір қанат* (қанаты қатая бастаған, ұшуға талпына бастаған балапан туралы), *темір тәртіп* («қатаң тәртіп, ереже» деген мағынада), *тепсе темір үзеді* («қайратты, қажырлы» деген мағынада) тәрізді және т.б. фразеологизмдерде және мақал-мәтелдерде темір қаттылықтың, беріктіктің символы ретінде қолданылады.

Ұсталар темірден басқа мыс, жез, қола тәрізді металдарды да пайдаланады. Алайда, зергерлер тәрізді алтын, күміс және асыл тастарды өңдеумен, олардан бұйымдарды әшекейлеп жасаумен айналыспайды. Өйткені ұсталар темірден түйін түйетін шебер болғанмен, зергерлердің әдіс-тәсілдерін қолданбайды. Осыған орай қазақ және кейбір түркі халықтарында металмен жұмыс істейтін шеберлерді ақ ұста және қара ұста деп ажыратады. Өйткені темір ұстасы бұйымдарды тек қара темірден жасайды. Сондықтан олар ұстаның *қара ұста* деп аталатын тобына жатады. Ал темірден жасалған бұйымдарды безендірумен, түрлі әшекей заттарын жасаумен ақ ұста тобына жататын зергерлер айналысатын.

Ұсталар байырғы көшпелі тұрмыста зергерлер тәрізді елмен бірге жайлауға көшіп-қонып жүрмей, қыстауда қалып жұмыс істей беретін. Отырықшы жерлерде олардың жұмыс істейтін тұрақты орны болған. Оны *ұстахана, дүкен* деп атайды.

Ертеректе дүкен ретінде киіз үйді, шыбықтан тоқылып, іші-сырты балшықпен сыланған шошаланы, шикі кірпіштен соққан үйді пайдаланған. Ұста дүкен құрған күні ісінің ілгері басуын ырым етіп мал сойып, ағайын-туыстарын арнайы дайындалған асқа шақыратын. Бұл ырымдық асты *дүкен майлау* деп атаған. Сол күні көрікті тұтатып, терісін майлап, оттығына май құйған, төстің бетіне де май жаққан. Әр күні жұмысты темір ұстасы бүкіл ұсталардың пірі Дәуіт пайғамбарды еске алып, «Дәуіт бабам, қолдай гөр» деп бастайды. Шебердің құрал-саймандары дүкеннің ішінде тұрады. Олардың ақысы азық-түлікпен, малмен өтеліп отырған. Әр шебер өзінің өнерін баласына, баласы болмаса шәкіртіне үйреткен. Шәкірт бала шеберліктің қыр-сырын көмекші болып жүріп үйренген. Үйретуші адамды *ұстаз* деп атаған.

Ұсталар дүкенде темірді өңдеуге көрік, төс, балға, шымшуыр, үгіндірік (көріктің оттығына көмірді жинақтайтын, күлді ысыруға арналған құрал), шапқы, тескіш, және т.б. құралдарды қолданады.

Шеберлер әдетте, темірді қыздырып және салқын күйінде балғамен соғып өңдейді. Қыздырып өңдеуге отқа жел беріп тұратын көріктің *қос көрік, жел көрік, мес көрік* деген түрлерін қолданады. *Көрік* – металды қыздыру, балқыту үшін оттыққа жел беріп тұратын ұстаның үрлегіш құралы. Халық көрікті киелі аспап ретінде қастерлеген. Себебі шеберлердің жақсы бұйым жасауы, еңбектің нәтижесі, өнімділігі оттыққа үрлеген желдің күшіне (ауаның қысымына) байланысты болған. «Көрігің желді болсын» деген тілек сөз осымен байланысты қалыптасты. **Дәстүрлі қазақы ортада көріктің көлемі мен қолдану тәсілдеріне қарай бірнеше түрі болды.** Мескөрік

бітеу сыпырылған ешкі терісінен жасалған. Мескөрік жеңіл, көшіп-қонуға ыңғайлы болған. Ұстаханада кейде көмейлерін бір оттыққа бағыттап орнатқан екі көрік (қос көрік) бір мезгілде қатар қолданылды. Қос көрік ауаны оттыққа бірқалыпты, үздіксіз үрлеу үшін қажет болды. Ұсталар көбінесе үлкен желкөрікті пайдаланады. Неғұрлым көбірек жел беруі үшін оның көлемін әркім өз жұмысының мөлшеріне орай үлкендеу етіп жасайтын. Ол арнайы тетіктер арқылы жұмыс істегендіктен белгілі бір орынға орнатылатын. Ел арасында көлемінің үлкендігіне орай ондай көріктер қаукөрік, наркөрік деп те аталады.

Көшпелі ортада көрікті аса киелі заттар қатарына жатқызады. Оның мәні отты кие тұту мен мұсылман діні ықпалымен қалыптасқан ұсталықтың пірі Дәуіт пайғамбар атымен тікелей байланысты. **Көрікке байланысты төмендегідей ғұрыптық мәнді ұстанымдар кездеседі:**

- көрікті жинап қойған кезде оған ақтық байлап, белуардан биік жерге сақтайды;
- көрікті және оның оттығын аттауға, көрік құрылған орынды басуға тыйым салынды. Әйтпесе, көріктің киесі ұрады, ауру, пәле-жала жабысады деседі;
- көрікті алғаш (жыл мезгілінде ол бірнеше рет құрылып-жиналуы мүмкін) құрған кезде байлаған ақ шүберекті алып, Дәуіт ұстаға сыйынып, құдайы шай берген;
- көрік басқа біреуге тарту етілмейтін, балаға мұра болып қалатын қасиетті зат ретінде әулетте сақталады;
- көріктің оттығындағы күлді суға араластырып, шошынудан жабысқан бөрткенді жуса шипа болады;
- «жын қысып» ауырған адам (оны «Дәуіт жыны бар» деп санаған) көрік маңына жиналған темір қоқымын емге алып пайдаланған. «Көріктің боғы» деп атаған темір қоқымы мен үгінділерін құманға салып, сонымен жуынатын.

Көріктің оттығы қатты қызу үшін көмір, ол болмаса сексеуіл жағады. «Темір сырын отта танытады» деген нақыл темір өңдеу ісіндегі оттың маңызына орай айтылған. Себебі темірді қыздырып жасытуға, балқытуға жоғары температура керек. Өңдеуге қызған темір қолайлы. «Темірді қызған кезде соқ» деген фразеологизм осы жайтқа байланысты қалыптасса керек. Көмірді қолдан дайындаған. Көмір дайындаумен айналысатын адамды көмірші деп атайды. Тас көмірді пайдаланғанға дейінгі кездерде көмірді маманданған адамдар ғана діңі қатты әрі тығыз ағаштардан өртеп, ағаш толық жанып кетпей тұрғанда (яғни шоқ болып әбден қызарғанда) су сеуіп немесе құммен көміп, сөндіріп жасайтын. Бабын білмеген адам көмірді жасытып алуы мүмкін. Шоқ шала болса, оны іріктеп алып қайта өртейді. Ондай көмірді жаққанда, бықсып түтіндеп, шеберді әуреге салады. Дайын болған көмірді кептіріп жинап алып, қаптап қояды. Темір өңдейтін шеберлер көміршінің ағаштан сапалы дайындаған көміріне әр кезде-ақ мұқтаж болатын. Әйткені көрік желді, көмір қызулы болса ғана темір өңдеу жұмысы жеңіл болады. Осыған орай халық тілінде «Темірші көміршіге үйір» деген мақал қалыптасқан. Мақал темір ұсталарының көміршілерге деген мұқтаждығы кәсіби қажеттілікке байланысты екеніне меңзеп, мамандар арасындағы себеп-салдарлық қатынасты білдіреді. Мақал ауыспалы мағынасында «әрбір кәсіп иесінің өзімен кәсіптес адаммен жақын, мүдделес болуы олардың өзара мұқтаждығына байланысты» дегенді аңғартады.

Жоғары қызу беретін көрікке жақындау жерде ұстаның төсі тұрады. «Ұстаның өрісі көрігінен төсіне дейін» деген мәтел шебердің көрік пен төс-

ті өте жиі қолданатынын, оларды кезек-кезек пайдаланатынын аңғартады.

Темір ұстасының төсі ауыр және көлемді, беті теп-тегіс болады. Бұндай төс дүкенде бір орында қозғалмай тұрады. Темір ұсталары етікшілер мен зергерлер тәрізді жұмысты отырып істемейді. Көлемді, қатты темірді қыздырып немесе салқындай өңдеу үшін темір ұсталарына ауыр балғамен соғу үшін (кейде қос қолдап соғады) түрегеп тұрып жұмыс істеуіне тура келеді. Төстің биіктігі жұмыстың осындай түріне лайықты болуы керек. Ол туралы **өнертанушы, ұста Д.Шоқпарұлы:** «Темір ұстасы көбіне жұмысты тұрып істейді. Сондықтан жұмыс кезінде белі ауырмау үшін әрі балға соғуға қолайлы болу үшін төс бетінің биіктігі ұста тік тұрып, қолын жанына қойып, жұдырығын түйгенде төстің бетіне тиіп тұратындай деңгейде орнатылады», – деп түсіндіреді. Ұсталар төстің қостұмсық төс, шыңтөс тәрізді түрлерін пайдаланады. Темірді төстің үстіне қойып, сол қолмен қысқашпен қысып ұстап, оң қолмен балғамен соғып өңдейді. Ұста қолданатын балғаның шағын түрі қолбалға, шыңбалға, үлкен түрлері қосқол балға, шойбалға деп аталады. Ұстаның көрік басып, балғамен соғып тұратын көмекшісі болады. Оны балғашы деп атайды. Балғашы, әдетте, сом темірді соғуға жәрдемдеседі. Балғашылық міндетті теміршінің шәкірті атқарады.

Соғып өңдеу кезінде қызған темірді көріктің оттығынан алып, төске төсегенде қысқашпен ұстайды. **Қысқаштың** жұмыс барысында жалпақ тұмсықты, құс тұмсықты, біз тұмсықты, имек тұмсықты түрлері пайдаланылады. Кейде темірдің кішкентай бөлшектерін, металл түйіршіктерін шымшуырмен ұстайды.

Көрікке көмір жағып қыздырғанда оттығындағы көмірді ауық-ауық жинақтап, күлін ысырып, кесеп отыруға басы жалпақ әрі имек болып жасалған үгіндірікті, көмір қорып қалғанда (шлак тәрізді болғанда) оны қағыстырып, көзін ашып отыруға ұшы үшкір кесеу – көзеуішті, ал көрік оттығына көмір салуға және күлін алуға қалақ деп аталатын құралды пайдаланады.

Темірді кесуге жүзі асыл шапқы, тесетін жердің орнын белгілеуге қадаубас (ұшы үшкір, тұрқы жұмыр не қырлы пішінде жасалған құрал), қозғалмайтын етіп қысып қоюға атауыз, әртүрлі сызық, соның ішінде шеңбер сызуға сызбар, сызғыш, тегістеуге, әрлеуге әртүрлі егеу түрлері, шегенің қалпақшасын шығаруға бүркеншік (әртүрлі тесіктері бар, үстіңгі бетінде бүркеншік шығаратын ұялары бар темір құрал), ию, бұрау қажет болғанда ашатемір (ұшы аша түрінде жасалған құрал, оған иілетін темірді салады), таңба салуға нақыс салғыш және т.б. құралдар қолданылады.

Ұсталар темірді өңдеп, қажетті бұйым дайындауда жасыту, созу, қақтау, ию, шабу, тесу, пісіру, қобылау, шұбарлау, қарайту, суару, шыңдау, қайрау, жану тәрізді әдіс-тәсілдерді қолданады. Мәселен, темірді созу үшін немесе қобылау үшін алдымен оны отқа қыздырып жасытады (Жасыту – темірді көрік оттығында әбден қызарғанша қыздырып, өз еркімен баяу суыту). Жасыған металл жұмсақ болады, сондықтан оны балғамен соғып өңдеу қиындық тудырмайды. Әдетте, жасыған темірді суығанша көріктің оттығында қалдырады, ал мыс, жез сияқты металдарды суға батырып та суыта береді. Балғамен көп соққан сайын жасыған темір қайта қатая бастайды. Оны сол кезде оттыққа салып қайтадан жасытып алады. Темірді осындай күйінде қақтау оңайға түседі. Темірді төске салып, балғамен соғып қақтау арқылы темірді жұқартады. Қайталап соққан сайын темір созылып, жұқара түседі. Жұқарған

темірді одан әрі соғу арқылы қаңылтыр тәрізді қалыпқа келтіреді. Созылған жұмыр темірді қажетіне қарай балғамен соғып иеді. Кейде темірді қысып қойып, өзіне қарай тарту арқылы да майыстырады.

Қақтап жұқартқан немесе шыбық пішіндегі **темірді темір шапқымен кеседі**. Кесіп болған заматта шапқыны суға немесе майға батырып алады, өйткені ұшы қатты қызған шапқыны суармаса, жүзі жасып қалады. Сәнді көріну үшін төрт қырлы ұзын темірді қысқашпен бұрап, бұрама шыбықтар дайындалады.

Тесу жұмысын жеңілдету үшін темірді қыздырып, тесетін жердің орнын белгілейді. Сол жерін арнайы жасалған дөңгелек немесе шаршы пішінді төстің тесігіне дәл келтіріп тұрып, үстіне тескішті қадап, балғамен тесілгенше соғады. Тесіп болған соң тескіштің асыл ұшын суға малып алады.

Өңделген, дайындалған заттардың темір бөлшектерін, мәселен үзеңгі, шентемір, шығыршықтың екі басын пісіру тәсілімен жалғайды. Екі бөлшекті жалғап бекіту үшін біріктірілетін жерін бір-біріне дәл келтіріп қиюластырып алып, егеп тазалайды. Сол жерге алдын ала дайындалған металл қоспасын ерітіп жағып, көрік оттығына ұстап қатты қыздырады. Жаққан қоспа ақшыл тарта бастағанда, ұсталар тілінде *жылт* деп аталатын ұшқын шыға бастайды. Сол сәтте оттан тез суырып алып, дәнекерленетін жерді балғамен бірнеше рет ақырын соғады. Темір ұсталары мен зергерлер бөлшектерді дәнекерлеп біріктіру тәсілін *көпсерлеу*, *дәнекерлеу* деп, оған қолданатын әртүрлі металл қоспасын *көпсер*, *дәнекер* деп атайды.

Темірден жасалған құралдардың жүзін шығаруға шыңдау тәсілі (шалғы, кетпен, күрек, пышақ және т.б. жүзін төске салып, балғаның сүйір жағымен соғып таптау), жүзін өткірлеуге шарық пен қайрақ қолданылады.

Отқа қыздырылған темірді асылдандыру үшін салқын сұйықтыққа салып шынықтыру тәсілі **суару** деп аталады. Суару әртүрлі тұрмыстық, ұсталық және т.б. құралдар мен әскери қарулар жүзінің өткірлік қасиетін ұзақ уақыт сақтап қалуын қамтамасыз етеді. Ұсталар әр бұйымның қолданыстық ерекшелігін ескере отырып, оларды әртүрлі етіп суарады.

Кейбір шеберлердің айтуынша, қару соғатын ұсталар қылыш соғуға лайық болат таңдауға қатты көңіл бөледі. Сол материалды шоққа қыздырып отырып шыңдайды. Болатты шыңдау арқылы бірнеше рет иіп, созып, жазып, бүктеп, жай көзге көрінбейтін құрылымын «қамыр илегендей» немесе «теріні талқыға салып илегендей» ширата түседі. Өбден шынықтырған соң, ең соңында отқа қыздырмай шыңдайды екен. Сонда металда серпімділік қасиет пайда болған. Осы тәсілді ұсталар *құрышын қандыру* деп атаған. Алайда өмір тәжірибесі көрсеткендей, құрғақ шыңдап (суды қолданбай), темірдің құрышын қандырғанмен, суға қарылмаған соң, олардың жүзі жасық болады. Сондықтан оның жүзін асылдандыру үшін белгілі дәрежеде отқа қыздырып, суға батырады. Оны *суға қару* немесе *суғару*, *суару* деп, ал суға қарып құрал жүзін сіресіп қалған күйге келтіруді *суын қандыру* дейді. Бірақ суы қанған құрал морт сынғыш болады. Сондықтан оны қайтадан отқа қыздырады. Тек қажетті мөлшерде қыздыру керек. Өйткені артық қыздырылған құралдардың жүзі қайтадан жасып (жұмсарып) қалады. Сол үшін құралды оттан дер кезінде алып, ауада еркін салқындатса, металл жасымайды, яғни ұсталар тілімен айтқанда, *жасымай жуасиды*. Суарудың осындай қыр-сырына байланысты *бабымен суару* (суару технологиясын дұрыс орындай білу), *суы жетпеу* (суы жетпедің белгісі

құрал жүзі жасық болады), *суы өтіп кету* (суы өтіп кетсе, құрал морт сынғыш болады), *суын табу* (суы табылған құралдың жүзі жасымайтын өткір болып шығады), *суын қайтару* (суару ісі), *суын қашыру* (суға батырғаннан кейін отқа қыздырып алу) тәрізді технологиялық тәсіл атаулары пайда болған.

Суарған кезде металл әртүрлі түске өнеді. Мәселен, болат бұйымды отта қыздырып алып, ауада ұстап тұрса, алдымен сарғаяды, соңынан алқызыл, алтын түсіне ауысады. Сол кезде суға салынса, болат сол алқызыл, алтын тәрізді түсін сақтап қалады. Өзбек ұсталары мен зергерлері бұны *тиллараңг сув* (алтын түсті су), *тиллирангга суғориш* (алтын реңіне суғару) дейді. Ал ауада ұстап тұрғанда (сарғайғаннан кейін) көкшіл түске өнсе, оны сол кезде суға батырғанда көкшіл түс сақталып қалады.

Суға қарылған болат құралды ауада ұзағырақ ұстаса, ақшыл тартады. Сол түсін сақтау үшін тез суға салады. Қазақ, өзбек, қырғыз және т.б. түркі халықтарының ұсталары суару технологиясын және қару-жарақтарға әртүрлі түс бере отырып шынықтырудың осындай тәсілдерін ерте уақыттардан бері қолданып келген. Оған қатысты атаулар байырғы шеберлердің тілінде ғана емес, ұсталық өнер мен батырлық дәстүрді насихаттаған жыршы, жыраулар мен ертекішілердің тілінде молынан қолданылып, темір мен тасқа қарымайтын (жүзі қайтпайтын) *ақ балдақ* (Аңласаң әңгімеме назар салып, Ақ балдақ тасқа шабар асылдаймын (Айтыс)), *көк балдақ* (Сандықта бар көк балдақ, Темір мен тасқа қарымас (Батырлар жыры)), *көк темір* (Көк темір тек тұрмас (М.Қашқари)), *жебесі алмас ақсұңгі*, *көксемсер*, *ақ-берен* тәрізді бейнелеуіш атаулар ретінде бүгінгі күнге келіп жетті. Суаруға қазақ ұсталары суды, саз балшықты, малдың майын, қанын, жылқының зәрін қолданған.

Суаруға қолданылатын заттардың қатарына түркі халықтарында пайдаланатын қойдың майын, балшық араластырылған қанжылым суды, жүгерінің шырынын, оттың күлін және т.б. материалдарды келтіруге болады.

Суарылған құрал жүзінің өткірлігін, оның суының дұрыс табылғанын тексеріп көру үшін құралмен жасық темірге шауып көрген. Жасық темірді жонып, қиып түссе, онда суының дұрыс табылғаны деп саналған. Суын тексеруге егеуді де пайдаланған. Суарылған құрал жүзін егегенде, егеудің қышыры (түрпісі) тайып, ала алмаса, онда құрал жүзі суының өтіп кеткені болады. Суын өткізіп алған құрал морт сынғыш келеді. Егеудің қышыры құрал жүзін жеңіл егесе, онда суының жетпегені болып есептеледі. Бұндай жағдайларда құралды қайта суарған. Суының дұрыс табылғанын ұсталар егеу қышырының құрал жүзіне салғанда сәл тұтылып қалуына қарап анықтаған. Суы табылған құралдар қылп етсе қыл қиятын өткір болады. Ертеректе өткірленген құралдың, қарудың сапасын байқау үшін жүзінің үстіне көлденеңінен қыл ұстап тексерген. Жүзі сәл ғана қылп етсе болды, қылды қиып түскен. Ондай құралдарды *асыл текті* деп бағалаған. «*Алтын жерде жатпайды, Жаман ұста суын таппайды*» деген қазақ мақалы темірді суарудың маңыздылығы мен ұстаның осы тәсілді қаншалықты меңгергендігін, металды асылдандыруда алатын орнын аңғартады. **Суарылған құралдың қыл қиятын өткірлігі қазақ ертегілерінің бірінде былайша баяндалады:**

«*Ей, қарағым-ай, мені тыңда деп орақ белін бүкірейтіп тұрып. – Мен өздігімнен орақ бола қалғаным жоқ. Менің темірімді ұста отқа салып*

қыздырған, шоқ балғамен соғып шыңдаған. Суға салып пісірген, маңдай терін сорғалатып, осы халге жеткізген. Сол ұста барда, тілегінді айтып, жаңа орақ соқтырып ал.

Қарға енді ұлармен күресіп, өзінің жыққанына қынжылыпты. Егер ұлар жықса ғой, бұл азапты сол шегер ме еді, қайтер еді. Ары ойлап, бері ойлап, зар еңірейді. Қарғаның көрген азабын естіген соң, ұстаның оған жаны ашиды. Сонан соң ұста:

Орақ соғып берсем, қалай алып кетесің?— деп сұрапты. Қарға ұстаның сөзіне сеніп, өз білгенін айтады.

Аяғыма қыстырып аламын ғой...

Ол болмайды. Көтеріп кетуге әлің жетпейді, жерге құлап түседі. Шеңгелдеп ұстап жүретін қауқар сенде жоқ. Құлатып алсаң, жерге түсіп, біреуді жазым етеді.

Ендеше мойныма іле сал,— депті қарға орақты алып кетуге ынтығып.

Жарайды, қалағаның болсын,— деп ұста қарғаның мойнына қылып етсе қыл қиятын өткір орақты іліп береді.

Енді барлық мақсаты орындалатынына масайраған қарға қуанышы қойнына сыймай, отырған жерінен ұмсына ұмтылып, көкке шапшиды. Жерден қарыстай көтеріле бергенде, алмастай өткір орақ қарғаның мойнын қырқып түседі.

«Ақылсыздың істеген ісінің ақыры өзін көрге жығады»,— депті мұны көргендер» (Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. Ертегілер. 1-том. Алматы: Жаушы, 1988, 244-245-бб.).

Ортасында тесігі бар дөңгелек пішінді **тас қайрақ түрі** — **шарық** темір ұсталары жиі қолданатын негізгі құралдарының бірі. Сондықтан ол үнемі ұстаханада тұрады. Шарықты ортасындағы тесіктен білікке өткізіп, арнайы жасалған темір құралға орнатады. Халық тілінде шарықты орнататын темірді суір деп атайды. Шарықтың қазақ ұсталары арасында қолмен және жетек белдік арқылы аяқпен басып айналдыратын екі түрі қолданылған. Суірге орнатылған шарықтың білігін қолмен бұрап айналдыру үшін құдықтан қолмен су тартатын шығырдың сабы тәрізді сап орнатады. Құралды қайрау керек болғанда ұстаның көмекшісі білікті қолмен айналдырып тұрады. Ұста сол кезде құралдың жүзін шарыққа тақап ұстайды. Бұл жұмысты шарықтау, шарға ұстау деп атайды. Шарықпен қайрайтын адамды шарықшы дейді.

Аяқпен айналдыратын шарықпен ұстаның бір өзі жұмыс істей береді. Көмекшінің керегі болмайды. Өйткені жетек біліктің қалағын бір аяғымен басып, шарықты қозғалысқа келтіргенде, ұстаның екі қолы бос болады. Сондықтан шыр айналған шарыққа құралды өзі ұстап тұра алады. Бұндай шарықты ел ішінде аяққайрақ деп те атайды. Шарықтың бедері құмқайрақтан әлдеқайда ірі болады, сондықтан оны құралды өткірлеудің алғашқы сатысында қолданады, яғни содан кейін жұмсақ құмқайрақпен қарайды, білеумен білейді, білеуден кейін былғары жанышпен жанып, қылауын алады. Қайрақтың қай түрі болса да олар ерте заманнан қазақ жеріндегі шөгінді тау жыныстарынан жасалған. Шарыққа, яғни қатты қайраққа қазіргі терминдермен айтқанда кварц, кремний түйіршіктері бар қатты, құмдақ шөгінді тастар пайдаланылған. Қайрақ жасайтын тас шығатын жерлер қазақ елінің барлық өңірінде дерлік кездескен, ондай жерлерді халық қастерлеп келген. Шарықпен қайрағанда оны, әдетте, баяу айналдыруға тырысады. Өйткені ол жылдам айналса, құралдың жүзі қатты қызып кететіндіктен, суы қайтып, жасып қалады.

Жүзі жасыған құрал шарықтан шыққанымен тез

майырылып, өтпес болып қалады. Оны болдырмау үшін шарықтың астыңғы жағы батып тұратын мөлшерде су құйылған ыдыс қояды. Суланған шарық құрал жүзінің қатты қызып кетпеуіне септігін тигізеді. Қазақ ұсталары тілінде дөңгелек пішінді шарықты шарықтас, шар, бедері ірі, бірақ пішіні ұзындау төртбұрышты келген түрін шарыққайрақ деп атаған. Төртбұрышты ұзынша шарыққайрақ шалғыорақты қайру үшін егеудің орнына қолданылады. Бұл құралдардың бәрін ұсталардың өздері жасап алған.

Жинақтай айтқанда, қазақтың ұсталық кәсібі ұлы даламызда ежелгі замандағы металлургияның пайда болуымен байланысты қалыптасып, ұсталар ғасырлар бойы темірден тұрмыстық, шаруашылық бұйымдарын, қару-жарақ түрлерін жасап, халық қажетін өтеп отырды.

Қазақ ұсталарының арнаулы құралдары мен технологиялық өңдеу тәсілдері бүгінгі күнге дейін келіп жетті. Арнаулы құрал-саймандармен металл өңдеу тәсілдерінде өзге түркі халықтарымен салыстырғанда ұқсастық та, өзіндік ерекшеліктер де байқалады. Ел ішінде ұсталардың беделі зор болды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается о наличии в древности на казахской земле центров добычи железа, рассматриваются ремесла и орудия труда, появившийся в связи с обработкой железа, особенности технологии обработки, виды железа, разделяющиеся по качеству, изготавливаемые из железа изделия и связанные с ними поверья, предрассудки, запреты.

Широко обсуждается технология обработки (закаление, полив) металла, методы ручного изготовления угля, сравнивается с материалами других тюркских народов.

ABSTRACT

The article describes the presence of iron mining centers in antiquity on the Kazakh land, considers handicrafts and tools that appeared in connection with the processing of iron, features of processing technology, types of iron, separated by quality, iron-made products and related beliefs prejudices, prohibitions.

The technology of processing (hardening, watering) metal, methods for the manual manufacture of coal is widely discussed, compared with materials of other Turkic peoples.

ӘДЕБИЕТ

Самбаев К.И. Доисторические памятники в Джезказганском районе // Народное хозяйство Казахстана, 1941, №1; Иброхимов С. Фарғона Шевалариниң қасб-хунар лексикаси. II-III. Тошкент: Ўзбекистон ССР Академиясы Нашриёти, 1959; Масанов Э.А. Кузнечное и ювелирное ремесла в казахском ауле (Вторая половина XIX начало XX в.) // Труды Института истории, археологии и этнографии. Т. 12. Алма-Ата, 1961; Маргулан А.Х. Горное дело в Центральном Казахстане в древние и средние века // Поиски и раскопки, в Казахстане. Алма-Ата, 1972; Маргулан А.Х. Джезказган – древний металлургический центр (городище Милыкудук) // Археологические исследования в Казахстане. Алма-Ата, 1973; Сулайманов Э. Традиции обработки металлов у киргизов. Фрунзе: Илим, 1982; Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987; Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. Алматы, 2011; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-5-том. Толықтырылып, өңделіп екінші рет басылуы. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАР ҚОЛДАНҒАН «САМХАЛ» МЫЛТЫҚ ЖӨНІНДЕ

(ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМА)

Қалиолла АХМЕТЖАН,
Қазақстан Сурешілер одағының мүшесі,
этнограф-қару зерттеуші,
тарих ғылымдарының кандидаты

Ауызша және жазба дереккөздерінің мәліметіне қарағанда, **қазақтарда мылтық XV ғ. аяғы – XVI ғ. басынан бері**, яғни қазақ этносының қалыптасу үрдісінің аяқталуы кезеңінен бастап **қолданысқа өнді**. Бұл жөнінде сан алуан дерек, әсіресе, фольклорлық мәліметтер мол кездеседі. Мысалы, осы кезеңде өмір сүрген Шалкиіз жыраудың (1465-1560) «Ер Шобан» атты жырында Қара найман Жақан батырдың мылтықпен қаруланғаны айтылған:

*Он екі құрсау жезайыр
Қара мылтық жұмсаған
Бұл жиынның ішінде
Қара найман Жақан бар [4, 57-б.].*

Расында да, қазақ халқын құраған ру-тайпаларда мылтық олардың ноғайлы, көшпелі өзбектер атанған кезінде, Өзбек хандығы және Ноғай Ордасы құрамында болған заманында, яғни XV ғасырда қолданысқа еніп, садақпен (жақпен) қатар қолданған болу керек. Батырдың қару ретінде мылтық, садақпен бірге, сол заманда туындаған «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Қосай» жырларында да айтылады:

*Садақпенен өлтірсем,
Қалпыл қалдым дерсің сен.
Мылтықпенен өлтірсем,
Жазым қалдым дерсің сен.
«Қобыланды батыр» [2, 67-б.].
Тоғызыншы күн болды,
Мойынынан алады
Атайын деп мылтықты-ай. 302 б.
«Ер Тарғын» [2, 295-б.].
Атып тұрған мылтықтың
Өлшеулі оғы таусылды.
«Ер Қосай» [2, 15-б.].*

Ал, **қазақтардың мылтықты қолдануы туралы ең алғашқы жазбаша мәліметті** XVI ғасырдағы жазба дереккөзі – **Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» атты еңбегінен** кездестіреміз. XVI ғасырдың аяғында өзбек ханы Абдаллах өзіне қарсы шыққан Ташкент билеушісі Баба сұлтанның әскерімен соғысқанда, Баба сұлтанның жақтастары болған дештіліктер (қазақтар) әскерінде мылтықпен қаруланған атармандар болған. «Олар (даштылықтар) осыған дейін Дашты уалайаттарынан, Түркістаннан, Сау-

раннан, Ташкенттен, Әндижаннан, Ахсикенттен, Касаннан жинап алған сансыз көп арбаларды мықты шынжырмен, берік арқандармен бір-біріне байлап, әскери шептің алдына қойды. Олардың ішіне көптеген мылтықты атармандар мен сансыз садақшылар орналастырды» [14, 220-225-б.]. Кейін Абдаллах ханның әскері Баба сұлтанға жақтас болған қазақтардың Сауран қамалын қоршаған кезінде де қамал қорғаушылар жақ пен бірге мылтық қолданғаны айтылады. «*Әр аттам жерде қамал тұрғындары сандықтар қойып, оған жақ ататын атармандарды орналастырды, ал әр мұнарада тағдырдың оғы сияқты ешқашан мүлт кетпейтін мылтықты атармандар тұрды*» [10, 302-303-бб.].

XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының туындыларында да мылтық қазақ батырларының жауынгерлік қаруының бірі ретінде жиі айтылып отырады:

*Қару алсаң мылтық ал,
Қарның ашса тамағың,
Жаяу жүрсен таяғың [4, 74-б.].*

*Темір жұмсап, оқ атқан
Қорғасындай Бөгембай! [4, 85-б.].*


Орыстардың қазақ өлкесіндегі отарлық режимнің дендеп орныға бастауына байланысты қазақ жауынгерлерінің соғыс кезінде мылтықты қолдануы туралы деректер XVII-XIX ғасырлардағы орыс-қазақ қатынасын айғақтайтын архивтік құжаттарда да, жекелеген орыс авторларының жазбаларында да жинақталды. Орыс дереккөздеріндегі қазақ мылтықтары туралы алғашқы мәліметтер XVII ғасырдың аяғында кездеседі. Қазақстанда болған орыс елшілері Ф.Скрябин мен М.Трошин өз мәліметтерінде қазақ сарбаздары туралы: «...олар жақпен және найзамен соғысады, ал зеңбіректері жоқ, отты мылтықтар аз», – деп жазады. 1699 жылы дворянин Феофор Феофиловқа берілген воеводалық тапсырмада да Қазақ ордасындағы жауынгерлердің отты мылтықпен қаруланғаны айтылған [Семенов, 1969, с. 264].

XVIII ғасырдың басынан бері қазақтар мылтықты кеңінен қолдана бастайды. 1731-1732 жылда-

ры патша үкіметінің тапсырмасымен Қазақстанда болған орыс елшісі М.Тевкелев: «қазақтар садақты аз қолданады, соғыста көпшілігінің мылтықтары бар», – деп жазады [8, С. 86]. Сондай-ақ, швед ботанигі Фальк (1785-1786 жж.): «Қырғыздарда [қазақтарда – Қ.А.] қару жиынтығы мынандай: жақ және оқ, найза, қарапайым қылыш және мылтық», – деп атап өткен еді [Материалы по истории Казахских ханств, 1969, с. 236]. «Олардың қаруы жақтан, найзадан және біршама мылтықтан тұрады; көбіне балташықтармен және ағаш таяқтармен соғысады» [8, С. 150]. Бейнелік материалдар да осыны куәлейді. Батыс Қазақстандағы XVII-XVIII ғасырларға жататын мазарлар мен құлпытастардағы қазақтардың өздері салған суреттерде мылтықтың да бейнелері өте көп кездеседі.

XVII-XVIII ғасырларда қазақтар қолданған мылтықтар – пілтелі шүріппелі болды. Пілтелі шүріппемен оттанатын көне мылтықтарды қазақтар «пілтелі/білтелі мылтық» немесе «пілтелі/білтелі мылтық» деп атаған. Қазақтың ескі пілтелік шүріппелі мылтықтары өзіндік формасымен, конструкциясымен және қолданылуымен ерекшеленетін бірнеше түрлерге бөлінді. Қазақ ауыз әдебиетінде сол уақыттағы көне пілте мылтықтардың «жезайыр (жазайыл/жезайыл)», «самқал (шамхал)», «құлдұр-мамай», «қозыкеш», «білте мылтық», «қара мылтық», «орама мылтық», «берен мылтық» деген атаулары айтылады. Бұл мылтық атауларының көбін басқа түркі тілдес халықтардың фольклорында да кездестіреміз. Яғни, бұл мылтық түрлерінің көпшілігі барлық түркі халықтарында бірдей қолданылған. Қазақ мылтықтарының бұл атаулары жазба деректерде де кездеседі. Қазақтар қолданған мылтықтардың түрлері ретінде «жезайыр», «құлдыр-мамай», «қозыкеш», «самқал» (шамқал) атауларын өз еңбегінде Ш.Уәлиханов та келтіреді [6, С. 466].

Ортаазиялық түркі халықтарында және қазақтарда қолданыста болған осындай ескі пілте мылтықтардың бір түрі – *самхал (шамхал)* деп аталды. Мылтықтың бұл түрінің атауы түркі, парсы тілдерінде бірдей кездеседі [5, С. 372]. Пілтелі көне мылтықтың атауы ретінде «самхал/самқал» сөзі қазақ тілінде де сақталған [3, С.402]. Самқал оқпаны ұзын, әрі жуан, сондықтан алысқа ататын ауыр мылтық түрі болған. XVIII-XIX ғасырларда самхал мылтық Орта Азияда және Қазақстанда кең тараған болатын.



Самхал.

Н.Н.Каразиннің суреті. XIX ғ.

Самқалды көбіне қамал қорғанысында, кейде далалық айкаста да бірдей пайдаланды. Қазақтардың самхал мылтықты қолданғаны туралы XIX ғасырда Ш.Уәлиханов та жазады: «...кейбір сұлтандарда

ортаазиялық шамхалдар, 700 қадамға ататын ұзын ауыр мылтықтар болды» [6, С. 468]. Қазақ ауыз әдебиетінде бұл мылтық атауының *самғал/шамғал/шамбал* деген нұсқаларын кездестіреміз.

Орыс әскерінің Орта Азияны жаулап алу соғысына қатысқан орыс суретшісі Н.Н.Каразин өзінің «Оружие и доспехи наших противников в Средней Азии» атты еңбегінде осындай қамал қабырғасынан атуға қолданылған ортаазиялық ауыр мылтықтың сипаттамасы мен суретін береді. Н.Н.Каразиннің сипаттауынша, бұл ауыр қамал мылтығының оқпаны шойыннан құйылып жасалып, ауыр құндаққа қайыспен байланған. Ұңғысының калибрі 1,5 дюйм, ірі оқпен атылады. Оқпанның беті құран аяттарымен, әртүрлі оюлармен әшекейленген. Алдыңғы жағында темір тірегіші бар. Оның құндағына селитра ертіндісі сіңген пілте оралған, пілтенің бір ұшы шүріппенің шаппасына бекітілген [9, С. 235].



Самхал.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі коллекциясынан (КП 1810).

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің қорында да XIX ғасырда қазақтар қолданған осындай қамал қорғанысында пайдаланылатын ортаазиялық ауыр пілте мылтықтың – самхалдың (КП 1810) бір үлгісі сақтаулы. Самхалдың жалпы ұзындығы 148 см, оқпанның ұзындығы 107 см. Мылтықтың оқпаны қырлы болып болаттан соғылып, ауызында сәл жуандатылып жасалған, үстіңгі беті қырnap салған және алтынмен қақталған ою-өрнектермен әшекейленген. Оқпанының түбінде көздеуіші, ауызында кішкентай қарауылы бар. Оқпанның оң жағында тұтатқыш оқ-дәріге арналған сөресі – құлағы дәнекерленген. Құндағы ағаштан жасалған, ұзындығы оқпанның ұзындығындай, дүмі қысқалау. Құндақтың сүргіленіп жасалған дүмі ортаазиялық мылтықтарға тән иілген пішінде істелген, түбі жалпақ. Оқпаны ағаш құндаққа сары металдан жасалған үш фигуралы жез құрсаулармен бекітілген. Құндақта оқпанның астыңғы жағында сүмбіге арналған ойығы бар, бірақ сүмбісі жоғалған. Құндаққа екі металл ілгектер бекітіліп, мылтықты иыққа асатын қайысбау тағылған.



Самхалдың шүріппе жүйесі орналасқан бөлігі.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі коллекциясынан (КП 1810).

Мылтықтың шүріппесі фигуралы болып жасалған, бас жағы екі айырылған дөңгелек түрінде, төменгі жағында да домалақ тесігі бар.

Мылтықтың сақталуы орташа, құндағы жарылған, металл бөлігін тот басқан. Дүміндегі пілте салатын қалтасы түсіп қалған, сақталмаған. Дүмі түрлі-түсті бояумен әшекейленген сияқты, бірақ бояулары өшіп қалған.

Фольклорлық және жазба мәліметтер мұндай ауыр мылтық – самхалдың Кенесары ханның армиясында да қолданғанын куәлейді.

*Он екі самғал, жүз мылтық,
Кенекем келген секілді.*

*Он екі самғал, жүз мылтық
Жүзін қырды мергеннің [7, 31-б.].*

*Көк түтін шұбап жонды алды.
Білтелі шамбал гүрсілдеп,
Сары садақ оғы зырпады [7, 57-б.].*

Бұл үзінділерде самхалдың қару ретінде мылтықтан бөлек аталуы да оның жай мылтықтан үлкендеу болғанын көрсетеді. Жазба деректерде Кенесарыға бұл мылтықтардың кейбірі Бұхар әмірінен сыйға түскені айтылған [13, С. 89; 11, С. 28].

Кейін капсюльді мылтықтардың, кейін патронмен атылатын мылтықтардың пайда болуына байланысты XIX ғасырдың аяғында пілтелі ауыр мылтық қолданыстан шығып кетті.

РЕЗЮМЕ

В статье исследуется процесс появления и применения «самхал», представляющего собой особый вид ружья. Отмечается, что данный вид ружья казахским сарбазам преимущественно поступил из соседних центральноазиатских государств. А также на основе изучения хранящегося в фондах Центрального государственного музея Республики Казахстан «самхал» подробно описывается структура и способы применения в бою данного вида ружья.

SUMMARY

The article examines the process of the origin and use of «samkhal», which is a special type of gun. It is noted that this type of gun borrowed from the neighboring Central Asian states. On the basis of studying the «samkhal» kept in the funds of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, the structure and methods of using this type of gun in battle are described.

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ДЕРЕК

1. *Ақберен*. XVIII-XX ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының жырлары / Құраст., баспаға әзірлеген, алғы сөзін жазған Қ.Сидықов. - Алматы: Жазушы, 1972. - 222 б.

2. *Ақсауыт*. Екі томдық. - Алматы: Жазушы, 1977. - Т. 1: Батырлар жыры. - 367 б. суретті. - Т. 2: Батырлық дастандар. - 378 б.

3. *Аманжолов С.* Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. Бірінші бөлім. = Вопросы диа-

лектологии и истории казахского языка. Часть первая. Алма-Ата. 1959. - 452 б..

4. *Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық / жауапты шығарушы М.Байділдаев. Т. 1. / Құрастырған М.Мағауин, М.Байділдаев. - Алматы: Жазушы, 1984. - 256 б.*

5. *Будагов Л.З.* Сравнительный словарь турецко-татарских наречий в двух томах. - Т.1. - СПб: Типография императорской Академии наук, 1869. - 816 с.

6. *Валиханов Ч.Ч.* Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. - Т.1. - Алма-Ата: Издательство Академии наук Каз ССР, 1961. - 778 с.

7. *Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық / Қаз ССР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. - Тарихи жырлар. Т. 3: Кенесары-Наурызбай. - Алматы: Білім, 1996. - 224 б.*

8. *Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы): (Сборник документов и материалов) / Составители Ф.Н. Киреев, В. Я. Басин, Т.Ж.Шоинбаев, К.Ж.Жунусбаев, В.С.Мусаева. - Алма-Ата: Наука, 1964. - 576 с.*

9. *Каразин Н.Н.* Оружие и доспехи наших противников в средней Азии // «Нива», 1874, №15. - С. 233-235.

10. *Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Составители: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. - Алма-Ата: Наука Каз ССР, 1969. - 671 с.*

11. *Рязанов А.Ф.* Восстание Кенесары Касимова (1837-1847 гг.). Исторический очерк. - Алма-Ата: Айқап, 1993. - 32 с.

12. *Семенюк Г.И.* Оружие, военная организация и военное искусство казахов в XVII-XVIII в.в. // Вопросы военной истории России XVIII и первой половины XIX веков. - М.: Наука, 1969. - 445 с. (С. 269-272).

13. *Середа Н.* Бунт киргизского султана Кенесары Касимова (1838-1847). Ахмет Кенесарин. Кенесары и Садык. - Изготовлено и переиздано отделением Казахского фонда культуры г. Атырау фирмой «Диалог» г. Уральска, ЗКО, 1992. - 216 с.

14. *Хафиз-и Таныш ибн Мир Мухаммад Бухари.* Шараф-наме-йи шахи (Книга шахской славы). - Факсимиле рукописи. Пер. с перс., введ., примеч., указ. М.А.Салахетдиновой. Ч. 2. - М.: Наука, 1989. - 296 с.

15. *Moshtagh Khorasani, Manouchehr.* Lexicon of Arms and Armor from Iran. A Study of Symbols and Terminology. - Legat-Verlag, 2010. - 560 p.



ҚАЗАҚ ТАРИХЫ МЕН ЭТНОЛОГИЯСЫН ЖАҢА САПАЛЫҚ ДЕҢГЕЙГЕ ЖЕТКІЗУГЕ НЕГІЗ БОЛАТЫН БІРЕГЕЙ ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМ «Дөңгелек үстелдің» материалы

2018 жылы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінде (ары қарай – музей) «Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің тарихи-этнографиялық антологиясы» деген тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Бұл шараны Республикалық ғылыми-әдістемелік «Қазақ тарихы» журналы мен оның бас редакторы, белгілі жазушы Әбділдабек САЛЫҚБАЙ ұйымдастырды. Дөңгелек үстелге әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, Сүлеймен Демирел университетінің оқытушылары мен профессорлары және осы жиындағы талқылаудың нысаны «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты ғылыми энциклопедияның негізгі авторлары қатысты. Басқосуды Әбділдабек САЛЫҚБАЙ жүргізіп отырды.

Дөңгелек үстелде төмендегідей мәселелер көтерілді:

1. Аталған энциклопедияны құрастыру идеясы қалай пайда болды?
2. Энциклопедияны оқыған оқырмандар «көне қазақ ортасына кіріп кеткендей, тіпті көне кинофильм ішінде жүргендей» бас алмай оқимыз деп баға береді. Зиялы қауымның оқуға құмарлығы аса жоғары. Оның сыры неде?
3. Энциклопедия оқырмандарының басым бөлігі – жастар. Олардың сұранысы тым жоғары. Қайта шығарылуын сұрайды, қолжетімді болса екен, таралымы көп болса екен, сатып алуға тиімді болса екен дейтін жас мамандар мен оқушылар өте көп. Оларды қызықтыратын не?
4. Энциклопедия деп қабылданған этнологиялық-теориялық және ғылыми қолданбалы мәселелер жөнінде не айтар едіңіз?
5. Бұл энциклопедияда жан-жақты ғылыми ақпарат берілген. Әрбір ұғым мен категорияны зерттеуде бірнеше қоғамдық ғылым салаларының, тіпті, география ғылымының жетістіктері тоғысқаны байқалады. Сонда энциклопедияда ұлттың шынайы болмысын таныту үшін қандай ғылыми бағыт негізге алынды екен?
6. Аталған энциклопедиядағы тың материалдар қайдан алынды?
7. Бес томдық еңбектің пайдасы мен құндылығы қандай?
8. Бұл энциклопедияның ерекшелігі неде?

Ілкімді сөздер: этнография, тарих, рухани жаңғыру, ұлттық мәдениет, көшпелі қоғам, дәстүрлі қазақы орта, этнографиялық экспедиция, қазан төңкерісіне дейінгі Ресей тарихнамасы, мұрағаттық дерек, методология.

Әбділдабек САЛЫҚБАЙ: Құрметті дөңгелек үстелге қатысушылар, бәріміз Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі ғалымдарының осы мекеменің басшысы, көрнекті этнолог-ғалым Нұрсан ӘЛІМБАЙДЫҢ тікелей авторлығымен және

жетекшілігімен 2017 жылы жарық көрген «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты ғылыми энциклопедияны талқылауға жиналып отырмыз. Бұл жерде бірер жайт жөнінде айтқым келіп отыр. Талқылауға түсіп отырған осынау шын мәніндегі бірегей ғылыми еңбектің алғашқысы 2011-2014 жылдары жарық көргендігін жақсы білесіздер. Ал, жоғарыда айтқандай, екінші басылымы методологиялық және деректік негізі мен негіздемесі жағынан түбегейлі өзгерген әрі толықтырылған нұсқасы екендігіне

ерекше назар аудару керек деп есептеймін. Осыған байланысты бір ғана көрнекі мысал айта кету артық етпес. Алғашқы басылымға қарағанда, екінші басылымның көлемі 424 бетке ұлғайған екен. Нұрсан ӘЛІМБАЙДЫҢ дәйегіне жүгінсек, екінші басылымдағы өзгеріс-толықтыру бірінші басылыммен салыстырғанда 38,4%-ға өсіпті. Мұндай өзгерістің артында ұшан-теңіз еңбек жатқандығы айтпаса да түсінікті.

Енді осы мәселеге кіріспес бұрын қатысушыларды жеке-жеке таныстырып өтейік. Олар: Нұрсан ӘЛІМБАЙ – музей директоры, жоба жетекшісі, Бейбітқали ҚАҚАБАЕВ – музей директорының орынбасары; Нұргелді УӘЛИ, Рүстембек ШОЙБЕКОВ – филология ғылымдарының докторлары, профессорлар, музейдің бас ғылыми қызметкерлері; көрнекті ғалымдарымыз: Зиябек ҚАБЫЛДИНОВ – Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Зәуреш АХМЕТЖАНОВА – Сүлеймен Демирел университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы; Қыздархан РЫСБЕРГЕН – филология ғылымдарының докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Ономастика бөлімінің меңгерушісі, Отандық сарапшылар базасына енген филология саласындағы танымал эксперт; этнолог Аманжол ҚАЛЫШ – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы; Қалбике ЕСЕНОВА – Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогика университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор; Сайын БОРБАСОВ – Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор; этнолог Тәттігүл ҚАРТАЕВА – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультетінің профессоры; Айгүл ӘМІРБЕКОВА – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Лексикология бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты; Гүлсінай ИСАЕВА – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Этнолингвистика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты; Ғалия ТЕМІРТОН – музей директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, философия докторы (PhD); Гүлім ҚАБДОЛДИНА – музейдің антропология және этнология орталығының жетекшісі; Жалаледин ШӘЙКЕН, Талшын ЕСЕНТАЕВА, Медет ДҮЙСЕНБАЙ, Нұржан МЕНДІБАЕВ – музейдің ғылыми қызметкерлері.

Бүгінгі Қазақстан үшін ең маңызды мәселелердің бірі – ұлттың рухани жаңғыруы. Әрбір қазақ өзінің төл тарихын, мәдениетін, әдебиеті мен өнерін, кәсібі мен шаруашылығын білуі керек екендігі басы ашық жайт. Бірақ оны қалай игертеміз? Бұл ретте, әлбетте, қоғамдық ғылымдардың, соның ішінде ұлттық тарихнаманың, әсіресе, отандық этнологияның рөлі өлшеусіз деп білеміз. Біз шығаратын «Қазақ тарихы» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы да аталмыш мәселеге үнемі айрықша мән беріп отырады. Дегенмен, отандық ғылым-білім кеңістігінде, екіншіке орай, жоғарыда айтылған мәселелерді және осы тақылеттес басқа да сан алуан

этномәдени тақырыптарды әлемдік ғылыми зерденің қазіргі өскелең талап-талғамы тұрғысынан һәм елдің көңілінен шығатындай деңгейде зерттеген еңбектердің әлі де болса тым азшылық етіп отырғаны жасырын емес. Мен отандық ғалымдардың сан жылғы еңбегінің нәтижесін қомсынудан аулақпын. Бірақ қазіргі жаһандану жағдайындағы және тағы да басқа толып жатқан объективтік және субъективтік факторлардың тегеурінді тепкісіне түскен төл мәдениетіміздің, тіліміздің бүгінгі өздеріңізге бек мәлім жай-күйіне байланысты жоғарыда аталған мәселелерді, әсіресе, тарихи-этнографиялық, сондай-ақ тілтанушы ғалымдар жиі айтатын тақырыптарды сапалы зерттеп-зерделеген еңбектердің әлі де болса аздық етіп отырғаны басы ашық жайт.

Демек талқылауға түсіп отырған аталмыш ғылыми-этнографиялық энциклопедияның жарық көруі – отандық тарихнамада ғана емес, еліміздің ғылыми-білім кеңістігіндегі айтулы оқиға, бірегей құбылыс. Барлығы 4208 беттен тұратын осы басылым арқылы оқырман қазақтың байырғы тіршілігінің барлық саласы мен деңгейлері жөнінде толықмәнді түсінік ала алады. Осы ретте ерекше назар аударалық бірер жайт жөнінде де айта кеткім келіп отыр. Өңгіме аталмыш қазақ тіршілігінің әр қырынан танытатын отандық көркем шығармалар жөнінде болып отыр. Сөз жоқ, шығармалардың танымдық тағылымы өлшеусіз. Дейтұрғанмен, қазақтың ежелгі тыныс-тіршілігіне арналған осындай көркем шығармаларды оқу барысында көне дәстүрлерді танытудан гөрі, әлгі шығармалардың идеясы мен мазмұнын тану жетегінде кетіп қалатынымыз да бар. Аталмыш энциклопедияның ғылыми-танымдық және ғылыми-практикалық маңызы да қазақтың этникалық мәдениетінің отандық тарихнамасының осындай жай-күйіне, ахуалына байланысты туындайды. Осындай тығырыққа тірелген сәтте, яғни көне қазақтың ақиқат болмысын көпшілік қауымға түсінікті стильде баяндайтын этнографиялық энциклопедия аса қажет болды, тіпті қоғамның сұранысы да осы болды. Сонымен 2017 жылы «Қазақтың этнографиялық категориялары ұғымдары мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияның, жоғарыда айтылғандай, толықтырылып, өңделген екінші нұсқасы жарыққа шықты. Бұл құнды еңбекті қолына ұстап, оқыған әрбір адам (мейлі ол қазақ не өзге ұлт болсын) таңырқанып, таңғалумен болды. Себебі бұл еңбек – «қазақ қандай халық болған?» деген сұраққа шынайы жауап береді әрі энциклопедияның тілі түсінікті, ал мазмұны бұрын-соңды жарияланбаған, жаңғыртылмаған құнды ақпараттарға толы.

«Қазақ қауымын осыншама таңғалдырған, осыншама қызықтырған энциклопедияның сыры мен құпиясы неде? Энциклопедияда берілген тың ақпараттар, ұмытылып кеткен қазақтың құндылықтары, жаңғыртылып жатқан қазақтың көне ұғым-түсініктері қайдан келді, қайдан алынды?» деген оқырман қауымның сұранысы бізді дөңгелек үстел ұйымдастыруға құлшындырды.

Бірінші сұрақ. Аталған энциклопедияны құрастыру идеясы қалай пайда болды?

Нұрсан ӘЛІМБАЙ: Энциклопедияның қалай пайда болғандығы туралы айтып өтейін. Энциклопедияны жасауға жалпы 22 жылдай уақыт жұмсалыпты.

Оны жасау идеясы мен Моңғолияға қарасты Баян Өлгей өлкесінде кейін менің ғылыми жетекшілігіммен кандидаттық диссертация қорғаған осы жердің қазақ тумалары Досымбек Қатран, Бабақұмар Хинаятпен бірге 1992 жылы ұйымдастырылған этнографиялық экспедицияда жүрген кезде пайда болған еді. Бірақ ол кезде ғылыми энциклопедия емес, қазақ мәдениетінің сөздігін жасасам қайтеді деген ой ғана болды. Алайда, ол кезде оның мән-мақсаты, мазмұны, идеологиясы, теориясы, методологиясы жөнінде менің түсінігім қалыптаса қоймаған-тын. Ал енді бел шешіп, белсене кіріскеніміз 2004 жылы басталды. Бұл уақыт менің орталық музейдің директоры болып қызмет істеп жүрген кезім. Сөйтіп, өздеріңізге таныс этнографиялық энциклопедияның концепциясын, бағдарламасын және қолымнан келгенше, қажетті этнографиялық тақырыптардың біраз реестрін жасақтадым. Бұл жерде этнографиялық тақырыптар деп отырғанымның өзіндік себебі бар. Расында да, сол кезде энциклопедиялық этнографиялық сөздік ретінде жоспарланған жобаның алғашқы атауы «Қазақтың дәстүрлі шаруашылығы, салты, әдет-ғұрпы және дүниетанымы. Энциклопедиялық сөздік» болатын. Ал, болашақ энциклопедияның когнитология ғылымының бірліктері – «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі» деп аталуы 2007 жылға жатады. Яғни мұндай атау энциклопедияны жасақтау барысында қалыптасқан методологиялық жағынан да, болашақ басылымның деректік негізі және негіздемесі тұрғысынан да әбден пісіп жетілген шешімнің нәтижесі деуге болады. Осы жерде реті келгеннен кейін айта кету керек, аталмыш категориялар, ұғымдар мен атаулардың реестрін жасау қиынның қиыны болып шықты. Өзім күнделік жүргізуші едім, соған қарасам, әлгі реестрді көп болып жасаудың өзіне бақандай 3 жылдан астам уақыт кетіпті.

Енді қысқаша энциклопедияны ұйымдастыру және қаржыландыру мәселесі жөнінде. Бұл үрдіс мейлінше қиын шаруа екен. Өйтеуір әулірімдеп жүріп министрліктегі басшыларды да, музей ісіне жауапты қызметкерлерді де аталмыш жобаны жүзеге асыруға көндірудің сәті түсті. Сөйтіп, Қазақстанның белгілі мамандары мен қазақ мәдениетінің жанашырларына арнайы хат жаздым. Бұл күндері марқұм болған Сейіт Кенжеахметұлы, Жағда Бабалықұлы, Дәркенбай Шоқпарұлы сынды қазақ елінің біртуар азаматтары және біраз этнограф ғалымдар жоғарыдағы айтылған жобаны бірден қолдап, 2004 жылы күз айында орталық музейдің мәжіліс залында алғашқы бас қосу болды. Жиынға 32 адам қатысты. Сөйтіп, жоғарыда аты аталған әрқайсысы тірі энциклопедия іспеттес үлкен ағаларымыз Жағда Бабалықұлы, Сейіт Кенжеахметұлы, Дәркенбай Шоқпарұлынан қазақы жосынмен бата алып, мен дайындаған энциклопедияның концепциясы мен бағдарламасын жиналғандар бірауыздан қолдағаннан кейін, жұмысқа кірісіп кеттік.

Осы сәтте менің жадымнан еш уақытта өшпейтін оқыс әрі бірегей оқиға іспеттес бірер жайт жөнінде айта кетуді өзімнің парызым деп есептеймін. Жоғарыда аталған Дәркенбай Шоқпарұлы деген есімі місекер ұста деген атпен бүкіл елге мәшһүр болған үлкен тұлғаның қазақы ортада «жаман ауру» деп аталатын ауыр науқасқа ұшыраған кезі еді (дәстүрлі

қазақы атауы – обыр, медициналық термин бойынша – рак). Ол мені оңашалап: *«Мен енді бұдан кейін келе алмаспын, несін жасырайын, түр-түсімнен көрініп тұр ғой. Тіршілігім санаулы екенін сеземін. Енді келе алмаспын. Бірақ, қолымда бар көп жыл жинаған материалымды пайдаланыңдар»,* – дегені. Маған мұндай оқыс хабар өте ауыр тиді. Көп уақытқа дейін бей-жай күй кешуге тура келді. Ол кісіні ел-жұрты қазақ мәдениетінің қыр-сырын жетік білетін, ұсталық һәм зергерлік өнердің қас шебері, оған қоса ғалым, сонымен бірге, адамгершілік қасиеті биік тұлға ретінде ерекше сый-құрмет тұтатын. Ал енді өлім аузында тұрған осынау асыл ағаның жиынға арнайы келуі, шынтуайтында, таңқаларлық оқиға еді. Бұл бірегей жайтты, өз басым, бір жағынан ол кісінің еліне деген кіршіксіз адалдығының, екінші жағынан, «нағыз ер екен дейтіндей» қасиетті бойына сіңірген тұлғалық қасиетінің айғағындай бағалаймын. Үшінші жағынан, Дәркенбай ағаның жоғарыда айтылған ауыр науқасқа ұшыраған күйіне қарамай арнайы келуі осынау нағыз Ер Азаматтың болашақ энциклопедияның ғылыми-танымдық маңызын, халыққа қажеттілігін терең сезінгендігінің көрінісі-ау деп ойлаймын...

Расында да, Дөкең өз сөзінде тұрып, өмір бойы жинаған орасан бай этнографиялық материалын энциклопедияны жасақтау барысында пайдалануға толық мүмкіндік берді. Сондай-ақ, осы басылымның ғылыми жетекшісі әрі бас ғылыми редакторы ретінде жоғарыда есімдері аталған Сейіт Кенжеахметұлы мен Жағда Бабалықұлы сынды қазақтың қолданбалы этнографиясының үздік білгірлерінің берген мәліметтерінің және ақыл-кеңестерінің энциклопедияны жазу барысындағы өлшеусіз маңызы болғандығын ерекше екшеп айтуға тиіспін.

Бұл айтылғандарды энциклопедияның тарихындағы айтулы жайттар ретінде бағамдау қажет деп есептеймін. Сонымен бірге, алғашқыда жобаны қолдап, жазамыз дегендердің қатары бірте-бірте сөйілді. Сөйтіп, алдарыңыздағы энциклопедияның өз ісіне берілген авторлар ұжымы осылай қалыптасты.

Қаржылық жағы да өте қиын болды, мұны да айтуға тиіспін. Өйткені ғылыми жобаны атқаруға қажетті қаржы алу үшін, ең алдымен, музейге мемлекеттік аттестациядан өтіп, ғылыми-зерттеу мекемесі деген ресми статус алу қажет болды. Бұл мәселені шешуге көп уақыт пен қажыр-қайрат жұмсалды. Нәтижесінде 2005 жылы күз айында музей аталмыш аттестациядан ойдағыдай өтіп, ресми түрде ғылыми-зерттеу мәртебесіне ие болды. Сөйтіп, мемлекет тарапынан қажетті қаржы ақша бөлініп, жұмысқа кірісіп кеттік. Өздеріңізге мәлім, 2010-2014 жылдары аралығында аталмыш ғылыми-этнографиялық энциклопедияның алғашқы басылымы жарық көріп, бірден қалың оқырманның да, ғылыми ортаның да жоғарғы бағасын алды. Бірақ, өз басым энциклопедияның кейбір тұстарына басшы ретінде де, зерттеуші-ғалым ретінде де көңілім онша тола қойған жоқ. Біраз демалып алған соң, авторларды жинап, әрі қарай жұмыс жасайтынымызды айттым. Бәрі қолдады. Сондықтан да, өзімнің әріптестеріме деген ризашылығым шексіз. Нәтижесінде, жоғарыда айтылғандай, энциклопедияның 2017 жылы едәуір толықтырылып, өңделген, екінші басылымы жарық көрді. Екі басылым да ғалымдар мен қарапайым оқырманның шынайы құрметіне бөленіп отыр. Автор-

лар үшін бұл – әрине, үлкен мәртебе.

Энциклопедия халықаралық деңгейде жоғары бағаланды. Мысалы ретінде «Thomson Reuters» базасына кіретін «Milli folklor» атты Түркияда шығатын ғылыми журналға Ерке Өзер атты ғалымның біздің энциклопедияны ерекше бағалап 2015 жылы жариялаған рецензиясын айтуға болады. Сондай-ақ, 2018 жылы аталмыш журналдың 118-ші нөмірінде тек бұл ғана емес, біздің шығарған екі ғылыми жинағымызға жоғары баға беріпті. Басылымның ұйымдастырылып жарыққа шығуының қысқаша очерктік тарихы осындай.

2-сұрақ. Энциклопедияны оқыған оқырмандар «көне қазақ ортасына кіріп кеткендей, тіпті көне кинофильм ішінде жүргендей» бас алмай оқымыз деп баға береді. Энциклопедияны оқуға құмарлық жоғары. Оның сыры неде?

Нұргелді УӘЛИ: Бұл энциклопедияны қолға алған адам мынадай көлемді еңбекті қалай игеруге болады деген сауал қояды. Мен де мұны қалай игертеміз деген сұраққа жауап іздейтінмін. Бұл еңбекті игерту үшін Нұрсан Әлімбаевтың осы еңбекті жазудағы концепциясын түсіну керек. Бұл жердегі негізгі концепт бойынша, әуелі – адам, адам қайда өмір сүреді – табиғи ортада өмір сүреді, табиғи орта дегеніміз не? – анау қыр, анау өзен. Ал енді біз табиғи ортаны сипаттап қана қоймаймыз ғой, табиғи ортаны адам қалай игерді, этнос қалай игерді? Адам – субъект. Энциклопедияны танудың бір жүйесі осы – адам табиғи ортамен қалай байланыс жасайды. Адам табиғи ортада ғана емес, қоғамда өмір сүреді. Біз үлкен ғимаратта өмір сүріп отырмыз. Бір жағы – табиғат болса, екінші жағы – артефактілер дүниесінде өмір сүреміз. Субъект ретінде психикалық ортада, әлеуметтік, жеке адамдық, ұжымдық қатынастарда өмір сүреміз. Осы қатынастарды не реттейді, энциклопедияда міне осылар бар. Бұл еңбектің келесі басылымына қатысты ұсынысым – көрнекті тұлғалар туралы дерек қосу.

3-сұрақ. Энциклопедия оқырмандарының басым бөлігі – жастар. Олардың сұранысы тым жоғары. Қайта шығарылуын сұрайды, қолжетімді болса екен, таралымы көп болса екен, сатып алуға тиімді болса екен дейтін жас мамандар мен оқушылар өте көп. Оларды қызықтыратын не?

Зауреш АХМЕТЖАНОВА: Халықтың рухани және материалдық мәдениетін құрайтын компоненттер – ұлттың байырдан келе жатқан қазына-байлығы, көрнекті этнолог ғалымымыз Н.Әлімбаевтың ғылыми жобасымен, басшылығымен жарық көрген «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» (2017 ж.) атты этнографиялық энциклопедия халқымыздың осы аталған қазына-байлығы жинақталып, сараланып, талданып, жүйеге түсірілгені ғылым мен білім және мәдениет саласындағы ең айтулы құбылыс деуімізге болады.

Зерттеуші ғалымдардың назарына пікір аударсақ, кез-келген ұлттың, этностың менталитеті, әлемге деген көзқарасы, өзін-өзі тануында НЕ?, КІМ?, НЕ ҮШІН?, НЕГЕ?, ҚАЛАЙ? сияқты сұраулардың қайсыбірі басым болады. Мысалы, америкалықтарда – ҚАЛАЙ?, француздарда – НЕ ҮШІН? дейтін сұрау үстем болса, қазақтарда – СЕН КІМСІН?, СЕН КІММЕНСІН?, ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫСЫҢ ҚАЛАЙ? деген сұраулар басым сипатта болады. Қазақ мен-

талитетінде адам ұғымы оның табиғи ортасымен байланысы, әлеуметтік ортамен байланысы ерекше орын алады. Бұны айтып отырған себебіміз Сүлейман Демирел атындағы университетте «Ұлттық құндылықтарға негізделген практикалық қазақ тілі» сабағында «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» бес томдық энциклопедияны, он бес томдық «Қазақ тілінің әдеби сөздігін» (2006-2011 жж.), академик Ө.Т.Қайдардың үш томдық «Адам. Қоғам. Табиғат» (2009-2013 жж.) атты еңбегін жиі пайдаланамыз.

Өзім практик болғандықтан, бұл еңбекті оқу процесінде қалай қолдануға болады дегенге ерекше назар аударып отырамын. 2014 жылдан бастап магистранттарға, докторанттарға сабақ беру барысында бестомдықты бастан-аяқ қолданып жүрміз. Бұл еңбекті біз, біріншіден, мәдениетаралық коммуникация сабағында қолданамыз. «Намыс», «Ақыл», «Жомарттық», «Наурыз», «Өсиет», тәрізді, т.б. ұғымдарды талдауға келгенде «Қазақ халқы – дана халық дегеннің дәлелі осында жатыр» деп үнемі студенттерге айтып және бұл кітаптың ерекше өзіндік жүйесін көрсетіп отырамын, өйткені бір мақала екіншісімен байланысып тұрады. Магистрант, докторанттарға сабақ барысында бір-екі мақаладан бөліп беріп, бұл мақалаға не қосар едің деген тапсырма беріп отырамын. *Айтайын деген ұсынысым*, алда бұл еңбектің тағы бір жаңа басылымы шықса, оған біздің қосар ойымыз да жоқ емес. *Келесі ұсынысым*: заман талабына сай мәдениет тірі организм секілді өзгеріп отырады ғой, сондықтан, келесі басылымда әрбір мақалада қазіргі заманға сай мынадай талапқа, мынадай ұғым қосылып отыр деп көрсету қажет. Сонда бұл жай музейде тұратын экспонат ретінде емес, тірі организм ретінде ұғынылар еді. Тағы бір ұсынысым: университеттердің төңірегінде «көшпелі семинарлар» өткізіліп тұруы қажет, семинардың базасы – осы аталған энциклопедия болуы керек.

Энциклопедияны пайдаланушы оқырмандардың басым бөлігі – жастар. Олардың бұл еңбекке деген сұранысы тым жоғары. Қайта шығарылуын сұрайды, қолжетімді болса екен, таралымы көп болса екен, сатып алуға тиімді болса екен дейтін оқытушы жас мамандар мен студент жастар өте көп. Оларды қызықтыратын материалдық және рухани мәдениетімізге байланысты құндылықтар саласын құрайтын атаулар, ұғымдар категориялар жүйесі.

Келесі айтайын дегенім – бұл еңбекті басқа елдің адамдары да білуі керек. Телелекциялар жүргізгенбіз, соның арнайы бір тарауында – этнографиялық ақпараттың қайнар көзі деп осы бестомдықты телекөгермендерге сипаттап бердік.

4-сұрақ. Энциклопедия деп қабылданған этнологиялық теориялық және ғылыми қолданбалы мәселелер жөнінде не айтар едіңіз?

Зиябек ҚАБЫЛДИНОВ: Нұрсан Әлімбаев ағамыздың жобасымен, ғылыми жетекшілігімен жасалған сондай-ақ, әрі көлемді лұғаттық мақалалардың авторы ретінде өзі де қатысқан «Қазақтың категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия» атты көлемі аса ауқымды бестомдық ұжымдық еңбекті еліміздегі, алыс-жақын елдердегі мәдени жұртшылық (мысалы, түрік ғалымдары) бірден-бір қайталамасы (аналогы) жоқ ғылыми іргелі дүние деп бағалай бастады. Әрине, қазақы ортаның

дәстүрлі мәдениетіне қатысты этнографизмдерді белгілі бір тақырыптар көлемінде жинақтап баяндаған, анықтамалық және сипаттама деңгейінде жазылған зерттеулер жоқ та емес, аз да емес. Қазақтың дәстүрлі мәдениетін «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деген үшемдік макрожүйеде әр қайсысын өз алдына жеке-жеке қарастырған зерттеу немесе зерттеу материалдары да бар. Ондай еңбектерде әдетте «мал шаруашылығы» өз алдына, «зергерлік пен ұсталық өнер» өз алдына, «киім-кешек», «азық-түлік», т.б. жекелеген тақырыптар аясында қарастырылған.

Ал жұртшылық назарына ұсынылып отырған аталмыш энциклопедия форматындағы бұл іргелі ғылыми еңбекте «Адам», «Қоғам», «Табиғат» атты макрожүйе категориялар, ұғымдар, атаулар арқылы тұтасқан бірлікке айналған. Бұл – Н.Әлімбаев ұсынған ғылыми жобаның этнометодологиялық қыры. Энциклопедияны жазуға қатысушылар осы қисынды ұстанған.

Адамның, оның этномәдени-тілдік ортасы ең алдымен табиғат дүниесімен байланысты болып отырады. Әсіресе этностың азық-түлік, киім-кешек, баспанасы тіршілікқамына тіреледі. Этностың табиғатпен қатысы Н.Әлімбаев негіздегендей, обал-сауап, ал қоғам мүшелерінің, әлеуметтік жіктер мен топтардың арасындағы әр-алуан өзара қатынастары ата-баба жолымен, дәстүрлі құқықтық, этикалық, этикеттік нормалар арқылы реттеледі. Бұлардың мәні этномәдени сипаты энциклопедиядағы лұғаттық мақалаларда ашыла түскен. Қазақы ортаның материалдық игіліктері тіршілік қамымен байланысты. Алайда қоғамдағы материалдық игілік молайған сайын, қоғам мүшелері заттың «құлы» болып кетпеуге тиіс. Сараңдық, тасжүректік, қаныпезерлік, т.б. – қоғамды іштен ірітетін жағымсыз көріністер. Бұларға этномәдени ортада адамгершілік, ізгілік, жомарттық, бауырмалдық тәрізді құндылықтар қарама-қарсы қойылады. Осымен байланысты этностың рухани құндылықтары ұғым, түсініктер категориясы арқылы мән алып (актуалданып) отырады. Мысалы, «Атымтай жомарт», «Қасым жомарт», «Намыс», «Жақсы сөз» тәрізді тақырыптар жоғарыда айтылған ұстаным бойынша этнодидактикалық тұрғыда жазылған деуге болады. Сонымен бірге тағы бір көңіл аударатын нәрсе – ұста, ағаш шебері, тері илеу т.б. қолөнер саласындағы халықтық терминдер адамдар арасындағы қатынасты реттеуде этнодидактикалық мазмұн алып отырады. Мысалы, *теріні қабықтыру, темірді балқыту, темірдің суын алу* тәрізді кәсіби терминдер қазақы ортадағы қарым-қатынасты реттеудің тиімді тілдік құралына айналып отырған: *темірдің суын тап, адамның тілін тап; темір отқа балқиды, ағаш морға балқиды, адам сөзге балқиды; терінің қыбын тап, адамның тілін тап тәрізді т.б.* мақалдар қоғам мүшелерінің арасындағы қатынаста тілдің реттеушілік қызметіне айналып отырады. Бұл айтылғандар лұғаттық мақалаларда этностың рухани өміріне қатысты сипатталады. Біз бұл жерде энциклопедияның кейбір қырына ғана тоқталдық.

Тағы бір атап айтатынымыз – энциклопедияның осы басылымында этнографиялық зерттеулердің айналымында жоқ «Ақ пен қараның арасы», «ақ пен қызылдың арасы», «ақ сабанның кезі», «берікәлі» тәрізді жүздеген ұғымдар мен атаулар тыңнан енгізіліп отыр. Бұл – энциклопедияның үлкен жаңалығы.

5-сұрақ. Энциклопедияда жан-жақты ғылыми ақпарат берілген. Әрбір ұғым мен категорияны зерттеуде бірнеше ғылымдардың зерттемелері тоғысқаны байқалады. Сонда энциклопедияда ұлттың шынайы болмысын таныту үшін қандай ғылыми бағыт негізге алынды екен?

Қыздархан РЫСБЕРГЕН: Елбасының соңғы екі жылда жариялаған бағдарламалық сипаттағы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» атты екі мақаласы жас ұрпақтың, елдің тағдырына алаңдаушылықтан туған болашақ дамуына тікелей қатысы бар айтулы еңбектер. Әлемдегі геосаяси жағдай күрделене түскен мына заманда технократтық бағыт өрістеп даму үстінде, сондықтан адами, ұлттық құндылықтардың маңызы арта түспек. Қоғамды ізгі бастамаларға жетелейтін, азаматтық қоғамымыздың тыныс-тіршілігін гуманистік мазмұнға байытатын еңбектер қажет-ақ. Осындай еңбектердің бірі емес, біргеі, ол «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық аса ауқымды да іргелі еңбекті сенімді түрде атай аламыз. Бұл еңбек қоғамдық-гуманитарлық сала ғылымдарының түйісінде туған кешенді лингво-этнотанымдық туынды. Тарихшы-этнологтар мен мәдениеттанушылар, этнология саласына терең бойлаған тілші ғалымдардың ұжымдасқан сәтті симбиоздық шығармашылығының нәтижесінде дүниеге келген керемет еңбек.

Энциклопедия қазақ этносының әлеміне, қазақ космосына өте терең бойлаған тарихи, лингво-философиялық ілкі дүние ретінде халқымыздың мәдениетін өзге ежелгі өркениеттердің алдыңғы қатарына шығаратын, бүкіл әлемге мақтанышпен көрсете алатындығы сөзсіз.

Еңбектің ғылыми-мазмұндық құндылығы, идеялық концепциясы. Бұл еңбектің басты концепциясы мен мазмұны қоршаған әлемді категориалдау, адамның, этностың тіршілік аясын Адам-Қоғам-Табиғат кешеніне қатысты зона-аймақтарға бөліп қарастыру негізге алынған. Материал әліпбилік ретпен берілгенмен, қазақ этносының барлық маңызды категориалды ұғымдары қамтылып, астасып жатыр. Қазақ халқының танымдық-этникалық болмысын сипаттауда тарихи-танымдық, лингвокогнитивтік ілім басшылыққа алынған. Еңбектің кіріспе бөлімінде идея авторы Н.Әлімбаевтың ғылыми очеркінде авторлардың басты қағидаттары мен ұстанымдары сипатталған.

Бұл жұмыс тарихи, этнографиялық, этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанушылық, лингвокогнитивтік, діни, философиялық, тарихи-дерекнамалық бағытта жазылған. Яғни ұлттық танымның дәстүрлі білімдер жүйесі өзіндік логикалық-эвристикалық жолдармен реконструкцияланған. Бұл мыңдаған ұлттық концептілер құрылымын жаңғыртумен барабар зерттеу.

Энциклопедия мақалалары шағын мақаладан бастап, кейбір дефинициялар 30-35 бетке дейін аса ауқымды көлемде берілген.

Энциклопедия мақалаларының мазмұндық, лингвокогнитивтік-семантикалық сипатына келетін болсақ, бұл жұмыс ғылыми материалдардың сипаттау тереңдігі жаңа мазмұндағы, жаңа деңгейдегі концептуалды еңбек деп бағалауға болады. Яғ-

ни көптеген мақалалар қазақ өмірінің алуан категорияларды аймақтарына байланысты терең бойлап, халқымыздың концептуалдық ғалам бейнесін, когнитивтік базасындағы ұлттық құндылықтар жүйесін түрлі лингвоақпараттар мен қатар тілдік концептінің ассоциативтік өрісіндегі көпшілікке белгісіз семантикаларды қамтып, мейлінше толық, жан-жақты түзе білген. Қазіргі тіл тұтынушылардың көпшілігіне жабық, жасырын лингвомәдени ақпараттар көзі ашылған. Мәселен, ана, ата, әке сынды көпке мәлім лексемалардың лексикографиялық актуалды дефинициясынан өзге алуан түрлі паремнологизмдермен, фразеологизмдермен өрнектелген, ұлттық құндылықтар жүйесінде шоқтығы жоғары шкалаға ие тілдік материалдар келтірілген.

Сондай-ақ, материалдық, этнографиялық артефактілік сипаттағы материалдармен қатар бейматериалдық, яғни рухани құндылықтар жүйесіне жататын ар, намыс, парыз, рух сынды ұлттық концепттер сипатталған. Мәселен, Әдеттік құқық терминдік тіркес 35 бетке және ру этнотермині мен жылқы сөзі де біраз бетте берілген, онда тарихи, терминологиялық, дәстүрлі құқық негіздері, суреттер, портрет, иллюстрациялармен қатар поэтикалық өлең жолдары, фольклорлық деректер т.б. алуан сипаттағы тілдік материалмен берілгендігі осы концептілерді мейлінше жан-жақты ашуға мүмкіндік берген.

Көптеген сөз, ұғымдардың этимологиясы, күңгірттелген тарихи, белсенді емес семантикасы келтіріліп отырған. Арасында біз естімеген көптеген жаңа дүниелер бар екен. Мысалы, арық деген қарапайым ирригациялық терминге қатысты оның қазіргі және дәстүрлі мәдениеттегі актуалды лексикографиялық дефинициясы, арық түрлерінің лексикалық жіктелімі, әрқайсысының қызметі, технологиялық ерекшеліктері, қазақ шаруаларының арықты пайдалануға қатысты іс-шараларымен қатар қолдануға байланысты құқықтық ұстанымдары, тарихи деректер келтірілген. Осылар еңбектің ғылыми құндылығын арттырып тұр.

2. Энциклопедияның ғылыми-техникалық ұстанымдары мен ерекшелігі.

Еңбекті академизмнің ең жоғары үлгісі деуге болады. Ғылыми-техникалық, типографиялық әрленуі өз алдына, бастысы, ғылыми комментарийлердің шетелдік үлгілерге сүйене отырып, тәптіштеп берілуі мұны ғылыми еңбектердің отандық жоғары үлгісі ретінде танытады. Энциклопедия мақалаларына берілген комментарийлері өз алдына бір төбе, жеке сөз етуге тұрарлық. Энциклопедия форматы түсіндірме сөздік форматынан кеңірек, мүмкіндігі, материал таңдау, оны сипаттау жағынан ерекше күрделі лексикографиялық туынды болғандықтан, осы жұмыста ұлттық концептілерді де жаңғыртуға мол мүмкіндігі жүзеге асқан.

3. Еңбектің практикалық маңызы. Жұмыс көлемі 4208 бетті құрайды екен. Энциклопедия материалдары балабақшадан бастап, мектеп, университеттердегі арнайы семинар, дәріс беруге аса қажет материалдар қоймасы деуге болады. Бір томының өзі бір институт ұжымына біраз салмақ салатын еңбек.

Ал бұл жерде мұражайдың 11 адамдық ғылыми ұжымы әрқайсысы 800 беттен асатын 5 бірдей томды сапалы ғылыми деңгейде жазып шығуы үлкен ғылыми ерлік және идея авторы Нұрсан Әлімбайдың ғылыми батылдығы мен алғырлығы, табандылығы мен үздік

ғылыми ұйымдастырушылық қабілетінің арқасы деп бағалау керек.

Бұл еңбекті қазақ халқының болмысын, менталитетін әлемге танытатын түркі әлемінде, дүние-жүзінде прецеденті жоқ, Мемлекеттік сыйлыққа әбден лайық, ауқымды да аса құнды ғылыми еңбек деп бағалаған жөн.

6-сұрақ. Энциклопедиядағы тың материалдар қайдан алынды?

Аманжол ҚАЛЫШ: Энциклопедияның біраз қырларын менің әріптестерім айтып өтті. Бұл еңбек бүгінгі таңда, біздің ұлттық болмысымызды жан жақты көрсетудің бірден-бір бірегей үлгісі болып отыр. Біреулер мынадай еңбекті шығару оңай деп ойлауы мүмкін, алайда оның артында адам айтқысыз қыруар еңбек пен қажырлылық жатыр. Әмбебап сан салалығымен ерекшеленетін жобаны жүзеге асыруда авторлардың терең кәсіби эрудициясымен қоса әдістемелік, теориялық дайындығы да жоғары дәрежеде болуы керек екендігі айтпаса да түсінікті. Жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбайдың ғылыми ерлігі, осы бес томнан тұратын, көлемі ұшан теңіз кешенді еңбекті мағыналық та, стильдік те жағынан біртекті монолит ретінде сомдап шығарғандығы деп санаймын. Энциклопедиялық бестомдық – этнографиялық, фольклорлік, тарихи жағынан теңдей құрылған үштұғырлы еңбек. Қазіргі таңда, энциклопедиямен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих факультеті Археология, этнология кафедрасында студенттер, магистранттар, докторанттар күн сайын жұмыс жасайды, барлық сабақтарда қолданады. Еңбекке енген мақалаларды қарасаңыз, бұл тұнып тұрған архив. Нұрсан Әлімбай осы материалдарды жинақтау үшін қанша рет Санкт-Петербургке, қанша рет Мәскеуге барды, Орынбор, Омбы, Ташкенттің қанша кітапхана, архивтеріне барғанын біз әріптестері ретінде білеміз. Нәтижесінде әр мақаланың деректік дәйектемесі, тарихи негізділігі тастай берік болып шыққанын көруге болады. Өз басым, бұл еңбекті Нұрсан Әлімбайдың Отан тарихында қалдырған өшпестей ізі, келесі ұрпаққа берген теңдесі жоқ мұрасы деп бағалар едім. Қысқаша айтқанда әріптестерімнің айтқанына толық қосыламын, мынадай еңбекті мемлекеттік сыйлыққа ұсыну керек. Тағы бір айтайын дегенім – барлық өңірде бір-екі айдың көлемінде энциклопедияның презентациясы жүргізілуі керек. Және бұл халық үшін жазылған еңбек қой яғни интернетке құрылымын, мазмұнын жарнамалап, халыққа таныстыру керек. Осындай әріптес-достарымның кітабының, осындай еңбегінің шыққанын мен өз басым зор мақтан тұтамын.

7-сұрақ. Энциклопедияның пайдасы мен құндылығы қандай?

Қалбике ЕСЕНОВА: Еліміздің тәуелсіздік алғанына ширек ғасырдан астам уақыт болғанда халқымыздың мықты тұғыры – руханиятқа назар аударыла бастауы аса құптарлық жайт. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қойылған басты міндеттерінің бірі – халқымыздың өткен тарихына жіті көз жіберіп, ел тұрмысында қолданылып, ұлттық санамыздың қалыптасуына зор ықпал еткен салт-дәстүр, ырым-тыйым, жөн-жоралғы, т.б. сияқты жазылмаған дала заңдарының қазіргі қоғамдық сана-

ны жаһанданудың теріс ықпалынан сақтайтын қуатты құрал ретінде қолдануға саяды. Осы орайда қолымыздағы бар дүниені ел жадында сақталып қалған, бірақ есепке алынбаған, хатқа түспеген, халыққа жарияланбаған, соның салдарынан «бізде анау жоқ, бізде мынау болмаған» деген сияқты түйткілді ойлардың көпшіліктің көңілінде орныққаны да жасырын емес.

Сондықтан бабалардан мирас болып қалған **ұлттық құндылықтар жүйесін** қазіргі ұрпақтың санасына сіңіру, келер ұрпақтың мақтанышына айналдыру – біздің кезек күттірмейтін міндетіміз екенін әрбіріміз терең түсінуіміз керек. Осымен байланысты ғалымдар тарапынан бірқатар игі істердің атқарылып жатқанын және оның алғашқы нәтижелерінің жарық көріп үлгергенін де қуана жеткізгіміз келеді.

2017 жылы «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты бестомдық энциклопедияның екінші басылымы шықты. Бұл көптомдық айтулы ғылыми еңбек – қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін сипаттау ғана емес, оны жан-жақты жүйелеп, саралап, талдау елегінен өткізген жаңа деңгейдегі этнологиялық еңбек. Аталмыш энциклопедияның бірінші басылымы 2011-2014 жылдары жарық көрген болатын. Алайда бұндай тұңғыш көптомдық энциклопедияның бірінші басылымында кейбір кемшіліктердің болуы сөзсіз еді. Бұл туралы көрнекті этнолог, энциклопедияның ғылыми редакторы Нұрсан Әлімбаев: «*Энциклопедияның екінші басылымындағы мақалалардың дені қайта өңделді, едәуір бөлігі, әсіресе, өзекті мәселелерге арналғандары қайта жазылды. Ал, деректік дәйектілігі шикілеу болған біраз мақалаларды өкінішке орай, алып тастауға тура келді. Сонымен бірге, бұл басылымға тың тақырыптарды игерген көптеген жаңа мақала-зерттеулердің де енгізілгендігін ерекше атап өту қажет*», – дейді.

Біздің байқауымызша, әр томға әлденеше ондаған тыңнан жазылған жаңа мақалалар қосылған. Олар бұрынғы басылымда кездеспейтін. Соның нәтижесінде, жалпы, энциклопедияның жаңа басылымы 200-ден астам жаңа мақаламен толықтырылған. Көптеген мақалалар редакцияланып, атаулардың анықтамалары нақтыланған, жаңадан дереккөздер қосылған, иллюстрациялар енгізілген. Соның нәтижесінде бұрынғы басылыммен салыстырғанда жаңа басылымның әр томына 100-ден астам бет қосылып отырған. Осының өзінен де авторлар ұжымының үнемі ізденіс үстінде жүргенін, ғылыми әлеуеті жоғары екенін байқауға болады. Осындай жаңа мақалалардың арқасында энциклопедияның материалдары деректік жағынан да, ғылыми танымдық жағынан да толығып, байи түскен.

Аталмыш энциклопедияда он мыңнан астам этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар қамтылған. Алайда, авторлар ұжымының барлық категориялар, ұғымдар мен атаулар толық қамтылды, біттік деп санамайтындығы, сондықтан алдағы уақытта қазақтың хан-сұлтандары, би-батырлары, бақсы-емшілері, күйші-жыршылары және т.б. ел есінде сақталып келе жатқан көрнекті тұлғаларға байланысты зерттеулер жүргізе беретіндігі айтылады. Бұл – аса құптарлық жайт. Ондай зерттеулер Қазақстан Республикасы президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»,

«Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларында көтерілген мәселелерді бүгінгі күн талабы тұрғысынан тереңдете зерделей түсетін құнды еңбек боларына сенеміз.

Кез келген тіл ұстанушы бұл еңбектің әр бетін ашқан сайын жаңа ақпарат табады. Деректер мен ғылыми танымдық дүниелер басым. Әр ақпарат иллюстративті материалмен беріліп отырады, бұл ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді. Бір этностың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениетті тануда лексико-семантикалық кедергі, когнитивтік кедергі, прагматикалық кедергі болуы мүмкін. Бұл энциклопедия осы үш кедергіні жоюға мүмкіндік береді. Практика жүзінде сабақ беру барысында ырым-тыйым, әдет-ғұрып басқа да тақырыптарға қатысты қажетті ақпараттар осы еңбектен табылады. Ұсынысым – қолжетімді болса, кез келген адам, тіпті шетелдегі азаматтар сатып алатындай болса деймін. БАҚ-қа жарнама берілсе, сұраныс та көбейеді деп ойлаймын. Бұл еңбекті біз докторанттарға, магистранттарға үнемі жарнамалап отырамыз. Үлкен докторлық жұмыстардың өзегін құрайтын жұмыс бұл. Сондықтан да, «Қазақ этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия» атты көптомдық энциклопедияның 2017 жылы толықтырылып, өңделіп екінші рет басылуын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ұсыну керек.

8-сұрақ. Энциклопедияның ерекшелігі неде?

Сайын БОРБАСОВ: Мен жалғастырып кетейін. Бұл энциклопедияда қазақ қазақ болып қалыптасқаннан бері сонау протоқазақтардан бастап бүгінге дейін жеткен біздің этникалық келбетіміз синтезделген. Біздің ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибеміздің, өмір салтымыздың барлығы осы кітапта. Бұл еңбектің тағы бір ерекшелігі: бүкіл этнология, тарихтың теориясы, методологиясы, этнография ғылымының теориялық-методологиялық проблемалары барлық энциклопедияларға енеді ғой, мұнда ондай жоқ. Барлығы – біздің ұлттық дүниемізге, этникалық ерекшеліктерімізге байланысты дүниелер. Ол – біздің шаруашылық, көшпелі өмір салты, жалпы өңірге байланысты қолданылатын заттар. «Қазақ кім? Қазақтың салты қандай болған?» тәрізді сұрақтарға кез келген адам жауапты осы энциклопедиядан табады.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия» атты бестомдық энциклопедияның 2017 жылы шыққан 2-басылымының қамтитын тақырыптарының ауқымы өте кең. Адамға, қоғамға, табиғатқа байланысты ұғым-түсініктерді, атауларды, салт-дәстүрлерді барынша молынан алып, толық қамтып шығу мақсатымен этнографиялық энциклопедия осылай аталған. Энциклопедияда тұрмыс-тіршіліктің барлық саласы терең зерттелген. Олардың бәрін бірден қамтып айту да оңай емес. Сондықтан біз энциклопедиядағы қазақтың дәстүрлі қолөнеріне байланысты материалдарға тоқталмақпыз.

Қазіргі уақытта ғаламның батыстық үлгісі негізіндегі жаһандану процесіне қарсы тұрып, тілімізді, ділімізді, ұлттық төлтума болмысымызды сақтап қалуға айрықша мән беріліп, тәуелсіздікке қол жеткеннен бергі жерде ұлтымыздың тарихы қайта қаралып, мәдени құндылықтар жаңғыртылып, ұлттық

мәдениеттің қайнар көздері зерттелуде. Олай болса, аталмыш энциклопедияның бағыт-бағдары, заман талабына сай келетін этностың болмыс-бітімін танып-білу мақсатынан туындаған зерттеулері қазіргі ғылыми сұраныспен, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларымен өзектес болып отыр.

Ұлттық құндылықтардың бірі ретінде қолөнерін алып қарасақ, оның шығу тарихы, дамып қалыптасуы көне замандағы өмір сүру қажетін қамтамасыз еткен аңшылық, малшылық, егіншілік кәсіптерінің шығуымен тығыз байланысты. Қолөнері ежелгі заманда түрлі шаруашылық түрлеріне құрал-сайман, мал өнімдері мен жабайы аң терілерінен, өсімдіктерден, тастар мен металдан сан алуан тұрмыстық бұйымдар жасаудан бастап шығармашылықты қажет ететін зергерлік, үйшілік және т.б. осы тәрізді нағыз өнер түріне айналғанға дейін ұзақ даму жолынан өтті. Қолөнерінің қай саласында болмасын өнім өндіруге қазақ жерінің табиғи байлықтары пайдаланылады. Өнім өндіру барысында табиғи құбылыстар мен жергілікті жердің табиғат ерекшелігі, уақыт, маусым, адамдардың тұрмыс күйі, әлеуметтік жағдайы мен қоғамдағы орны және т.б. мұқият ескеріліп отырды. Соның нәтижесінде шындық болмыс, ғалам, дүние туралы, қоғам туралы білімдер жиынтығы, тәжірибе жиынтығы пайда болды. Ол этнос тілінде сақталып, тілдің кумулятивтік қызметі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келді. Энциклопедияда осылардың бәрі қамтылады.

Энциклопедияның жаңалығы көп. Ол туралы осы кезге дейін жарияланған мақалаларда, дөңгелек столға қатысушылардың сөздерінде кеңінен атап өтілді. Осыған байланысты мына бір мәселені ерекшелеп айтуымызға болады. Жарық көрген сөздіктерде көрсетілмей не оларға кірмей қалған, солардың реликті ретінде халықтық тілде, аймақтық қолданыста, фольклор мен ақын-жыраулар шығармаларында, фразеологизмдер мен этнографизмдер құрамында сақталып келген, мағынасы көмескіленген, қазіргі көпшілікке беймәлім сөздер, экстралингвистикалық құнды деректер молынан қамтылғанын (тұсбақан, шошайбақан, шалмабау, ақ үзік, көнекке салар, қазан ноқталау, қодыраң қайық, қаптал киіз, термелі өрмек, шидек, сақар ши, тізгін жіп салу, сұғынды ыру және т.б.) ерекше атап өткеніміз жөн. Энциклопедия біртұтас материалдық мәдениет пен рухани мәдениет саласында осы уақытқа дейін қол жеткен ғылыми жетістіктерді пайдалана отырып жазылған тұңғыш кешенді зерттеу болып табылады.

Энциклопедияда қамтылған қолөнер бұйымдары, байыптап қарасақ, тұрмыстық, шаруашылық, әскери, т.б. қажеттіліктерді өтеумен бірге, қоғамның әлеуметтік жіктелісін көрсететін, реттеушілік яки эстетикалық және т.б. қызмет атқаратын болса, оған қатысты салт-дәстүрлер, наным-сенімдер мен тыйымдар жас ұрпақтың ұлттық таным көкжиегін кеңейтіп, еңбекке, адамгершілікке баулып, өскен ортасын, отанын сүюге, тазалыққа, тәртіптілікке және т.б. тәрбиелеу қызметін атқарған. Энциклопедия қазіргі мектептерде оқытылатын «Өзін-өзі тану» пәніне тигізетін зор көмегінің арқасында жастарды өз халқының мәдениетіне құрметпен қарауға үйретеді.

Бұл энциклопедияда қазақ топырағында дүниеге

келген, ұлттық ерекшелікті бойына сақтаған нағыз қазақы, байырғы өнер түрлері толық қамтылып, ел арасынан шыққан шеберлердің өз жеріміздің табиғи байлығын өңдеуді игеріп, оларды тиімді пайдалана отырып теріден, ағаштан, сүйектен, мүйізден, тас пен құмнан, саздан, темірден шаруашылық және тұрмыстық құрал-жабдықтарын, сонымен бірге оларды асыл тастармен, алтынмен, күміспен әшекейлеуді және асыл металдар мен тастардың өзінен зергерлік әшекейлер жасауды жоғары дәрежеде меңгеріп, көпшіліктің сұранысын, шаруашылық, тұрмыстық қажетін қанағаттандырып отырғандығы. Шеберлердің тапсырыспен жұмыс істегендігі, сондықтан алыс шетелдерден әкелінген заттар күнделікті тұрмыста сирек кездесетіндігі жан-жақты ашып көрсетілген.

Мен жаңа айтылған Зиябек Ермұханұлының ұсынысын толық қолдаймын, бұл еңбекті біздің зиялы қауым ғана емес, бүкіл Қазақстан қоғамы жоғары бағалау керек. Еңбек 5000 данамен шығыпты. Бұл кітап барлық кітапханаларға жеткізілуі тиіс. Сондықтан, Мәдениет, Білім министрліктері біріге отырып, бұл кітапты үлкен тиражбен шығарып, барлық балабақша, кітапхана, мектептерге жеткізуі тиіс деп ойлаймын. Бұл еңбекті жазу барысында ұжымның негізгі принципі – плагиатқа жол бермеу болған. Әрбір мақаланың ғылыми жаңалығы, өзіндік болмысы, ғылымда алар өзіндік орны бар. Ұсынысым – алдағы қайта шығару кезінде мақалалар фотоматериалдармен толықса жақсы болар еді.

Тәттігүл ҚАРТАЕВА: Қазіргі таңдағы ғылыми-теориялық қарекет музей ісіне басқаша көзқарастың болуын, яғни қазіргі өскелең қоғамның талаптарына сай бейімделуін, музей ісін ұйымдастыруда түбегейлі бетбұрыстардың болуын, жаңа методологиялық көзқарастың болуын, музейлердің ғылыми әлеуетін практикамен ұштастыруды талап етеді. Музеология ғылымы мен музей ісіндегі жаңа бағыттардың бірі қолданбалы музеология болып табылады. «Қазақтың дәстүрлі этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар жүйесі» атты іргелі еңбек әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының студенттері мен магистранттарының оқу пәндеріне негізгі ресурстық қолданысына енгізілген. Сондай-ақ, ҚазҰУ-дың «Археолог», «Этнолог», «Музеолог» атты білім алушылардың ғылыми шығармашылығын дамыту мақсатында жұмыс жасайтын клубтардың танымдық еңбек ресурсы ретінде қолданысқа берілген. Орталық музей – «музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының студенттері мен магистранттарының оқу-өндірістік тағылымнамасын шыңдайтын базасы, әрі серіктес мекемесі. Орталық музейдің бәсекеге қабілетті «музейтанушы», «ескерткіштанушы» мамандарды даярлауға ат салысып отырған «ұстаздық корпус» ретіндегі қызметін екшеп айтуға тұрарлық. Ұстаздық мінез-құлық нормасының басты қағидаты ынталылық пен табандылық қасиет музей басшысы Нұрсан Әлімбайға «дәстүрлі атаулар мен категориялар жүйесін» зерттеуді кешенді жүргізу міндетін жүктеп қана қойған жоқ, ол өз төңірегіне «этнограф», «музейтанушы» ғалымдар мен шәкірттерді ғана емес, музей корпусына «түркітанушы», «арабтанушы», «лингвист», «фольклортанушы», ғалымдарды топтастырып, музейлік пәндік байланыс орнату арқылы

«ғылыми музеология» мектебінің ерекше үлгісін қалыптастыра білді. Қазіргі таңда Орталық музей – «этнология және антропология» орталығының зерттеу жұмысын жолға қойған Орта Азиядағы бірден-бір ғылыми орталық. Музейлік практикаға келген білім алушылар музейлік ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізудің ерекшелігімен танысып қана қоймай, ғылыми зерттеудің нәтижесін ғылыми еңбек арқылы көрсету, еңбектерді қолданысқа енгізу тәжірибесімен де танысады. Қазіргі таңда ҚазҰУ «музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығы бойынша докторантураға жас ғалымдарды қабылдауға лицензия алды. Докторантураның оқу бағдарламасына «Материалдық емес мәдениетті ескерткіштердің сақталуы және музеефикациялау мәселелері», «Мұраларды сақтау мен қолданудың өзекті мәселелері» атты пәндер енгізіліп, аталмыш пәндердің де негізгі ресурстық базасында осы бес томдық қамтылды.

Айгүл ӘМІРБЕКОВА: Тіл – қоғамдағы ең маңызды қажеттіліктердің бірі. Тіл – әрбір елдің, әрбір ұлттың тарихын, мәдениетін мен тұрмыс-тіршілігін, тіпті сол ұлттың өз болмысын танытатын, оны сақтап қалатын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ұлы қазына. Осы тұрғыдан алғанда «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясы – қазақтың мәдениеті мен тарихын қайта жаңғыртқан рухани құндылық. Өз уақытында жарық көрген энциклопедияға деген сұраныс күннен күнге күшейе түсуде. Себебі тәуелсіздігін алып, еңсесін көтеріп, қатарына ілесіп, бой түзей бастағанда қазақ қоғамы көне тарихы мен мәдениетін терең тануға бағыттала бастады, көне ескіліктері мен мәдени мұраларын игеруге деген қызығушылық ояна бастады. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: *«Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басып, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын»*, – деген болатын. Қазақ қауымына ұсынылған энциклопедияда көпшілікке таныс емес ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлері, жосын-жоралғылар, ырым-тыйымдар, наным-сенімдер, әлеуметтік-құқықтық қатынастар түгел дерлік қамтылған. Демек, аталмыш еңбек – қазақтың көне мәдениеті мен тіршілікқамын шынайы таныстыратын, яғни ұлт санасын рухани жаңғыртатын құнды мұра. Энциклопедия қазіргі қазаққа мүлде таныс емес, әлі жаңғыртылмаған тың мәліметтерімен ерекше.

Қазіргі таңда тілші ғалымдар имманенттік тәсілдің (өз ішіндегі қызметіне қарасты) тілдік жүйеге тең келмейтінін, қоғам мен адам өміріндегі тіл табиғатының барлық әрекеті барабар келмейтінін айқындау үстінде. Осы ғылыми тұжырымдарды дәлелдеу кезінде тікелей адамның танымдық ойлау қабілетімен байланыстыра қарастыратын антропоөзектік бағыттар – этнолингвистика, психоллингвистика, социоллингвистика, когнитивтік лингвистика және лингвомәдениеттану, лингвоелтану бағыттары дүниеге келді. Ғалым Н.Уәли: *«Сөз мәдениетін коммуникативтік-прагматикалық, когнитивтік және лингвомәдениеттік, этикалық, лингвозкологиялық тұрғыдан қарастырудың концептуалдық негіздерін анық-*

тау, сөздің коммуникативтік сапаларын анықтау – сөзбен өрілген қазақ мәдениетін жаңғырту ісіндегі өзекті мәселе», – деп тұжырымдайды. Тіл мен таңба адам санасында танылатын бейненің сұлбасын жасайды. Тілдегі адам факторын тереңінен зерттеу нәтижелері санадағы ақиқат дүниенің бейнесін, оның ішінде дүниенің тілдік бейнесін анықтауға әкелді.

Әлеуметтік жағдаят пен тілдік таңба – бірінсіз бірі болмайтын, бірін-бірі толықтыратын ажырамас құбылыстар. Сондықтан тілдік таңба бойындағы семиотикалық мағына әлеуметтік ортада еш өзгеріссіз сақталады, осыдан барып этнотаңбаланған реалийлер тілдік таңбаның бірнеше рет ассиметрияланған/симметрияланған көп қырлы үдерісінен өтіп барып санада сақталады.

Демек, кез келген таңба этнотаңбалық тұрақтылыққа (мәңгілік халық жадында сақталатын, ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәртебеге) жете бермейді. Этнотаңбалық қасиетке ие болатын ұғымдар ұлттың (халықтың) ортақ ассоциативті-мағыналық таным желілерінен жинақталған ерекше ұлттанытушылық мәдени концептілердің аясында шоғырланып, халықтың астырт санасында тереңінен сақталады. Нақтылап айтсақ, этнотаңбалар ұлттық дүниенің тілдік бейнесінде айқын көрінеді, яғни ырым-тыйым, наным-сенімде, аксиологиялық, тарихи, мәдени, құқықтық концептілер жүйесінде қатталады. Этнотаңбалар тұрпат межесінде қарапайым тілдік бірліктермен вербалданғанымен, мазмұн межесінде семиотикалық түрлеріне қарай ажыратылып жіктеледі. Көп жағдайда этнотаңбалардың мәнін түсінуде қиындықтар туындап жатады. Себебі, халықтың сонау көнеден сақтап келе жатқан таңбалық ұғымдарының (бейнеленушінің) мәні, мағынасы (білдіруші мазмұны) күңгірттеніп, жоғала бастағанынан болса керек. Мәселен, тілімізде жақсы және жаман ырымдардың бар екенін білеміз. Тіпті оны орындауға талпынамыз, бірақ оның не білдіретінін біле бермейміз. Мысалы, абажаны түнде ашуға болмайды. Тек өлім-жітім болғанда немесе ерекше жағдайда ғана *«абажаның ішіне жылан кірді»* деген магиялық мәндегі сөзді айтқан соң ғана ашады. Көшпелі ортада қастерлі саналған абажа, сандық сияқты жиһаздарға қатысты белгіленген нормалары туралы Ә.Диваевтың Перовск уезінің қазағы М.Шахмұратовтан жазып алуы бойынша, қазақтар сандықты түнде ашпайтын себебін *«әулеттен біреу өледі»* деген қауіппен түсіндіреді. Ә.Диваевтың айтуынша түнде сандық ашуға мәжбүрлейтін үш түрлі жағдайда, **біріншіден**, сандықта сақталған бір зат қажет болғанда, **екіншіден**, көші-қонға байланысты, **үшіншіден**, жерлеу рәсіміне қатысты ашылуы мүмкін. Энциклопедияда абажаны, яғни материалдық мәдениетті таныстыра отырып, оның концептуалдық өрісіндегі ұмытылған рухани мәдениет түсіндірілген. Бұл жерде *«заттық мәдениеттен рухани мәдениетке қарай»* зерттеу принципі сақталғаны байқалады.

Қазақта *«Кендірменен байлама, жыңғылменен айдама, Жыңғылменен айдасаң, мал бітер деп ойлама»* деген сөз орамы бар. Қазіргі қазақ үшін бұл ырымның мәні түсініксіз. Неге кендір, неге жыңғыл деген сұрақ туындайтыны да рас. Оның жауабы энциклопедияда дәлелді түсіндірілген: *«Қазақ ырымында малды қу шыбықпен немесе қабықсыз ағашпен, әсіресе, жыңғылмен айдағызбайды. Жыңғыл*

қатты жынысты болғандықтан онымен мал айдау жамандық нышаны делінеді. Кендір арқанмен мал байламайды, себебі кендір арқан су тигенде ісініп қатайып, малдың денесін қажайды. Сонымен қатар қазақтар көші-қон кезінде кендір қалың болып өскен жерлерді мүмкіндігінше айналып өтуге тырысқан, себебі құраған кендір сабағын, сояуларын жеген мал уланып іш, өкпе ауруларына шалдығады деп есептеген». Осы тұста «тіл арқылы мәдениетті тану» принципі негізге алынғаны байқалады және ғалым Ә.Қайдаровтың «Этностың шын мәнісіндегі болмысы мен дүниетанымы оның тек тілінде ғана сақталады», – деген тұжырымымен сабақтас екені аңғарылады.

Этнографиялық энциклопедияда «келінге қатысты жосын-жоралғылар» өте жақсы түсіндірілген. Келін пәле-жаладан, тіл-көз тиюден аман болсын, аман-есен дүниеге дені сау ұрпақ әкелсін, несібесі көп болсын деген жақсы ниеттен пайда болған. Келін ұл тапсын деген ырыммен оған қойдың ұлтабары ұсынылады. Түсік болмас үшін енесі келіннің етегін бүріп қояды. Енесі той-томалақтан, қонақтан қайтқанда дәмәтіп қалар деп қалтасына салып не орамалға түйіп дәм ала келеді (өйткені, келін дәмәтсе, оның меселін қайтаруға болмайды, емшегі ісіп кетеді). Жас келінді есік көруге шақырғанда немесе ол бір ауылға қыдырып барғанда үлкен әйелдер мен әжелер «итаяғына сал» деп оған сақина, жүзік сияқты заттар береді. Кейін келіншек босағанда баланың шаранасын жуатын суға сол заттарды салып жіберіп, нәрестені жуады. Жуып болған соң, оларды сол жердегі әйелдер ырым етіп бөлісіп алады. Бұл ырымды итаяғына салу деп атайды. Көз тимесін деп ырымдап жас келіннің төсек-орнына, тұтылған кілемге, шымылдығына үкі немесе тұмар тағып қояды. Келін ауылдағы бір үйге кіргенде, қандай асығыс болса да тізе бүгуі, отыруы керек. Ол, бір жағынан, шаңырақты құрметтеу болса, екінші жағынан, сол үйдің сиыры түрегеп тұрып бұзаулайды деп ырымдайды. Сондықтан келін не басқа біреу түрегеп тұрып шаруасын айтып, үйден шығып бара жатса, үй иесі: «Неге тізе бүкпейсің, біздің үйдің сиыры түрегеп тұрып бұзауласын дейсің бе?», – деп реніш білдіреді.

Осындай қызықты ақпараттармен ұғынықты тілде жазылған еңбектің оқырманы да көп болатыны сөзсіз.

Энциклопедияның тағы бір ерекшелігі – қазіргі қоғамдағыдай құжатпен бекітілетін заңдық жүйе болмаған кезеңде халық арасындағы саяси-институционалдық, әлеуметтік-құқықтық қатынастарды реттеудің принциптерін жіті түсіндіруі. Мысалы *бірата* ұғымы қазіргі қазақтар санасында «бір атадан тараған ұрпақ, бір атаның балалары» деген үстірт түсінікпен шектеледі. Сөйтсек, ертеректе бір атадан тараған үш-төрт ұрпақтың балалары бір ауылды құрайды екен. Демек шағын бір ауыл – біратаның балалары. Осыдан барып біраталық принципіне негізделген бірлесу жұмыстары қалыптасқан. Мысалы, асар. Қазақ ауылында бір отбасының қолынан келмейтін күрделі, көлемді жұмыстарды атқару үшін ауыл адамдары асарға шақырылады. Бүкіл ауыл болып көмектеседі. Мысалы, егіншілік дамыған өлкелерде арық, кәріз қазу, тазалау секілді суландыру жүйесіндегі жұмыстарды, сондай-ақ, үй тұрғызу, қора-қопсы салу сияқты құрылыс жұмыстарын асар жасау арқылы атқарған. Асарға шақырылғандар еңбегі үшін төлемақы талап

етпейді, асарға шақырушы адам оларға жақсы ас әзірлеп, дастарқан жаяды. Ал қауым – ұжымдық монополиялық принципке негізделіп түсіндірілетін ұғым. Қауымда аса маңызды ұйымдастырушылық, қорғаныс, ғұрыптық, институционалдық функция атқарған би, батыр, ақсақал (жасы келген адам мағынасында ғана емес), сал мен сері, ақын, жырау, жыршы, күйші сынды категориялардың құрамында жоғарыда айтылған әлеуметтік топтардың айтулы өкілдері де кірді. Аталмыш әлеуметтік топтардың қауымдағы ең көрнекті, әрі беделді өкілдерін қамтыған «ырыс ұстағандар» және «игі жақсылар» деп аталатын категориялары көшпелі ортадағы институционалдық қатынасты ұйымдастыру мен реттеуде айырықша рөл атқарды.

Энциклопедист-ғалымдар Нұрсан Әлімбай, Нұргелді Уәли, Рүстембек Шойбеков, Бейбітқали Қақбаев, Жалаледин Шәйкен, т.б. құрастырған құнды еңбектің қазіргі қазақстандықтарға берері мол. Көне қазақтың ақиқат өмірін тану үшін осы энциклопедияны бастан-аяқ оқып шықса да жеткілікті деп ойлаймын.

Энциклопедия авторлары жойылуға айналған немесе мағынасы солғындаған, тіпті, мүлдем семген көптеген этномәдени категорияларды, ұғымдар мен атауларды ғылыми айналымға енгізіп отыр. «Ғалымдардың міндеті – ана тіліміздің табиғи-тарихи қолданыстық кеңістігін қалпына келтіру арқылы оның әлеуметтік-рухани қауқарын қамтамасыз етуге қал-қадері жеткенше атсалысу. Әйтпесе, ана тілімізді «өлтіріп» алуымыз әбден мүмкін. Өйткені, тіл де күтіп баптауды қажет ететін өзінше тірі организм ғой» деген жанашырлықпен құрастырылған құнды еңбек – болашақ ұрпаққа рухани сый!

Энциклопедияның жалғасы болса екен деп тілеймін! Ұлттанытушылық қызмет атқаратын, ұлттың рухани мәртебесін асыратын, ұлттың көне мәдениетін түгендеуге атсалысып отырған, қазіргі қоғам сұранысына ие болған құнды еңбек мемлекет тарапынан жоғары бағалануы қажет деп ойлаймын.

Гүлсінәй ИСАЕВА: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің этнология бөлімінде белгілі этнолог ғалым Нұрсан Әлімбайдың жетекшілігімен 2014 жылы «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық іргелі еңбектің бірінші басылымы жарық көрген болатын. Көп жылдар бойы дайындалған 5 томдық энциклопедия 2017 жылы толықтырылған нұсқада екінші рет басылып шықты.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық энциклопедияның мынадай негізгі ерекшеліктерін айтып өтуге болады:

- қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен бүгінде ұмытылып бара жатқан көшпелі тұрмыстағы материалды мәдениет құралдары, оларды дайындау механизмі жан-жақты түсіндірілген;

- қазақ халқының сан алуан салт-дәстүрлері мен жөн-жоралғылары айқын көрсетілген. Бұлар тарихи құжаттар, ауыз әдебиеті мәтіндері, мақал-мәтел, фразеологизмдер арқылы бір тұтастыққа келтірілген;

- энциклопедияда берілген әдет-ғұрыптар Қазақстанның әр аймағындағы ерекшеліктерімен қатар, Өзбекстан, Моңғолстан, Қытай елдеріндегі қазақтардың әдет-ғұрыптарында кездесетін ерек-

шеліктерін беріп отырады;

- тарих, этнография, география салаларындағы құнды пікірлерінен бөлек, шаруашылық, көшпелі тұрмыс, табиғат құбылыстарына байланысты қалыптасқан қазақ халқының білімдер жүйесі де ұтымды көрсетілген;

- қазақы ортада тіршілік цикліне байланысты атқарылған салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар мен наным-сенімдер жүйесінде ерекше орны мен мәні бар халықтық күнтізбеге байланысты тақырыптар да жақсы ашылған;

- Сонымен қатар энциклопедияда әрбір реестр сөзді қалың жұртқа таныту үшін қолданылған әдебиеттер мен қосымша мәліметтердің алар орны ерекше. Ең алдымен әр кезеңде қазақ даласына ұйымдастырылған әртүрлі экспедициялардың материалдары, қазақ және орыс зерттеушілерінің еңбектері мен архивтік және мерзімдік баспасөз мәліметтері молынан қолданылғанын көруге болады.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіне қатысты категориялар, ұғымдар мен атаулардың бес томдық энциклопедиясы ел ішінде ғана танылып қоймай, алыс-жақын шет елдерде насихатталып келеді. Біз де өз кезегімізде 2015-2016 жылдары «Ана тілі» газетінің «Сөзтаным» айдарын жүргізген сандарда осы сүбелі еңбекті мейлінше танытуға атсалыстық. Атап айтқанда, «Сөзтаным» айдарының Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған санында хан атауының шығу тегін ашуда және оған қатысты келте хандар, келте хандар кезеңі, хан сайлау мен оның хан көтеру, хан талапай сияқты рәсім-жоралғылары, хандық билікке байланысты хан кеңесі, хан тәңірі, ханның нағы, хан талау атаулары, хан атауына байланысты салтанат пен ойын сауықтар туралы тақырыпшаларды жан-жақты талдауда осы энциклопедияға сілтеме жасалды. Мұнымен қатар әр жыл мезгілі мен жаңа айлар келген сайын ана тілімізді ардақтайтын оқырман жұртшылыққа күз, қыс, көктем, жаз мезгілдерінде болатын табиғат амалдары мен он екі айға байланысты атаулардың тілдік сипаты мен халықтық ұғымдарын таныстыруда этнографиялық энциклопедияның халық күнтізбесіне арналған ғылыми мақалаларына сүйендік.

Қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымы, академик Әбдуәли Қайдардың «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты 3 томдық этнолингвистикалық сөздігінде (Алматы: 2009, 2013) қазақтың тіршілігін, салт-санасын, дүниетанымын және тағы басқа этностық ерекшелігін ана тілінің лексикалық, фразеологиялық, паремнологиялық бірліктері арқылы Адам, Қоғам, Табиғат факторларының аясында қарастырса, сөз болып отырған бес томдық этнографиялық энциклопедия қазақ этносының тарихын, этнографиясын, ұлттық психологиясын, әлеуметтік қатынасын танымдық категориялар арқылы синтездеп, оларға қатысты ұғымдар мен атауларды жан-жақты талдап берген бірегей еңбек деп айтуға болады.

Қазақ халқының материалдық, рухани құндылықтарын жүйелеп, бір жерге топтаған бұл құнды еңбек еліміздің қазақ тілді азаматтарына ғана қолжетімді болмауы тиіс. Қазақ этносының ұлттық дәстүрі, сан ғасырлық тарихы, ерекше дүниетанымы туралы қызықты ақпарат алғысы келетін еліміздің өзге ұлт өкілдері мен шетелдік азаматтар үшін де

қолжетімді ету керек.

Қазіргі жаңа технологияның дамыған заманында адамзат барлық қажеттілігін ғаламтор әлемінен үйреніп алатын жағдайға келді. Қоғамда жеті жастан жетпіс жасқа дейінгі тіл үйренгісі немесе белгілі бір білімді меңгергісі келген талапкер түрлі интернет ресурстарды, қалталы смартфондағы сан алуан мобильді қосымшаларды қолданады. Соның бір мысалы ретінде соңғы жылдары бүкіл әлемге танымал болған «Duolingo» атты ағылшын, испан, итальян және басқа да шет тілдерін тегін үйренгісі келетіндерге арналған интернет ресурсты айтуға болады. Бұл «Duolingo» ресурсының танымалдылығы мен көпшіліктің сұранысына ие болуы тіл үйрету методикасының жаңашылдығында ғана емес, оның қолжетімді екендігін де мойындауымыз керек. Себебі «Duolingo» интернет ресурсы тіл үйренем деушілерге Android жүйесі мен IOS нұсқасында ұсынылған мобильді қосымшаларда жеңіл қолдана білуге жағдай жасалған. Осы сияқты ғаламтор әлемінде рухани ақпаратпен алмасушы көптеген мобильді қосымшалар күн өткен сайын қолдануға жеңіл әрі түсінікті формада шығып жатыр.

Сөз болып отырған бес томдық этнографиялық энциклопедиядағы ұғымдар мен атауларды жұртшылыққа танытып қана қоймай, **осы құнды еңбекті қолдана отырып, қазақтың дәстүрлі мәдениетін паш ететін заманауи құрал жасалу керек** деген ұсыныс білдіргіміз келеді. Қазақ халқының тарихи-этнографиясын, мәдени кодтарын, салт-санасын білгісі келетін әрбір азамат үшін және әр жастағы, әр деңгейдегі өзге ұлт өкілдері үшін арнайы мобильді қосымшалар жасауға болады. Орыс тілді мектептерде оқитын жас отандастарымызға да жеке мобильді қосымша арнау пайдалы болар еді.

Қорыта келгенде, «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты бес томдық энциклопедия әлемде теңдесі жоқ өте құнды шығармашылық туынды болып табылады. Себебі **бұл энциклопедия – қазақтың тарихи-этнографиясын, мәдени кодтарын, салт-санасын танытатын үлкен бір сүбелі еңбек. Ендігі атқарылатын іс – Нұрсан Әлімбаевтің жетекшілігімен жасалған осындай құнды дүниені жұртшылыққа барынша таныстыру**. Бұл бес томдық энциклопедияны жаңа технологиямен үндестіріп, ғаламтор кеңістігімен етене өмір сүріп жатқан халықтың қабылдау деңгейімен сай етіп, мобильді қосымшалар арқылы қазақ халқының этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесін насихаттау ұтымды қадам болар еді.

Әбділдабек САЛЫҚБАЙ: Құрметті қауым! Расында да, еліміздің мәдени және ғылыми өмірінде айтулы оқиға һәм құбылыс ретінде бағамдауға өбден болатын аталмыш энциклопедияны мен де өздеріңіз сияқты жоғары бағалаймын. Ол жөнінде ойымызды жоғарыда шама-шарқымызша тиянақтап айттық. Меніңше, **бұл бірегей ғылыми туындыны еш әсіресіз Қазақстан Республикасының ғылым саласындағы Мемлекеттік сыйлығына өбден лайық** деп есептеймін. Баршаңызға арнайы келіп, лебіз танытқандарыңыз үшін риясыз алғысымды айтамын.

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ БОЛМЫСЫН АЙШЫҚТАҒАН ІРГЕЛІ ЕҢБЕК

Талас ОМАРБЕКОВ,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді
зерттеу орталығының директоры,
т.ғ.д., профессор, Қазақстан ҰҒА Құрметті мүшесі

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейі – ғылыми ортасы мен әлеуеті қалыптасқан, орныққан орта. Музейдің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жандануында оның жетекшісі, белгілі этнограф Нұрсан Әлімбаевтің ғылыми-ұйымдастырушылық, зерттеушілік белсенділігінің ерекше орны бар. Оның жетекшілігімен және тікелей авторлығымен орындалған музей қызметкерлерінің ғылыми зерттеулері ауыз толтырып айтарлықтай қомақты. Олардың қатарында «*Кочевая община казахов. Опыт этносоциологической реконструкции*» (авт: Нұрсан Әлімбаев. – Алматы, 2004) атты монографияны; «*Орталық музей еңбектері*» (2 томдық, Алматы, 2004-2010) атты ғылыми-зерттеу жинағын; Қазақстан музейлері тарихындағы тұңғыш тақырыптық – Н.Г.Хлудов. *Шығармалар каталогы: кескіндеме және графика* (Алматы, 2003); «*ҚРМОН-ның этнографиялық коллекциясы. Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі*» (Алматы, 2009), «*Қазақстанның нумизматикалық мұрасы*» және «*Сарайшық тиындары*» (Алматы, 2008); «*Ежелгі көшпелілер мәдениеті: Археологиялық коллекциялар каталогы*» (Алматы, 2009.), «*Қазақ кілемдері*» (Алматы, 2013) атты қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі каталогтардың ғылыми айналымға енуін атап көрсетер едік. Аталмыш басылымдардың сапалы да көрнекті ғылыми мазмұны бүгінде республикаға кеңінен танымал, халықаралық тұрғыда әйгілі музейдің ғылыми-зерттеу мекемесі ретіндегі статусын берік сақтауына толық көпелдік беріп отыр. Айта кеткен жөн, Н.Әлімбаев – бүгінгі күні қазақтың дәстүрлі өнері мен мәдениетінің тарихынан қалам тартып жүрген саусақпен санарлықтай аз ғана білікті де талантты мамандарымыздың бірі. Оның белсенді басшылығымен осы орталық музейдің қызметінің басты бағыттарының бірі, әрі қоғаммен байланыс орнатудың негізгі жолы, музей туралы жазылған басылымдар корпусы – *музеографиялық* өнімдері каталогтар, альбомдар, буклеттер, жол-серіктер, афишалар, банерлер шығарудың да озық үлгілерін қалыптастырғаны, көп жылдар бойы музейтану бағытында еліміздегі үлкенді-кішілі музей шаңырақтарына жол көрсетіп отырғаны баршамызға аян.

Ал, енді осы музей мекемесінің көп қырлы, сан салалы еңбектерінің арасында іргелілері де баршылық. Солардың бірі және бірегейі – «*Қазақтың*

этнографиялық категориялар, ұғымдар, атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық энциклопедия. Бұл еңбек – қазақ этнография ғылымында бұрын-соңды кездеспеген ерекше құбылыс. Осы тың ғылыми туынды кешенді, іргелі зерттеу нәтижесінде айналымға енгенін алдымен атап көрсетер едік. Аталмыш энциклопедияның 2011-2014 жылдар аралығында алғашқы басылымы жарыққа шыққан еді. Алғашқы кезден-ақ, көпшілік қауымның сұранысына ие болған еңбектің 2017 жылы толықтырылған екінші басылымы жарыққа шығып, қазақтың дәстүрлі қоғамын, мәдениеті мен өнерін этнографиялық тұрғыдан зерттеуді жаңа сатыға көтеріп тастады. Бүгінгі күні бұл еңбек Елбасымыздың «*Рухани жаңғыру*» бағдарламасындағы басты идеялар мен құбылыстарды, оның «*Ұлы даланың жеті қыры*» атты маңызды мақаласындағы басты бағыттарды өмірге енгізетін нақты мысалы болып отыр. Энциклопедия осы басылымға тән әліпбилік немесе әріптік реттікке құрылған. Қазақ халқының дәстүрлі тіршілігінде маңызды орын алатын мұралардың қолданыстық аясы, мәдени генезі, жасалу және таралу үрдісі берілген.

Аталмыш энциклопедиялық басылымда бұрынғы қолданыстағы сөздік қордың ұлғаюымен қатар, көптеген мақалалар, танымдық көпшілік, ғылыми көпшілік тілге ыңғайландырылып, қайта өңделген, яғни редакцияланған, кей сөздердің маңыздылығын ашатын мақалалар тыңнан қосылған, кей сөздерді ашатын мақалаларға өлең жолдары, әдебиеттер қосылып, авторы, өлең жолдары қай шығармадан алынғаны қоса және нақты көрсетілген. Бүгінде бұрын тек тарихи экспонаттар мен тарихи жәдігерлер қоймасы мен көрмесі болып келген музейлер қызметінің мән-мағынасы өзгерген.

Қазіргі таңдағы ғылыми-теориялық қарекет музейлік этнографияға мүлде жаңа ғылыми-танымдық көзқарасты, яғни қажет еткен қазіргі өскелең қоғамның талаптарына сай бейімделуді, музей ісін ұйымдастыруда түбегейлі бетбұрыстардың болуы, жаңа методологиялық көзқарастарды ұстану басты қажеттілікке айналды. Музейлердің ғылыми-техникалық базасын қалыптастыру, оны практикамен ұштастыруды талап ету қалыпты жағдайға айналды.

Осы тұрғыдан келгенде бұл бес томдық іргелі еңбек оқырман қауымға дәстүрлі тарихтан, қазақ

халқының тамыры терең болмысынан жан-жақты білім алуға мүмкіндік береді. Энциклопедия қазақ халқының байырғы, дәстүрлі тұрмысы мен тіршілігіне қатысты сан қилы өмірінің алуан қырын түгелдей, кең құлашпен қамтыған. Тіпті, көптомдық Ұлттық Энциклопедияда қамтылмаған кейбір қызықты мәліметтерді осы еңбектен табуға болады. Мысалы, қазақ тұтынған зергерлік бұйымдарға қатысты Ұлттық Энциклопедияның оқырман үшін ғылыми танымдық маңызы жоғары болса да, онда күллі қазаққа таныс «Мөр», «Мөрлі жүзік» сияқты тақырыптар қамтылмаған. Бұл әрине, бір ғана мысал. Мұндағы айтпағымыз, біз пікір білдіріп отырған «Қазақтың этнографиялық сөздігі» қазақ әлеміне қатысты іздеген мәлімет түгелдей хабардар ете алады. Мысалы, осыған қосымша бөлен өсімдік, аңдар, су, өзен, көл, теңіз сияқты табиғат әлемін Ұлттық Энциклопедия географиялық тұрғыда қарастырса, қолымыздағы біз әңгімелеп отырған «зерттеу нысаны» оларды әлдеқайда кең мағынада, нақтырақ айтқанда дәстүрлі тұрмыста, адам қажетіне пайдалану, «адам және табиғат» арасындағы қарым-қатынас тұрғысынан қарастырған.

Осы орайда тағы бір айтатын мәселе: 2003 жылы 17 қазанда Парижде ЮНЕСКО Халықаралық ұйымы қабылдаған Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны Қазақстан Республикасының 2011 жылы 21 желтоқсанда ратификациялағаны баршамызға аян. **Қолымыздағы 5 томдық «этнографиялық энциклопедия» музейлік этнография нысанын, материалдық мәдениетпен қатар материалдық емес мәдениет мұраларын ғылыми-танымдық тұрғыда түсіндірудің күрделі жүйесі музей интерпретациясы және музейлік дискурс ұғымын ғылыми-практикалық тұрғыда игерудің қазақстандық озық үлгісі** деп тануға болады. Сондай-ақ, бұл сүбелі де іргелі еңбек материалдық емес мәдениет мұраларының отандық тұңғыш ғылыми танымдық түсіндірме сөздігі болып табылады. Осындайда осы, соңғы мәселенің бүгінгі қазақ қоғамының рухани жаңғыруында шешуші рөл атқаратынын да айтуды жөн көрер едік.

Материалдық емес мәдени мұра – қоғамдастықтар, топтар және кейбір жағдайларда жекелеген адамдар өздерінің мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде таныған әдет-ғұрыптарды, орындау мен айту нысандарын, білім мен дағдыларды, сондай-ақ олармен байланысты құралдарды, заттарды, артефактілерді және мәдени кеңістіктерді білдіретін ұғым. Ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалатын осындай материалдық емес мәдени мұраны қоғамдастықтар мен топтар оларды қоршаған ортаға, олардың табиғатпен байланысты өзара іс-қимылына және тарихына байланысты үнемі жаңадан туғызып отырады. Мұндай адамзат рухына тікелей қатысты бай мұралар адами болмыста өзіндік ерекшеліктер мен сабақтастық сезімін қалыптастыру арқылы мәдени әртүрлілікті дамытуға, адам шығармашылығын құрметтеуге ықпал етеді. **Энциклопедия мазмұнын құрайтын, материалдық емес мәдени мұраларға қатысты ұғымдар мен танымдар, музей қызметкерлері мен авторлар ұжымының далалық этнографиялық зерттеулері нәтижесінде жазылған. Мақала мазмұнын нақты заттар мен артефактілердің қолдан салынған**

сызбалары мен суреттері толықтырады. Олардың біразы авторлардың өзіндік жеке ізденістерінің нәтижесі.

Қазіргі таңда ғылыми қолданысқа енген музейлік этнография бағытындағы жаңа объектілерінің ішінде артефактардың материалдық емес қорын қалыптастыру өзекті мәселелер қатарында. Осыны еңбек авторлары нақты ескере білген. Музейлер қорындағы этнографиялық коллекциялар этностардың материалдық мәдениетін (тұрмыстық, шаруашылық, кәсіптік) ғана емес, материалдық емес мәдениет мұраларын (дәстүрлер, сенімдер, фольклор) да бейнелі түрде көрсете алады.

Еңбекті жазу әдістемесінде қолданылған тілдік ерекшелік – ғылыми, тарихи, техникалық, мифологиялық, этнографиялық контекстердегі сипаттауға, саралауға қатысты метатілдерді қолданудың ерекше үлгісінің бірі. 5 томдық бұл еңбектің халыққа, өңір кітапханаларына, облыстық, өңірлік музейлерге таралу үшін екінші рет қайта басылып шыққаны қажеттіліктен туындаған, оңтайлы іс.

Осындайда айтпауға болмас бір мәселе бар. Ол бүгінде әр түрлі баспалардан жарық көріп жатқан көптеген еңбектер өздерінің оқырмандарын тапты, қоғамдағы рухани сұранысты қанағаттандырды деп айта алмаймыз. Кітап жазған азаматтарды оқулық оқырманы кім болатыны ойланғандары жөн! Осы тұрғыдан алғанда біз пікір білдіріп отырған энциклопедия ғылыми зерттеулер, ғылыми-танымдық кітаптар жазушы ғалымдар мен зиялы қауым өкілдеріне үлгі көрсете алады. Н.Әлімбай бастаған шығармашылық топ, тарихшылар, этнографтар, музейтанушылар энциклопедияның алғашқы басылымын оқырман қауым жылы қабылдағанын және халқымыздың әр түрлі тарихымен тікелей байланысты әр түрлі мекемелердің сұраныстарын қанағаттандыру мақсатымен тағы да белсенді түрде жанқиярлықпен еңбектеніп, аталмыш энциклопедияны жаңаша, толықтырып қайта басып шығарған.

ҚР Орталық мемлекеттік музейдің авторлық ұжымы (жетекшісі Нұрсан Әлімбай) жазған **«Қазақтың дәстүрлі этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар жүйесі»** атты 5 томдық іргелі ғылыми-танымдық еңбектің маңызы өте жоғары екеніне бүгінде ғылыми ортаның, өткен тарихқа құмар оқырман қауымның көзі жетті. **Бұл көптомдықтың отандық, тіпті шетелдік «музейлік этнография» ғылымындағы тұңғыш «этнографиялық энциклопедия» екені анық.** Әдетте тұңғыштардың жолы әрқашан ауыр болып келеді. Солай бола тұрса да бүгінгі Ұлы Даланың өткені мен болашағы толғандырып отырған қатаң қоғамының, рухани өмірімізге мол өзгерістер әкеледі деп күтіп отырған мемлекеттік бағдарламалардың өске-лең ұрпақ сұранысына толық жауап беретін бұл сүбелі еңбектің ең жоғарғы марапаттаулар мен қосақтамаларға лайық екені күмән туғызбайды.

Отандық этнография ғылымының зор жетістігі болып табылатын бұл еңбек болашақта ағылшын тілінде сөйлесе, жалпы дүниежүзілік дәстүрлі антропологияға және рухани мәдениет ізденістеріне қосылған өзіндік ерекше мұра, ғылыми және шығармашылық ізденіс болып шығары сөзсіз.